12. Алшанов Р.А. Ден (дін) – духовное расхождение молитв древних акынови учения Заратуштры // Туран университетінің хабаршысы. 2021. №4 (92). С. 224- 230.

13. Алшанов Р.А. Зороастризм: раскол, отход от тенгрианства Турана //Аль-Фараби. №2. 2023. С. 25-35.

14. Нысанбаев А.Н., Барлыбаева Г.Г. Этика как ядро казахской философской мысли / / Вопросы философии. 2012. № 10. С. 65-74

15. Алшанов Р.А. Заратуштра – Қорқыт Ата –Асан Қайғы // Алматы ақшамы. 16.01.2020.

16. Заратустра. Учение огня. Гаты и молитвы // Предисл., биограф. статьи, коммент. подготовлены А. Шапошниковым. -М.: Изд-во «ЭКСМО-Пресс», 2002. - 496 с.

17. Ахинжанов С.М. Кыпчаки в истории средневекового Казахстана. Алма-Ата: Наука, 1989.- 324с. С. 236-237

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ РУХАНИ ТАРИХЫНДАҒЫЗОРОАСТРИЗМНІҢ МАҢЫЗЫ

Тайжанов Алтай Тайжанұлы
философия ғылымдарының докторы,
профессор,
Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті,
Ақтөбе қаласы, Қазақстан Республикасы

Аннотация: *В статье говорится о священной книге «Авеста» учении Заратуштры, распространенной на территории Средней Азии, Ирана, Азербайжана, Афганистана, об одном из первых почитаемых как пророк – Заратуштре, а также даются собственное описание и характеристика его деятельности с точки зрения автора.*

Несмотря на то, что учения Заратуштры возникли на пространстве Великой степи, их идеи долго оставались в тени европоцентристских теории. Поэтому о духовной преемственности сакральных и философских учении отраженных в « Авесте» в трудах степных мудрецов как Коркыт Ата, Асан Кайгы, Бухар жырау, Балкы базар жырау долгое время ничего даже не упомянулось. Автор в своей работе пытается восполнить эти пробелы истории.

Тенгрианство – целостная религия. Как целая система религиозного мировоззрения оно не потеряло свое значение до наших дней. Автор рассматривает вопросы тенгрианства с идеями зороастризма. В статье также затрагивается проблема «благодати» - «құт», который даруется кочевнику Великим Небом тоже не остается в стороне.

Автор подводя итоги, считает, что казахская философия должна изучаться в соответствии с требованиями нашей независимой страны.

Ключевые слова: *Авеста, Зороастризм, Заратуштра, независимость, гармония, преемственность, тенгрианство, религия, духовный мир, природа, поклонение, почитание.*

Тәуелсіз мемлекеттің барша жұртының, әсіресе, жас ұрпақтың тарихи санасы айқын, әрі берік, біртұтас болуы тиіс. Осыған байланысты ҚР Президенті: «ортақ пайым жоқ жерде ала – құла деректер және оның себеп – салдары жайлы әртүрлі көзқарастар қоғамды адастырады, сондықтан, тиістітарихи құжаттарды, жиналған мәліметтерді аса мұқият зерделеу керек» [1] - деген болатын. Халқымыз Қазақ хандығы кезінде де, одан арғы Алтын Орда, Түрік қағанаты, Ғұн, Сақ дәуірінде де осы жерімізде өмір сүрген, өсіп өнген. Ендеше, ұлттық тарихымыздың терең тамырлары көне заманның өзегінде жатыр. Кешегі Кеңес заманында европоцентристік методологияны ұстанған зерттеушілеріміз Ұлы Даланы елсіз, иесіз жатқандай, әлемдік мәдениет пен руханиятқа ештеңе қоспағандай етіп көрсетті. Бұл үрдіс кейбіреулердің санасында бүгінгі күнге дейін сақталған. Олай болса, әрбір халық өзінің арғы – бергі тарихын өздері жазуға тиіс. Бөтен идеологияның жетегімен жүруге де

болмайды. Ұлттық мүдде тұрғысынан жазылған ғылыми пайым ұрпақтың санасын оятып, ұлттық жадын жаңғыртуға мүмкіндік береді.

Біздің ұрпақтың, жалпы Тәуелсіздікке дейінігі ұрпақтардың санасына теріс сіңірілген деректер мен пайымдардың бірі – ежелгі Орталық Азияда, Иранда, Әзірбайжан, Ауғанстан жерлерінде таралған ЗАРАТУШТРА ілімінің қасиетті жинағы «АВЕСТА» мен адамзат тарихында тұңғыш пайғамбарлардың бірі, адамзаттың алғашқы діни және философиялық танымының негізін қалаушығұлама, ақын ЗАРАТУШТРА (*гректе*рде – *зороастризм деген атпен белгілі, шамамен біздің заманымыздан бұрынғы 630 – 541 жылдар*) туралы айтылатын және жазып қалдырылған пайымдар.

Заратуштраның діни – этикалық ілімі, философиялық ой пікірлері ұзақ уақыт бойы адамзаттың рухани азығы болып келді. Заратуштра идеялары әлемдік діндер мен грек ойшылдарының философиялық жүйелерінің қалыптасуына түрткі болды. Кейін ислам дініндегі сопылық ағым өкілдері де Заратуштра ілімінің кейбір рәсімдерін қабылдап алып, жергілікті халықтың ежелгі сенімі мен мұсылмандық шарттарын бір – бірімен шебер ұштастыра білді. Жалпы әлемдік діни – философиялық дүниетаным мен көзқарастардың бастауы ретінде танылған Заратуштра ілімін зерттеуге дүниежүзінің белгілі ойшылдары ат салысты. Алайда, жоғарыда айтып кеткеніміздей европоцентристік ұстанымда болған ол зерттеушілер мәселені біржақты қарастырды. Бұл ілімнің отаны болған Ұлы Дала, Қазақстан елеусіз қалды. Қазақ зерттеушілері Кеңес заманында бұл ілімді жан – жақты зерттемей, айтылған, жазылған тұжырымдар төңірегімен шектелді.

Тек Тәуелсіздік жылдарында ғана біздің зертеушілеріміз бұл тақырыпты жаңаша қозғап, зерделі ой айта бастады. 1993 жылы «Егемен Қазақстан» газетінде белгілі жазушы С. Елубаевтың «Заратуштра – дала пайғамбары» [2] атты танымдық мақаласы шығып, ол үлкен ізденістерге бастау болды. Кейін көптеген қазақ ғалымдары «Авеста» жинағы мен Заратуштраны герменевтикалық тұрғыдан жаңаша зерттеп, көптеген жаңа ой-пайымдар айтып, тұжырымдар жасады. Олардың қатарында: А.Қыраубаеваны, Ә.Қодар, Т.Еңсегенұлы, У. Шалекенов, С.Оспанов, Р.Алшанов, С.Сейдуманов, С.Нұрмұратов т.б. атауға болады. Аталған ғалымдар «Авеста», зороастризмілімі, оның пайда болған ошақтары туралы мүлде жаңа көзқарас пен пайым қалыптастырды. Әділдік үшін айта кеткеніміз жөн, бұл тақырыпқа алғаш келген академик Әлкей Марғұлан еді. Ол «Ежелгі жыр – аңыздар» деген кітабында: «Авеста» шығармасы көне түркілерге тікелей ортақ мұра. Бұл қасиетті кітапқа бастан – аяқ арқау болған Тұран даласының тыныс-тіршілігі. Ондағы дәуір тынысы, өмір болмысы, оқиғалар желісі қазіргі қазақ халқының дүниетанымымен, мәдениетімен, дәстүр-салтымен, әдет ғұрпымен сабақтасып жатқаны байқалады» [3] - деп жазған екен. Танымал зерттеуші Сәбетқазы Ақатаев та біздің жерлеу дәстүріміздің зороастризмнен келе жатқанын айтады[4].

«Авеста» 21 кітаптан құралған. Біздің заманымызға соның төрттен бірі ғана жетіп отыр. Олар екі нұсқадан тұрады. Бірінші нұсқасы әр түрлі кітаптардағы мінәжаттар. Екінші нұсқасы дінге, құқыққа, табиғатқа, дүние

жаратылысына байланысты әуендерден, дұғалардан, ән – ұрандардан тұрады. Бұл Шығыс халықтарының көпшілігінің тарихына, мәдениетіне, дініне, ауыз әдебиетіне қатысы бар ортақ жәдігерлер. Ол үш бөліктен тұрады. Біріншісі – Яшт (*алғашқы қауымдық қоғамдағы қарым – қатынастар, көп құдайға табынут.б. жайлы*). Екіншісі – Тат (*Ахурамазда құдай хақында тәлім әңгіме*), үшіншісі – *көп құдайға табыну* мен *бір құдайға құлшылық етушілер* күресі нәтижесінде біздің заманымыздың 5 ғасырында жинақталса керек.
«Авестаның» барлық діндерге, бүкіл дүниежүзілік өркениетке үлкен әсері болды[5].

Көне парсылардың діні жөніндегі ең ежелгі және негізгі хабаршы – «Авеста». «Авеста» - «білім» сөзінің баламасы. Ол — қасиетті мәтіндердің кезінде ауызша таралған, ал б.з.д. I мыңжылдықта жазылып алынған орасан зор жүйесі. «Авеста» – әлем заңдылықтарын толық қамтитын қасиетті ілім.
«Авеста» бойынша барлық жан иелері микрокосм болып табылады. Бүкіл әлем біртұтас және бір заңдылықпен өмір сүреді. Тірі болмыстың бәрінің де жаны бар. Жан ретінде олардың барлығы бірдей. Сондықтан еркек пен әйел, бай мен кедей, соғыста жеңген де, жеңілген де тең деп есептеледі. Бұл «барлық жан иелеріне бірдей қарап, адамзаттың бәрін сүй» - деген дана Абайдың және басқа да ауыз әдебиеті өкілдерінің гуманистік принциптеріне жол ашады. «Авеста» адам өмірін табиғат заңдылықтарымен үндестіреді: негізгі принциптері бойынша – ішкі және сыртқы тазалықты толық сақтау қажет, баршаға жеке бас еркіндігі берілген, бірақ әркім сол өз еркімен жасаған іс – әрекеті үшін жауап береді және оның нәтижесін көреді, өмірде кездейсоқтық болмайды деп есептеледі. «Авеста» ілімі бүкіл мұсылман әлеміне тарады. Оның ислам мәдениетіне, әсіресе, сопылық ағымға тигізген әсері өте зор болды.

«Авеста» сарынының кейбір арналары көне түрік эпостарымен үндесіп отырады. Мұндай ұқсастықты *Оғызнамадан, Қорқыт Ата кітабынан* кездестіруге болады. Қасиетті кітаптағы кейбір сарындар ежелгі қазақ әдебиетінде де көрінісін тапқан. Әдебиетші ғалымдар «Авестадағы» сарындардың Қорқыт Ата, Хұтб Хорезми, Ахмед Иүгінеки, Асан Қайғы, Бұқар, Базар жырауларға келіп ұласатынын дәлелдеді.

«Авестада» айтылатын негізгі идея – көп құдайға құлшылық етуді тоқтатып, әлемнің жалғыз Жаратушысына, табыну қажет – дегенге келіп саяды. Міне, осы тұрғыдан алып қарағанда, ежелгі түркілердің жалғыз Тәңірге табынуы жөніндегі діни сенім мен зороастризм ілімі арасында тығыз байланыс бар екенін аңғару қиын емес. Белгілі әдебиет зерттеушісі Т.Еңсегенұлы тәңірлікдіннің негізі – «Авеста» шығармасында жатқандығы туралы айта келіп, өзінің
«Қазақ әдебиеті тарихының арғы арналары» атты зерттеуінде төмендегідей тұжырым жасайды: «Көне түркілердің тәңірлік діні мен дала пайғамбары Заратуштра есімімен аталған зороастризм ілімі жазылған «Авеста» шығармасын арнайы зерттеп, бір – бірімен салыстырып қарағанымызда, бұл екі діннің арасында атап көрсеткендей білініп тұрған айырмашылық жоқ деугеболады. Бұл екі дінде де бүкіл әлемнің иесі, соны жасаушы – біреу. Осы екі ілімде де діндарлар, соған табынушылар жалғыз ғана жаратушы бар деп

ұғынған. Сонымен қоса екі дінде де әлемнің иесі – жалғыз құдірет тек аспанда тұрады.

Бұл екі дінде де жалғыз жаратушының көмекшілері жер, су, от, күн, жұлдыздар, тағы басқа қасиетті тұлғалар болып саналады. Осы екі дінде де мына аталған жалғыз жаратушының көмекшілері жанды бейнеде іс – әрекетке түседі. Бұл екі дінде де жалғыз құдыреттің көмекшілері жарылқаушы, жебеуші күш есебінде айқын танылады. Осы екі дінде де жебеуші тұлғалар тек жақсылық жасауды ойлайды, жаманшылықпен бітіспен күрес жүргізеді. Демек, екі діннің де басты қағидасы - әділет пен зұлымдықтың, жарық пен қараңғының ымыраға өмірі келмейтін шайқасы. Қысқасы, екі діннің де өзге шарттары осындай бір – бірінен айнымайды»... Автордың пікірінше, «қазаққөркем сөз өнерінің қайнар бастаулары да қадым замандарда қазақ даласында жазылған «Авестаның» қасиетті жазбаларында, әнұрандарында, өлең- жырларында жатыр» [6] - деген пікір айтады. Демек, қазіргі Қазақстан мен ОртаАзияны ежелгі дәуірлерде мекен еткен түркі тілдес халықтардың, соның ішінде қазақ қауымының да, көне тарихы, қоғамдық-әлеуметтік, саяси, мәдени-әдеби өмірін танып білуде «Авестаның» рөлі зор. «Авеста» - мәдени өмірдің түрлі салаларына қатысты ежелгі медицина мен астрономия, космогония мен философия туралы құнды деректерге толы туынды.

«Авестада» табиғат көріністері зор шеберлікпен бейнеленгенін кезінде И.С. Брагинский ерекше атап көрсеткен. Табиғатқа табыну культі, соның ішінде Айға, Күнге тағзым ету, Отқа табыну көріністері көркемдік тұрғыдан мейілінше ұтымды шыққан. Мәселен, Күнге арналған әнұранда төмендегідей жыр жолдары бар:

Мәңгілік күн сөнбейтін, Еш
нәрсеге тең келмейтін,
Шұғыла шашып жылжыған,Ұлы
күнге бұл дұғам!
Күн қызуын төккенде, Жер
ынтығын өпкенде, Жүз мың
құдырет секілді,Ғажабы бар
не түрлі.

«Авестада» өмірге нәр беретін құдыретті күштің бірі – су екенін айтакеліп, толқып жатқан теңіздің жанды картинасын жасайды:

Міне теңіз, буырқанған, шулаған, Міне
теңіз, толқындары тулаған, Міне теңіз, кері
шегініп күрсінген, Міне теңіз, алға
ұмтылып, жар сүзген.Міне теңіз, толқын
қуған, тепсінген, Міне теңіз, тіл қатысқан
шексізбен.
Ворукаша теңізі осы көз көрген,
Дүниенің ортасында тербелген.

Бұған Митраның әділетті Заратуштраға қарата айтқан мынадай сөздерідәлел:

Айтқан сөзге берік бол,

Сатқындарға қатал бол,
Жақсыларға адал бол.
Келісімді бұзбаған,
Екі жаққа тиімді,
Әділдікке ел сүйінді.

Сонымен, жоғарыда атап өткеніміздей, «Авеста» - зороастризм ілімінің негізгі қағидалары баяндалаған киелі кітап. Ол ежелгі замандарда өмір сүрген ата – бабаларымыздың тұрмыс – тіршілігінен, салт – дәстүрінен, наным – сенімінен, діні мен ділінен, көркемдік талғамынан, т.б. мол мәлімет беретін рухани, әдеби жәдігерлік болып та табылады. Бұл құнды еңбектің ішкі мазмұнынан туындайтын дүниетанымдық түсініктер біздің көне қазақтардың, арғы бабаларымыздың түсінік – түйсіктерімен де үндесіп жатады. Біздің арғы заманнан келе жатқан мифтік түсініктерімізде де ортақтық бар.

Тәуелсіздік тұсындағы еркін ойлау мен пайымдаудың нәтижесінде «Авеста» мен Заратуштраға қатысты соны пікірлер айтылуда. Аталған еңбек пен ілім туралы біздің отандық ғалымдарымыз олар мың жылдар бойы қолдан қолға өтіп, ауыздан – ауызға жетіп терминологиялық тұрғыдан да, артикуляциялық тұрғыдан да өзгерістерге ұшыраған болуы керек деп есептейді. Мәселен, Тоқболат Еңсегенұлы мен Сапар Оспановтың тұжырымдауынша,

«Авеста» сөзі «Бастау», «О бастан» деген ұғымды білдіреді. Заратуштра дегеніміз бәлкім – «хабаршы», түйе мінген дін адамы деген мағынаны білдіруі мүмкін. Заратуштраның өзі ежелгі тұрандар мен қазіргі қазақтарда сақталған автохондық, жергілікті есім. Заратуштра атының ең ықтимал түсіндірмесі –

«Зар айтушы» болуы да мүмкін. Оның мән-мағынасы: «ботасын аңсаған бозінгеннің уайым-зарын, қайғысын елестететіндей ерекше әдіспен жырлайтын адам». Бұл жалпы зат есім. Тәржімалаушылар, кейінгі кезеңнің жылнамашылары пайғамбардың үнемі түйе мініп, барлық жеті елді аралап жүретініне сүйеніп, айтушының атының екінші буын-бөлігін уштраға – түйеге трансформациялаған деген де пікірлер бар.

Бәлкім, ел арасында, Заратуштра «түйе мініп, Ахун Баиридің (*байырғы ахун, ақын, ежелгі жыршылар*) зарды дұғаларын айтатын адам» - деген ұғым қалыптасқан болар. Парсы нұсқасындағы алғашқы «уштрамен Зар айтушы» ұғымы кейін түркі-парсылық «Заратуштра» ұғымына кірігіп кетуі де ықтимал. Орындаушының мұң-зарына, уайымына келсек, ол замандастарының төл тарихын құрметтемейтініне, білім мен ілімге талаптанбайтынына қапалы болса керек. Бұл шындықпен үндеседі. Өйткені, бұндай әлеуметтік көңіл күй, жағдай Ұлы Даланы мекендеген қазақ ойшылдарына да, сол заманның және кейінгі дәуірлердің ақын – жырауларына да, тіпті дана Абайға да тән болды. Әйтпесе, Абай:

«Қартайдық, қайғы ойладық, ұлғайды арман,
Шошимын кейінгі жас балалардан.
Терін сатпай, телміріп көзін сатып,
Теп – тегіс жұрттың бәрі болды аларман» [7] - дер ме еді?! Бұл да зар, өз заманының зары, өз заманынан бой оздырған дананың қапалануы.

Ал белгілі ғалым У. Шалекеновтің бұл жөніндегі пікірлері басқаша. Ол «Заратуштра» атауы «Зор – от-ұстаушы» ұғымын білдіруі мүмкін деген пікір айтады. Демек, пайғамбар отқа табынған, сондықтан да от оның дінінің негізі болды». Қорыта айтар болсақ, Заратуштра атына байланысты нақты нұсқа осы уақытқа дейін әзірге айқындалған жоқ, ендеше пікірлер де толастамасы анық.

Қазақ ғалымдары Қорқыт шығармашылығынан Заратуштраның дүниетанымдық ықпалы айқын көрінетінін жаза бастады. Кейінірек осы дәстүрлерді XV ғасырдың соңында – 1460 жылдары өмір сүрген Асан Қайғы жалғастырды. Ол өз заманының арқалы әншісі – жырауы болған. Заратуштра, Қорқыт Ата, Асан қайғы – үшеуінде де түркілік жыршылар шығармаларындағы ұқсастық тән. Олар жүйрік те жылдам Желмаяларына мініп алып, географиялық жағынан алғанда түркі әлеміне ортақ кеңістікті аралап жүреді. Үшеуі де өз заманының жыршысы, ақыны, жырауы, нағыз елге танымал тұлғалар.

Қазақ даласында өзіндік әншілік мектептер айтушы өнерін бірінен екіншісіне жеткізіп, бұл дәстүрдің ғасырлар бойы сақталуын қамтамасыз етті. Орындаушылық шеберлік ерекше өнер түрі ретінде бағаланады. Кейбір жыршылар белгілі бір батырлар эпосын жеті, он жеті, жетпіс түн бойы қатарынан жырлап шығатын болған. Жыршылар үшін тыңдаушыларына орасан зор тарихи деректердің шынайы берілуін сақтау маңызды еді. Заратуштра, Қорқыт Ата, Асан қайғы – энциклопедиялық білімнің адамдары болды және олар титандық жұмысты орындады. Олардың жанқиярлық еңбегі мен жоғары жауапкершілігі бізге талай мыңжылдықтардың бірегей фактілерін жеткізуге мүмкіндік берді. Бүгінгі ұрпақ олардың өшпес рухани ерлігін әрдайым есте сақтауы керек.

Жалпы «Авестаны» оқып, зерделей отырып, Заратуштра іліміне үңілген адам ТӘҢІРШІЛДІК туралы ойланбауы, ойламауы мүмкін емес. Ал Тәңіршілдік туралы ой қозғағанда, оны ең алдымен, әлемдік діндер жүйесінде зерделегеніміз жөн. Тәңіршілдік тек қана аты бар, ал заты құпия дін болғандықтан, зерттеуші ғалымдарымыз алдымен зороастризмге көңіл бөліп, соны зерделеумен айналысады

Нақты айтар болсақ, Тәңіршілдіктің өзегі – әруаққа табыну. Біздің бабаларымыз Тәңірінің бар екеніне ешқашан күмән келтірмеген. Тәңірі кез келген келісімшарттан биік олардың ішкі түйсігінде болған. Түркілер үшін көк пен көкей бір болған, оны Тәңірі біріктірген. Бұларды бір-бірінен айыратын өлім ғана. Есімізге Күлтегіннің Үлкен Жазуын түсірейікші: «Уақытты Тәңірі ғана таратады. Адам ұлдарының барлығы тек өлу үшін келген» [8]. Көріп отырғаныңыздай мұнда мәңгі өмір туралы түсінік жоқ.

Сөйтіп, Тәңіршілдіктің діни сипатына келсек, онда басты сипат бар. Егер religio деген латын сөзі «байланыс, қатынас» деген мағына білдірсе, тәңіршілдікте осы сипат бар. Тәңірі өз ұрпақтарымен үзілмес байланыстағы құдай. Өйткені, олар Тәңірі арқылы тек абстрактты Тәңіріні емес, Тәңіріге айналған әруақты, немесе, кешегі өзінің бабасын дәріптейді. Сөйтіп, бұл байланыс мәңгі өмірге сенуден емес, өткінші өмірді азалаудан, о дүниелік бабаға дұға оқып, оның даңқын асырудан тұрады. Сондай даңқы дәріптелген

баба ғана Тәңіріге айналып, өз ұрпағын қолдайды. Көріп отырғаныңыздай, тәңіршілдікте *даму, өзгеру, жетілу* идеясы жоқ, өйткені түркілердің Тәңірінің жаратушы күшіне сенгені сондай, өздерінде бір «мін болады» деп ойламаған. Жолдан тайған, адасқан, шаршап шалдыққан пендені мінсіздікке жетелеуден гөрі, оның о бастан мінсіз екеніне сенгені дұрыс емес пе? Мұны Шалкииз жыраудың әйгілі толғауынан да байқауға болады.

Алаштан байтақ озбаса, Арабыдан
атты сайлап мінбен-ді!Күлікке тастай
болып тимесе, Үстіме көбе кимен-ді!
Күмістен екі қолтық жоқ болса,
Сыпайылық сүрмен-ді!
Алғаным ару болмаса,
Алдыма алып сүймен-ді!
Дулығамның төбесі Туған
айдай болмаса
Батыршылық сүрмен-ді! [9]

Бұдан біз тағы бір нәрсені байқаймыз. Тәңіршілдік діннен гөрі идеологияға, немесе өмірлік философияға ұқсайды. Өйткені, дін бар жерде бірден шіркеу, мешіт, молда, ишандар пайда болады. Сөйтіп, *дін адамды құдайға жақындатудың орнына, әлгі дін өкілдерін асыраушы кәсіби құралға айналады. Әрине, діндәрлардың да бәрі бірдей емес. Бірде шарлатаны болса, бірде әулиесі бар. Әйтсе де, кез келген дін өзін өмірден бөліп, өзінен өзгеше әлем жасап, тіпті, өзін барлық өзге әлемнен биік қойып, пенделерден тек өзіне бағынуды тілейді*. Сондықтан, діндер көбінесе дамудың емес, керіс- жанжалдың, қарсы тұрудың, тіпті, ғасырларға созылған соғыстың себепкеріболған.

Ал тәңіршілдікте діни кітабы болмағанымен, тектілік болған. Жалпы, тәңіршілдік — Тектілік философиясы, мұндай дінді «генотеизм» дейді, яғни өз шығу тегіңді, нәсіліңді, ата-бабаңды сыйлау. Сондықтан құдайдың өзі мұндайдатек құдыретті баба ретінде елестейді. Мұнда жарату емес, тұқым тарату идеясы басым. Сондықтан тәңіршілдіктің басты құралы шежіре мен ата-баба даңқын арттырушы эпос. Әрине, мұнда неше түрлі рәсімдер де жетеді. Сонымен қатар, тәңіршілдік — өліммен күресу, сондықтан мұнда емшілік өнері де қатты дамыған. Тәңіршілдіктің тағы бір қыры — балгерлік, көріпкелділік, болашақты болжау.

Танымал зерттеуші Ә.Қодар: «зороастризмнің миф-аңызға сүйенгендәстүрлі діннен гөрі пайғамбарлық дінге ұқсайтынына мегзейді. Ал тәңіршілдікпайғамбарлыққа сүйенбейтін дәстүрлі дін. Бірақ бұл оның кемшілігі емес, ерекшелігі. Ал зороастризмнің ерекшелігі дүниені жақсы мен жаман күштерге бөліп, соның ішінде тек жақсылықты қолдауында. Бұл екі түсінік те бір қарағанда айқын болғанмен, кейде араласып, шешусіз жағдайға апаратын кездері де болады» [10].

Ал тәңіршілдік — тұтастық діні. Мұнда адам көк пен жер арасындағы космостық күштердің тұтастығында алынған. Ал зороастризмде адамның ғарыштық күштермен ісі жоқ. Ол белгілі қоғамдағы әлеуметтіліктің көрінісі.

Биікте Көк Тәңірісі,
Төменде Айғызданған жер жаралған, Екеуінің
арасында адам баласы жаралған.

Сонда адамзат нәсілі жоғары және төмендегі екі ғарыштық күшке тең болып тұр, өйткені ол әлгі күштердің туындысы және өлгеннен кейін қайтадан ғарышқа қайтушы қуат.

Философиялық тұрғыда бұл көне грек философы Парменидттің болмыс туралы іліміне ұқсас. Оның ойынша, бар болу бар да, жоқ болу жоқ. Сол сияқтыкөшпенді де әлемді үнемі бар болудағы болмыс деп қабылдап, тіпті, өлімнің өзін о дүниедегі өмір деп қабылдаған. Бұл көшпенділерде өмірге құштар, сал- серілік дүниетаным тудырған. Бірақ олардың өлім туралы тіпті де хабары болмады деу бекершілік. Тәңіршілдіктің бар мәдениеті — әруақтарды сыйлау культінде әйгіленген о дүниемен байланыс.

Жоғарыда айтылғандай, адамның жаны көкте туылып, сосын Көк Тәңірісіжәне Ұмай ананың қолдауымен бала бітіп, ал адам өлгеннен кейін оның жанықайтадан көкке ұшып, әруаққа айналады. Әруаққа табыну тәңіршілдіктің еңбасты айырмашылығы. Көшпенді өзінің өлген бабасы арқылы Тәңіріменбайланыста. Сондықтан тәңіршілдіктің бүкіл жоралғылары жаңа туған баланыжәне өлген әруақты дәріптеуге арналған. Осыған байланысты көшпенділерғұмырына басы шілдеханадан, ортасы құда түсу мен үйленуден, ал ақыры —маркұмның жаназасын шығарудан тұратын мәңгі қасиетті айналым билік еткен.Кейінгі отырықшы мәдениеттерде күрделіленген нәрселер көшпенділерде өзінің классикалық айқындығында сақталған. Соған қарамастан ол кейінгі қазақмәдениетінің барлық формаларын тудырған діни, киелі дүниетаным. Ал оның көріністерінің бірі ол жаназа шығарудан эпосқа дейінгі ауыз әдебиеті. Себебіэпос дегеніміз өз негізінде оның жасаған ерліктерін дәріптейтін, ылғи оныменсұхбатта болатын әруақ болған бабаға шығарылған жыр, яғни о дүниелікәлеммен байланыстағы тәңіршілдік метафизиканың көрінісі. Ол байланысұжымдық түрде құрбандық жасау рәсімі арқылы жасалса, жекетұлғалық түрде сыйыну арқылы жасалған. Бұл қазақ жырларының кез келген түрінде кездеседі.

«Бабам, саған сыйындым!»- деп әруаққа сыйынған батыр әруақтанып, және сол арқылы өзінде де ғажап қуат пайда болып, жауын жеңеді. Алайда оны жеңгеннің өзінде де, ол жеңгенін өзінің харакеті деп түсінбей, әруақтың қолдауы деп есептейді. Дүниенің айдан анық игілігі және бірқалыптылығы осы барлықты жаратушы және несібе беруші Тәңіріні дәріптеу арқылы қамтамасыз етіледі. Ал Тәңірі өз кезегінде тәңірлік дүниетанымның өзгермес нұсқасын қамтамасыз етеді. Бұл туралы Қазтуғанның «Мадақ жырында» ғажап айтылған.

Бұлыт болған айды ашқан, Мұнар
болған күнді ашқан, Мұсылман мен
кәуірдің Арасын өтіп бұзып дінді
ашқанСүйінішұлы Қазтуған!

Міне, бұл жырында ол өзінің дінін мұсылмандардан да, кәпірлерден де бөлек санайды. Ал сонда ол немен ерекшеленеді?

Тәңірі — Көк Тәңірісі, яғни ол бір құдай, және оған басқа құдайлар, немесе, күштер арқылы жүгінуге болатын ең жоғарғы құдай. Мысалы, түркілердің болжау кітабы бойынша Көк Тәңірісінен өзге Ала атты жол Тәңірісіжәне Қара атты жол Тәңірісі бар, сонымен қатар Жер Су құдайы және Ұмай анабар. Бұл құдайлардың әрбіреуі өз міндетін атқарады. Бірақ олардың бәрі Тәңірінің хұзырында, өйткені ол құт дарытушы, немесе, киелі қуат беруші. Адам бақытты болуы үшін оған құт даруға тиіс, ал егер оған құт дарыса, оның жеңбейтін кедергісі жоқ. Ал мұсылмандардың түсінігінше Адамның басы — Алланың добы, адамның қалағаны болмайды, Құдайдың қалағаны болады. Пенде тек Аллаға ғана мойынұсынуға тиіс. Ал Тәңіріде мұндай өзімшілдік жоқ,ол өз ұрпағынан діни фанатизмді тілемейді. Керісінше, түрік ерлері өздерін мейлінше ашуға тиіс.

Жалаңаш бар да, жауға ти,
Тәңірі ғана біледі
Ажалың сенің қайданды!

Алайда осы «Тәңірі ғана біледі» - дегені ешкім де ешнәрсені білмейді дегенге меңзегендей, яғни ешқандай тағдыр жоқ, тек қана ажалдың мүлтіксіздігі ғана бар. Және бұл өлім барлық адамзат үшін бірдей. Егер өзге діндерде ажалдан шошыну Құдайға жүгінуге және оның еркіне толық көнуге апарса, көшпенділер өзге шешімге келген: егер өлімнен құтылу беймүмкін болса, онда одан несіне қорқамыз, керісінше, оған қарсы шығып, Домбауыл батыр сияқты оны жеңу керек. Ал қазақтарда артына мол руханият қалдырып, ұрпағының жадында қалып, «мәңгі өлместікке» ұмтылуға болады. Сондықтан олар: «жақсының аты қалады, ғалымның хаты қалады» деген. Ал дана Абай оны нақтылай түсіп: «Өлді деуге сия ма, ойлаңдаршы,

Өлмейтұғын артына сөз (іс) қалдырған» [11]- дейді.

Көшпенділер бақыт сұрамайды, олар оны жаулап алады. Бірақ ол үшін онда Тәңіріден дарыған құт болуға тиіс. Тәңіршілдер ұғымындағы құтты зороастризмдегі хварна ұғымымен салыстыруға белгілі деңгейде қызығушылықтуғызады. Өйткені, Хварна — тәңірлік ізгі бақ, құдайдың адамға берген сыйы, тәңірлік қуат пен көрегендіктің бір бөлігі.

Қорыта айтқанда, ұлтымыздың рухани тарихы мен мәдениетінде ақтаңдақтар көп. Оның басты себебі, бір жағынан өткен ғасырдағы европоцентристік көзқарас пен соған сәйкестендірілген идеология болса,екіншіден сол идеология өзінің басымдылығымен бізді төл санамыздан ажыратып, бөгде сана билігі мен жетегінде жібергенінің салдары десек дұрыс болар. Міне, осындай себептермен біз өзімізге тән рухани құндылықтарды да, рухани болмысымызды да ғылыми – танымдық тұрғыдан тани да, таныта да алмадық. Солардың бірі Ұлы Далада туған қасиетті жазбалар жиынтығы
«Авеста», алғашқы пайғамбар Заратуштра, Тәңіршілдік сияқты рухани жәдігерлер. Тәуелсіздік тұсында бұл олқылықтың орнын толтыру бағытында қадамдар жасалуда. Сол қадам нәтижелі болғай...

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Тоқаев Қ-Ж. Тәуелсіздік бәрінен де қымбат.// «Егемен Қазақстан»газеті, 2021. 05.01.
2. Елубаев С. Заратуштра – дала пайғамбары. // «Егемен Қазақстан» газеті,1993. 21. 10.
3. Марғұлан Ә. Ежелгі жыр аңыздар. Алматы, 1985. 132 бет.
4. Акатаев С.Н. Мировоззренческий синкретизм казахов. Алматы, 1994 с.152.
5. *Қараңыз*: Авеста: Избранные гимны; Из Видевдад / Пер. С авест., предисл., примеч., и словарь Стеблин-Каменского. – М.: Дружба народов; КРАМДС – Ахмед Ясови, 1992. – 207 с.
6. Еңсегенұлы Т. Қазақ әдебиетінің тарихының арғы арналары. Алматы, 2001. 123-124 беттер.
7. Абай. Екі томдық шығармалар жинағы. Алматы, 2005, 1 том. 47 бет.
8. Күлтегін. Алматы, 1986. 47 – бет.
9. Ай, заман – ай, заман – ай (*Бес ғасыр жырлайды*). Екі томдық. Том 1.Алматы, 1991. 36 бет.
10. Қодар Ә. Тәңіршілдік және Авеста мәдениеті. //«Ұлт порталы», 2017. 24. 05.
11. Абай. Екі томдық шығармалар жинағы. Алматы, 2005, 1 том. 161 бет.

ЗАРАТУШТРА ІЛІМІНІҢ РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАР ЖҮЙЕСІ:ТАРИХИ САБАҚТАСТЫҚ

(Система духовных ценностей учения Заратуштры: историческаяпреемственность)

Нұрмұратов Серік Есентайұлы
философия ғылымдарының докторы,
профессор, ҚР ҒЖБМ ҒК
Философия, саясаттану және діntану институты
Философия орталығының директоры,
Алматы қаласы, Қазақстан Республикасы

Қасабекова Еңлік Құралғазықызы
магистр, ҚР ҒЖБМ ҒК
Философия, саясаттану және діntану институтыДінтану
орталығының аға ғылыми қызметкері, Алматы қаласы,
Қазақстан Республикасы

Аннотация: *Ғылыми баяндамада Орталық Азия халықтары мен ірандықтарға ортақ құнды феномен болып келген заратуштралық діндарлық*

дәстүрлер мен құндылықтардың, діни салт-рәсімдердің ерекшеліктері мен ұқсастықтары ғылыми зерделеніп, талқыланады. Бүгінгі таңда Қазақстандағы қолданыстағы қазақ дәстүрлерінің дені ислам қалыптарына тікелей сәйкес келе бермейді, олардың кейбіреулері тарихы тереңде жатқан халықтардың салт-дәстүрлері. Әрине, кейінгі тарихта басымдық танытқан ислам дінінің құндылықтары ұлт болмысына, оның құндылықтар жүйесіне біршамы ықпал етіп келгені де белгілі. Өткен тарихтың көптеген деректерін ғылыми зерделеуден өткізіп, заманауи пайымдауларға сай сипатта оңтайлы реконструкциялау, тарихты жаңаша әдіснамамен ғылыми зерттеу, жапыадамзаттық маңызы бар тарихи жәдігерлерді қайта қарастыру және жаңа әрі тың көзқарастарға бет бұру ізденістер қисыны мен заманауи уақыт талабына сәйкес келеді. Соның қатарына сонау ерте кезеңдегі руханияттың тарихи сабақтастығы құбылысы жатады.

Түйін сөздер: *Авеста, дәстүр, дін, дүниетаным, зороастризм, мәдениет, құндылықтар, рухани әлем, рухани болмыс.*

**Мақала BR20280977 «Қазіргі жаһандық өзгерістер жағдайындағы әділеттілік мазмұнына және оны қазақстандық қоғамда іске асырудағы заманауи концептуалды тәсілдер» іргелі ғылыми зерттеулер ауқымында орындалды.*

Қазіргі қазақ халқының тарихының терең иірімдеріне назар аударатын болсақ, онда рухани және тарихи сабақтастық құбылысының ұлттық келбетімізді қалыптастыруға үлкен маңызды рөл атқарғанын байқаймыз.Ұлттың өткеніне байланысты өзіндік рухани эволюциясы тарихи оқиғалардың қарапайым кезектесіп келуімен ғана байланысты емес, ол халық үшін ерекше маңыздылықтарды айқындайтын белгілерімен түбегейлі түрде айрықшаланады.Түркі әлемінің ежелгі мифологиялық және діни түсініктерінен бастап заманауи кезеңдегі қазақ халқының біртұтас дүниетанымының қалыптасуына дейінгі барлық салаларының өзара байланысы ұлттық кодтың қалыптасуына себепкер болды.

Біз ғылыми зерделеуге талпынған зороастрлік діннің тарихы мен сипаты ұлттың рухани әлеміне деген көзқарасты жаңа ғылыми тұрғылардың негізінде байытады, яғни нақты біртұтастықтың, жүйеліліктің өлшемдерімен, ғылыми деректерді интерпретациялау және түсіндіру сипатының толыққандылығымен және еуразиялық рухани-мәдени интеграция жағдайындағы этностың өмірмәндік болашағын айқындауға шақырады, Ақиқатты іздеу мәселесімен астасып жататындығын паш ете аламыз. Тарихи құбылыстарға деген жаңаша көзқарастың маңыздылығы зерделеудің шығармашылық сипатымен өзіндік маңыздылыққа ие болады.

Авторлар Заратуштра ілімінде бекіген құндылықтар жүйесін зерделей отырып өткен дәуірлердің руханиятын айқындауға талпынады және оның рухани құндылықтарына деген құрмет пен бағалауларға негізделген шынайы қатынасты кейінгі тарихтағы адами қоғам мен әлеуметтік қатынастардың жаңа типіне сәйкес келетінін немесе келмейтінін және тарихи сабақтастың

сақталғанын немесе сақталмағандығын жіктемелеу де маңызды. Олардың барлығы халықтың мәдени мұрасына, рухани ұстанымдарына деген ерекшеқатынастар дерегін зерттеу барысында нақтыланады.

Зерттеуде ұсынылған теориялық-әдіснамалық мағынадағы жаңа концептуалдық идеялар, терең конструктивті ұғымдар және тарихи- философиялық зерттеулердің ғылыми нәтижелері қазіргі Қазақстанның рухани, мәдени және қоғамдық дамуы үшін, қоғам дамуының жаң концепті ретінде ұсынылған Әділетті Қазақстанды тереңдете түсудің жолдарын іздеу әрекеттерімен астасып жатады және өзіндік маңыздылыққа ие болады.

Ежелгі заманда да, қазіргі дәуірде де мемлекеттіліктің болуы өз негізінде дүниетанымды жүйелейтін, өзіндік құқықтық қағидаларды қалыптастыратын үстем діннің болғанын меңзейді. Ислам дәуіріне дейін, соның ішінде ежелгі түркілер үшін осындай дін тәңіршілдік болған еді, яғни көк аспанды мекен еткен Тәңірге деген сенім. Тәңіршілдіктің бойында Орталық Азияны мекен еткен ежелгі халықтың үйлесімділікті іздеген ымырашылдық ділі айқын көріністапты. Көк аспан – бәріне ортақ, ол түнмен алмасып отырғанымен, бірыңғай жүйе. Тәңір сенімімен қатар, әйел құдай Ұмай туралы түсініктер Жер-су сенімі ретінде кеңінен тарады.

Қазіргі Қазақстанның территориясында исламға дейін буддизмнен бастап христиан дінімен аяқталған өзге де діни сенімдер болғанын жоққа шығармау керек, бірақ олар көбіне отырықшы халықтың арасына ғана тарап, тәңіршілдік сияқты асқан беделге ие бола қойған жоқ. Кейіннен тәңіршілдік ұзақ уақыт бойы ақсүйектер мен отырықшы халықтың діні болған ислам арқылы ығыстырылды, алайда ислам көшпенділер ортасына тарағанымен Тәңір сенімін тұтастай ығыстыра алмады. Тіпті, қазірдің өзінде қазақтар мұсылмандық рәсімдерді орындау барысында ежелгі тәңіршілдік салттың белгілері байқалады, егер екі сенімнің де монотеистік негізі бар қазақы ділдің ерекшеліктерін назарға алсақ, бұл таң қаларлықтай жағдай емес.

Ал, енді зороастризм дінінің дәріптеген құндылықтар халықтың жадында берік орныққанын атап өткен жөн. Соның қатарына от сияқты құбылысты айғақтау және оттың тіршіліктегі маңыздылығын атауға болады. Сонымен ежелгі Еуразиялық кеістікті мекендеген халықтар үшін, яғни өткен буын дәріптеген тәңіршілдік де, зороастризм діні де оттың адам баласының бойын, дараланған келбетін, адам басалысының рухани болмысын тазартудағы рөлін жоғары бағалайды[1].

Жалпы қазақтың отқа құндылық ретінде қарап өтыруы кездейсоқ емес және ол өмірдің қайнар көзі іспетті. Осы құбылысқа байланысты халықтың айтқан мақал-мәтелдеріне назар аударып көрелік. Мәселен, Отан туралы мақалдарды ғылыми зерделеу барысында олардың қазақ тілінің сөздік қорындағы «отбасы, отағасы, отанасы» деген түбегейлі ұғымдармен астасып жататынын байқаймыз. Олардың барлығы «От» деген терең мағынасы бар түсініктен бастау алады. От - адам мен қоғамның қалыптасуындағы өзінің мағыналық, құндылықтық және іс-әрекеттік рөлін ерте заманнан-ақ адамзат тарихында атқарғанын барлық мәдениет иелері біледі. От - тіршілік көзі, әлеуметті ынтымақтастырушы және ерекше қызмет атқаратын құбылыс екені

анық. Сондықтан этникалық әлемнің құрылымында, тарихи сананың қатпарларында отқа деген құрмет пен қатынас тек саналы түрде емес, сонымен қатар бейсаналық формада, киелі ұғым түрінде қалыптасқан. Отаншылдық да осы терең қайнар көздерден бастау алады. Сондықтан Отанына сатқындық жасаған адамға көп жерде ешқашанда кешірім де берілмеген. Ол іштей ұлттық бірегейленудің негіздерін әлсіретеді және жастарды екіжүзділікке, рухани бойкүйездікке тәрбиелейді.

Сонымен От - дәстүрлі қоғамдағы барлық жүйеліліктің, байланыстардың қайнар көзі, квинтэссенциясы іспетті. «Отаншылдық, немесе патриотизм» деген ұғым да осы мағынадан объективті түрде туындайды. Шынымменде, отаншыл адам елін, жерін сүйеді, өзінің дербес жеке мүдделерін көпшіліктің мүддесіне бағындырады, қауымдастықтың болашағына жауапкершілікпен қарайды. Сондықтан шынайы діни дүниетанымдағы рухани құндылықтар жүйесі осы тетіктерден бастау алады.

Қазақ халқының мақал-мәтелдері сонау Зороастризм заманынан бері этикалық құндылықтарға үлкен мән бергені белгілі. Әсіресе, «Авестада» айтылғандай адамгершілік, адалдық, ар-намыс, ақыл, батырлық, билік, бірлік, ғылым-білім, денсаулық, достық, жақсылық, жолдастық, жомарттық, қайырымдылық, қонақжайлылық, мейірімділік, өмір мен өлім, тіл құдіреті, шешендік, ынтымақтастық, үнемшілдік, ұстаздық сияқты рухани дүниенің маңызды тұстарын мақалдар мен мәтелдер әлемінде өрнектей білген. Әрине, жоғарыдағы айтылған қасиеттерге қарама-қарсы құбылыстарды да діни жүйе барынша жинақы бағамдауға тырысқаны байқалады. Мәселен, асығыстық, дұшпандық, жалқаулық, екіжүзділік, күншілдік, қызғаншақтық, сараңдық, ұятсыздық, ұрысқақтық, үнемсіздік және т.б. тарихи қауымдастықтың, жеке адамның кейбір психологиясында өзіндік кемшін тартатын қасиеттер руханият орбитасында далалық философиялық жүйеде, мақал-мәтелдер аясында сыниталдау нысанына айналады. Халық даналығы мірдің оғындай келеңсіздіктерге өзінің бағасын береді, өлшемін жасайды. Мақал-мәтелдер орбитасына хайуанаттар әлемі мен табиғат, уақыт пен дәуір, еңбек салалары мен тіршіліктегі әрекеттер, үйлену мен үй болу, тағам мен сусындар, туысқандар мен жолдастарға деген қатынастар да енеді.

Осыдан шамамен 2600 жылдай бұрын Орталық Азия өңірінде Заратуштраның дүниеге келген жері деп Еділ мен Жайықтың алқабы нобайлағандықтан оны осы діннің басталу нүктесі деуге болады, кейін Иран (Персия), Ауғанстан, Әзірбайжан, Тәжікстан, Үндістан, Ирак, Таяу Шығыс елдері аумағына таралған. Қасиетті кітабының атауы – «Авеста». Зороастризм бір-біріне қарама-қарсы тұрған - ізгілік пен қараулықты, жақсылық пен жамандықты, нұр мен түнекті бір-біріне текетірестіре қоя отырып, дүниедегі барлық процестерді осы «мәңгілік екі бастаудың» күресімен байланыстырады. Тіпті, ежелгі гректер дәріптеген диалектика ілімінің заңдылығы да, Ежелгі қытайлықтар қабылдаған «ян мен инь» қатынастары да осыларға ұқсас дүниелер деуге келеді. Осыған қарап адамзат тарихы біртұтас заңдылыққа бағынған деуге болады. Заратуштра ілімінде бір-біріне қарама-қарсы құндылықтар дүниенің негізін құрайды деген түсінік басымдық етеді. Сөйтіп,

дүниедегі бір ғана Жаратушы және Жасампаз Ие – Ахура Маздаға сиынуды уағыздайды [2]. Бұл ұғым Ақырзаманға дейін маздап жанатын Қуат, Күш, Өріс деген түсініктерге жақын келеді.

Түркі өркениеті қыпшақ, кейіннен қазақ өркениетінің қалыптасуының негізін қалаушы түйініне айналды. Түркі қоныстарының ареалынан тыс мекендердегі теңдесі жоқ, әлемге материалды және рухани мәдениеттіңжәдігерлерін сыйлаған Орталық Азиядағы түркілердің отырықшы мәдениетінің бастауына жол ашты. Отырықшы, жартылай отырықшы және көшпенді үлгілердің басын біріктірген түркілер мәдениетінің негізінде көшпенділердің мәдени-дүниетанымдық философиясы жатыр. Шетелдік және отандық авестология зерттеушілері айтқандай Зороастризм — Заратуштра негізін салған ең көне діни және философиялық ілім. Соңғы жылдары осы ілімнің қыры мен сыры туралы отандық бұқаралық және ғылыми жарияланымдарда зерттеуші ғалым Рахман Алшановтың терең ойлы мақалалары жиі жарық көріп жүргенін жақсы білесіздер [3]. Бұл тарихи құбылыс жәй ғана түсінік, концепт емес, ол барынша жүйеленген ілім десе де болады. Зорастризмді «отқа табыну діні» деп атаушылар да кездеседі. Бұл дін күрделі дүниетаным және ол тек отқа табынумен шектелмейді. Пайғамбарлық мәртебе көтерілген Заратуштра тұлғасы кездейсоқ емес және Әлемдік Зердемен байланыс орнатқан, білімді Жоғарғы Ақпараттық Орталықтардан білім көзін алған ерекше тұлға болып отыр. Бұл ілім басқа ұстанымдармен бәсекелесе отырып Еуразиялық үлкен кеңістікке өзіндік рухани құндылықтар жүйесін ұсынады. Әсіресе, дұғаның құдіреті, жұмақ пен тозақтың құдіреті, жақсы ой, жақсы сөз бен істің маңыздылығы туралы тұжырымдар көптеген әлемдік діндер үшін кейінірек нағыз догматтық арқау болды десе де болады. Біршама кейін пайда болғын Христиандық та, Ислам да зороастризмге өте ұқсас құндылықтар жүйесін түзей бастайды. Бұл ілімнің өз замандастары арасында кең таралуына себепкер болған ерекшелігі - Шығыс ділі жақсы қабылдайтын поэтикалық жыр жолдары арқылы таралуы және ілім мәтінінің жалпы мазмұнының өрнектелуінде болып отыр.

Авестаны қазақ тіліне аударалаушы отандық мамандар пайда болуда. Зороастризм ілімінің философиялық триадасын құрайтын құбылыстарды төмендегідей жолдармен тәржімелейді:

Жақсы ой, жақсы сөз, жақсы іске мен Жақсы
оймен, сөзбен, іспен істеген Мадақ берем
жақсы ой, сөз, іспенен Берілемін
жақсылықпен істеген Жақсы ой, жақсы сөз,
жақсы іске мен.Жерінемін жамандықпен
істеген
Жаман ой, жаман сөз, жаман істен мен [4, 11 б.]

С.Оспанов өзінің ғылыми ізденістерінде Авестаны зерттеуші қазақ ғалымдары қазақ аңыздарында айтылатын «Бабай түкті шашты Әзіз» бабаны осы Зардұшт пайғамбармен бір адам деген ойды алға қояды деп көрсетеді [2]. Біздің ұлттық тарихымызды қалыптастыруымыздың ерекшелігі – дәлелдемелердің негізінен аңыздарға, мифтерге сүйенетінімізде болып отыр. Сондықтан тарихи

деректерге нақтылық, дәлелдеу мен дәйектеу жетіспей жатады. Бірақ «жел тұрмаса шөптің басы қимылдамайды» дегендей кейбір ақиқатқа қисындармен, логикалық жолдармен келуге болатын іспетті.

Қазіргі кезеңге дейін зороастризмнің пайда болуы туралы заманауи қоғамдық ғылымда екі түрлі көзқарас қалыптасқан. Бірінші пайымдау бойынша, Заратуштрашылдық Батыс Иранда, негізінен, Мидияда пайда болып, олардан ежелгі парсылар қабылдаған, парсылар арқылы бүкіл шығысқа таралған деген ой. Бұл көзқарас «Авеста» мен Заратуштрашылдықтың пайда болуының «батыстық» немесе «мидиялық теориясы» деп аталады. Бұған қарама-қарсы баламалы екінші көзқарас та бар. Ол – Заратуштрашылдық пен «Авестаның» пайда болуының «шығыстық» немесе «бактриялық» теориясы. Бұл теория бойынша, Заратуштрашылдық Бактрияда пайда болып, кейін батысқа, Мидия мен Парсы еліне таралған.

«Авестадағы» деректер, діни-мифологиялық сюжеттер ондағы жырлардың Орталық Азияда дүниеге келгенін айғақтайтыны ғалымдар арасында пайымдалады [5]. Орыс ғалымы И.С. Брагинский «Авестада» батыс ирандықтардың діни ерекшеліктерін сипаттайтын ешқандай белгі жоқ екендігінатап көрсетеді [6]. Санкт-Петербургтік белгілі тарихшы ғалымдар С.Г. Кляшторный мен Т.И. Сұлтанов «Авестада» баяндалатын тарихи оқиғалар Каспий мен Арал теңіздерінің маңында, Әмудария, Сырдария және Еділ өзенінің бойында орын алған деп тұжырымдайды. Осыған ұқсас идеяны қазіргі кезеңде отандық ғалымдар да кейінгі уақытта белсенді түрде өзектендеріп жүргені хақ. Бүгінгі өтіп жатқан ғылыми жиын да соның бір айғағы деген ойдамыз.

«Авестада» Заратуштра сиынған Ахура Мазда құдайға табынуға қарсы шыққан Қазақстан мен Орталық Азияның көшпелі тайпаларының бәрі «турлар»деп аталған. Кейбір зерттеушілер «тур» халқын грек деректемелері бойынша кейінгі массагеттермен, яғни сақ тайпаларымен байланыстырады. Ресей шығыстанушысы В.И. Абаевтың пікірінше, сақтардың басым көпшілігі Заратуштрашылдық позицияны, ұстанымды қабылдамаған[7]. Алайда олардың бір бөлігі Заратуштра ілімін қабылдап, оны алтайлықтар арасына таратты. Кейін бұл ілім бір құдайға сиынудың (монотеизм) бастауы болған тәңіршілдік сеніміне негіз болып қаланған деген түсінікті С.Оспанов та айтып кетті. Сөйтіп,еліміздегі гумантарлық білімде Тәңіршілдік дүниетаным мен заратуштралық ілімнің арасындағы өзара байланысы ғылыми мәселе ретінде гуманитарлықсалады арнайы ғылыми зерттеулерді қажет ететін нысан болып келетінін атап өтей аламыз.

Заратуштраның діни-этикалық ілімі, философиялық ой-пікірлері ұзақ уақыт бойы адамзаттың рухани азығы болып келді. Әсіресе, Заратуштра идеялары әлемдік діндер мен грек ойшылдарының философиялық жүйелерінің қалыптасуына түрткі болғаны белгілі. Кейін ислам дініндегі әр түрлі сопылық ағым өкілдері де Заратуштрашылдықтың кейбір рәсімдерін қабылдап алып, жергілікті халықтың ежелгі сенімі мен мұсылмандық шарттарын бір-бірімен шебер ұштастыра білді. Әлемдік діни-философиялық дүниетаным мен көзқарастардың бастауы ретінде танылған Заратуштра ілімін зерттеуге дүние

жүзінің белгілі ойшылдары ат салысқанын атай аласыз. Ал біздің елімізде әзірге аздаған интеллектуалдық күштер ғана бұл тарихымыз үшін маңыздымәселеге назар аударып отыр.
Ал енді дүниедегі кез келген халықтың өзіндік мәдениеті, рухани болмысы, өзгеше рухани әлемі болары анық. Тарихи сабақтастық мәселесі осы жерде маңызды. Ешқандай халық жеке дараланып, тарихи кеңістікте басқа әлеммен рухани және саяси-экономикалық байланыстарсыз оқшауланып өмір сүре алмайтыны секілді, мәдениет те, діни түсініктер де өзара ықпалсыз, байланыссыз болмайды. Еліміздегі қазақ тілінде оқитын студенттер мен жоғарыбілім саласындағы мамандар үшін 100 томдық «Бабалар сөзі», 20 томдық
«Қазақ халқының философиялық мұрасы» атты «Мәдени мұра» бағдарламасы ауқымында орындалған іргелі еңбектер топтамасы жарық көргені белгілі. Сонымен қатар, «Қазақ руханияты: тарихи-философиялық және этномәдени незіздер» атты ұжымдық монография, «Қазақ философиясының тарихы. Ежелгі заманнан қазіргі кезеңге дейін» деген 5 томдық ұжымдық монографиялар топтамасында тарихи сабақтастық мәселесі барынша кеңінен айшықталып, гуманитарлық білім саласында сабақтастық феномені барынша өткір қойыла бастады [8].

Қазақ философиясы халқымыздың өмір сүруінің, дамуының және көркеюінің рационалдық сипаттағы ғылыми жүйеленген үлгісі, жалпы ұлттық философияның қайнар көзі. Жоғарыда аталған бес томдық ерекше топтамадаҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты мамандары әрі қарай зерттелуге тиісті көптеген жаңа дүниелер ұсынды. Еткен жетістіктеріміз бар екені анық. Атап айтатын жағдай - көрші жатқан түркі тілдес ағайындар бұл бағыттағы жұмыстарын енді ғана қолға алып жатыр. Тәжіктер мен әзербайжандар өздерінің ұлттық философиясының тарихына арнап үш томнан ғана еңбектер топтамасын жариялады.

Жоғарыда аталған жинақта сан ғасырлық рухани мәдениетіміздің тарихы философиялық сараптаудан өткізілді. Рухани жетістіктеріміз бен осал жерлеріміз философиялық тұрғыда пайымдалды, тарихи тұлғалардың дүниетанымдық жүйелеріне объективті бағалаулар берілді. Бірақ жоғарыдағы жинақтардың баспадан шығу даналары да, та¬ралу ауқымы да жоғары оқу орындарындағы күннен күнге ұлғайып келе жатқан зияткерлік рухани байлықтан сусындауға деген сұранысын, қажеттіліктерін толығымен қанағаттандыра алмасы анық. Оның үстіне философиялық ойлау тарихына деген көзқарас тарихтың жаңа кезеңінде жаңаша ұстанымдармен толығады, көптеген жағдаяттар сыни талдаудан өткізіледі. Сондықтан Заратуштра іліміне қатысты жаңаша әдіснамаларды, деректерді қолдана отырып, сыни ойлаудың көмегімен жас ұрпаққа ұсынылатын ғылыми әдебиеттерді үнемі жаңғыртып отырған абзал. Ол біздің рухани болашағымыз үшін өте қажет.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Бойс М. Зороастрийцы. Верования и обычаи. - М.: Наука, 1987. - 300 с
2. Оспанов С.И. Жаратушы, әлде Заратуштра калай деді? [Как сказал

Жаратушы (Создатель) или Заратуштра?]. - Алматы, 2003. - 332 б.

3. Алшанов Р.А. Тайна двадцати тысялетий. Поиски и открытия. – Алматы, 2016.-345с.; Алшанов Р.А. Қазақстандық «Авеста»: аңыздар мен шынайы тарих // Алматы ақшамы. 21.12.2017.; Алшанов Р.А. Зороастризм: раскол, отход от тенгрианства Турана // Аль-Фараби. №2. 2023. С. 25-35.; Алшанов Р.А. Заратуштра – Қорқыт Ата –Асан Қайғы // Алматы ақшамы. 16.01.2020.

4. Авеста. Аударғандар К.Аюбай және М.Аюбай. Алматы: Болашақ, 2023.-320 б.

5. Брагинский И.С., Из истории таджикской и персидской литературы, М., 1972.-295с.

6. Авеста в русских переводах (1861 – 1996). СПб., РГХИ, 1997.-424с.7.↑ Абаев В.И. Избранные. труды, Владикавказ, 1980.-452с.

8. Қазақ даласының ойшылдары. Алматы: Философия және саясаттану институты, 1994.-204б.; Қазақ халқының философиялық мұрасы. Алматы, 2004-2009 жж. 20 том.; Қазақ руханияты:тарихи-философиялық және этномәдени незіздер. Ұжымдық монография. –Алматы: ҚР БҒМ ҒК ФСДИ,2013. -375 б.; Қазақ философиясының тарихы. Ежелгі заманнан қазіргі кезеңге дейін. 5 том. – Алматы: ҚР БҒМ ҒК ФСДИ, 2017. – 414 б.

ТЕНГРИАНСТВО КАК ФЕНОМЕН ДРЕВНЕТЮРКСКОЙ КУЛЬТУРЫ

Барлыбаева Гаухар Гинаядовна
доктор философских наук, профессор,
главный научный сотрудник Института
философии, политологии,и религиоведения
КН МНВО РК,
г. Алматы, Республика Казахстан

Аннотация. *Представление о древнетюркской культуре только как о номадической также является одним из стереотипов современной науки. На самом деле тенгрианство является отражением сложной и богатой культурыдревних тюрков, в основании которой лежали традиции номадической, земледельческо-оазисной, смешанной скотоводческо-земледельческой культур. Как следствие универсальности была развита городская культура, было развито ремесленничество, на высоком уровне находилось искусство. Мифология тюркских народов как одна из форм богатой мировоззренческой культуры является составляющей тенгрианства и отражает специфику мироотношения тюрков. Тенгрианство является по сути этической философией жизни, в центре которой находится Человек. Тенгрианство, сохраняющее свои внутренние основания, вплетенные в современные*

мировоззренческие системы, может выступать как фактор культурной и цивилизационной идентичности тюркских народов и казахского народа в условиях глобализирующегося мира.

***Ключевые слова**: тенгрианство, культура, наследие, философия, идея.*

Исследование тенгрианства требует всестороннего и комплексного изучения философского и культурологического наследия древнетюркской культуры. Причём изучать необходимо объективно, преодолевая элементы и европоцентризма и некоторые стереотипы западной и русской тюркологии. Глубокого философского осмысления требуют памятники древнетюркской письменности, творчество мыслителей древности и средневековья как основы духовной культуры тюркоязычных народов.

Очень важно изучить истоки и условия становления тенгрианства, его взаимодействие с другими мировоззренческими и религиозными системами. Это позволит определить место тюркской культуры в мировой культуре, что дает возможность обосновать идею культурного единства тюркских народов Центральной Азии, идею их консолидации в условиях современного мира.

Тенгрианство как феномен древнетюркской культуры в настоящее время является объектом многих исследований. Олжас Сулейменов ещё в своей книге “Аз и Я”, изданной в 1975 году, пророчески писал “ Термин “тенгрианство” не появлялся до сих пор в научной литературе. Самая древняя религия на планете, оформившаяся как философское учение уже в 4 тысячелетии до рождения христианского бога, ставшая матерью семитских и индоиранских религий, заметно повлиявшая на древнеегипетские культы - тенгрианство уже давнождёт своих исследователей” [1, с. 271]. А в «Языке письма”, в 1998 году, ОлжасОмарович, говоря о древнейших религиях человечества и заблуждениях специалиста по тайнам Библии Эриха Церена, пишет: “Таким образом, он неоправданно сблизил эпохи лунной религии и новой - христианства, миновав или, вернее, зачеркнув громадный этап общечеловеческой религии Солнца, развивавшейся несколько десятков тысячелетий и породившей в итоге тенгрианство, зороастризм, буддизм, синтоизм, иудаизм, христианство имусульманство” [2, с. 111].

Как можем заметить из этих цитат, Олжас Сулейменов тенгрианство ставит в первый ряд древнейших религий человечества, в ряд знаний глубокой древности, как первые попытки философского осмысления бытия. Хотя он и не проводил каких-либо исследований по тенгрианству, заслуга О. Сулейменова заключается в том, что он одним из первых поднял этот вопрос, подтолкнул многих исследователей на философское осмысление тенгрианства.

Некоторые исследователи отмечают, что проблема тенгрианства искусственно замалчивалась по некоторым политическим и идеологическим причинам. Даже существует точка зрения об определенной борьбе других религий против тенгрианства с целью предать забвению его историю и идеи.

Сабетказы Акатай понимает тенгрианство как продукт общественной мысли не какого-нибудь отдельно взятого, пусть даже мощного этнического массива, он правомерно определяет его как духовную ценность,

Google. “Göktürk Alphabet.” Қолданылған: 12 сәуір, 2022 ж., 22. 27, http://www.ozgursavas.com/2014/04/yeni-baslayanlar-icin-gokturk.html Google.
«Мани әліпбиі.» Қолданылуы: 12 сәуір, 2022 ж., 22.16, https://tr.wikipedia.org/wiki/Mani_alphabet

Google. «Soğut Alphabet.» Қолданылған: 12 сәуір, 2022 жыл, 21.50, https://www.alfabesi.com/tarihte-turklerin-udigi-alfabeler/
Google. "Ұйғыр әліпбиі." Қолданылуы: 12 сәуір, 2022 жыл, 21.57, https://www.bilgibaba.com/yazi/turklerin-egitimdigi-alfabeler-hangisinde-turkler- kac-tane-alfabe-used
Google. «Сирия әліпбиі.» Қолданылған: 12 сәуір, 2022 жыл, 13. 58, https://www.alfabesi.com/suryani-alphabesi/
Google. “Brahmi Alphabet.” Қолданылған: 12 сәуір, 2022 ж., 21. 45, https://www.alfabesi.com/brahmi-alphabesi/
Google. «Тибет әліпбиі.» Қолданылған: 12 сәуір, 2022 ж., 14.02, https://en.wikipedia.org/wiki/Wylie_transliteration
Google. «Қытай әліпбиі.» Қолданылуы: 2022 жылдың 12 сәуірі, 14.04, https://eodev.com/gorev/5853990
Google. «Иврей әліпбиі.» Қолданылған: 12 сәуір, 2022 ж., 14.07., https://bethami.org/event/introduction-to-hebrew-aleph-bet-decoding/2018-10-09/ Google. "Грек әліпбиі." Қолданылуы: 12 сәуір, 2022 ж., 14.09. -5503315
Google. "Армян әліпбиі." Қолданылған: 12 сәуір, 2022 ж., 14. 10, https://www.sabah.com.tr/egitim/ermeni-alfabesi-harfleri-turkce-karsiligi-ve-ozelleri- ermeni-alfabesi-kac -letter-e1-5503273
Google. «Араб әліпбиі.» Қолданылған: 12 сәуір, 2022 жыл, 14. 15, https://www.isa-sari.com/osmanli-turkcesi-osmanlica-transcript-alphabesi/ Google. «Кирилл әліпбиі.» Қолданылған: 2022 жылғы 12 сәуір, 14. 17,https://cokekonomi.com/rusca-ogrenmek-zor-mu-nasil-ogrenilir/
Google. «Түрік әліпбиі.» Қолданылған: 12 сәуір, 2022 ж., 22. 09, https://www.alfabesi.com/turk-alfabesi/
Google. “Омниглот.” Қолданылған: 12 сәуір, 2022 ж., 22. 13, https://omniglot-com.translate.goog/writing/turkish.htm?_x_tr_sl=en&_x_tr_tl=tr&_x_tr_hl=tr&_x_tr_pto=sc

УДК. 39. 395

ФОРМИРОВАНИЕ ОСНОВ ЭТНОЭТИКЕТА У ДЕТЕЙ(НА ПРИМЕРЕ БАШКИР)

Баязитова Р.Р.
Доктор филологических наук, профессор
Ордена Знак Почёта Институт истории, языка и литературы
Уфимского федерального исследовательского центра РАН,
г. Уфа, Россия

Abstract: *The Bashkirs used different methods in the process of forming anetiquette. Constant reminders and personal example of adults, instilling and showing*

socially approved norms through rituals contributed to their development and consolidation in accordance with the gender and age characteristics of children. Thechild'ssocializationtookplacegradually, naturally.

Keywords: *traditional Bashkir etiquette, ethno-etiquette, culture of behavior,methods of education.*

Первые представления об общепринятых нормах поведения ребенок получает в семье. Путем правильно поставленного воспитания можно научить его не только красивым манерам, но и специфическим нормам поведения, характерным для определенного народа. Следовательно, семья принимает участие не только в количественном, но и в качественном воспроизводстве этноса. В данной статье рассмотрим некоторые особенности формирования этноэтикета у детей в рамках традиционной культуры.

Прежде чем приступить к анализу методов и средств формирования этноэтикета, определим особенности традиционной культуры. Согласно Н.Л. Жуковской: «Характерным признаком традиционной культуры является ее прямая или косвенная связь с повседневной жизнью народа, производством элементарных материальных благ, доминирующим в данном этносе хозяйственно-культурным типом, преобладанием натурального хозяйства. Традиционная культура основана на бесписьменных, т.е. устных и невербальных формах коммуникации; она создается коллективно, ее нормыстабильны и отражают опыт множества предшествующих поколений» [10. С.7- 8]. Следовательно, в традиционном обществе преобладали словесные, практические методы, также естественная среда социализации.

В «Этнопедагогических очерках» С.А. Мухамедьянов называет следующие народные методы и средства воспитания личности: показ, приучение, упражнение, поверье, благопожелание, моленье, заклинание, благословление, просьба, совет, одобрение, упрек, укор, насмешка, юмор, ирония, сравнение, противопоставление, уговор, запрет, принуждение, порицание, презрение, проклятие, побои, щелчок, шлепок, оплевание, лишение общества сверстников, изгнание из дома, изгнание из населенного пункта, общественное мнение и даже умерщвление [15. С.72-73]. Рассмотрим примеры использования некоторых названных методов в формировании культурыповедения.

В традиционном обществе передача жизненного опыта происходила постепенно, определенными дозами, в соответствии с возрастом. С учетом этойвозрастной периодизации происходила и оценка поведения. Переход из одного возрастного периода в другой сопровождался обрядом. Предки интуитивно понимали, отмечает М.Н. Зыкова, что одновременно в одном Начале не могут сосуществовать два качества: как времена года сменяют друг друга, так и состояния человека. В результате социального опыта были выделены в качестве значимых нормативные свойства, характерные для того или иного состояния человека. Если девочки могли, например, общаться с подругами, водить хороводы, гулять с молодыми людьми, то, став замужней женщиной, бывшая
«девочка» утрачивала прежние права и обязанности и обретала новые. Обряд дает понятие об условной норме и облегчает вхождение в новую роль [11. С.

65, 71]. В процессе проведения обрядов, важную роль играли благопожелания. Младенческий период жизни ребенка был насыщен многочисленными обрядами (в честь отпадения пуповины, первого представления обществу, укладывания в колыбель, наречения имени, первого зуба и т.д.) [17. С. 191]. Во всех этих обрядах в адрес новорожденного произносятся благопожелания, в которые заложен код социально-одобряемых качеств. Приведем некоторые из них: *тәүфиҡлы бул* – будь благовоспитанным, *татлы телле* бул– сладкоречивым будь, *шәфҡәтле бул* – милосердным будь. Подобные ритуалы и пожелания родителей, родственников программировали с малых лет на хорошее поведение.

Одним из главных механизмов существования традиционной культуры является ориентация на образ идеального, совершенного человека, пишетисследователь этических традиций хантов М.А. Лапина [13. С.39]. У разных народов была своя иерархия моральных и нравственных ценностей, но все онив совокупности представляли совершенного человека. В традиционно-бытовой культуре общения народа Саха, например, характерным принципом, одним из внешних проявлений культурного облика является скромность и толерантность [7. С. 56]. Среди чувашей говорят о «семи благах», «семи заповедях». Их реализация являлась обязательной целью национальной системы воспитания. Чаще всего в число семи добродетелей включались трудолюбие, здоровье, ум, дружба, доброта, целомудрие, честность [8. С. 54]. Представляют интерес философские воззрения о совершенном человеке башкирского поэта-просветителя XIX в. М. Акмуллы. В стихотворении «Наставления» он называет моральные ценности, которыми должен обладать каждый человек. На первое место Акмулла ставит совесть, на второе – честь и честность, на третье – ум, на четвёртое – благодарность, то есть умение быть благодарным за добро, доверие,на пятое – порядочность, на шестое – терпенье, ибо только терпеливый человек может достичь поставленной цели, страсть – седьмое из восхваляемых поэтом качеств личности [1. С.79-90]. В иерархии нравственных ценностей у многих народов на первом месте стоит почтительное отношение к старшим, но как это проявляется в поведении, имеет отличия. Уважительное отношение к старшим начиналось с почитания родителей. «Рай находится под ногами ваших матерей», – говорят башкиры.

На формирование нравственного облика ребенка, безусловно, большое влияние оказывали родители, которые чувствовали и знали важность семейноговоспитания. Своим поведением они закладывали основы этикета и почтительного отношения к старшему поколению в целом. Мать во всем была примером для своей дочери. Отношения между ними основаны не столько на правилах этикета, сколько на заботе, ласке. У башкир существует выражение

«әсә һөтө» («материнское молоко»), оно включает в себя весь комплекс нравственных качеств, которые должны передаваться от матери к ребенку. *«Әсәһөтө менән инмәгән, тана һөтө менән инмәй»* (Что не привьется с молоком матери, то не привьется никогда), – говорят в народе. Такие же отношения складывались между отцом и детьми. Хотя отец меньше времени проводил с

ними, он должен был научить сыновей и правилам хорошего тона, и ведению хозяйства.

Ребенок рос, копируя поведение своих родителей, положительный пример взрослых также способствовал формированию у него определенных качеств. Например, в башкирской сказке «Старик, Хызыр и царь» визири (в некоторых странах Востока – министр, высший сановник) предлагают варианты казни старика: вымазать лицо сажей, провести, избивая кнутом, по улицам и забить до смерти; изрубить на куски; отпустить. Егет (парень), пришедший со стариком и стоявший в сторонке, так прокомментировал это: первый визирь предложил эту казнь потому, что так была убита его мать – что человек ребенком узнает, то в его душе прививается, отец второго был мясником, а сыну передались его повадки. У третьего отец был добрый, справедливый человек, вот и от сына мы услышали самые добрые и справедливые слова [4. С.72-73]. «Что в гнезде, то и в полете», – говорят пожилые люди. Родители для детей должны быть достойным примером для подражания. Именно в семье дети получают опыт внутрисемейных отношений, осознают значение родственных связей.

В башкирской народной сказке «Старая мать» рассказывается о скряге по имени Харанбай (харан – скупой, бай – богач). Он, посадив престарелую мать в деревянное корыто, отправился к обрыву, чтобы сбросить ее в пропасть. С ним был его маленький сын. Только собрался ее столкнуть, сын отцу говорит:
«Отец, корыто не упусти, унесем его домой!». Отец удивился: «Зачем тебе дырявое корыто?» Мальчик вполне серьезно отвечал: «Бэй! В чем же я тебя, когда состаришься, притащу к этой пропасти?» Подумал отец, что его ждет такая же участь, и отказался от своего намерения, стал заботливым, почтительным сыном [4. С.314]. А.М. Гутов, исследователь кавказского этикета, проанализировав подобное предание об обычае умерщвления стариков, выявил в поступке сына признак временного мышления. Человек научился не только мыслить, а мыслить во времени. Он понимает, что младшиев будущем поступят с ним так же, как он ныне поступает со своим старшим. Воздавая должное своим родителям и всем старшим, он как бы обеспечивает себе будущее [9. С.37].

У башкир дети подчинялись родителям, младшие – старшим. С малых лет им напоминали, что со взрослыми нельзя спорить, говорить повышенным тоном, грубить. В Абзелиловском районе республики информант сообщила, что ее отец постоянно напевал следующие строки:

Атаң яҡшы, инәң яҡшы Отец хорош, мать хороша,Олоҡ ҡыл.
Почитай их.
Яманлыҡҡа әйҙәгәнгә,
Принуждающим к злу,
Яҡшылыҡ ҡыл.
Делай добро.

(Подстрочный перевод автора)

Уважительное отношение к родителям у разных народов выражается по-своему. Родительскую волю мордва ставила и ставит чрезвычайно высоко, что отразилось в пословице «И царь хотел, да отец не велел» [14. С.385]. Или у китайцев, если сыну нравится его жена, а родителям нет, то он обязан развестись с ней, а если наоборот – почитать ее [6. С.189].

Обучение этикету затрагивало разные аспекты жизни: взаимоотношения между членами семьи, застольное поведение, трудовое воспитание, поведение по отношению к живой и неживой природе. Дети постарше присматривали за младшими. Чтобы они друг друга не обижали и были дружными, при первой встрече с новорожденным старшим показывают его ножки [5. С.327]. Им с детства внушают чувство ответственности друг перед другом, прививают родственные чувства, учат слушаться старших: *«Һин ағай кеше!», «Апайҙы тыңлайҙар!».* Ребенок, поставленный в рамки общепринятых правил, рос, осознавая свое место в семье, это, естественно, сказывалось на его поведении:

«Нельзя не обратить внимания на тот факт, что между башкирскими детьми в играх замечается большое единение и дружба, между ними почти не бывает драк и ссор» [16. С.126].Самый младший ребенок в семье подчинен всем остальным, старший мог требовать оказания услуг, критиковать, у него были определенные привилегии. Например, в древнем эпическом сказании «Урал- батыр», братья, оказавшись на распутье дорог, бросили жребий, по которому младшему следовало идти налево, старшему – направо. Шульген, не согласившись с этим выбором, напоминает Уралу про свое старшинство и отправляется левым путем [3. С.48].

В формировании культуры поведения велика была роль нравоучительных историй, рассказов-страшилок о том, как непослушных детей забирает *мәскәй әбей* (баба-яга), *бабай* (старик). Из этих выдуманных историй они узнавали, почему нельзя воровать, убивать, к чему приводит непослушание. Запугивали посторонним человеком, грозным взглядом, с детства прививали чувство стыда (*«оят»*), боязнь позора (*«ғәрлек»*), приучали прислушиваться к общественному мнению (*«апай оят итә»*). В традиционном социуме общественное мнение играло немаловажную роль: «Что скажут люди?».

В воспитательных целях широко применялись запреты и предписания.Многие из них напрямую связаны с санитарно-гигиеническими нормами.Приведем некоторые запреты, зафиксированные в ходе полевых исследований. *Запреты, касающиеся приема пищи*:

Нельзя кормить ребенка остатками своей пищи.

Нельзя приступать к еде раньше отца – останешься без своей доли.

Нельзя оставлять на ночь грязную посуду – нечистые силы будутпитаться остатками пищи; ангелы покинут.

Нельзя оставлять на ночь питьевую воду открытой – черт наплюет;искупает своих детенышей.

Нельзя оставлять на столе еду – ангелы устанут охранять.

Запреты, касающиеся поведения после заката солнца:

Нельзя отправляться в дорогу под вечер.

Нельзя подстригать ногти – хозяйство разорится.Нельзя петь – будешь несчастной.

Нельзя подавать милостыню.

Нельзя смотреть в окно – шайтан глаза выколет.

Нельзя спать на закате – заболеешь; шайтан овладеет душой.Нельзя точить нож.

Запреты, касающиеся гигиенического воспитания:

Нельзя использовать одежду мальчиков, мужчин для разных хозяйственных нужд.

Нельзя касаться метелкой ног человека – его счастье уйдет.

Нельзя мыть полы сразу после проводов гостей (так провожают только натот свет).

Нельзя мыться водой, которой мыли голову, на том свете не будет покоя.Нельзя носить головной убор чужого человека – повторишь его судьбу. Нельзя обновлять поверхность старых досок – к покойнику.

В традиционной культуре наряду с поощрительными методами, применялись приемы наказания. «За нерадивость, леность, нерасторопность в раннем детстве бывает и телесное наказание. В семье висел прут, и если дети, заигравшись, сходу не выполняли указание родителей, то на них повышали голос: «Тебе прута захотелось? Вон висит...». Я ни разу не видел, чтобы пользовались прутом, но его магическое действие говорило само за себя», – замечает К.Ш. Ахияров [2. С.115]. В сказании «Урал-батыр» мы встречаем запрет на телесное наказание. Старик Янбирде, узнав, что Шульген, нарушив его запрет, испил из раковины кровь, начал бить сына. Младший сын Урал остановил его.

Не потому ли, скажи, на сынаТы
замахнулся этой дубиной?Иль на
себе мы должны опятьСилу
Смерти злой испытать? Если
сегодня брата убьешь,
Завтра в меня вонзишь свой нож... [3. С.42].

Эти слова можно понимать, как предупреждение о том, что насилие влечет за собой смерть, что, раз переступив черту, во второй раз трудно будет удержаться и это приведет к одиночеству. Старшая Мать, героиня повести М. Карима «Долгое-долгое детство», также предупреждает старика, избившего своего сына: «Сейчас в его душе обиду посеешь – потом ненависть пожнешь. Нет большего несчастия, чеммежду отцом и сыном вражда» [12. С.60]. Буряты считают, что ребенок до восьми лет воплощает собой святое существо, поэтому запрещается бранить его грубыми словами, перешагивать через него, проносить над его головой что- либо грязное, осквернять его одежду, резать ее или отдавать кому-то чужому [15. С.4].

Таким образом, в воспитательных целях башкирами применялись разные методы и средства. Постоянные напоминания и личный пример взрослых, внушение и показ социально-одобряемых норм посредством обрядов способствовали их выработке и закреплению в соответствии с половозрастными особенностями детей. Социализация ребенка происходила постепенно, непринуждённо.

ЛИТЕРАТУРЫ:

1. Акмулла Мифтахетдин. Стихотворения. Перевод с башк. Уфа: Китап,2006.
2. Ахияров К.Ш. Башкирская народная педагогика и воспитание подрастающего поколения. Уфа, 1996.
3. Башкирское народное творчество. Т. I. Эпос. Уфа, 1987.
4. Башкирское народное творчество. Том V. Бытовые сказки. Уфа, 1990.
5. Башҡорт халыҡ ижады. I т. Йола фольклоры. Өфө, 1995.
6. Васильев Л.С. Этика и ритуал в трактате «ли цзи» // Этика и ритуал в традиционном Китае. М.1988.
7. Васильева Т.Г. Формирование культуры межличностного общения младших школьников на традициях народного этикета якутов. Якутск: Изд-во Якутского госуниверситета, 2008.
8. Волков Г.Н. Этнопедагогика: Учеб. для студ.сред. и высш. пед. учеб. заведений. М.: Издательский центр «Академия», 1999.
9. Гутов А.М. Этюды о кавказском этикете. – Нальчик, 1998.
10. Жуковская Н.Л. Кочевники Монголии: Культура. Традиции. Символика:учебное пособие. М.: Вост.лит., 2002.
11. Зыкова М.Н. Фольклоротерапия. М., 2004.
12. Карим М. Долгое-долгое детство: Повесть. М., 1989.
13. Лапина М.А. Этика и этикет хантов. Томск – Екатеринбург, 2008. 14.Мокшин Н.Ф. Семейный и общественный уклад. Брак и семья // Народы Поволжья и Приуралья. Коми-зыряне. Коми-пермяки. Марийцы. Мордва.Удмурты. М., 2000.
15. Мухамедьянов С.А. Этнопедагогические очерки.Уфа, 1998.
16. Никольский Д.П. Башкиры. Этнографическое и санитарно-антропологическое исследование. СПб., 1899.
17. Фатыхова Ф.Ф. Социализация ребенка в традиционной башкирской семье // Мать и дитя у народов Башкортостана.Уфа, 2001.

ӘӨЖ 94(47).084.3/6.(035)

ЗОРОАСТРИЗМ ІЛІМІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Құрманалин Самат Бақытжанұлы
тарих ғылымдарының кандидаты, профессор,Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал қаласы, Қазақстан Республикасы

Адамдардың рухани дамуында айрықша орын алатын ежелгі діндердің бірі- зороастризм. Діни жүйелер көне халықтар мәдениетінде жүйе құраушы рөл атқарады. Әрине, бұл діни жүйелер бір күнде бірден пайда болмайды. Олардың өзіндік даму тарихы, даму зандылықтары бар. Ал бұл заңдылықтарды ашу, даму тарихындағы кезендерді зерделеу, өз кезегінде сол ерте дәуірдегі адамдардың дүниетанымын, арман-мұраттарын, қарым-қатынасын анықтауға мүмкіндік береді. Сондай-ақ діни жүйелердің қазіргі заманға дейін сақталған көмескі нышандары мәдени бастаулар мен қазіргі мәдениет арасындағы тарихи-мәдени сабақтастықты көрсетеді. Көне мәдениет белгілері мәдени архетип ретінде халықтық рәсім-рәміздерде, салт дәстүрлерде сақталады. Адам этностық, этноаралық мәдениет сұхбаты аймағында тұрған, мәдени қарым- қатынастың субъектісі ретінде қалыптасады. Сондықтан, адамзатқа адамгершілік өлшемін ұсынған ұлы жүйе құрушылар мұрасын қарастырғанда мәдени сабақтастық пен мәдени жасампаздық диалектикасына назар аударуқажет. Міне, осы тұрғыда Заратуштра ілімін жан-жақты, толық, терең түсіну үшін, оның көзқарастарына әсер еткен ескі наным-сенімдерді, рәсім-рәміздерді зерттеудің маңызы зор болмақ.

Ғалымдардың басым көпшілігінің пікіріне сәйкес, Заратуштра жаңа діни жүйені ойлап тапқан жоқ, ол ескі наным-сенімдерді қайта қарап түбегейлі өзгерткен адам.

Авеста мен зороастризмнің пайда болуы жөнінде ғылымда негізінен екітүрлі көзқарас қалыптасқан.

Бірінші бағытты барынша жинақтап тұжырымдасақ, негізгі деген мына пікірді аңғарар едік: Зороастризм Батыс Иранда, негізінен Мидияда пайда болған, мидиялықтардан зороастризмді парсылар қабылдаған, ал парсылар арқылы зороастризм шығысқа тараған. Бұл Авеста мен зороастризмнің пайда болуының Мидиялық немесе батыстық теориясы деп аталады. Оның көрнекті өкілдері А. Дюпперон, Дж. Дармстетер және т.б. болды. Олардың қатарына қазіргі шығыстанушылардың ішінен А. Мейе мен Э. Герцфельдты жатқызуға болады.

Бұған қарама-қарсы екінші бағыт - зороастризм мен Авестаның пайда болуының шығыстық немесе Бактриялық теориясы. Бұл теорияны қолдаушылар этимологиялық мектептің өкілдері, сонымен қатар Х. Бартоломэ, кейінгі уақыттарда Х. С. Нюберг. Бұл теорияны соңғы кездерде бірқатар бұрынғы кеңес ғалымдары да қабылдаған (В.В. Струве, Е.Э. Бертельс, М.М. Дьяконов және т.б.).

Сонғы кездердегі зерттеулер, тарих, діни-мифологиялық көзқарастар оның Орталық Азияда дүниеге келгенін айқындайды. И. С. Брагинский Авестадабасты ирандықтардың діни ерекшеліктерін сипаттайтын ешқандай белгінің жоқ екендігін және лингвистикалық деректердің Авеста тілінің солтүстік-шығыстықсипатта болғандығын атап көрсетеді [1].

Заратуштра негізін қалаған зороастризм-әлем діндерінің ішіндегілерінің ежелгілерінің бірі. Оның тарихта алатын орны ерекше. Белгілі ағылшын ғалымы М. Бойс бұл діни-мәдени жүйенің адамзат тарихындағы орнын былай деп бағалайды:" Зороастризм б, э. д. VI ғасыр мен б.э.VII ғасырлары аралығындағы Иран империяларының мемлекеттік діні болған. Иранның күш- қуаты бұл дінге зор мәртебе әкелген. Зороастризм идеялары Платон философиясы, неоплатонизм сияқты философиялық жүйелердің қалыптасуына зор әсер етсе, оның маңызды қағидалары иудаизм, христиан, ислам діндерінде қабылданған. Шығыста буддизмнің солтүстік вариантының дамуына ықпал еткен" [2].

Әлемдік діндердегі басты мәселелердің бірі-құдай және адам, адам мен жаратушының арақатынасы туралы, ізгілік пен зұлымдық, адам еркі мен жазмыш жөніндегі ілімдер, көзқарастар мен түсініктер аталған мәселе төңірегінде топтасып, содан туындайды.

Зороастристер үшін жалғыз рухани болмыс - Ахура Мазда, ол бар нәрсенің жаратушысы ғана емес, ол басы мен соңы; Сонымен қатар, бұл таза, мәңгілік және мүмкін жалғыз шындық. Ахура Мазданы кез-келген адам көре алмайды.

Зороастриялық ұстанымдар әр түрлі діндерге және мәдениеттерге өз әсерін тигізді, соның ішінде Заратушра сенушілерінің негізгі өсиеттерін атап өтсек: 1/Теңдік - бұл дін шеңберінде барлық адамдар тең деп саналады, сондықтан ешкімді нәсіліне, жынысына немесе дініне байланысты кемсітуге болмайды. 2/Өмірге деген құрмет- Зороастристер барлық тіршілік иелерін құрметтеу керек деп қуаттайды, сондықтан олар езгі мен қатыгездікті жек көреді. Сол сияқты олар жануарларды құрбандыққа шалумен келіспейді. 3/Экологизм- Зороастризм дінінің тәжірибесінде табиғат негізгі рөл атқарады, әсіресе от пен суды қастерлеу өте маңызды.

Заратуштра ілімінің бірінші ерекшелігі - пұтқа табынушылықты, яғни табиғат күштерін білдіретін құдайларға табынуды теріске шығару. Екінші ерекшелігі - Амэша-Спэнтамен байланысты абстрактілі жүйе. Бұл теологиялыққұрылым бұқаралық наным-сенім үшін тым абстрактілі еді, оның мәнін тек б.э.д. IV ғасырдағы грек интеллектуалдары ғана түсінеді. Алты Амэша- Спэнталар: Воху-мана - ізгілікті ой, Аша-Вахишта-ізгі әділеттілік, Спэнта- Армаити-ізгі ар-намыс, Хшатра-Ваириа-әділетті билік, Хаурватат -барлықтың бірлігі, тұтастық және Амэрэтат-мәңгілік сайып келгенде бір жаратушыныңатрибуттары, ипостасі, эманациясы болып табылады. "Олар бір ойдан, бір сөзден, бір істен... Олар Ахур-Мазда жаратқан дүниенің мызғымастығын сақтап, қорушылар" [3].

Заратуштра ілімінің үшінші ерекшелігі-адамның зұлымдық пен жақсылық арасындағы еркін таңдауы туралы доктринамен байланысты.

Заратуштраның теологиялық идеялары мен философиялық ой өрісі қарапайым халық үшін түсініксіз болғанмен, оның этикалық приципті әрбір адамның бойында қолдау тапты. Заратуштра ілімінде адам құдайдың құлы емес, қайта жаратушы жасампаздығының ең биік шыңы, ол адамды саналы, парасатты және ерікті етіп жаратқан.

Гегельдің бұл дінді "мазмұны еркіндік дініне өтуді құрастыратын табиғат діні" [4, с.12], - деп атауында да терең мән-мағына жатыр. Заратуштраның түсінігінде адам-еркін жан, еркіндік, бостандық, адамдық мәннің маңызды көріністерінің бірі. Ол өмірде таңдау жасап, өз жолын өзі қалап алуға қабілетті және ерікті. Алайда, таңдау еркіндігі адамды жауапкершіліктен босатпайды. Заратуштра ілімінде адам еркіндігі мен жауапкершілігі диалектикалық байланыста болады деп айтуымызға болады. Адам өмірінің белгілі бір кезеңінде жақсылық пен зұлымдық арасында ерікті таңдау жасайды. Адамның кейінгі тағдыры мен болашағы осы таңдауға тікелей тәуелді. Сөйтіп, адам өз өмірінің, тағдырының жасампазы дәрежесіне көтеріледі. Заратуштра адамды қалай әрекет еткен дұрыс болады деп үйретуді маңызды санамайды, ол үшін бастысы жақсылық пен зұлымдықтың, еркін таңдаудың мәнін түсіну. Адамның бұл болмыстағы бағдарлары, біріншіден, сана-ол зороастризм этикасының бірінші принципі - ізгі оймен байланысты. Екіншіден, парасат-ол зороастризм этикасының екінші принципі - ізгі сөзбен байланысты. Сана парасат арқылы айқындалады. Үшіншіден, әдеп-ізгі іспен байланысты. Сана мен парасат адам әрекетінде, оның істерінде көрініс табады. Бұл жерде ой мен сөздің, сөзбен істің арасында қарама-қайшылық, алшақтық болмау ерекше маңызды, керісінше жағдайда адам рухани құлдырайды, тіпті азғындайды, адам бойындағы арамдық, алааяқтық соның нәтижесі. Адам әлемі-микрокосм,адамдар әлемі-социокосм, дүние-макрокосм біртұтас, ол қандай болады, бұл әрбір жеке адамға байланысты. Жақсылық пен жамандық, ізгілік пен зұлымдық шекарасы адам бойында, оның санасында, парасаты мен әрекетінде жатыр. Бұл дүниедегі зұлымдық - арам ойдың, жалған сөздің, айуандық әрекеттің жиынтығы, оның негізгі, түп бастауы адамның өз еркіндігін дұрыс түсінбегендігінде, ізгілікке сай жүзеге асырмауында жатыр.

Заратуштра зұлымдыққа қарсы күресуге шақырады, ал ол үшін күрес тәсілін білу қажет. Будда діні зұлымдықпен күрес жолы ретінде оған қарсы тұрмауды, Мани өз тәнін азаптап жанды құтқаруды таңдап алса, Заратуштра сөзқұдіретін, сенім мен парасат күшін қалайды. Авестада бұл туралы: "Құдіретті сөзбен жауларымызға, жақсылыққа бас игіземіз" /89/, - делінеді. Заратуштра адамды күштеу, зорлық-зомбылық арқылы, қарудың күшімен дұрыс жолға түсіріп, ақиқатқа жеткізу, сол арқылы бақытқа жеткізу мүмкін емес екенін түсінеді, сондықтан ол бірінші кезекке сана мен парасатқа сөз арқылы ықпал етуді қояды. Алайда, адамның жақсылыққа қызметі тек сөзбен шектелмеу керек, ол барлық жерде өмірге, тіршілікке қамқорлық жасап, оймен де, сөзбен де, іспен де жақсылықтың жеңісіне өз үлесін қосуы қажет. Мирза Шафи "киелі шөп" әңгімесінде Заратуштра туралы мынадай аңызды баяндайды: "Бірде Заратуштраға тақуа адам келіп:" Мен жиырма жыл шөл далада тек өсімдік тамырымен қоректеніп, бар өмірімді құдайға арнап, жалбарынып ғұмыр

кештім" , - дейді. Сонда оған данышпан:" Мен жиырма жыл өз тәнін азаптаған адамды емес, шөл даланы гүлдендірген аймаққа айналдырып, тым болмаса бір ағаш егіп, күтіп-баптап өсірген адамды әулие дер едім" [5, с.87], - деген екен. Аңыз шығыс данасының дүниетанымдық позициясын дәл жеткізіп тұр. Басқа діндермен салыстырғанда, Заратуштра діні адамды дүниеден безуге шақырмайды. Л. Н. Гумилевтың тілімен айтсақ Заратуштра ілімі "антисистема" болып табылмайды. Адам тірішілігінің түкке тұрғысыздығынан күйзелген Будда одан шығар жағыз жол нирванаға бату, сытрқы ортадан шектеліп, өзіне тұйықтау деп, квиетизмді, өмірден бас тартуды уағыздаса, Заратуштра дүниедегі зұлымдықты мойындай отырып, оған қарсы күресуге шақырады. Ол адам жүрегінде сенім мен үміт отын жағып, оған күш-қуат берді, адамның бұл өмірінің мақсаты толыққанды өмір сүру, адам болу, болмысты жарық дүниеге айналдыру екендігін әрбір адамның санасына жеткізуге ұмтылды. Заратуштра ілімінің құдіреттілігі осында. Адамзат тарихында алғаш рет Заратуштра ілімінде адам адамдық тұлға ретінде өзіндік құндылыққа ие болды. Әрбір адам өз ісімен, сөзімен, ойымен, зұлымдық пен жақсылықтың күресіне тікелей әсер етіп, социумнің, дүниенің тағдырын шешеді, ал бұл өз кезегінде адамнан белсенділікті қажет етеді. Егер ескі пұттық құдайларға табыну - адам белсенділігін шектеп келсе, жаңа ілім адам белсенділігін алдыңғы қатарға қояды, алайда, бұл белсенділік жасампаздық белсенділік болуы шарт. Виде- вдатта құтты жер деген қандай жер? деген сұраққа Ахура-Мазда "адал адамның үй салып, ошақ тұтатқан, жанұя құрып, бала өсіріп, мал баққан жері, егін егіп дән сепкен жері. Кім бидай ексе, сол адалдықтың да ұрығын себеді" [5, 96], - дейді. Бұл жерде ұлы Абайдың:

Түбінде баянды еңбек егін салған,
Жасынан оқу оқып, білім алған.
Би болған, болыс болған өнер емес.

Еңбектің бұдан өзге барі жалған [6, 196 б.], - деген өлең жолдары еріксіз еске түседі. Адал еңбек адамның мәртебесін өсіреді, қоғамның одан әрі дамып, жетілуінің алғашқы шарттарын жасайды. Еңбекқорлық пен адалдық, жақсылық адам бойында қатар жүретін игі қасиеттер. Надандық, арамтамақтық пен жалқаулық адам бойындағы үлкен кесірлер. Жер өндемеген, яғни еңбек етпегенадам "Әрқашан басқа біреудің есігін торып, қайыр тілеп жүреді" [5, 152]. Абай бұл туралы:

"Өсек, өтірік, мақтаншақ,
Еріншек, бекер мал шашпақ-Бес
дұшпаның, білсеңіз.
Талап, еңбек, терең ой, Қанағат,
рахым, ойлап қой -
Бес асыл іс көнсеңіз [6, 251 б], - дейді.

Араларында екі жарым мың жылдан астам уақыт жатса да Ұлы Даланың екі алып ойшылдарының адам бойындағы ізгі қасиеттер мен оның болашағы туралы көзқарастарында үндестік бары айқын. Адамзаттың алтын бесігі - жер тамұққа айнала ма, жұмаққа айнала ма, бәрі адамзаттың өз қолында, оның таңдау еркіне байланысты.

Сонымен қатар, Заратуштра ғарыш заңдылығы, табиғи тәртіп адамзат өркениетінің ешқашан рухани даму жолынан ауытқуына жол бермейді деген сенімде болды. Сондықтан, Заратуштраның моральдық тұжырымдамасында Аша әрі ғарыштық, әрі моральдық заңдылық. Әрбір жеке адамның, халықтың, жалпы адамзаттың болашағы, игілігі осы табиғи тәртіптің, ғарыштық заңдылықтың сақталуына, орындалуына байланысты. Қазіргі адамзат өркениетінің дамуы осыны адамға айқын дәлелдеген сияқты. Мәдени дамудағы сабақтастық, қаншама қантөгіс, жойқын соғыстар болғанымен адамзаттың аманқалып, әділеттіліктің билік құруы ғарыш заңдылығының адамзат өркениетінің ешқашан рухани даму жолынан таймайтындығының кепілі екендігін көрсетіп отыр. Бұл заңдылықтың алғашқы жаршысы көне заман алыбы Заратуштра болды.

Заратуштра іліміндегі басты жаңалық-монотеистік құдай идеясы және болмыстағы қарама-қарсы күштер күресі туралы көзқарасы болды. Қарама- қайшылықтар күресіне ол әлеуметтік сипат беріп, оны жаңа мазмұнмен толықтырды.

Заратуштра тарихта алғашқы болып адам еркі мен жауапкершілігі туралы мәселені көтерді, сөйтіп, адам белсенділігіне жол ашты, ол дүниеден безуге шақыратын дін емес, қайта өмірге құштарлыққа шақыратын сенім болды. Заратуштра жанның мәңгілігі мен оның өмірден кейінгі тағдыры туралы көне сенімді қайта қарап, оған айқын демократиялық сипат берді. Соған сәйкес адам жанының о дүниедегі тағдыры құрбандыққа шалынған мал басына байланысты емес, адамның ақ ниетіне, ізгі ойына, ізгі сөз мен ізгі істеріне тәуелді деп жарияланды.

Сонымен қорыта айтатын болсақ, Заратуштра жұмақ пен тозақ туралы, адамның өз жанының тағдыры үшін жауапкершілігі, жан мен тәннің қайта қосылуы туралы адамзат тарихында ой қозғаған алғашқы пайғамбар болды. Әрине, оның бұл көзқарастары кейінгі ізденушілерді толғандырмай қойған жоқ. Пайғамбардың аталмыш түсініктері иудаизм, христиан, ислам діндерінде қабылданды. Бірақ, М. Бойстың айтқанындай, бұл түсініктер тек зороастризмде бір-бірімен толық логикалық байланыста болады. Заратуштраның пікірінше әрбір адамның аман қалуы, оның игі ойлары, игі сөздері, игі істерінің жиынтығына байланыты, яғни адам өміріне, тағдырына құдайлар қол сұқпайды.Әрбір адам Соңғы Сот күні істеген істері үшін жауап береді және барлықадамзатпен әлем тағдыры үшін жауапкершілікті бөліседі.

Қарапайым да күрделі діни ұғымдарға бастайтын діни тәрбиенің нәзік те қуатты ерекшелігі осыдан байқалады. Жақсылықпен жамандық, қайырымдылық пен зұлымдық, сарандық пен жомарттық, ерлік пен ездік т.б. сондай сан алуан қайшылықты касиеттері бар адамның өзіндік санасы мен қоғамдық сана белсенділігін оятуда, ұрпақты имандылыққа тәрбиелеуде аталған ілімнің атқарар қызметі аз емес. Заратуштра ілімі бізге үндіеуропа дәуірінен жеткен сирек те бағалы көне жазбалардың қатарынан саналады.

Заратуштра ілімі иран, тұран халықтарына ортақ мұра болғандықтан, оған қазақ халқы да еншілес деп білеміз. Заратуштра еңбегіне тек соңғы жылдары

ғана назар аудара бастадық. Заратуштра — ұлттық тәлім тарихының төрінентиіс орнын алуға лайық тұлға.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Антонов А.Н. Заратуштра – пророк света и астраханская земля – колыбель священной книги зороастризма «Авесты» // Современные гуманитарные исследования. – 2010. – № 6. с. 66–71.
2. Крюкова В.Ю. Культ водных животных в зороастризме и центральноазиатские параллели // IX Конгресс этнографов и антропологов России. Тезисы докладов. – Петрозаводск: Карельский научный центр РАН, 2011. – с. 158
3. Мамедов А.А., Оришев А.Б., Шиповская Л.П., Зороастризм: формирование религиозного сознания// Фундаментальные исследования. – 2014. – № 9-5. – с. 1140-1143;
4. Гегель Г.В.Ф. Философия религии. – Т. 2. – Москва.: Мысль, 1997. – с 576 с.
5. Бойс М., Зороастриицы. Верования и обычаи. Москва.:ГРВЛ, 1988. - с 304
6. Абай Шығармалар: Т.2 Өлеңдер мен аудармалар. Поэмалар. Қара сөздер. - Алматы: Жазушы, 1995. - 380 б.

УДК 1(574)(075)

ФИЛОСОФСКО-МИРОВОВОЗЗРЕЧЕСКИЕ АСПЕКТЫЗОРОАСТРИЗМА

Иманбаев А.А.

Старший преподаватель,
академик Международной академии информатизации,
Таразский региональный университет
им. М. Х. Дулатиг.
Тараз, Республика Казахстан

Зороастризм - один из древних монотеистических религии, до конца не изучен. Это объясняется утратой многих священных текстов.

Возникнув среди азиатских кочевых племен 3500 лет назад, в последствии он стал государственной религией трех Иранских империи, процветал и был главной мировоззренческой ценностью многие столетия.

Несомненным является то, что это учение оказало большое влияние на возникновение и развитие буддизма в Индии, а также оказала воздействие на всем Ближнем Востоке – до территории на которой развивался индуизм, зародилось христианство и ислам. Этим объясняется актуальность и необходимость изучения учения Зороастра, для дальнейшего изучения мировых

религий. Зороастризм – «это благородная религия, отдельные ее положения уникальны и замечательны. Они давали возможность последователям вести целеустремленную и приносящую удовлетворение жизнь, что, в свою очередь, пробудило в них глубокую преданность к своей вере».[1, с.4]. Философско- мировеззренческие основы зороастрийского учения, задолго до появления древнегреческой философии, были связаны с понятиями макрокосмос (природа) и микрокосмос (человек). Природные стихии (вода, огонь) были объектами зороастрийского культа, «… молились и совершали им возлияния …». В зависимости от того как человек использовал в повседневной жизни для удовлетворения своих потребностей воду, она имеет три свойства. Т.е. «у зороастрийцев возлияние воде состоят в основном из трех элементов, а именно из молока и сока и листьев двух растений. … Три составных части возлияния символизируют царства растений и и животных». [1, с.10]. Огонь – другой объект поклонения, имел такую же главную сущность для жизни людей, как вода. Зороастрийцы « совершали приношения из трех элементов так же и огню. Приношения состояли из сухих чистых дров, благовоний и животного жира».

Таким образом, вода и огонь, тесно связанные друг другом субстанции ипредставляют собой главную сущность макрокосмоса. Сущность человека состоит из двух субстанции: тела и души. После смерти душа переходит в другую материальную субстанцию. В основном в животных и птиц. Поэтому после смерти тело оставляли на открытом пространстве, где звери и птицы поедали его, и тем самым душа переселялась к ним.

Наказания за совершенные человеком грехи, а также искренне раскаялся человек в своих деяниях, проверялись посредством воды и огня (бросали в водучеловека за совершенные греховные деяния или пропускали между двух горящих огней) если человек оставался в живых, то это значит, что он искреннераскаялся и его душа очищена.

Специфика философско-мировоззренческой ценности зороастризма состоит в том, что, противопоставляя «положительную» и «отрицательную» энергии человека, как две радикально отличных друг от друга эссенции: первой можно приписать состояние озарения «духовной истины», что приводит к внутренней нравственной чистоте, к гармонии с самим собой и с окружающим миром, в то время как второе состояние ведет к нравственной деградации, к дисгармонии с природой.

Это проверено временем, жизненным опытом человечества: человеческое бытие теряет смысла вне общения с другими людьми, вне коммуникации. Не «подлинность» межчеловеческих отношений является не в доминировании в них «положительной» или же «отрицательной» духовных ценностей, а в эгоистических потребностях, в погоне человека за мирскими благами.

В зороастризме доминирующим является идея о том, что источником нравственного «здоровья» человека, можно связать с постояннымсамопознанием, ведущим к гармонии с самим собой, т.е. между телом и духом, а нравственные добродетели - МУДРОСТЬ, СПРАВЕДЛИВОСТЬ И УМЕРЕННОСТЬ - можно считать универсальным средством снятия отчуждения и установления гармоничных связей между людьми и с природой.

Прослеживается преемственность между зороастрийским учением и казазхским мифологическим мировоззрением: во-первых,особенности казахского мифологического мышления, прежде всего обусловлены особенностями кочевого образа хозяйствования и жизни казахов; во-вторых, в течении значительного периода казахская философская мысль находила свое выражениев лоне вербальных (словесных) форм культуры (поэзии, поговорках, пословицах и т.д.). «Для казахского общества характерно философствование в нефилософских формах на уровне универсалий мировоззрения. Поэтому восточные философемы утопают в традиционных художественных и религиозных текстах, что побуждает историков философии исследовать философские системы в социально - культурных аспектах, изучать тексты мировоззренческого плана»,[2, с.7] в-третьих, древние казахи придерживались преимущественно шаманских религиозных верований, где большое место занимает культ природы, культ предков и поклонение животным. В иерархии природных сил главное место занимает небо - Тенгри, а также земля, огонь, вода, в-четвертых, казахском мировоззрении определяющей концепций в понимании человека был космоцентризм, когда человек воспринимался как часть космоса, «малый мир» - микрокосмос, неразрывно связанный с макрокосмосом, нередко представленный живым организмом. В макрокосмосе сконцентрирована энергия, и эта энергия гармонично распределена среди живых организмов и неживых предметов на земле. Следовательно можно сделать вывод о том, что характер и цель накопленных народом культурных ценностей это способ и средства, а также возможности распространения их какв обществе, так и в мировом сообществе в целом. Только тогда будет происходить прогрессивное развитие не только духовной культуры отдельного народа, но и духовной культуры всего человечества.

ЛИТЕРАТУРЫ:

1. Мэри Бойс. Зороастрийци.Верования и обычаи. Изд-во «Наука». Москва,1988. С-298
2. Орынбеков М.С. Предфилософия протоказахов. А. 1994 г.С.-270

ӘОЖ 03.20

XIX ҒАСЫРДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫНДАҒЫ ФОЛЬКЛОРДАҒЫ ҚАЗАҚ ҚАЙРАТКЕРЛЕРІНІҢ ТАРИХИ, САЯСИ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ОЙ-ПІКІРЛЕРІ

Жалмурзина Айгуль Жанбараковна
аға оқытушы,
«Астана Медицина Университеті» КеАҚ,
Астана қаласы

Әр халық өзінің тарихи даму жолында өзіне тән этнос ерекшеліктерін айқындайтын дәстүр, әдет-ғұрып, әдебиет, мәдениет сияқты құндылықтарын қалыптастырады. Жеме-жемге келгенде аталмыш құндылықтардың бәрінің қайнар көзі-фольклор қалыптастырған, қоғамдық сана болмысында орынтепкен категориялар мен ұғымдар, әрекеттерімізге әсер ететін, тарихи, құқықтық тәрбиелік сипатқа ие құндылықтар.

Ғасырлар бойы этнос санасына қоғамдық тәжірибеде сыннан өту арқылы қоғамдық-саяси, философиялық және құқықтық ой-пікірден нық орын алған фольклор мемлекеттің дамуына, формалары мен рәміздеріне де тікелей ықпал етеді. XX ғасырдың ірі ойшылдарының бірі Карл Ясперес осындай құбылыс туралы мынандай тұжырым жасайды: «Жизнь человека как такового в мире определена его связью с воспоминанием о прошлом и с предвосхищением будущего. Он живет не изолированно, а как член семьи в доме как друг в общении индивидов, как соотечественник, принадлежащий некому историческому целому. Он становится самим собой благодаря традициям, позволяющим ему заглянуть в темные глубины своего происхождения и жить, ощущая ответственность за будущее свое и своих близких [15, 527].

XIX ғасыр аралығында Қазақ даласының аумағында Ресей империясымен бірге бір қатар саяси-құқықтық реформалар жүргізілді. XIX ғасырдың басына қарай тарихнамада екі негізгі көзқарас қалыптасты: либералдық (ымырашыл) және консервативтік (тартпақы), мемлекеттік, ресми. Либералдық жақтаушылардың көзқарасы бойынша ресей қоғамын құқықтық біріздендіруді ең қысқа мерзімде орындау керек болды. Олар, шеткі халықтарды «мәдениеттендіру» мақсатында, Ресейдің келешегін саяси ілімді, өркениетті империя деп көрді, сондықтан үкіметтің біртіндеп, жалпы құқықты болашақта инклюзивті кеңеюіне наразылық тудырды және қатаң сынға алды. [10, 11, 12].

Олардың қарсыластары, екі жаққа да шығынсыз бірыңғай кеңестік нормативтік империялық кеңістік құрғысы келген, құқықтық плюрализм тәжірибиесін қолданудың жақтаушылары болды. Осындай позицияны қазақ ұлттық зиялы қауым өкілдері ұстанды.

XIX ғ. ортасына қарай, қазақтардың даладағы басқа да халықтармен өмір сүру нысандарының ең қолайлысын іздеген, европаландырылған қазақ зиялылары туралы айтуға болады. Бір жағынан өз халқына деген империяның

үстемдігін түсіну, екінші жағынан – орыс мәдениеті арқылы еуропалық өркениеттің жетістіктеріне жеткізу, зиялы қауымды қазақ және «орыс» әлеуметтік өрістері өзара әрекетіндегі нысандарын іздеуге итермелеу, соның негізінде қазақтар білімді болып, бірақ империяның қарамағында жойылып кетпесе екен деп армандады. Осындай зиялы қауымның пайда болуы туралы айтқанда, олардың еуропалық біліммен әлемді дәстүрлік әлем негізінде қабылдауларын ескерген жөн.

Зиялы қауымның жарқын өкілдерінің бірі көрнекті ғалым Ш. Уәлиханов (1835–1865) болды, оған Батыс-Сібір генерал-губернаторы В. Дюгамелдің сібір қазақтарының Облыстағы басқару кеңесшісі Яценкомен бірге 1863 жылы комиссия жұмысына қатысуы ұсынылды. Комиссияның мақсаты болып, «билермен сұлтандар жүргізіп отырған заңдардан және сот әдет-ғұрыптардан шеттету, дала қырғыздарына қолданған кезде жалпы негізгі ережелерде және сот билігінде жасауға қажетті өзгерістер мен толықтыруларға қатысты олардың көзқарастарын білу еді [6, 345]. Ш. Уәлиханов комиссия құрамында бола отырып, Көкшетау, Атбасар, Қарқаралы және Баян-Ауыл округтеріндегі әдет құқығы туралы мәлімет жинады. Өзінің жазып қалдырған құнды еңбектерінде қазақ ағартушысы фольклордың көшпелі қазақ қоғамында ерекше мәнді сипатқа ие болғанын атап көрсетеді. Оның пікірінше фольклордағы шешендік өнер билер институтының, әділсот ісін жүргізудің ең тиімді, ұлт санасына ғасырлар бойы қалыптастырған ел басқарудағы тиімді рухани құрал, сот прецеденті. Шоқан Уәлиханов халық дәстүрінің, салт-санасының, оның фольклорының қоғамдық дамуда өлшеусіз рөль атқаратындығына ерекше көңілаударады. Ол өзінің жазған еңбектерінде тіпті сот жүйесіндегі фольклор қалыптастырған шешендік өнердің маңызының зор екеніне рекше тоқталады.
«Қазақтарда, – деп атап көрсетті Шоқан Уәлиханов, –құрметті би атағы халық тарапынан қандай да сайлау жолымен немесе халықты билеп отырған өкіметтіңбекітуімен емес, тек сот рәсімін терең білетін, оған қоса шешендік өнерін меңгерген қазаққа ғана берілген. Би атану үшін қазақ халық алдында әлденеше шешендік сайысқа түсіп, өзінің заң-жораны білетіндігін, шешендігін танытатынболған. Мұндай адамдардың есімі желдей есіп, әлейім жұртқа таралып, біріне емес, бәріне де танылған. Сөйтіп би атағы сот пен адвокаттық істегі патентке айналды да, бидің балалары заңнан тәлімі болғандықтан, әке орнына мұрагер болып қала береді» [14, 556].

Шоқан Уәлихановтың мойындауы бойынша би атағын тек фольклорды, оның ішінде мақал-мәтелдерді жетік білген, оның мазмұндарына жетік дәрежеде түсінік бере алатын адам ғана би бола алатынын өз сөздерімен еңбектерінде дәлелдейді. Ойшыл бұл мәселе туралы мынандай қорытынды жасайды: «Всякий порядочный би и султан помешан на пословицах и в разговоре с кайсаком старается пересыпать ими почти всякую фразу. Это рекомендует у них человека умного, дельного и совсем годного быть бием, судьею. Некоторые из поговорок по их языку остры, и кайсак, черезвычайно расположенный в пользу острот вообще, раскалывается со смеху, когда дельный человек отпустит какую-нибудь остроту, приняв на свою физиономию

серезный вид без малейшей улыбки для придания большего веса остроумию» [4, 462].

Шоқан Уәлиханов өзінің «Абылай» деп аталатын белгілі мақаласында халық арасында қалыптасқан фольклордың бірнеше аңыздарын ғылыми негізде пайдаланады. Себебі, халықтың ауыз әдебиетінде сақталып қалған мәлімет, аңыз-әңгімелер бағалы қайнар көз ретінде пайдаланылады. Ал, «Абылайда» көрсетілген фольклорлық мәліметтер кейін ханның саяси-құқықтық көзқарастарын, өмірбаяны мен қолбасшылық қызметін зерттеген ғалымдар Шоқан Уәлихановтың фольклордан алған мәліметтерін архив деректерімен растады. Мысалы: Шоқан Уәлиханов «Абылай» мақаласында былай деп жазды:

«В предании киргизов Аблай носит какой-то поэтический ореол; век Аблая у них является веком киргизского рыцарства. Его походы, подвиги его богатырей служат сюжетами эпическим рассказам... Народные песни: «Пыльный поход», сложенная во время набега, в которым был убит храбрый боготырь Баян;

«Тряси мешки» – в память зимнего похожа на волжских калмыков, во время которого киргизы голодали 7 дней, пока не взяли добычи, – разыгрываются до сих пор киргизскими музыкантами и напоминают потомкам поколения Аблая прежние славные времена.» [4, 370].

Пікірталасқа 1876 жылы әлемдік судьялар қызметін ұзақ уақыт атқарған және жүргізілген реформалардың куәгері болған ағартушы, педагог Ы. Алтынсарин (1841–1889) қатысты. Ұлы ағартушы Ыбырай Алтынсариннің шығармашылығында, саяси-құқықтық көзқарастарында фольклор мәселелері кеңінен қамтылған және олардың негізінде құнды тұжырымдар жасалынғанын анғарамыз. Ойшыл, мысалы, қазақтардың некелік құқықтық қатынастарын зерттей келе қазақ даласында кең қанат жайған аттастыру, айттыру институттарының қайнар көздерін фольклормен тікелей байланыстырып зерттеп баға береді. Отбасының қалыптасуына ықпал ететін аталмыш институттарға талдау жасап мынандай қорытынды жасайды: «Даңқты қазақтар өзінің баласына басқа бір рудан, тайпадан барып, өзіндей даңқты адамдардың қыздарын айттыруға тырысады, қазір де солай. Қазақ арасындағы аңызға қарағанда, қыз айттырудың мұндай тәртібі Есім деген ханның бұйрығы бойынша орнаған көрінеді. Қазақ қарттары мұндай тәртіпте алыстыболжағандық бар екенін, өйткені қазақ арасы тыныш болмаған кездерде оның халыққа пайда келтіргенін айтады. Шынында да, қазақтарға кейбір билердің ықпалының өте күштілігіне қарағанда (би деген атақ қазір де бар), жауласып отырған рулардың басты адамдарының бір-бірімен құда болуы жеке рулардың өзара татуласуына себеп болды деуге болады. Қазақ арасында қазір берік орын теуіп отырған әдет, атап айтқанда, өзінің сегіз атадан жақын туысқандарының қызына үйленбеу әдеті, мүмкін осы себептен енгізілген болар. Бұл арада бір айта кететін нәрсе, Мұхамбеттің заң тіпті жақын қарындастарына да үйленуге рұхсат етеді. Бұл қазақтың басқа мұсылмандардың бәрінде бар» [1, 414].

Ыбырай Алтынсарин қазақ фольклорын өзінің шығармаларында молынан пайдалануының бірнеше себептері бар. Біріншіден, фольклордағы саяси- құқықтық идеяларды билік жүргізу мен басқару ісінде тиімді пайдалану арқылы аппарат қызметкерлерін қарапайым болуға шақыру, бюрократиялық,

өркөкірек, менмендік сияқты қасиеттерді тыю, әкімдердің халыққа жақын болуын, есеп беруін жақтауы. Мұндай көрініс оның «Әдеп» деп аталатын фольклорлық шығармасынан былайша баяндалады: «Бір жұрттың бас әкімі екінші бір байға жолығысып, сөйлесіп тұрғанда, қасынан бір жарлы мұжық өтіпбара жатып иіліп, басұрып сәлем берді дейді. Оған қарсы әлгі үлкен әкім төре одан да төменірек басұрып сәлем алды.

Фольклордағы қайырымдылық, жанашырлық және қамқорлық идеялары ЫбырайАлтынсариннің саяси-құқықтық көзқарастарынан өзінің шешімін тапқан. Мысалы: қазақ ағартушысының «Әділдік» деп аталатын қысқа әңгімесінде аталмыш мәселелер қарапайым әдеби тілмен өте тамаша баяндалған. Мемлекет басшысының, лауазымды тұлғалардың әділеттілік қағида негізінде билік жүргізу идеясы әңгіменің негізгі өзегі. Фольклордың қарапайыммағынадағы саяси-құқықтық идеялары үлкен ауқымы кең, мемлекеттік маңызы бар мәселелерге ұласады. Ұлы ағартушының көрегенділігі де осында.

Қорыта айтатын болсақ ЫбырайАлтынсарин «ағартушы гуманист, адамгершілік, озық педагогтік идеяларына халық шығармаларынан терең үндестік табады. Қоғамның білімді, әдепті, еңбекқор жаңа да жақсы адамын тәрбиелеу міндеті халықтың алыс дәуіріндегі адам туралы аңсаған арманымен, адамға деген үміт-тілегімен іштей байланыстылығын аңғарады. Толық мағынасындағы жақсы адамды тәрбиелеу ісіне ағартушы оқу ағарту мүддесі тұрғысынан қараса да, негізгі мәселелерде халықтың замандар бойына сыннан өткен тағлым-тәжірибелерінен жырақ кетпейді. Мұның өзі Ы. Алтынсариннің, түптеп келгенде, халықтық арман, халықтық мұратқа қызмет ету аңсарымен орайлас нәрсе. Бұл да ағартушының ауыз әдебиетіне деген көзқарасынан айқын көрінуі заңды құбылыс» [5, 432].

Осы көзқарасты көрнекті қазақ ойшылы және ақыны Абай Құнанбаевта (1845–1904) ұстанды. Абайдың шығармашылығында фольклор кеңіненпайдаланылған. Абай өзінің жазған еңбектерінде фольклорлық материалдарды дерек, дәлел ретінде пайдалана отырып, тұжырымды және құнды пікірлер білдіреді. Ондай қасиет ойшылдың қазақ фольклорын жас кезінен бастап жетік меңгергенін айқындайды. М. Әуезов бұл мәселе туралы мынандай пікір білдіреді: «Жиырма жасында Абай халық ортасында майдай басы шешен болады. Халық жайынан бұрынғы әдетті, ғұрыпты, ескі білікті билердің қиын істуралы қылатұғын биліктерін көп білген. Өзінің зейіні артық болған соң, кәрі мақалдарды, неше түрлі қазақтың білімділері мысал үшін айтқан әңгімелерді бірін ұмытпай біліп алған» [2, 178].

аңызы бойынша, «үлкен батпақтың жағасында тұрған» түркілердің ата- бабаларын көршілес тайпаның жауынгерлері қырып-жойып, тек қол-аяғы жоқ тоғыз жасар бала ғана аман қалған. Оны қасқыр-ана құтқарып, емізіп өсіріп, кейіннен осы баланың жұбайы болған. Жаудан жасырынған қасқыр Турфанныңсолтүстігіндегі тауларға қарай (Шығыс Тянь-Шаньға) қашып, сол таулардағы үңгір ішінде босанып, он ұл табады. Қасқырдың балалары Турфаннан әйел алады, ал Ашына атты немерелерінің бірі жаңа тайпаның көсемі болып, оған өзінің атын береді. Кейіннен ашына тайпасының көсемдері өз руластарын Алтайға көшіріп, ол жердегі жергілікті тайпаларға билік етіп, түркі есімін қабылдаған. Л. Н. Гумилевтың пікірінше, ашына сөзі, монғол тілінен аударғанда – қасқыр дегенді білдіреді. Түркі тілінде қасқыр – бөрі немесе қасқыр, ал монғолша шоно/чино. Монғолдар Бөрте-Чино (Көк Бөрі) мен Алан- Гоаны (Шұбар Кермарал) өзінің ата-бабасы деп санаған. «А» – қытай тіліндегі құрметтеу префиксі, демек, ашына деген сөз игі қасқыр дегенді білдіреді. Қытай жылнамашылары «түркі ханы» және «қасқыр» анықтамаларын түркілердің өздерінің дүниетанымына негізделе келе, синонимдер деп санаған [7]. Ашына түркілердің ірі ру-тайпалық бірлестігінің басшысы болған кезінде, өз ордасының басына қасиетті жәдігер және империя жалауы – мемлекеттік биліктің жоғары символы ретінде бөрі басы бейнеленген байрақты орнатқан. Қытай жылнамаларының мәліметтері бойынша, алтын бөрі басы түркі туларында үнемі бейнеленетін болған. Ежелгі түркілердің тулары алғашында қасқырдың денесі салынған байрақ түрінде келген, кейіннен олар бөрі басы бейнеленген жалаумен ауыстырылған. Осындай мәліметтер этнографиялық және фольклорлық материалдарда да кездеседі. Ежелгі түркі заманында қоладан, күмістен және алтыннан жасалған бөрінің бастары тек тулардың ғана емес, қамшылардың, ат әбзелдерінің және басқа да билік белгілерінің бас жағына орнатылған, мұны археологиялық табынды – Жетісу аумағына табылған қасқырдың басы орнатылған қамшының сабы растайды. Қазір қамшының қоладан жасалған сабы Қазақстанның Орталық Мемлекеттік мұражай қорларында сақталуда. Ол қасқыр басының жеткілікті шамада реалистік мүсіндік бейнесі ретінде орындалған – басына сүйір құлақтары жанаса орналасқан, тұмсығы ұзын қырлы, танауы таңқы, азуынан ақсиған тістері көрінеді. Мойны ағаш сапқа бекітуге арналған тігінен бұрғыланған қос тесігі бар сопақша пішінді тығынға ауысады. VI–VII ғғ. ескерткіштерінің арасындағы оған барабар жәдігер – Қурай даласынан табылған алтай ақсүйегі Аққүннің сүйектен ойылып жасалған қамшысы. Қамшы сабының бас жағына барлық белгілері бойынша қасқырға ұқсайтын жыртқыш аңның басы орнатылған. Жануар мүсініне оның күші мен қуатын көрсететін айбарлы кескін берілген. Бұл заттар тиісті салттық мағынаға ие болған және билік атрибуттары ретінде қолданылған. Қазіргі уақытта қазақстандық тарихшылар көне дәстүрлерді қайта жандандыру мәселелеріне, халықтың жадында сақталған символдар мен эмблемаларды қалпына келтіруге ерекше көңіл бөлуде. Ғасырлар тереңінен ежелгі түркі туының, ежелгі түркі мемлекеттілігі символының қайта оралуы, біздің халықтардың еркіндік пен тәуелсіздікке әділ

ұмтылысын, Түркі қағанатының мұрагерлері тамыр алатын көне тарихпен байланысын көрсетеді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Ертедегі қазақ әдебиеті /Хрестоматия, Күлтегін. (Кіші жазу). – Аматы,1967.
2. Ғабитов М. Мәдениеттану. – Алматы, 2002.
3. Есім Ғ. Абай Хакім //Егемен Қазақстан. – 2005. 13-наурыз.
4. Путешествия в восточные страны Плано Карпини и Гильома де Рубрука. – Алматы, 1993.
5. Батрольд В.В. Двенадцать лекций по истории ьурецких народовСредней Азии // Соч., Т.5. – М., 1968.
6. Аристов Н.А. Этногенез и этническая культура казахов Т.2 // Библиотека казахской этнографии 50 томов. – Астана «Алтын кітап», 2007
7. Кляшторный С.Г., Султанов Т.И. Казахстан: Летопись трех тысячелетий. – Алма-Ата, 1992.
8. Зуев Ю.А. ранние тюрки: очерки истории и идеологии. – Алматы, 2002.

ӘӨЖ 94.574

ҚАЗАҚ ТАРИХЫ – ТҮРКІЛЕРДІҢ ДАЛАЛЫҚ ӨРКЕНИЕТІНІҢҚҰРАМДАС БӨЛІГІ

Бұйрашева Анжела Серікқызы
педагогика ғылымдарының магистрі,
аға оқытушы
Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті

Аннотация: *Соңғы 10-15 жыл төңірегінде Отан тарихына, әсіресе көне кезеңдеріне байланысты түрлі пікір қақтығыстары болып өтті. Ал осы қайшылықты көзқарастардың болуын толық табиғи құбылыс ретінде қабыл алғанымызбен, дамудың негізінде ұлт тарихының бастапқы кезеңдерінен бүгінгі күніне дейінгі аралығындағы сабақтастықтың ғылыми нұсқасын жасауда әлі де болса кемшіліктер орын алып отырғандығын мойындауымыз керек.*

Түйін сөздер: *Қарахандар, парсылар, сақтар, ғұн, моңғол, "Түрік"*

Бұл ретте ежелгі замандарда қазақ жерінде тамыр жайған сақ, үйсін, қаңлы мәдениеттері мен бүгінгі қазақ мәдениеті арасындағы немесе түркілер қағанаты (Батыс және Шығыс) Қарахандар мемлекеті мен Қазақ мемлекеттігі

арасындағы тарихи сабақтастық жаңа ғылыми методологиялық тұрғыдан қорытылғаны тиімді, сондай-ақ бұл процесс қазіргі кезеңде жүріп жатыр. Мысалы, б.з.д соңғы мың жылдықта қазақ жерінің Оңтүстік және Оңтүстік Шығыс тіптен Оңтүстік Орал мен таулы Алтайға дейінгі аралықты мекендеген сақ елінің тегі мен сөйлеген тілі жөнінде түрлі өзара қайшылықты тұжырымдары бар. Ғылыми пікір-таласқа түсушілердің бір жағы сақ елін Иран тілді мәдениетке жақындатса, екіншісі сақтарды түрік тілді халыққа бейім дейді. Сонда тарихи шындық қай жағында? Мұндай мазмұндағы пікір қайшылығының тууы, біздіңше, жоғарыда айтылғандай сақтар өмір сүрген мезгіл ерекшелігін тура түсіне алмаушылыққа да байланысты. Шындығында, б.д.д. мың жылдықтың екінші жартысындағы парсылар мен сақтардың мәдениеті қалыптасуы кезеңінде тұрған, яғни белгілі дәрежеде тіл мен салт- дәстүрдің, басқа да мәдениет салаларының балаң дәуірі болатын. Парсылар мен сақтарды өзара бөліп немесе жақындастырып тұрған ислам діні де бұл кездежоқ еді. Сондықтан да олардың тілі мен мәдениетінде сол тарихи мезгілгелайық өзара жақындық, үндістік басым еді. Жеке тұлға ретінде саналы өмір есігін енді ғана ашқан сәби өзіне қажетін қандай тез қабылдайтын болса, бұл тарихи мезгілдегі халықтарға да осы қасиет тән болды. Сондай-ақ олардыңарасында араласу процесі жүріп жатты. Парсы және түркі тілдеріне бірдей тән көптеген сөздер мен ұғымдардың басым бөлігі сөзсіз осы мерзімде өмірге келіп,кейін түрік және парсы тілдерінің төл сөздеріне айналды. Ұлы наурыздың жыл басы ретінде көрші халықтар арасында мойындалуы да осы мезгілге тән болса керек. Осы пікірді ұн, моңғол және түркі халықтарының арақатынасына байланысты да айтуға болады. Біздің дәуірімізге дейінгі мыңжылдықтың соңы және біздің дәуіріміздің алғашқы мыңжылдығына бұл халықтардың арасындада жоғарыда айтқан сақ пен парсы халықтары арасында жүрген өзара араласу және ықпалдасу процесі байқалады

Басқаша айтқанда, тарихтағы сақ, оның ізін ала келген ұн, үйсін және қаңлы кезеңдері бүгінгі қазақ және басқа Орталық Азия халықтарының, олардың мәдениеті мен тілінің бастапқы қалыптасу дәуірі болды. Яғни олардыңең кем дегенде 3 мың жылдық тарихында үзіліссіз жүріп отырған сабақтастық, ортақ өзек бар. Осы орайда көне түркі дәуірінің мәдени, әдеби ескерткіштерін сөз етуден бұрын беретін келе қазақ халқын құраған тайпалық бірлестіктерінің тұрмыс- тіршілігі, әлеуметтік өмірі жайында бірер сөз айта кеткен дұрыс. Өйткені бұл қатынастар олардың материалдық өндіргіш күштері дамуының белгілі бір сатысына сай келеді. Осы өндірістік қатынастардың жиынтығы қоғамның экономикалық құрылымы, реалдық базисі болып табылады, осыған келіп заңдық және саяси қондырма орнайды және бұған қоғамдық сананың белгілі бір формалары сай келеді. Материалдық өмірдің өндіріс әдісі жалпы өмірдегі әлеуметтік, саяси және рухани процестерді туғызады. Адамдардың санасы олардың болмысын бейленейді, қайта керісінше, олардың болмасы олардың санасын билейді. Орта Азия мен қазіргі Қазақстанның кең байтақ даласын алғашқы қауымдық құрылыс тұсында-ақ аңшылық, егіншілік және малшаруашылығымен айналысатын түрлі тайпалар мекен еткені тарихтан жақсы мәлім. Бұл өлкенің табиғаты, ауа-райы, кен байлығы ежелгі адамның

тіршілігіне қолайлы болған. Сонау қола дәуірінің өзінде түрлі тайпаларынан мал өсірушілеодің бөлініп шығуын Ф.Энгельс қоғамдық алғашқы ірі еңбек бөлінісі деп атады. Біздің заманымыздан бұрынғы 1-мың жылдықтың бас кезінде-ақ қазіргі Қазақстан жерінің оңтүстік және шығыс аймақтарын мекендеген, тарихта сақтардеген атпен белгілі тайпалар өздерінің қоғамдық даму дәрежесі жағынан мемлекеттік құрылыс сатысына таяп қалған еді. Оларды мал өсіру және егіншілікпен қатар темір қорыту біршама дамыған болатын [1, 204-228 бб.]. Сол кезде-ақ қызыл – қоңыр және магнитті темір рудасын кеңінен пайдаланған сақтар қола мен темірден түрлі қару-жарақ (найза, семсер, айбалта, садақ жебелері, дулыға т.б), үй шаруашылығына қажетті және зергерлік бұйымдар жасаған. Соңғы жылдары Есік маңынан (Алматы облысы) табылған сақ көсемінің киіміндегі алтын өрнектер, сақтардың "Алтын обасынан" (Шымкент облысы) шыққан әшекей-сәндік бұйымдар, Таңбалы тас (Қаратау) мен Саймалташ (Қырғызстан) жартастарына ойып салынған орасан үлкен суреттер сақтардың көркемдік талғамы, бейнелеу өнері, металды өңдеу тәсілі жоғары болғ,анын аңғартадыСақтарда бұғы, арқар, арыстан, самұрық құс суретін салу мен олардың бейнесін алтыннан құйып жасау стилінің өзіндік ерекшеліктері бар. Жоғарыда айтылған "Алтын обадан" табылған зергелік-әшекей бұйымдардың кейбір бөлшектері мен суреттерінің өте кіші әрі нәзік етіп жасалғаны сондай, оны тек үлкейткіш шыны арқылы ғанаайқын көруге болады.

Қазіргі Қазақстан жерінде сақтардан кейін жасаған ежелгі алғашқы тайпалық бірлестіктер – үйсіндер мен қаңылылар деуге болады. Олардың шекарасы батысында Шу мен Талас өзендері, шығысында Тянь-Шянь таулары, солтүстігінде Балқаш көлінен бастап, Ыстық көлінен бастап, Ыстықкөлдің оңтүстік жағалауына дейінгі өлкені алып жатты. Үйсіндер негізінен Іле алқабын жайлағанымен, ордасы "Қызыл алқап" қаласы Ыстықкөл маңында болдыҚаңлылар - Қаратау өңірі мен Сырдарияның орта саласын мекен етті. Ежелгі саяхатшылар Қаңлы тайпалық бірлестігін көшпелі ел әрі қалалары бар ұлкен мемлекет ретінде сипаттап жазады. Сыр өзенінің орта ағысы (Шаш, Отырар, Қаратау) аймағын мекендеген қаңлылардың мәдениеті тарихи әдебиеттерде Жетісай, Қауыншы, Отырар, ал кейін Қаратау мәдениеті деп аталады [2, 320-331 бб.]. Атақты тарихшы С.П.Толстов кезінде археологиялық және жазба деректерге сүйене отырып, бұл өңірдің материалдық және рухани мәдениеті сол кез үшін өте жоғары болғанын ерекше атап көрсетті [3].

Қазіргі Қазақстан территориясында әуелгі топтық қоғамдардың қалыптасуына европалықтарға "ғұндар" деген атпен мәлім көшпелі тайпалар бірлестігінің ықпалы да күшті болды. Біздің заманымыздың бірінші ғасырында ғұндар Арал теңізі мен Каспий маңына шығып, ондағы аландар мен асаларды батысқа қарай ығыстырып жіберді. Кейінірек олар Шығыс және Орталық Европаға басып кірді. Сөйтіп, "халықтардың ұлы қоныс аударуы" Қазақстанның, Орта және Алдыңғы Азияның, сондай-ақ Европаның этникалық және саяси картасын едәуір дәрежеде өзгертті. Қазақстан территориясында жергілікті тұрғындардың антропологиялық типіне монғол типтес элементтердің жайылуының алғашқы күшті толқындарының бірі және өлкенің бүкіл

территориясында түркі тілдерінің кеңінен таралуы ғұндардың қысымымен болған шығыс тайпаларының миграциясымен байланысты болса керек

Орта Азия мен Қазақстан территориясында бірте-бірте патриархалды – феодалдық қатынастар қалыптасып, ежелгі феодалдық мемлекеттер құрыла бастады. Орталық Азиядағы көптеген тайпалық одақтардан бірігіп пайда болғаносындай ежелгі феодалдық мемлекеттердің бірі. Түрік қағандығы (552-745 жылдар) еді. Бұл қағандыққа енген тайпалар алғашында Алтай мен Жетісудың бір бөлігін мекендеді. “Түрік” деген термин тұңғыш рет 542 жылы аталады. “Түрік” этнонимі алғашқы кезде белгілі бір адамның ата-тегі шонжар топтағы немесе әскери ақсүйектерден шыққанын білдірген. Кейінірек бұл сөздің семантикасы бірте-бірте ұлғайып, билік жүргізуші, үстемдік етуші, яғни “патша” шыққан тайпаның символы болған. Бертін келе сол билік етуші тайпаға бағынышты болып қалған тайпаларды да көршілері түріктер деп атап кеткен Түрік қағандығының әлеуметтік, саяси және қоғамдық өмірінде әскери істер аса маңызды орын алып, үлкен роль ойнағаны тарихтан жақсы мәлім. Түріктердің алғашқы көсемдерінің бірі Бумын қаған болды. Оның билік жүргізген кезінде көптеген көрші елдер түрік өкіметіне бағынды. Қағандықтың ордасы Орхон өзенінің (Монғолия) жоғарғы сағасында болды. Бумынның інісі қаған YI ғасырдың орта кезінде Орта Азиядағы эфталиттер мемлекетін күйрете жеңді. Түрік қағанатының территориясы бұрынғыдан да ұлғайып, әскери қуаты арта түсті. Бірақ бұл ұзаққа созылған жоқ. Түрік аристократиясы жаулап алған өлкелерді әрқайсысы жеке-жеке бөліп алып, дербес басқаруға тырысты. Осыдансаяси дағдарыс туып, билікке таласқан өзара қырқыс соғыстар басталды. Ақыры Түрік қағандығы бір-бірімен жауласқан екі қағандыққа бөлініп кетті: Бірі-Шығыс түрік қағандығы (Орталық Азия), ал екіншісі – Батыс түрік қағандығы (Орта Азия, Жетісу, Шығыс Түркістан, Батыс түрік қағандығы яки қағанаты – Түрік қағандығының негізінде 603 жылы құрылған ертедегі феодалдық мемлекет. Бұл қағанаттың территориясы Жетісу мен Шығыс Түркістанды, Тянь-Шаньның батыс беткейі мен Орта Азияны алып жатты. Қағанаттың орталығы Шу өзені алқабындағы Суяб қаласы еді. Қағанаттың бірінші басшысы – қаған, жоғарғы әміршісі әрі әскер басы болды. Батыс түрік қағанатының негізін қалаған Бумын қағанның інісі Істемі–қаған болды. Түріктер 558 жылы аварларды Батысқа ығыстырып, Еділ мен Жайық бойын өзіне қаратып алды. Білге қаған мен оның інісі Күлтегін осы ұлан-ғайыр қағанаттың тәуелсіздігін тан империясынан қорғау үшін күрескен. Кезінде Батыс түрік қағандығын құраған түрлі тайпалар кейіннен қазақ халқының құрамына еніп кеткені мәлімБатыс түрік қағандығынан кейін Жетісу өңірінде құрылған феодалдық мемлекет – Түркеш қағанаты (704-766 ж.ж.) болды. Ал бұдан кейін Қарлұқ қағанаты (766-940 ж.ж.) өмірге келді. Ол Жетісу мен Қашғардан бастап, Ферғана мен Сырдың орта ағысына дейінгі өңірге билік жүргізді. Сырдарияның орта және төменгі ағысында және соған жақын жатқан батыс Қазақстан жерінде түркі халықтарының арғы аталарының бірі – оғыз тайпалары бірлестігі – Оғыз мемлекеті (IX-XI ғасыр) болды. Оғыз мемлекетінің астанасы Сыр бойындағы Янгикент қаласы еді. Бұлар негізінен көшелі тайпалар саналған, сондай-ақ отырықшы оғыздар да болды .

Олар Сыр өзені алқабындағы Сүткент, Сығанақ, Қарнақ сияқты қалаларды мекен етті. Кейінірек қыпшақтардың қысымына шыдай алмаған ғыздардың көпшілігі Шығыс Европа мен Кіші Азияға ығысып көпшілігі Шығыс Европа мен Кіші Азияға ығысып кетті. Түрік мұсылмандарының алғашқы феодалдық мемлекеті – Қарахан мемлекеті (940-1212 ж.ж.) болды. Қарахан әулеті батысында Амударияның төменгі ағысынан бастап, шығысында Жетісу мен Қашқарға дейінгі өлкеде екі ғасыр бойы билік жүргізді. Астанасы – Баласағұн қаласы. Ұлан ғайыр аймақты алып жатқан Қарахан мемлекетінде экономикалық, әлеуметтік және мәдени жағынан едәуір өрлеу болды Батыс Түрік қағанаты ыдырай бастаған кезде олардан қимақтар мен қыпшақтар оқшауланып бөлініп шықты. Қыпшақтар – ерте кезден-ақ Орталық Азиянымекен еткен көне тайпалардың бірі екені мәлімҚыпшақ қоғамы – ертедегі феодалдық мемлекет бірлестігі ретінде өмірге келген. Олар Ертіс өзенінен бастап сонау Дунайға дейінгі ұлан-ғайыр кең алқапты мекен етті. Қазіргі қазақтардың арғы аталарының бірі саналатын қыпшақтарды Европада- қумандар, ал Ресейде - половецтер деп атаған. Сонымен YI-YII ғасырларда көшпелі және жартылай көшпелі өмір сүрген қаңылылар, қарлұқтар, шігілдер, тухшлер, яғмалар, оғыздар, қимақтар, қыпшақтар, т.б. тайпалар бертін келетүркі тілдес халықтардың этникалық құрамына негіз болып қаланды

Зерттуші М.Қозыбаев: «Сонымен түркі әлемінің, оның ішінде Қазақ елінің әлемдік тарихтағы орны қандай? Ол оған не қосты, қандай өрнек салды? Тағылық-варварлық-өркениет (дикость, варварство, цивилизация) сияқты сатылардан өте алды ма? Әлде А.Тойнби айтқандай, тұрпайы (примитивтік) қалпында қалды ма?», - деген мәселені баса көтерді [3, 19 б.]. Шығыс халықтарының өркениетін батыл айтып жүрген ғалымдар баршылық. Мысалы, орыстың атақты археологы Л.П.Окладниковтың еңбектерінде Түркі халықтарының Батыс Сібір цивилизациясын атайды [4].

«Древняя тюркская Сибирь - деп жазады академик Л.П.Окладников, - оказаласьтеснее связанной с западом, чем с востоком. Её культура много богачеи ярче, чем можно было полагать ранее. У берегов Байкала, на Ангаре, Лене сходились и расходились пути древних культур Востока и Запада, существовали мощные по тем временам самобытные культурные очаги, без которых история Евразии не может быть полностью понятой. Как мы видим по находкам от крепостей тюрков в Прибайкалье ведет их путь на Дон и на Дунай» [5, 19 б]. Л.Н.Гумилев «Көшпенділер мәдениеті өзінің 3000 жылдық ғұмырында Жерорта теңізі мен Қиыр Шығыс елдеріне қарағанда творчестволық эволюцияны бастан өткерді» [6,112 б.] деп санайды. Евразия сахарасындағы бұл көшпенділер өркениетін б.з.д. XI ғасырдан бастап, б.з. XVIII ғасырына дейін жеткізеді. Л.Н.Гумилев дүниенің төрт жағын бірдей жайлаған жер кіндігі Орта Азия, одан қалды Византия, Персияны, Үндімен, Қытаймен қосатын, шын мәнінде Шығыс пен Батыс тоғысатын түркі әлеміне тәнті болды. Ол әлемнің Еуропа мен Шығыстың өмір салтымен бәсеке болуға мүмкіндігі бар-ды. Барша мемлекетті «Ел» деп атаған, баспалдақты-бағыныштыжүйе жасаған, шен-шекпенді билеуші топқа орынды кигізген, әскери тәртіппен,дипломатия арқылы Түрік Еліне баршаны игізген, өмірге деген көзқарас

арқылы өмір салтын әлемге білгізген Ұлы империя Гумилевтің пассионарлық теориясына негіз бола алды. Бұл көзқарасты А.Сейдімбек те қолдайды [7, 45 б.].

Соңғы жылдары тарихнамада «Көшпенділер өркениеті» деген ұғымды Ә.Марғұлан, К.Акишев, К.Байпақов сияқты археолог ғалымдар көбірек пайдаланады. «Көшпенділер қоғамы» деген терминді С.Толыбеков, Д.Кішібеков сияқты ғалымдар ғылыми айналымға қосты. Сонымен бірге соңғы кезде қазақ сахарасында Дала өркениеті болды»- деген пікір көбірек айтылуда [7, 95 б.]. А.Тойнби өркениетті табиғи ортамен байланыстырып, Қытай, Үнді өркениетін континентальды деп атағаны белгілі [8, 58б.]. Егер біз Еуразия сахарасындағы өркениетті осы тұрғыдан қарасақ, ол баяғы Ұлы Қыпшақ даласы

– Дала өркениеті, «И как бы не называли эту культуру – половецкая, печенежская, булгарская или иная, -корень её был один, потому что степи на одном языке – на тюркском. Жили под одним культурным традициям – по тюркским. Исповедовали одни духовные ценности – тюркские» [8, 84 б.] - деп әділ көрсетеді Мұрад Аджи. Жалпы, «Дала» деген ұғымды тек бір шөл деп ұғуға болмайды. Дешті Қыпшақ жерін басып не сан өзендер өтеді. Бір шеті Енесай, Онон мен Керулен, Ертіс, Тобыл, екінші шеті Жайық, Кәрі Каспий, Арал, Еділ Ұлы сахараның сәні мен әні еді ғой. Бүгінгі қазақ елінде 45000 өзен, 85000 көл атының болуы ойландырса екен. Ал Алтай, Ұлытау, Қаратау, Мұғаджар, Алатау, Орал таулары жер бедерін безендіріп тұрған жоқ па? Ендеше Алтайдан Дунайға дейінгі Дешті Қыпшақ сахарасы әрі далалы, әрі таулы, әрі өзен-сулы, нулы өркениет емес пе? Осы ұлан-ғайыр далада өркениет орнауға себеп болған факторлар қандай? М. Қозыбаев бұл факторларды төмендегідей санамалап береді: Бірінші, Алтайдан Донға дейін созылған Ұлы Дала екі құрлықтың басын қосты. Ол Еуропа мен Азияның қақпасы, тоқсан жолдың торабы еді. Екінші, біздің жылсанауымыздан мың жылға жуық бұрын Алтайдан Донға дейін Еуразия сахарасында пайда болып, эволюциялық даму сатыларынан өтіп, бірегейлік, біртұтастық қадір-қасиеттерін сақтаған өркениет

– Дала өркениеті 7000 км аралықта өрбіді. Бұл географиялық аймақта этномәдени тұтастық қалыптасты, славян, финноугор, үндіарийлік, түркі тетес тайпалар өзара әлеуметтік-экономикалық процестер барысында өзара байланысты. Осы тектер тоғысында түркі тегі, оның бірегейлігі жеңіп шықты. Біздің жыл санауымыздан бұрынғы IV мыңыншы жылдың аяқ шегіндеадамдары ең жүйрік аңы - жылқыны үйретті. Салт атты көшпелілер пайда болды. Украинадағы Дерьевка елді мекені, Ресейдегі Воловад қонысы, Қазақстандағы (Көкшетаудағы) Ботай қонысындағы археологиялық қазбалар, т.б. осының дәлелі. Үшінші, сайын дала Әму мен Сыр бойы арқылы Қытай- парсы, Үнді, Араб өркениеттерімен тоғысты. Төртінші, Ұлы Далада барлық әлемдік діндер тоғысты. Шаманизм, тәңірге табыну, зердеш, пұтқа табыну,христиан, манихейлік, ислам – пенделердің рухани өміріне тірек болуға әрекет етті. Бесінші, қыр баласы табиғи ортамен толық гармонияда болды. Дала перзенті еш бір шектеу дегенді білмеді. Оған творчестволық эволюция тән еді. Алтыншы, Дала арқылы өтетін «Ұлы Жібек жолы» сауда ғана емес, мәдениет тоғысу жолы еді. Бір ғана Сырдарияның орта және аяқ шегінде 300-ге жуық

қалалар мен елді мекендер болды. Жетінші, аң стильді өнер дамыды. Сегізінші, сайын даладағы көшіп-қону, экологияны сақтау, ұрпақ тәрбиелеу,демографиялық процесті жолға қою, сал-серілік дәстүр сияқты Дала этикасын, менталитетін орнатты [1,19-21бб.]. Сонымен бірге Еуразия сахарасында мемлекеттік жүйенің небір түрлері шыңдалды. Ол түркі әлемі.

Түркі әлемінің алтын бесігі – Түркі елі (Бірінші, Түркі қағанаты 551-630; екінші, Түркі қағанаты 681-744 жж.) Еуразия сахарасындағы тұңғыш империя еді. Ол сонау Маньчжуриядан Азов теңкізіне дейінгі жерді алып жатқан. Мұндай шексіз сахарада империяны кейін Моңғолдар, XVIII-XIX ғғ. Ресей ғанаорната алды. Сол дәуірде түркі жазуы пайда болды. Біздің бабаларымыз тасқа қашап, болмыстарын хаттап кетті. Біздің жыл санауымызбен 545 жылы Бумын қағанның ордасына Қытай елшісі келді. Сол кезден бастап, түркі елі халықаралық статусқа ие болды. Түрік қағанаты кейінгі Түргеш, Ұйғыр, Қарахан, Қырғыз, Хазар қағанаттарына, Қарлұқ, Оғыз, Қимақ, Қыпшақ мемлекеттеріне, Алтын Орда Жошы ұлысына, Қазақ хандықтарына жол салды.

Дала өркениеті әлемдік дамуға қандай үлес қоса алды?

Бірінші, Тәңірлік дүниетанымды берді, Зердеш (Зороастр дінін таратты, Екінші, металл қорытудың көне ордасы болды,

Үшінші, төл жазуын тапты,

Төртінші, жыл мезгілін маусымға бөліп, осы күнгі календарьлық дүниетанымды қалыптастырды,

Бесінші, әскери құрылымның далалық типін жасады, әскери өнердің ғажайып үлгілерін көрсетті,

Алтыншы, сымбат-архитектуралық өнердің өзіндік үлгісін жасады, Айша бибі, Алашақан, Сырлытам, Қарахан, Жошыхан, Аяққамар, Жұбанана, Болғанана, Ботағай мавзолейлері т.б,

Жетінші, дала гомерлері бай ауыз әдебиетін жасады. Әуез (музыка өнері) шарықтады. Тек қана Қазақ хандығы тұсында 5000-дай күй (аспапты музыка) дүниеге келіпті [4, 62б.].

Сегізінші, мемлекет басқарудың дала демократиясына сүйенген жүйесін жасады.

Тоғызыншы, шаруашылықтың негізі мал шаруашылығы бола тұра, адам баласы ойлап тапқан басқа түрлерін Дала перзенті қосалқы шаруашылық етті. Дала мен қала менталитетін будандастырды.

Міне, осылай, Қытай, Иран, Византиялық өркениеттермен тоғысқан түркілер жаңа мемлекет типін қалыптастырды. Егер, бірінші түркі қағанатында соғды тілі үстем етсе, екінші түркі қағанатында руналық жазу тарады. VII-VIII ғғ. Моңғолия мен Алтайда, Хакасия мен Тувада, Шығыс Түркістан мен Жетісуда Көне түрік алфавитімен жазылған 200-ден астам тас ескерткіштер қалды. Ал біздің ғасыр санауымыздан бұрын V ғасырда өмір сүрген Есік жазуындағы 17 әріптің 13-і көне түркі руникалық алфавит екенін айтсақ [5] түркілердің жазу өнері тым ерте екендігін танытады.

VI ғасырда түркілердің әдеби тілі қалыптасты, көрші Шығыс мәдениеті игеріле бастады. Кеңес шығыстанушылары ортағасырда жеті тұрақты тарихи- мәдени орталықтар Еуропалық, Араб-исламдық, Орта Шығыстық, Оңтүстік

Азиялық, Орталық Азиялық, Қиыр Шығыстық, Оңтүстік Шығыс Азиялық орталықтары қалыптасты – деп есептейді.

Қорыта айтсақ, Үйсін мемлекеті пайда болып, өркендеп, шығанға шыға бастаған кезде көне түркі өркениеті – Дала өркениеті бой көтерді. Түркі қағанаты – империя құрып, түркі нәсілі бір тудың астына жиналған сәтте өркениет өзін әлемге танытты. Сонымен Алтайдан Донға, кейде Дунайға серпілген бұл өркениет – 2000-2500 жылдың тарихы бар өркениет. Ендешеқазақ тарихы әлемдік тарихытың құрамды бөлігі, оның әлемдік дамуға қосқан үлесі, ол – адамзат баласының мақтанышы, болашақ даму, шарықтау басқышы біз тәуелсіз елдің перзенті Отан тарихын мақтан ете аламыз, ұлттық санамызға одан нәр ала аламыз. Сондықтан, оны зерттеу, білу біздің міндетті борышымыз.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Шалекенов У.Х. Түріктердің отырықшы өркениеті. – Алматы, 2002.
2. Оразбаева А.И. Цивилизация кочевников евразийских степей. – Алматы,2005.
3. Взаимодействие кочевых оседлых культур на Великом Шелковом пути. –Алматы, 1991
4. Қазақ ССР тарихы: көне замандардан бүгінге дейін. – Бес томдық. –Алматы, 1980.
5. Толстов С.П. По древним дельтам Окса и Яксарта. – М., 1962.
6. Окладников А.П. Открытие Сибирии. – М.,1981.
7. Гумилев Л.Н. Этногенез и биосфера земли. – Т.2. – Л., 1979.
8. Сейдімбеков А. Қазақ әлем – эномәдени пайымдау. – Алматы, 1997.

ӘӨЖ 008.316

ҚАЗАҚ-ТҮРКІЛЕРДІҢ МАТЕРИАЛДЫҚ МӘДЕНИЕТІНІҢ САБАҚТАСТЫҒЫ

Климова Лилия Адильбековна

заң ғылымдарының магистрі,

аға оқытушы

Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті

Аннотация: *Археологиялық мәдениет бір уақытта, белгілі бір территорияда пайда болған материалдық ескерткіштердің бірлігін, бір дейлігін білдіреді. Бірақ осынау ескерткіштердің иегерлерінің этнографиялық, әлеуметтік, психологиялық тұрпатын археологиялық емес фактілер жәрдемінде құрастыруға болады.*

Ғылымда үндіевропалық немесе үндіирандық мәдениет деп қате қабылданған далалық мәдениет Тұранда пайда болып, оны мыңдаған жылдар

бедерінде далалықтар-прототүріктер ғана жаратқан. Ол Евразияның барлықрегиондарына тарады.

Түйін сөздер: *мәдени-өркениет, түркілер, түркі-қазақ.*

Қазақстан өзінің тәуелсіздігін алған күннен бастап рухани бастауларының көзін ашып, өркениетті әлемнің озық ойларынан нәр жинап, бүгінгі күн талабына сай рухани жаңғыруды мақсат етіп отыр. Бүгінгі күннің талабына сай болу үшін мәдени-өркениеттің бәсәкелестік "сахнасында" өздігіңді және өзіңдегіңді жоғалтып алмай өзге мәдениеттер даярлаған мол мұраны, сондай-ақ түркі халықтарының бәріне ортақ болған құндылықтарды жатсынбай пайдаланабілген жөн. Жаңару, жаңғырту халықтың сан ғасырлар бойы жинақтаған тарихи мұрасы мен тәжірбиесін мансұқтау емес, оларды заман талабына сай өзгерте отырып, кәдеге жарату деген сөз. Модернизация басқа топырақта өнгеннің бәрін өзіңнің жеріңе жай ғана, механикалық түрде көшіре салу емес және оған ұлттық мәдениеттің өміршең жақтарын сақтай отырып, өзгенің өрнек өркениетінен де нәр алып, ілгерлей даму жатады. Осы орайда біз кімбіз? Тамырлана өскен шоқ ағаштай секілді болған түркілер өркениетінің ерекшеліктері қандай? Түркі бастауымыз қалайша және қай жерлерде тамыр жайған? Қайда, қалай және қандай құндылықтарды малданып бара жатырмыз деген қаумалаған сұрақтарға жауап беруге тура келеді. Осы дәуірлердегі тарих пен мәдениет қалайша қамтылып қарастырылса түріктердің кейінгі кезеңдерінің өркениеті де сол із бен арнада қамтылатын болады. Түріктердің ежелгі тарихын біз этникалық топтарға бөліп-бөліп қарастыруды мақсат етіп қоймаймыз. Себебі, регионалдық айырмашылықтар мен ерекшеліктерді қуалап кету жағдайдың шын мәнінің бұрмаланып көрсетілуіне жол ашып, түріктердің арғы ата-бабаларының ойкумендік, мәдени және т.б. біртұтастығын көзден тасада қалдырады да, бұл мәселеге шынайы көзқарастың қалыптасуына сызат түсіреді. Басқаша айтқанда, мұндай ыңғай біздің жалпы түркілік және түркологиялық принциптеріміз бен бағыттырымызға кереғар. Деректерден, еңбектерден, аңыз- әпсаналардан, дастандардан түріктердің арғы түп-тұқияны мекендеген региондардан біртекті мәдени-шаруашылық типті, өзара әсерлесуді, ұқсастықты, жақындықты, сондай-ақ жалғастықты, тамырластықты, сабақтастықты іздестіру жұмысымыздың басты бағыты болмақ. Материалдық мәдениеттің руханилықпен түйісетін тұсынан түріктік феномен басталады. Руханилық орын алған жерден этностық ерекшелік басталмақ. Ол тіл, діни сенім-нанымдар, этникалық территория, дәстүрлер, әдет-ғұрыптар мен этникалық психологияны қамтиды. Осындай жағдайда этноним мен этникалық өзіндік сана пайда болады. Ол сана түркі-қазақ өркениетінің тарихи гені ретіндекөрініс беріп отыр.

Түркі дәуіріндегі материалдық мәдениет ескерткіштері мен бүгінгі қазақ халқның материалдық мәдениетің арасындағы саьбақтастық арада қанша уақыт өтсе де айқын көрініс беріп отыр. Түркілер өздерімен бірге жерлеу ескерткіштерінің жаңа түрлерін, тастан жасалаған антропоморфты балбалдар тізбекті мүсіндерін ала келді. Олардың ықпалымен жерлеу ғұрпы өзгерді,

молалардың көпшілігінде адамның сүйектері жауға мінетін аттарымен бірге жерленді. Материалдық мәдениет байыды. Темір үзенгілер, жебелердің темір ұштарын және қанжарлардың, қылыштардың жаңа түрлері пайда болды. Мүсінді металл қаптамалар жиынтығымен сәнделген жауыгерлік белдіктер пайда болды.

Түркілер дәуіріндегі ескерткіштер қорымдар, жеклеген қабірлер, кездейсоқ табылған заттар, сондай-ақ тастан жасалаған тұлғалаар түрінде кездеседі. Жетісудағы, Шығыс қазақстандағы және Алтайдағы түрік заманыдағы обалар өздерінің құрылысы жағынан бір-бірімен өте ұқсас.Түркі дәуіріндегі обалардaнер адамдардың қасынан қару жарақ, ат тұрмен, әйелдердің қабірлерінен әшекей бұйымдар, тұрмыстық заттар көптеп табылады. Қабірлерден сонымен қатар, жылқы қаңқалары, қой сүйектері, балшық ыдыстардың сыныңтары да көптеп кездеседі. Қазылған қабірлерден алынған заттар, ең алдымен сол замандағы ер тұрмандардың, әшекейлердің сипаты туралы түсінік береді. Шығыс Қазақстандағы қабірлерден қынабымен бірге екі жүзді семсер табылған. Оның сабы жүрек тәрізді, және тік бұрышты кішкене қаптамалар мен сәнделген. Тағыбір қабірден ұзындығы сексен сантиметр және жалпақтығы отыз сантиметрқылыш табылған. Бұл кезеңдегі қорымдардан жебенің ұштары жиі кездеседі. Олардың біразы ағаштан жасалған. Қорамсақтардың ішкі жағы тегіс, сырты кедір бұдырлы болып келеді. Олардың төменгі жағы қусырылыңқы, ішкі жағы матамен қапталған [1, 197-198бб.]. Жебелердің ұштары жоғары қаратып салынған, олардың ұштарының бітімі әртүрлі, шығыңқы, төрт қырлы, ұңғыл, ағаш қалақты болып келеді. Түп жағы жапырақ пішінді жалпақтары да бар. Жебенің ұш жағының ұзындығы қырық сантиметр.

Садақтар құрастырмалы, күрделі болған, екі шеті мен ортасы сүйекпен қапталаған біреуінде қаптырманың астында ағаш сынамен бектілген екі ағаш жақтауы сақталаған. Темір ауыздықтардың екі түрі тікше келген айшыққа кигізілген бір шығыршықты түрі және әрбір буынында сегіздік тәрізді шығыршықтары бар түрі кездеседі. Үзенгінің екі түрі доғашықтың иілуінен жасалаған сегздік тәрізді түйықталаған, табақшасында тесігі бар түрі және тік бұрышты, табан тірері жалпақ түрі пайда болды. Т.рік шебердері аттың ер тұрманын сәндейтін айыбастарын тоғаларды ерекше әсем жасайтын болғын. Айылбастар әдетте қола мен темірден, қаптырмалар мен тоғалар қоладан, күмістен және алтыннан жасалып, өсімдік тектес және зоомфорлық өрнектермен әшкейленетін болған [2,77б.]. Құрама белбеулердегі бастырмалардың кқпшілігі жүрек тәрізді және сопақша етіліп жасалаған. Оларждың бірінде жобарысты найзамен түйреп жатқан салт атты бейнеленген. Табылған заттардың ішінде шеңберлі тоғалар мен сүйектен жасалаған салпншақтар бар. Қызылқайнардан табылған алқа конус тәрізді болып келеді және ұшында сілеусіннің басы бейнедленген

Ертіс алқабындағы обадан табылған құрама белбеудің қола тоғасы және сегіз қырлы он төрт қола бастырмасы, аспалы белдіктің осындай жетібастырмасы, қайстың ұшын қаптаған осындай төрт қаптама және тік бұрышты сауыты болған. Қаптаманың бірінде қасиетті ағаштың «тіршілік ағашының» түбінде тұрған екі тау теке берленіп бейнелеген.

Әшекейлер негізінен әйелдер жерленген молалардан табылған. Бұлар тұйықталмаған шығыршық түріндегі сырғалар, күміс жүзіктер, салпыншаұтар, опалдан, шыныдан жасалған және ұнтақтан қатырған моншақтар тізілген алқалар болып келеді

Кейбір қабірлерде киім кешектің қадықтары сақталған. Мәселен, Бобровское қортымындағы қабірден көкірекшесі былғары, етегі қысқа шекпен мен ұзын жібек желбегейдің қалдықтары табылғанЖазба деректер мен археологиялық материалдар түркі киімінің қандай болғанын тапшылауғамүмкіндік береді. Ол жүн және жібек матадан, сырт киім теріден тігілген. Көйлек шекпен тәрізді болған, сол жақ өңірін қаусыра тігілген. Шекпен денемен дене болып тұратын болған, белінен белдікпен буылған. Белдікке қынапқа сұғылған кісе ілінген. Шалбардың балағы былғары етіктің қонышына сұғылған. Етік өкшесі жұқа және тұмсығы қайқы етіп тігілетін болған

Қабірлерде балшық ыдыстар көп кездеседі. Олардың бірнеше түрлері табылған. Олар: бүйірі шығыңқы домалақ және ұзын мойынды, бүйірі сәл шығыңқы және ұзын мойынды болып келеді. Құмыралар үш бұрышты, қисық және робылар салып әшекейленген. Құмыра тәрізді ыдыстар отқа күйдірілген қыш қосылған балшықтан жасалаған. Көзе бітімді ыдыстар ірі құм араластырылған босаң иленген балшықтан жасалып, тамақ дайындауға арналаған

Қазақстанда тастан жасалған тұлғалар кең тараған аймақ болып табылды [2,66б.]. Көрнекілігімен көркемдік деңгейі жағынан олар әсте бір текті емесе. Кейде таста тек бас пен бет қана бейнеленген, бірақ олардың ішінен мәселен, үш мүйізді тәж киген белгілі бейне секілді нағыз өнер шығармалары кездеседі. Бұл тас мүсіндер тас қашаушылардың шеберханаларында жасалған

Мүсін жасау үшін ұзындығы жарты метрден аспайтын ұзынша тастар таңдап алынған. Олар тастың жалпақ бетін аса батырмай немесе бедерлеу арқылы бейненің тұрқын жасаған. Тұлғалық мүсіндер сирек кездеседі

Көбінесе бет пішіні моңғол тектес мұртты, сақалды ер адамдар жиі бейнеленген. әйелдердің бейнелері сирек кездеседі. Алайда бейнеленген адамның дене бітімі ер немесе әйел адам екені әр кезде ажыратыла бермейді. Мүсіндер көбінесе нашар сақталған, кейбіреулері оу бастан тек бұлыңғыр күйінде жасалған

Бірақ мұны жалғыз археология мен антропология ғана анықтай алады деуге болмас. Археологтар еңбектерінің көпшілігі заттық деректер мен фактілерді тауып, көрсетуге ғана арналған сияқты. Рас, оларда байырғы тұрғындардың шаруашылығы мен құрал-жабдықтары жақсы-ақ сипатталған.Ал олардың рухани мәдениеті мен этникалық топтарының қатынасы, өркениеті мен діни сенімдеріне (әлеуметтік қатынастарына жерлеу ғұрыптары және т.б. жәдігерліктер бойынша анықтама берілген) жеткілікті мән берілмеген. Археологиялық деректерде тарихи тұлғалар мен тарихи оқиғалар көмескі көрінісін тауып жатады. Бұл жерде этнография, тарих, философия, мәдениеттану, дінтану, фольклордан хабары бар, олардың мағлұматтарын ұштастыра білген, интуициясы өткір, ойлау қабілеті мығым, түрікшілдік жағынан жүрегінде оты бар, түркілік болмыс пен мұраларды жан-тәнімен

сезінетін және қастерлейтін мамандар болса мәселенің басын ашуға біраз септесер еді. Бұл ретте қазақ тарихы мен мәдениетін зерттеу методологиясына қатысты ойын этногроф ғалым Ж. Артықбаев былай тұжырымдайды: «Евразия даласы көшпенділердің мәдени жетістіктерін толығымен бойына сіңірген қазақ қоғамы өзінің ішкі құрылымы жағынан да, сыртқы құрылымы жағынан да, мән-мағынасы жағынан да ерекше құбылыс болып табылады. Көшпелі қоғамның өмір сүру негізінде қабылданбайтын, өзгелермен салыстыруға келмейтін өзіндік ерекшелігі бар. Мұнда Батыстың да, Шығыстың да мәдени өлшемінесай келмейтін ерекше мәдениет қалыптасқан. Осы ерекшелікті сезіну – методологиялық парадигманы өзгертуге негіз болуы тиіс. Бәрінен бұрын тарихи таным өзегіне материалдық көрсеткіштер емес, рухани құндылықтар: қоғамдық сана, әлеуметтік-мәдени құндылықтар сияқты факторлар қойылуы тиіс» [3]. Біздің қатты ұстанған қағидамыз халық тарихы мен өркениет тарихының қиюласу тұрғысы. Өйткені, шынайы тарихты және өркениетті біз Ресейдің әйгілі тарихшысы А.М. Карамзин айтқандай: «Тарих – халықтардың қасиетті кітабы, олардың тұрмыс-салты мен тіршілігінің айнасы, жан дүниесі мен әдеп-ғұрпының көне естелігі, ата-бабаларының қалдырған өсиеті», – деп түсінгенде ғана дұрыс бағалай аламыз. Адамзат өзінің өсу жолында көптеген шығармашылық іс-әрекеттер кезеңдерін басынан өткеріп, құндылықтарын жаратып отырған. Бұлар, әрине өркениеттік жасампаздықтың нәтижелері. Бірақ қоғамның кемеліне енген шағында жаратқан құндылықтары өркениет дамуының деңгейін көрсетсе керек. Сондықтан да көптеген зерттеушілер түркі өркениетінің генезисін Түрік қағанатының құрылуы мен руникалық жазудың пайда болуымен байланыстырады. Олардың жалпы түркі тарихы мен өркениетінің өрлеуіндегі осы ауқымды да маңызды ролын терістеуге болмас, әлбетте. Әйтсе де, Ю.Худяковтың тауып айтқанындай, көнетүркілік этнос пен мәдениеттің өмір сүруінің аяқталуы және көнетүркілік мұраның өзге көшпелі этностардың мәдениеттерінде сақталып қалынуы ерте және дамыған орта ғасырларға тура келеді. Бірақ бұл кезеңдерге дейін-ақ түркілік этностар өмір сүрген және олардың өркениеті мен этникалық тұтастығының бастаулары болған ғой. Тарих барысында құндылықтардың сақталып қалынбауы немесе өшіп кетуі белгілі бір халықтың көне мәдениеті өмірде болмаған деген тұжырым жасауға негіз бола алмайды. Біз Түркілік тұтастықты осы ізден барып қарастыруға ден қоямыз. Әлбетте, бұған оң көзбен немесе күдіктене қарайтын авторлар да жоқ емес. Э.Тайлордыңөркениетке берген анықтамасы бойынша, оны жекеленген адам мен бүтін бір басты қоғамды жоғары бір деңгейде ұйымдастыру арқылы олардың ізгіліктілігі мен қуатын күшейтуге, бақытты өмір сүруіне жәрдемдесу мақсатында, жалпы адамзат тегін жетілдіруге қаратылған іс-әрекет деп білу керек [7]. Бұл ретте түркі өркениеті туралы деректерді сөйлетер болсақ, ең басты назар аударар жәйт, олар – алғашқы бастаулар. Бұл жөнінде Джеймс Джордж Фрезер былай деп жазады: “В конечном счете мы не так уж отличиемся от этих первобытных людей, и многим из того истинного и полезного, что так бережно сохраняем, мы обязаны нашим грубым предкам, накопившим и передавшим нам по наследству фундаментальные представления, которые мы склонны

рассматривать как нечто самобытное и интуитивно данное. Мы как бы являемся наследниками состояния, которое переходило из рук в руки столько раз, что изгладилась память о тех, кто заложил его основание, поэтому нынешние обладатели читают его своим изначальным и неотъемлемым достоянием. Более глубокое исследование должно убедить нас в том, что большей частью этого состояния мы обязаны своим предшественникам" [4]. Шынында да мыңдаған жылдық тарих қойнауынан тамыр тартып біздерге дейін жеткен алғашқы нанымдар, жоралар, рәсімдер мен ою-өрнектер кейінгі дүниежүзілік діндердің негізі болып қаланғандығын біріміз біліп, біріміз білмеспіз.

Жалпы алғанда, адамзат тарихында тамақ табу, табиғаттың стихияларынан қорғануға қажетті киім-кешек пен баспанаға ие болу үшін басталып, жалғасқан талпыныс бүгінгі күнге дейін толастаған емес. Қай заманда және қай қауымда болмасын адамдардың іс-әрекеті өмір сүру, аман қалу үшін қажетті нығметтерді іздеп тауып немесе өндіріп, кәдеге жаратумен байланысты өрбіген.Д.Ш.Рессерат пен В.А.Рано Орта Азияда тас дәуірінде (850000 жылдары) жергілікті тіршілік иелерінің өмір сүргендігі жөнінде жазады [5]. Байсын тауының Тешік-Таш, Әмір Темір және Мачай үңгірлерінен неандертальдықтардың мекен-жайы, ал Самарқант қаласының жанынан олар тұтынған тас құралдар табылды. Ондағы 8-9 жасар баланың склеті жақсы сақталынған. Бала арнайы қазылған шұңқырға жатқызылып қабірдің айналасына тау ешкісінің мүйіздері тізіліп қойылыпты "Қошқар мүйіз" алтайлық орнаменттен орын алып, сақ-скиф дәуірінен бері кең тараған мотив, Тау ешкісінің стильдік бейнеленуі Орталық Азияның көптеген көшпелі халықтарының ою-өрнектерінен орын алған белгі - нышан. Зерттеушілер Жер-Су рухымен тікелей байланыстыра қарастыруда. А.В.Худяков деген автор қазіргі алтайлықтардың көркем мәдениетінен мықтап тұрып орын алған ою-өрнектің түп-тамырларының өте тереңге кететіндігі, тіпті палеолиттен бастау алатындығы жөнінде жазған [5]. Грязнов және басқалары ою-өрнекті бүкіл исі түркілерге тән болған өнердің негізі деп санады. Авторлар өрнектердегі мотивтердің, әсіресе тамғалардағы рәміздердің ондаған-мыңдаған жылдар бедерінде сақталып қалғандығы, олардың Сібірдегі түпнұсқалары неолит кезеңіне және қола дәуіріне жататындығы анықталған жәйт жеп жазды [5]. Ю.Худяков тамға белгілерінің тау ешкісі өрнегінде берілуі көнетүркілерге тән болған жәйт деп кесіп айтады. Көнетүркілік петроглифтер мен тамғалар, – деп жазады новосибирлік ғалым, – Қола дәуірінің ортаазиялық мәдени дәстүрінен орын алған [6].

Қорыта келгенде, қазақ-түркі материалдық мәдениетінің тарихи тамырларының сонау ежелгі дәуірлерден басталып, тарих көшінде үзбей жалғасып келе жатқанын көреміз.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Кадырбаев М.К. Памятники ранних кочевников Казахстана // ТрудыИИАЭ АН казСССР. 1958.- Т. 7.

2. Труды семреченской археологической экпедиции. Чуйская долина //МИА. - 1950. № 14.
3. Артықбаев Ж.О. Материалы международный Конференции. – Алматы,1999. – С.37-38.
4. Қазақ ССР тарихы: көне замандардан бүгінге дейін. – Бес томдық. –Алматы, 1980.
5. Фрезер Дж. Золотая ветвь. Исследования магии и религии». Москва, 1986. - с.252.
6. Худяков А.В. Основные элементы декоротивно-прикладного искусстваалтайцев // Түркология журналы. Түркістан. 2002. – 96-100-беттер
7. Тайлор Э.Б. Первобытная культура. – М. 1989. – С. 36-37

ӘӨЖ 821.10.01

ОРХОН-ЕНИСЕЙ ЖАЗБА ЕСКЕРТКІШТЕРІНІҢ СИПАТТАМАСЫ

Кашапова Айкоркем Нұрланқызы
М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан
университетінің магистранты

Аннотация: *Әрбір дәуірдің елеулі, кезеңді оқиғаларын заманының белгілі ақын-жазушылары дастан-жырларға, ойшылдары тарих-шежірегейналдырып, шеберлер сәулет өнерінде бейнелеп қалдырған.*

Тек түркі халықтары мәдениетінің ғана емес, сонымен бірге бүкіл дүние жүзі мәдениетінің тарихында елеулі орын алатын ондай ескерткіштердің мәні өте зор. Сондай құнды рухани мұралардың қазақ жерінде де көптеп жасалғандығы біздің халқымыз үшін үлкен мақтаныш.

Түйін сөздер: *Орхон ескерткіштері, Талас жазуы, Түркі тайпалары, «Тоныкөк» жырлары.*

Ежелгі мәдениет ескерткіштерінің ең бір кереметі, бүкіл әлемге әйгілі болған ақын тас, жыршы тас – Орхон ескерткіштері (VIII ғ.).

V-IX ғасырларда түркілер қоныстанған Алтай, Сібір, Орта және Орталық Азия жерінде жазу, сызу, егін, әдебиет өнері, тарих ғылымдарының, діни сенімдердің, Орхон жылнамасы мен Талас аңғарынан табылған ескерткіштер айғақ.

Орхон-Енисей жазу ескерткіштері табылған уақыт түркі тілдерінің даму тарихындағы «Көне түрік» дәуірінде сай келеді. Шығыс Түркі құрамында өмір сүрген тайпалар осы Орхон – Енисей жазуын қолданып, осы жазу тілінде сөйлеген. Орхон-Енисей жазу ескерткіштерінің ең көп табылған жері – Орхон, Енисей, Селенгі және Талас бойы.

Орхон-Енисей жазуы өзінің жазу ерекшеліктері мен қолдану өрісіне сай Орхон-Енисей және Талас жазуы делініп екі топқа бөлінеді [1, 2 б.].

Енисей жазба мұралары. Олардың бұлайша аталуы тас бетіндегі сына жазуларының Енисей бойынан табылумен байланысты. Бұған қосымша кейіннен Тува мен Хакасия Краснояр өлкелерінен де осындай жазбалар табылған. Енисей жазбаларының жалпы саны - 85 шамалы. Олардың ішінде кіші – гірім жазбалармен қатар ірі тестер кездеседі. Енисей ескерткіштері көлемі жағынан негізінен шағын болып келеді. Ең үлкен 10-15 жолдан, еңкішісі 1-2 жолдан ғана тұрады. Қолданылуы жағынан Енисей ескерткіштері – ескі түрік жазуының алғашқы шығып қалыптасқан, тараған нұсқасы. Бұл жазу біртіндеп Орхон өзені, одан Талас өзені өңіріне тарады. Бұл тұжырымның шындыққа жанасымдылығы жеке таңбалардың жазылу тәсілі мен жетілдірілуінен де байқалады. Енисей жазба ескерткіштерінің ең көне түрлері Минусинск ойпатынан табылған. Бұл жазбалар түркі халқы белгілі мөлшерде отырықшы болып, металл өңдеушімен айналысқанын, мәдениетті ел болғанын көрсетеді.

Орхон жазуы көне түркі мұраларының ішінде қазіргі түркі тектесхалықтардың бәріне ортақ көне түркі әдеби тілінде жазылған. Ол кезде сонау Сібірден бастап Орта Азия мен Қазақстан аймағы тұтастай Түркі қағандығыныңқол астына қараған болатын. VI ғасырдың ортасында қазіргі Солтүстік Монғолия жерінде бас құраған түркі қағандығы сол ғасырдың аяқ шеніндебатысы Каспий теңізіне, шығысы Корей бұғазына дейінгі аралықты аралық алып жатқан ұлы империяға айналды. Кейін келе Батыс Түркі және Шығыс Түркі қағандығы деп аталатын екі үлкен қағандыққа бөлініп кеткені белгілі. Солай бола тұра, V-VIII ғасырларда жартастардың беттері мен тас мүсіндерге сондай-ақ кейбір ыдыстардың желгі, түбі және қабырғаларына ойылыпжазылған көне түркі жазбаларының ішіндегі ең маңыздысы – Орхон жазба мұралары. Орхон өзенінің бойынан табылған бұл ескерткіштердің ішінде тасқа қашалып жазылған 3 тарихи мұра ерекше аталады. Оның біріншісі - 731 жылы өлген хан інісі Күлтегінге, екіншісі – 735 жылы өлген Білге қағанға, ал үшіншісі – Тонықөкке арналған ескерткіштер [2, 19 б.]. Орхон жазбаларында көрсетілгеніндей, Тонықөк деп табылған ескерткіште ол – үш ханның ақылшысы және Білге қағанның құдасы болған адам. Қытай жазбаларында Тонықөк жайлы 716 жылы айтылған. Елтерістің патшалық құруында оның қосқан үдесі туралы Қытай және Тонықөк жазбаларында толық көрсетілген. Көне түркі жазбаларын кейде «руна» жазулары деп атайды. Оның себебі: Сібірде айдауда жүрген швед офицері Страленберг пен неміс ғалымы Д.Г. Мессершмидт кездестірген құлпытастардағы өзі түсінбейтін жат жазуды өз елінің тілінде «руна» жазуы деп атаған еді. Бұл сөз термин ретінде бертін келе кеңінен таралып кетті [3, 154 б.].

Орхон ескерткіштері оқиғалар мерзімі, жазу стилі жағынан ескі түркі жазуының соңғы – жаңа дәуірін танытады. Оның бер жағында Орхон жазуы, сірә, халық арасына кеңінен тараған болу керек. Орхон жазбалары осы жағдайлардың тамаша көрінісін берген. Бұл жерде бұрын өз мемлекеті болған түркілердің қытайлардан жеңіліп, шамамен 50 жыл бойы қытай

билігінде болып, кейбір княздар қытай титулдарын қабылдап, түркі бектері болудан қалғандығын айтады. Сонда жай халық: «Менің өзімнің ханым бар, мемлекетім бар халық едім, енді менің мемлекетім қайда, халқым қайда?» - дей ойсырып, қытайларға шығады. Бұдан біз арасындағы күресті, ханның халық өкілі ретінде күрес жүргізгендігін көреміз [4, 157б.].

Орхон жазбаларында әскери күш және әскери рух қаншалықты дәріптеліп отырғанына қарамастан одан адамшылққа жат пиғыл кездеспейді, мәдениетті деген халықтардан шыққан басқыншылардан кездесетін қатыгездік және қатыгездіктен ләззат алу элементтері мұнда атымен жоқ. Жазба ескерткіште империяның құралуы – халыққа көрсеткен қызметін, келтірген пайдам деп түсіндерді.

Ал әскери тұрмысқа келетін болсақ, әрбір, жауынгер соғыста ғана емес, күнделікті өмірде де ержүрек әрі ақылды болуы керек екенін ескертіп отырады.

Жазба ескерткіштегі Білге қаған – үлкен ел басқарушы, Күлтегін - өз заманының даңқты батыры, Тонықөк - әрі батыр, әрі шешен, жырау, әрі кемеңгер ақыл иесі. Тастағы жазбада Тонықөк мемлекет қамын ойлайтын басшы түрінде суреттелсе, Күлтегін өз ағасы Білге қаған кезінде әскер басы болған, оның батырлығы сол кездегі ерліктің дара үлгісі ретінде беріледі. Сол жазбалардың ішінде күні бүгінге дейін өз мәнін жоймаған шешендік сөз үлгілері мен өлең ұйқастары, мақал-мәтелдер, арнаулар мен жоқтаулар молынан кездеседі. Мысалы: «Көрур көзум көрмес тег бопты, білер білігім білмес тег бопты, «Түн қатып» деген сияқты қолданыстар аздаған дыбыстық ерекшеліктері болмаса, күні бүгінге дейін тілімізде сол күйінде қолданылып келеді [5, 72 б.].

Талас жазу ескерткіштері. Талас өзені аңғарынан табылған ескерткіштер «Талас ескерткіштері» деп аталып жүр. Талас өзенінің бойынан, Қырғызстан жерінен барлығы 23 ескерткіш табылған. Таластан табылған ескерткіштер көлемі тар көлемі әзірше өте шағын және сан жағынан да аз [6].

Талас алқабынан 1932 жылы табылған руна жазуы бар алатаяқ та қызықтыра түсті. Оның төрт қырында да көне түркі алфавитімен жазылған. Бұлалатаяқ шыршадан жасалған. Оның құндылығы да осында. Алатаяқ қазір Санкт-Петербургтегі мемлекеттік Эрмитажда сақталуы [6]. Орхон-Енисей ескерткіштері тектес таңба-жазылуы, тастар Әулиеата түбінен, Талдықорғанөңірінен, Сарыарқадан және Алматы маңынан табылған. Сонымен ежелгі түркі елі белгілі бір аумақта өмір сүріп, өзіне лайық жазуын, тілін, өзге де мәдениетіндамытқан. Ежелгі түркі мәдениетінің Орталықтары Енисей, Орхон, Селенгі, Талас өзендерінің бойы, Минуевльск ойпаты, Алтай тауы, Қазіргі Тува, Красноярь, Жетісу аймақтары болды. Оған Шығысы Хангай, Сарыөзеннен, батысы – Карпат тауларына, Оңтүстігі – Қытайдың Аққорғанынан, Теріскейі – Ленаға дейінгі аралықтағы байтақ аймақты мекендеген түрік халықтарының жазу-сызу дәстүрінен қалған барлық мұралар енуі. Ғылым әлемінде түрік жұрттарының жәдігері ретінде танылған жазулар 2500 жылдан бері бар деп есептеледі. Әзірге мәлім болған есеп бойынша, көне Түрік жазуымен тас бетіне240-тай қағаз бен теріге 310 беттей мәтін түсіпті. Маникей әріпімен 554 бетіне жуық мұралар, ұйғыр әрпімен 1000-ға тарта мәтіндер, 10-ға жуық кітаптар

жасалыпты. Араб қарпімен жазылған ортағасырлық дүниелер қаншама жалпы түрік халықтары XVI ғасырға дейін оннан астам жазу үлгісін қолданып, пайдаланған кездерінде қыруар мұралар қалдырған.

Ұрпаққа өнеге болар атақты Күлтегін, Тонына, Білге, Бумын қағандар әрі тарихи, әрі әдеби дастан жыраулардың кейіпкерлеріне, сомды тұлғаларынаайналды. Ардақты есімдерді ел жадында сақтау үшін сол заманның данагой білімдарияры өркениеттің белгісі болып табылатын түркілік сына жазумен тас бетіне түсірді.

Түркі тайпаларынан қалған бұл ескерткіштер көне дәуірдің қоғамдық мәдени, әрі әдеби тұрмыс-салт өміріне хабар беретін жәдігерлер қазына ретінде бүгінгі күні барлық түркі тектес халықтарға ортақ мұраға айналды. Түркінің сары даласының ішкі сырын бойына сіңірген таңбалы тастар қас батырдың ерлігіндей сан ғасырларды аттап, өз заманының шындығымен қайғы-қасіретін, амал-әрекетін бейнелеп еш өзгерместен күні бүгінге жетіп отыр. Болашақ ұрпаққа мұра етіп қалдырған көне түркілік жазба ескерткіштер кең байтақ Қазақстанның барлық аймақтарынан табылып ескерткіштер саны жыл санап өсіп жатыр.

Түріктану ғылымы көне түркі жазба ескерткіштерін географиялық, мазмұндық әрі дәуірлік мәніне қарап, Орхон, Енисей және Талас деп үш топқа бөледі. Соның ішінде Талас жазбалары Қазақстанның оңтүстік аймақтарынан табылған ескерткіштердің тікелей жалғасы болып табылатын орта ғасырлық мұралар мен тарихи орындар осмы таулы-қыратты, өзенді аймақтарда орналасқан. Сан жылдар бойы іздестірудің барысында Орталық Азия территориясында ағаш тақтайшаға ойылып жазылған көне жазу табылды. Бұл жазу жүйесі өзінгің құрылымы және тақтайға ойылғанымен басқа тас жазулардан ерекшеленеді. Іле-шала Ертіс өзені бойынан қола айнадағы жазу, ал 70-ші жылдары Іле өзені бойынан (Есік қорғанынан) күміс тостағандағы жазу табылды. Мұндай тарихи мәні зор жазулардың бүгінде Қазақстанның кез- келген өңірінде өз сырын ішіне бүгіп жасырып жатқаны бізге беймәлім.

Қазіргі кезде ежелгі түркі тайпалық одақтары өмір сүрген аймақтардан руникалық жазумен ойылып жазылған үй-тұрмысына қажетті заттар, қой тастартабылып жатыр.

Орталық Азия мен Қазақстан жерлерінен табылып жатқан руникалық түркіжазбалары Орхон таңбаларынан өзіндік ерекшелігімен дараланады. Мұнда Орхон немесе Енисей өзендері аңғарларынан табылған, жазулардағы барлық таңбалардан бөлек өзгеше жазылған көне әріптер кездеседі. Мұның өзі түркі жазуы жүйесінің ертеден қалыптасқан, жүйелі әліппе, жазу мәдениетіміздіңтереңде екенін аңғартады.

Ежелгі түркі туралы Орхон материалдарынан басқа да табылған археологиялық материалдар баршылық. Бұл материалдарды оқып білу әлі күнге дейін кешуілдеп, нақты тарихи деректерді көрсететін мәліметтердің көбінен әлі басы ашылмай келеді. Оған мына жағдай да себеп болды. Х ғасырдаисламды уағыздаушылар (арабтар мен түркілердің өздері) өздерінің исламға дейінгі жазбаларына қарсы шығып, бұрын жасалған түркі мәдениетін ислам дініне құран етті-құбыжыққа айналдырды, ақыры ұмыт болды. Бұл саясат кеңес

үкіметі, кезінде де толастамады. «Пантюризим» деген желеумен Түркі мәдениеті қуғындалды.

XIX ғасырдың алғашқы ширегінде біраз мағлұматтарды өзі шығарып тұрған «Сибирский вестник» журналында Григорий Спасский жариялайды. Оның мақаласы көп кешікпей латын тіліне аударылады да, Орхонескерткіштері басқа елдердің ғалымдарына да белгілі бола бастайды. Бұл хабарды естіген фин археологиялық қоғамы 1875 жылы Минусинскіге екі рет экспедиция жіберіп, 1889 жылы «Енисей жазбалары» деген атпен 32 таблицалы, 8 фотосуретті атлас жариялайды. Ескерте кететін бір жай, жазбалардың әліппесі табылғанша бұл мұраларды фин ғалымдары өз халқының ескерткіші деп танып келген. Алайда бұл пікірдің негізсіз екендігін олар кейін мойындады [4, 154 б.].

1889 жылы орыс зерттеушісі Н.М. Ядринцев Орхон өзенінің бойынан, Енисей өзені сағасынан табылған ескерткіштерден әлдеқайда үлкен белгісіз таңбамен жазылған зәулім, қолдан қашалған төрт қабырғалы биік тасты көреді [4, 154 б.].

Н. Ядринцев тасқа мынадай сыпаттама береді: биіктігі - 3,5 метр, төменгі ені - 1,32 метр, жоғарғы жағының ені – 1,22 метр. Биіктеген сайын жіңішкере береді, жоғарғы бөлігі өрнектелген. Тастың төрт жағы бірдей жазылған. Батысқа қараған бетінде қытай жазуы да, қалған қабырғасы бірдей руналық жазумен толған.

Н. Ядринцевтің айтуына қарағанда, ескерткіштен 25 метрге дейін созылған аласа дөңес жатыр. (кейінгі зерттеудің нәтижесінде бұл қытай кірпішінен жасалған қабырға екендігі анықталды). Осы қабырғаның жанынан басы жоқ, мрамордан жасалған 7 түркі статуясы табылған. Ескерткіштің батыс жақ бетінде басы бір-біріне қараған, қираған екі хайуанның мүсіні бар (ғалымдар мұны мазарға кіретін есіктің белгісі болу керек деген болжам айтады). Ал осы кіре берістен әрқайсысының арасы 10-12 метрден, беттері шығысқа қарағанадам мүсіндес сын тастар ұзындығы 4,5 шақырымға дейінсозылып жатыр екен. Мұқият зерттеудің нәтижесінде әлгі мүсіндердің осында жерленген кісінің тіршілігінде өлтірген дұшпандарының келбеті екені және айқындалып отыр. Көп кешікпей Н. Ядринцев Россия археологтарының VIII конгресінде ғалымдардың назарын Орхон бойындағы көне мұраларға аударады.Осыдан бастап бұрын тек Енисей ескерткіштері деп қана аталып келген жазбалар енді Орхон, яки Орхон-Енисей жазулары деген атқа ие болады [7]. Шамамен VI ғасырдың орта кезінде Жетісу, Алтай, Орталық Азияны мекен еткен түрлі ру-тайпалар бірігіп, Түрік қағанаты деп аталатын мемлекет құрғанытарихтан жақсы мәлім. Міне, сол ежелгі түркі дәуірінің қоғамдық, әдеби мәдениөмірін жыр еткен ғажайып дастандар бар. Бұлар – «Күлтегін», «Білге қаған», және «Тонықөк» жырлары деп аталады. Бұдан 1250 жыл бұрын үлкен құлпытастарға қашап жазылған осы әдеби ескерткіштер идеялық мазмұны жағынан да, көркемдік шеберлігі тұрғысынан да күні бүгінге дейін оқушысын таңдандырып, тамсандырып келеді. Міне, сол ежелгі түркі дәуірінің қоғамдық, әдеби мәдени өмірін жыр еткен ғажайып дастандар бар. Бұлар – «Күлтегін»,
«Білге қаған», және «Тонықөк» жырлары деп аталады. Бұдан 1250 жыл бұрын

үлкен құлпытастарға қашап жазылған осы әдеби ескерткіштер идеялық мазмұны жағынан да, көркемдік шеберлігі тұрғысынан да күні бүгінге дейін оқушысын таңдандырып, тамсандырып келеді. «Сонымен қатар дәл Стеблеваның ұғымындағыдай, ескерткіштегі сөз біткеннің бәрін бірдей ағыл- тегіл өлең деуге болмайды [8]. Қазақтың «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Алпамыс», «Қобыланды» тәрізді әйгілі жырларында кездесетін өлең арасындағы әлқисса-түсіндірме көркем қара сөздер мұнда да кездесіп, араласыпотырады. Көне түркі авторлары, өзімізге әбден қанық қазақтың батырлар жырларындағыдай, болашақ жорықтарды немесе өткен оқиғаны ақындық тәсілмен, үлкен пафоспен баяндай отырып, өздеріне елеусіз деп есептеген сәттерді жыр арасында қара сөзбен жеткізіп те отырған. Әдетте мұндай прозалық жолдардың көркем болуы шарт емес, керісінше түсінікті болу жағынабаса мән берілген. Осы заңдылықты Күлтегін, Білге Қаған, Тонықөктерге арналған үш шығарманыңүшеуінде де кездестіреміз. Өз кейіпкерін дәріптеуде, оның жойқын соғыстарда көрсеткен есепсіз ерліктерін сүреттеуде сан түрлібояуды, бейнелеу тәсілдерін мол пайдалана отырып шабытпен жырлаған автор бір сәт прозалық баяндауды да қолданады. Мұны біз көне түркі ғұламаларыныңэпикалық мұра жасаудағы қалыпты, дәстүрлі әдісі ме деп ойлаймыз» [9, 65 б.].

«Күлтегін» жырындағы мынадай өлең жолдарына назар аударайықшы:Қаның
судай ақты
Сүйегің тау боп жатты Бек
ұлдарың құл болдыПәк
қыздарың күң болдыТізеліні
бүктірдік Бастыны еңкейттік
Еліміз қайта ел болды
Халқымыз қайта халық болды.

Міне, осы ерлік пен ездік, соғыс пен бейбітшілік, құлдық пен тәуелсіздік жайында тебірене толғайтын ғажайып жыр жолдарын ақын бұдан бір мың екі жүз елу жылдай бұрын жазыпты. Демек, әрбір шумағы әсем айшық- өрнектерге, сезім толғаныстарына, жанды бейнелерге толы бүгінгі өресі биік поэзияның қайнар-бастауы, түп тамыры көне тарихтың тұңғиық тереңінде жатқаны ғой. Көне түрік қағанаты дәуірінде, дәлірек айтсақ VIII – ғасырда әрбір әрпі құлпытасқа қашап жазылған, әрбір сөзі адамның жан жүйесін еріксіз тебірентетін, әрбір шумағы астарлап айтылған ой-толғаныстарына толы, қадым замандардан сақталып, бізге жеткен сөз патшасы бүгінгі оқырманына да әмірін жүргізеді – оған эстетикалық ләззат беріп, ой мен сезім әлеміне жетелейді. Қиыннан қиыстырып, айтар сөзін айшықтап, ажарлап, сан түрлі бояумен құбылтып жеткізген ежелгі заман ақынының шеберлігіне таңырқап, талантына тәнті боласыз.

Адамзаттың көркемдік талғамы ерте замандардан бастап дамығанын дәлелдейтін ғажайып көркем сөз ескерткіштері тек көне түркілерде ғана емес, өзге халықтарда да жиі ұшырайды. Мәселен, ежелгі вавилон елінің «Көрмегені жоқ кісі» деп аталатын батырлық поэмасы біздің заманымыздан бұрынғы екі мыңыншы жылдар шамасында жазылыпты. Бұл адамның сұлулығы мен

ұлылығы, батырлығы мен асылдығы жайындағы гимн деуге болады. Ал, енді үнді жұртының бұдан да ертерек жазылған «Махабхарата» деген көркем туындысы адам бойындағы асыл қасиеттерді жырлауға арналған. Бұл дастан он тоғыз кітаптан тұрады, жалпы көлемі екі жүз он төрт мың жол өлең болып келеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Малов С.Е. памятники древнетюркской письменности. Тексты и исследования. – М.,-Л., 1951.
2. Қоңыратбаев Көне мәдениет жазбалары. – Алматы, 1994.
3. Гумилев Л.Н. Этногенез и биосфера земли. – Т.2. – Л., 1979.
4. Кляшторный С.Г., Султанов Т.И. Казахстан: Летопись трех тысячелетий. – Алма-Ата, 1992.
5. Айдаров Ғ. Орхон ескерткішінің тілі, Алматы – 1990.
6. Батманов И.Б. таласские памятники древнетюркской письменности. –Фрунзе, 1971.
7. Труды Орхонской экпедиции. – Вып. 1-4. – Спб., 1899.
8. Стеблева И.В. Развитие тюркских поэтических форм в XI веке. – М.,1970.
9. Қоңыратбаев Ә. Қазақ эпосы және түркология. – Алматы, 1987.

ӘӨЖ 94(47).084.3/6.(035)

АВЕСТАНЫ АУДАРУ ЖӘНЕ ЗАРАТУШТРА ІЛІМІ

Аюбай К.Қ.
аудармашы,
Алматы қ., Қазақстан Республикасы

Аннотация. *Авеста – біздің өлкеміздегі сақтар дәуірінде дүниеге келген көне мұра саналады. Еуропалық зерттеушілер оны үндіари дәуіріне жатқызып, әлемдік мұра қатарына қосады. Қазір Авеста кітаптары қоғамдық игілікке (общественное достояние) айналды. Мақалада Авестаның Ишт және Иасна кітаптарын қазақ тіліне аудару тәжірибелері ортаға салынады. Күрделі атауларды дефиспен жазу емлесі ұсынылды. Өзге тілдерге тән дыбыстар мен дыбыс тіркестерін қазақ тіліне бейімдеп жазу жолдары қарастырылады.*

«Зара-Туштра» сөзінің мағынасы мен төркінін зерделенеді. Сонымен қатар маздалық жақсы ой, жақсы сөз және жақсы іс үштігінің мәні қазақ тіліне өлеңмен аударылған Иаштар мен Иасналар арқылы ашылады. Авеста кітабынан сол кездегі салт-дәстүр, әдет-ғұрып, парадат және қауаи

патшалары мен батырлары туралы мағлұматтар беріледі.

Түйін сөздер: *Авеста, иашт, иасна, заутра, заутар, мазда-иасна.*

Авеста – біздің өлкеміздегі сақтар дәуірінде дүниеге келген көне мұра саналады. Авестаның тұңғыш мәтіндері Зара-Туштра туып-өскен ортада ғаталар тілінде дүниеге келеді. Бірақ ол қабылданбай, Зара-Туштра ұзақ уақыт қуғынға ұшырап, ақыры Ушт-Аспа елінен пана табады. Авестаның ғаталары мен діни негіздерін Зара-Тушра, өзге бөліктерін ізбасарлары толықтырады. Бұл үрдіс Ахменидтер дәуірінде тиянақталып, Авеста 21 кітапқа жинақталады. Алайда грек және араб шапқыны Авеста кітаптары мен дінін жойып жібереді. Аман қалған азғана құпия топ Авестаның біраз бөлігін ауызша қалпына келтіріеді. Терминдер өзгеріске ұшырап, қалған бөліктері жоғалады. Соңғы уақытта еуропалықтар Авестаны аударып, оны веда және санскрит тіліндегі нұсқалармен толықтырады. Сөйтіп, Авестаны аудару, зерттеу ісі парсылық дінижәне еуропалық ғылыми екі бағытта қалыптасады. Қазір осы екеуін ұштастыра пайдалану үрдісі бел алып келеді. Осы негізінде түрлі нұсқаларды салыстырып,авеста тіліне жақындата аударып, өзіндік реңін жоғалтпай қазақ тілінде жеткізуге ұмтылдық.

Авестаны Р. Алшанов тұран катаклизмімен [3], У. Шәлекенов Орталық Азиядағы арилар өркениетімен [10], т.б. біраз ғалымдар түрлә бағытта қарастырып келеді. Б. Бүркітбаевтың «Ақбата» (Авеста) [3] атты кітабы Авеста мәтіндерімен жуыспайды. Авеста үзінділері қазақ тіліне аударылып, салалық антологияларға енгізілді [6-9]. Таяуда «Авеста: Иашт» кітабы қазақ тілінде жарыққа шықты [2]. Иасна аудармасының қолжазбасы дайын тұр. [1] Соңғы екікітапта Авестаны аударудың тың тәжірибелері ұсынылған.

Авеста мәтіндерін цифрмен таңбалау амалы. Авеста мәтіндерін интернет арқылы алдық. Бірақ кітапқа сілтеме бергенде интернеттегі, қағаз кітаптағы және басылымдардағы беттер нөмірі сәйкес келе бермейді. Осы орайда Авестаның мәтін, тарау, шумақ, жол ретін цифрмен таңбалап беретіні байқалды. Біз сілтемелерді осы таңбалар бойынша беруді ұйғардық. Мысал, иаштан мына сілтеме берілсін [5:30.127]. Бұл сілтеме былай оқылады: «5:» – «5-иашт:» (Арду Сура жасасын); «30» – «30-тарау»; «127» – шумақ нөмірі. Иаштың барлық нұсқалары мен аудармаларында осы реттік цифрлар өзгеріссіз сақталады. Бұл шумақты кім қалай аударғанын қай тілде болса да, осы сілтеме арқылы анықтап алуға болады.

Авеста атаулары пахлауи, парсы, еуропа, орыс және өзге тілдерде бір-біріне ұқсамайтын формаларға айналған. Біз оларды авеста тіліндегі нұсқаларына жақындатуға ұмтылдық. Ондай сөзде жуан-жіңішке дыбыстардың араласуы жиі кездескенмен, атаудардың дені күрделі сөздерден тұрады. Олар түрліше жазылып жүр: құрамындағы әр сөз жеке дара; дефис арқылы жазылған қос сөз; біріккен сөз және бастапқы формасынан айырылған кіріккен сөз.

Бастапқыда атау құрамындағы әр сөз бөлек жазылатын. Алайда ешбір қосымшасыз тізбектелген бірнеше сөз бір ғана атау ма әлде сөз тіркесі ме, айыру қиын. Сондықтан оны қолайсыз көрдік. Біріккен және кіріккен атаулар иран-парсы тілдеріне тән. Бірақ біз үшін сөздің ішкі жігін, төркінін айыру қиын болған соң, тиімсіз санадық. Атауды дефис арқылы жазу көбіне еуропалықтарға

тән. Онда екі сөздің де лексикалық мәні айқын. Ондай қос сөздің әр бөлігін қазақ тілінің үндестік заңына бағындырып жазуға болады: сөздің бастапқы буыны жуан болса, сол бөлік тұтас жуан, жіңіше болса – тұтас жіңішке жазылады. Біз осы форманы оңтайлы көрдік. Біріккен атаулардың жіктерінайқындай алмасақ, сол қалпында жазылады.

Үндестік заңына қайшы дыбыс тіркестерін икемдеу. Жуан дауыстымен тіркескен «г», «к» және «е» дыбыстары сәйкесінше «ғ», «қ», «а» дыбыстарына айналады. Мысалы, «гах – ғақа», «кауфа – қауфа». Парсы тіліндегі «у» [و] «о»,

«у» және «в» дыбыстарын білдіреді. Қазақ тілінде «о» дыбысы бірінші тек буынға тән болған соң, өзге буындарда ол «у» дыбысына айналады, ал сөз соңында түсіп қалады: «хаома – хаума», «маидьо-маиди». Парсы тіліндегі дауыссыз «у» еуропа, орыс тілдерінде «v/в» болып жазылып жүр. Біз оны кәдімгі «у» таңбасымен бердік. Жиі кездесетін «ви – уи» тіркесінде «и» түсіп қалады: «вахви – уаху», «аиви – аиу». Бірақ иазаттар мен дұға атауларында «уи» формасы сақталады: «Уиспа-рат».

Зара-Туштра есімі туралы. Авеста тілінде «Заратуштра», пахлауида «Заратушт», парсыда «Зардушт», гректе «зороастр», өзгелерде Зарад, Зарат, Зарас, т.б. формаларда кездеседі. «Заратуштра» атауы екі сөзден тұрады. Зерттеушілердің дені парсы тіліндегі «зарат-уштра – кәрі түйе айдаушы» деп аударып, жамандықтан сақтау үшін қойылған халықтық ырым ат дейді. Бірақ Зара-Туштра қара халықтан емес, он екі атадан мағулық қасиет үзілмей келе жатқан дәулетті абыздар әулетінің ұрпағы. Ырымдап ат қоятын жалғыз тұяқ емес – бес ұлдың ортаншысы. Олай болса, Зара-Туштра есіміне «кәрі түйе» атауының қатысы жоқ. «Зара» сөзінің «алтын», «сары» деген екі мәні бар. «Туштра» және «Тиштра» сөздері түбірлес. Сондықтан Авестаны тұңғыш аударған француз ғалымы Анкетиль Дюперрон «зара – алтын», «туштра – сириус», яғни, «Зара Туштра – Алтын Тиштра (Сириус – Сүмбіле)» деп түсіндірген. «Тиштра/Туштра» сөзінің мағынасы – сәуле, нұр. Қазіргі парсылар соған сүйеніп, пайғамбар есімін

«Алтын сәуле, нұр», яғни «Құдайдың нұры» деген ұғыммен байланыстырып жүр. Бұған Тиштраның мына сөзі келетін сияқты:

«Ахура сені жаратқан,
Ғаламды мына оңдаушы,
Ратуы қолдаушы
Иесі сен болсын деп.

Ахура мені жаратқан
Аша өзі жасаған
Жақсы әлемді қорғаушы
Киесі мен болсын деп». [2, 5:21.89]

Екеуінің аттары мен миссиялары ұқсас: тәни тірлікке Тишра, рухани тірлікке Туштра рату. «Тиштра/Туштра» сөзі миссияны білдіріп тұр.

Зара-Туштраны грек философтары халдей, ассириялық, вавилондық, т.б. деп, түрлі елдерге телиді. Зара-Туштраның өмір сүрген уақытын Аристотель 6000 жыл бұрын деп, Гермипп Александрийский мен Плутарх Троянның құлауынан5000 жыл бұрын, Свида 500 жыл бұрын, Плиний Моисейден мыңдаған жыл бұрын болған десе, кейбір еуропалықтар оны б.д.д. 1000 жылдықпеншектейді. Парсы жазуларында б.д.д. 1200 жылы Бактрияны ассириялықтар

жаулап алғанға дейін қауаилық соңғы патша Уишт-Аспа билегені айтылады. Демек, Зара-Туштра сол кезде өмір сүрген. Е. Блаватская «зороастр» атты бірнеше пайғамбар болған деп қорытады [4]. П. О. Шервё «заратуштра» – тарихи фигура емес, ежелгі иран ғұрпындағы функция деген ойға келеді. [11]. «Десатир» (Дастурлар) кітабында ирандық он төрт пайғамбардың жетеуі

– Заратуштра. Он үшінші орындағы Заратуштра – Уишт-Аспа патшаның замандасы, «Уи-Даиуа дат» кітабына түсіндірме жазған кейінгі автор [4]. Бұл жерде «заратуштра» кісі атын және діни миссия атауын білдіреді. Зара-Туштраның біреу емес, бірнеше болу себебі содан болса керек.

Зара-Туштра ілімінің туу, қалыптасу негіздерін Авеста кітаптары арқылы қарастырып көрейік. Зара-Туштраның даусыз шығармасы саналатын ең ежелгі мәтіндер – ғаталар ежелгі парсы тілінде емес, «авеста» тілінде пайда болған көрінеді. Соған қарағанда, ғаталар тілі сол замандағы тайпаларға таныс болған тәрізді. Бұл өңірді сақ тайпалары мекендегенін ескерсек, ол тіл сол тайпалардың біріне тән деуге болады. Зара-Туштра өзіне қарсы мағу Бандуаның өзі де, ойы да Ашаға жат екенін қадала айтады:

Бандуа ойы маған қарсы жасаған, Жалған ілім
аулақтатар Ашадан. [1, 49.2]

Аша (Рта/Арта) ведалықтарға тән. Алайда Арта/Аша ықпалы сақтарға жүрмеген. Олар өз тәңірлік ұстанымынан айнымаса керек. Өйткені, саяси билікті қысқа мерзімде ауыстыруға болады, ал діни нанымды ауыстыру ұзақ әрі өте қиын үрдіс. Сол себепті Зара-Туштраның тайпаластары байырғы нанымдарынан айнымай, оны елден қуады. Зара-Туштра өзі былай дейді:

Қайда қашам? Қай жаққа адасқаным?Абыз,
сарбаз ортасынан аластады.
Тайпа, ру мен туыстар қараспады. [1, 46.1]

Зара-Туштра ұзақ жылдар бойы өз ілімін тарататын ел іздейді. Дәулетті мағулар әулетінен шыққан болашақ пайғамбар кедейлік пен әлсіздікке қарсы шарасы болмай, Ахура-Маздаға шағынады:

Мазда-Ахура, аз малым да адамым,
Әлсіздікке болмай тұр ғой амалым,
Көзің салшы қалай амал табамын? [1, 46.1]

Зара-Туштра сақ тайпалары ішінде діни қауым әулетінен шығады. Оның ілімін өз аталастары ішінен Маиди-Маха Спит-Ама ғана қабылдайды. Сол себепті бұл орта арилар қатарында аталмаған тәрізді. Есесіне осы дінді алғашқабылдаған Маиди-Маха, Уишт-Аспа, Жам-Аспа, Фриан, Фраш-Уштраға ғаталарда арнайы шумақтар бірнеше жерде беріледі:

Зара-Туштра, кім ол ерлік жасаған?

Ол әрине, Уишт-Аспа Қауаи ашауан. [1, 46.14]

Тур Фриан ұрпағы көп көрінген, Туыстары
Ашаға шын берілген. [1, 46.12]

Фраш-Уштра хуаба бар ашауан. [1, 46.16; 49.8; 51.17]

Жар саламын, хуабалық Жам-Аспам [1, 46.17; 49.9; 51.18]Маиди-

Маха Спит-Ама Ізгі Дінге берілген. [1, 51.19]

Зара-Туштра он жыл тентіреп Уишт-Аспа көсемнен қолдау тауып, жаңа дінді сол елге енгізіп, мантран атанады. Жаңа ілімді шәкірттеріне ауызша үйретіп, олар солай таратады. Б.з.б. III ғасырда Авеста мәтіндер жазуға түсіріліп,кітаптарға топтастырылады.
Мазда-Иасна діні алдыңғы табиғи, мистикалық нанымдардан, политеистік діндерден жоғарылап, монотеистік сипатта болады. Жаратушы жалғыз құдай
– Ахура-Мазда әуелі Спанта-Амаша – Мәңгілік Әулиелерді жаратады:

Ең бастапқы ратулар жасаған – Спанта
Амаш, Уоху-Мана Ашауан, Хшатра Уар,
Аша Уахиш жасаған, Спанта Армаит,
Харуатат, Аму-Ратат,
Геуш Ташан, Геуш Уруан жасаған. [1, 1.1]

Ахура-Мазданың көмекші мәнбейнелері әрі жебеуші күштері: Уоху-Мана – Жақсы Ой, мал жебеушісі; Аша Уахиш – Асқан Ақиқат, от жебеушісі; Хшатра-Уариа – Қалаулы Билік, металл жебеушісі; Спант-Армаити – Әулие Тақуалық, жер және әйел жебеушісі; Харуатат – Бүтіндік, су жебеушісі; Ама-Ратат – Тірлік Күші, Мәңгілік, өсімдік жебеушісі.
Содан соң өзге иазаттарды жасайды. Ешбір қозғалыс жоқ рухани әлем қалыптасады. Бұдан әрі Ахура-Мазда тәни дүниені – өсімдіктер мен тіршілік иелерін жасайды. Осы кезде бұл әлемге Анхра-Мани килігеді. Нәтижесінде дүние билігін Спанта-Мани (Жаратушы Рух, яғни Ахура-Мазда) мен Анхра-Мани (Жоюшы Рух) былай бөліседі:

Қос Рух баста егіздей – ой, сөз, ісі қарсы берілген.Жақсы Ойлы
таңдаған ақсылықты игі өрілген.
Жаман Ойлы таңдаған жамандықты ылғи терілген. [1, 30.3]

Ахура-Мазданың алты Мәңгілік Әулиесіне Анхра-Мани алты қарсыласынжаратады: Уоху-Манаға – Ақа-Мана, Аша Уахишқа — Индра, Спант- Армаитиға – Тара-Мата, Хшатра-Уариаға – Сауруа, Харуататқа – Тауруа, Ама-Рататқа – Заири.
Қос Рухтың қарама-қарсылығы тәни дүниені қозғалысқа келтіріп, тіршілік

күресі басталады. Бұл күресте Ахура-Мазданы ашауандар жақтаса, Анхра-Маниды друғуандар жақтайды. Ол иаштарда былай баяндалады:

Құдіретті жасаған,
Фрауаштар ашауан Егер
Маған келмесе, Маған
қолдау бермесе,Мына
жерге өсетін
Адам мен мал қонбас еді,
Тіршілікті кешетін
Ең үздіктер болмас еді,
Өсімдік те өсетін Алуан
түрге толмас еді.Мына
тәни дүние
Друғуға тиер еді, Күш те
оны сүйер еді,
Билік соған тиер еді. [2, 13:1.12]
Сонда олар келер еді,
Жер мен көктің арасын
Друғу рухы жеңер еді. Жер
мен көктің арасына
Биліктері енер еді.
Друғу рухы жеңген соң,
Әулие Рухқа жеңілген
Билік бермей жөнер еді. [2, 13:1.13]

Мұнда Ахура-Мазда Ең-Құдіретті болғанмен, өзге діндердегі құдайлардай Бәр-Құдіретті емес, Анхра-Манимен күресте Өзі жаратқан иазаттарға сүйенетіні көрінеді.
Мазда-иасна дінінің киелі тұғыры – жақсы ой, жақсы сөз және жақсы іс үштігі. Оған қарсы Анхра-Мани жаман ой, жаман сөз және жаман іс үштігін түзеді. Ашауан жақсылық үштігін жиып өтуі тиіс. Ол бес мезгіл дұғада қайталанып, санаға сіңіп отырады:

Берілемін жақсылықпен істеген Жақсы ой,
жақсы сөз, жақсы іске мен.Жерінемін
жамандықпен істеген
Жаман ой, жаман сөз, жаман істен мен. [1, 1.1]

Адамда жақсылық үштігі басым болса – оның жаны жұмаққа барады; жамандық үштігі басым болса – тозаққа түседі; екеуі тең болса – дүниесоңына дейін аралықта күтеді. Яғни, адамның о дүниедегі жан тағдыры оның бұ дүниедегі бүкіл іс-әрекетін байланысты.
Зара-Туштраға дейінгі дәуірде құрбандыққа жылқы, сиыр, қой шалған. Мазда-иасна діні қанды құрбандықты құптамайды, тек заутра (қансыз құрбандық) тартуды ұсынады. Иазатқа Ахура-Мазданың да заутра тартуы кездеседі:

Ахура-Мазда Жаратқан
Заутра тартып саз анық,
Мантрамен таза нық
Ардуға тілек қылады,
Одан былай сұрады: [2, 5:5.17]
«Арду Сура сәт қылып,
Берші сондай сәттілік –
Зара-Туштра ашауан
Үйретіп соны ылайым,
Нағыз дінге бұрайын,
Ойын дінге бұрайын,
Тілін дінге бұрайын,
Ісін дінге бұрайын». [2, 5:5.18]

Ал иаштарда ашауан да, друғу да құрбандыққа жылқы, сиыр, қой шалады:

Хаушанха Парадат
Жүз жылқы, мың сиырды,
Мириад қойды құрбан ғып,
Ардуға шалып сыйынды. [2, 5:6.21]Дахақ
Ажи Бауриада
Жүз жылқы, мың сиырды,
Мириад қойды құрбан ғып,
Ардуға шалып сыйынды. [2, 5:8.29]

Арду Сура Анахиттың бу, бұлт, тамшы, шық, қақ, тоспа су, бұлақ, өзен, көл,теңіз бейнелері бар. Мысалы:

Уору-Қаша Хуқардан Қуатпен
құйып сел болғанҰлылық,
даңқ тел қонған, Жердегі
аққан бар суға
Көлемі оның тең болған. [2, 5:1.3]Арду
Сура Анахит
Уору-Қашқа құйғанда,
Бүкіл теңіз тасады,
Буырқанып ортасы,
Көкке толқын шашады,
Шамырқанып шеттері Жағаға
толқын асады. Сағасы бар
мыңдаған, Көлдері бар
мыңдаған. Сол көлдердің
әрбірін Шабандоз шапса
айналып,Қырық күн жол өтеді
Сонша уақыт кетеді. [2, 5:1.4]

Арду Сура Анахит жамандық атаулыны жеңетін бейнесімен көрінеді:

Сиқыршы, пері, мыстанды,
Қауаи-сатар қысқанды, Қарапан,
қайаз, аша-мауғын,Друғу ұстаз
аша жауын,
Паити-араны жау мығым, Адамның,
дәудің жаулығын – Жеңеді соның
барлығын. [2, 5:3.13]

Иазат қанша құдіретті болғанмен, ол адамның сыйынуына мұқтаж. Егерадамдар сыйынбаса, бар мәнінен айырылып, керексіз болып қалады:

Заутар айтар дұғаны
Іштей көксеп тұрады.
Ашауанды берілген
Аңсап тілек қылады. [2, 5:1.7]
«Сыйынар кім таза құп
Сүтті хаума таза алып,
Маған арнап дұғасын,
Заутра сап саз анық?
Жақсы ой, сенім, ісімен
Берілгені үшін мен, Кімге
беріп жақсылық
Жарылқаймын жақсы ғып?» [2, 5:1.7]

Арду адамға мінсіз сұлу бойжеткен қыз бейнесінде көрінеді:

Арду Сура Анахит
Салтанатпен керілген,
Ағысымен берілген, Куатты,
сұлу бойжеткен,Бегзада, таза
тегімен,
Келбетінде өрілген
Бейнесімен көрінген.
Сұңғақ дене, түп-түзу,
Сымбатымен керілген,
Киімге кесте төгілген,

Алтын таспа балтырда,
Сандалға өрнек терілген,
Шашбауына жиектеп Зерлеп
алтын өрілген, Бейнесімен
берілген
Келіп солай көрінген. [2, 5:19.78]
Барасман бума қолына
Ұстай келіп еніп тұр,
Салтанатты қалпына
Жарасымын өріп тұр, Алтын
құйма төрт қырлыҚұлаққа
сырға келіп тұр, Мойында
асыл алқасы Ажарға өң беріп
тұр, Буынғанда қыпша бел,
Қаз омырау керіп тұр, Сұлу
сымбат келісті,
Көз суырып көрік тұр. [2, 5:30.128]

Текті жаралған иазат-арудың жүріс-тұрысы, киім киісі де ерекше:

Арду Сура Анахит Иығына
жамылған Құндыз тонның
ерегі – Үш жүз құндыз тері
еді,Төрт түлеген шағында,
Терісі жақсы бабында,
Жүні жетік уағында Алу
үшін аңдаған, Талғап бәрін
таңдаған.
Иі қанық берілген, Шебер
тігіп өрілген, Таңғажайып
терілген – Тұтас күміс
төгілген, Алтынменен
шегілген, Қарағанда
құбылып, Жымдас солай
берілген:Алтын менен
күмісі
Кезектесе көрінген. [2, 5:30.128]

Арду Сура Анахит адам тілегін рухани тұрғыдан ғана орындап қоймайды, керек кезде қол күшімен көмектеседі. Мысалы, наутарлық Устару өзеннен үстіне су тигізбей өткізуін сұраған сәті:

«Арду Сура Анахит,
Берші солай сәттілік –
Утан Хухат өзеннен Су
тигізбей өтейін,
Құп-құрғақ қып үстімді
Арғы бетке жетейін». [2, 5:19.77]Арду
Сура Анахит
Тілегін оң еткізді,
Утан Хухат өзеннің
Жоғарғы суын теткізді,
Төменгі суын кеткізді –Су
тигізбей үстіне
Оны солай өзеннен
Арғы бетке жеткізді,
Құп-құрғақ қып өткізді. [2, 5:19.78]

Және бір мысал. Паруа атты теңізшіні Траитауна қаршыға бейнесіне енгізіп,көкке ұшырып жібергенде, оны Арду өзі келіп құтқарады:

Ардуға Сура сыйынған
Пауруа ақын дана еді, Ол
майталман теңізші Болған
өзі жан еді,
Жеңіскер сарбаз Траитауна
Көкке оны лақтырып Қаршыға
бейне дем берген –
Пауруа сол пәрменмен
Заңғар көкте сенделген. [2, 5:16.61]Үш
күн, үш түн самғапты, Самғаудан бір
танбапты,
Өз үйінің үстіне Төмендей
де алмапты –Қайтар амал
қалмапты.

Үшінші түн өткенде,Таң
шапағы өпкенде, Арду
Сура Анахит
Жұлдызы туып жеткенде,
Пауруа соған сыйынып,
Жалбарынды қиылып: [2, 5:16.62]
«Арду Сура Анахит,
Жәрдемге тез келе гөр,
Маған көмек бере гөр!
Ахура берген жеріме,
Ранха суға, еліме,
Тірі жетсем үйіме,
Түссем бағзы күйіме,
Дәстүрге сай тазалық
Сүзіп алған таза ғып,
Сүтті хаума таза алып,
Заутрамен саз анық Мың
мәрте сенің өзіңе
Сыйынайын таза құп». [2, 5:16.63]Арду
Сура Анахит
Оны мықтап құшады,
Төменге қарай ұшады. Қас
қағым сәт шегінде Ахура
берген жеріне, Ранха суға,
еліне, Жұмысқа да алымды,
Сап-сау, күшті, қарымды,
Түсіріп бағзы күйіне,
Жеткізді аман үйіне. [2, 5:16.64]

Өзге иазаттар бейнесінен де мысалдар келтірейік.

Жаратушы жаратқан Мириад
көз, мыңқұлақты,Митраны
ерен ғып, Алданбайтын
ешімге Ақылды, шебер өрен
ғып.Қырағы,бәрін көретін,
Сөзді шешен өретін,
Шақырғанға келетін, Қуатты,
күшті күзетші Тіп-тік түзу
жүретін,
Қаруы сай ілетін, [2, 10:15.61]

Аша Уахиш жақсы нықКөк
арбасы жонында,
Соғысарба тізгіні Ұстаған
өз қолында.
Көк әлемі пырақтары,
Көлеңкесіз бірақ бәрі – Ақ
шұғыла түрге еніп, Мөлдір,
тұнық түрленіп,Кеңістікте
көсілген Алып ұшып
есілген; Маздалық Уаңху
Даина Қолдаған оны
тегінде; Оның жолын
ашатын Упамана Дамаи да
Тәңірлік Жеңіс көгінде.
Қорқатын бәрі осыдан:
Друғулар жосыған,
Уарналықтар тосылған, Дәу
атаулы тосыннан,
Бәрі содан шошынған. [2, 10:17.68]

Митраның қолының ішіндегі жойқыны – Қабан бейнесіндегі Уарат-Ағна:

Уаратр-Ағна иазаты
Алдында ұшып баратын
Ахура-Мазда жаратқан
Бейнесімен сара тым: Дүлей
Қабан дара тым, Зәресін
жаудың алатын,Азуы –
ажал араны Сестірместен
жаратын,
Теңбіл тұмсық салымды,
Әбжіл дене алымды, Тұла
бойы қарымды, Ашуланса –
ажал ол, Құтырынса – тажал
ол, Баз кештірер өмірден,
Алғы-артқы аяғы Барлығы
да темірден,

Шықшыт, құйрық, сіңірі, Тамыры да
темірден. [2, 10:18.70]

Жауға солай шабатын,Оқтай
зулап салатын, Қашса қуып
алатын, Аясына баратын,
Қақ айырып жаратын,
Ерлігімен дара тым.
Оны місе көрмейтін,
Қаперіне ілмейтін, Тірлік
тіні – жұлынынҮзгенінше
жауының Ойына түк
кірмейтін –
Жеңгенін де білмейтін. [10:18.71]
Сүйек, тері, жүнін де,
Қаны, миы, түгін де
Топырақпен аралас Жерге
илеп салатын, Митраға
қарсылас Жарандардың
санатын
Солай етіп жаратын. [10:18.72]

Жоғарыдағыларды түйіндесек, иазаттар есімдерін қазақ тіліне аударып беру сөзтіркестерімен шатастыруға әкелуі ықтимал екен. Күрделі атауларды дефиспен жазу емлесі ұсынылды. Өзге тілдерге тән дыбыстар мен дыбыс тіркестерін қазақ тіліне бейімдеп жазу жолдары көрсетілді. «Зара Туштра» пайғамбардың аты болумен бірге, діни қызмет атауын білдіретіні анықталды. Ғаталар Зара-Туштраның өзіне ғана тән және оның өз тайпасы ішінде дүниеге келген туындылар деп саналады. Ол толыға келе, иасналарды құрайды. Иасналар Ахура-Мазда мен Мәңгілік Әулиелерге, иазаттарға сыйынуға арналған ерекше құрылымды жырлар. Мұнда Зара-Туштраның дінінің негіздері қаланған. Ол алғаш монотеизмге негізделсе, кейін дуалистік сипат байқалады. Оны тіршіліктің қарама-қарсылық заңының негізінде туындаған заңды құбылыс деп танимыз. Бұл діннің философиялық астарын ашады. Қарама-қарсылық заңдары жойылған сәтте дүние қозғалыстан айырылып, өлі тыныштыққа айналады.

Мазда-иасна дінінің киелі тұғыры – жақсы ой, жақсы сөз және жақсы іс үштігі. Бұларға қарсы Анхра-Мани жаман ой, жаман сөз және жаман іс үштігін түзеді. Ашауан адам өмір бойы жақсылық үштігін жиып өтуі тиіс. Адам бойындажақсылық үштігі басым болса – оның жаны жұмаққа барады; жамандық үштігі басым болса – тозаққа түседі; екеуі тең болса – дүние соңына дейін аралықта күтеді.

Иазаттар Зара-Туштра дәуірінен бұрын өз алдына дербес құдай болған рухани күштер. Монотеистік дін мақсатын көздеген Зара-Туштра бастапқыда оларды иазаттар санатына кіргізбейді. Бірақ пайғамбар дүниеден өткен соң, шәкірттері олардың кейбірін (Митра, Хаума, т.б.) иазаттар қатарына қосады. Иаштардан сол кездегі салт-дәстүрлер, парадат және қауаи патшалары мен батырлары туралы мағлұматтар алуға болады.

Зара-Туштраға дейінгі дәуірдегі құрбандыққа жылқы, сиыр, қой шалу, заутра тарту, хауманы мадақтау, құрбандық шалуға болмайтын жағдайлар, т.б. ғұрыптар иаштарда қайта бой көтереді. Мазда-иасна діні қанды құрбандықты құптамайды, тек заутра (қансыз құрбандық) тартуды ұсынады.

Иаштарда иазаттар алуан бейнеде көркем кестеленіп берілетін тұстар аз емес. Мысалға Арду Сура Анахитты алайық. Арду бірде бу, бұлт, бірде тамшы, шық,бірде қақ, тоспа су, бірде бұлақ өзен, көл, теңіз болып толқиды. Ол қаһарлы иазат, текті ару бенесінде көрінеді. Иазат адам тілегін рухани тұрғыдан ғана орындап қоймайды, керек кезде қол күшімен көмектеседі. Иазаттар майданға аттанғанда, Митраның қолбасшы батырлары қатарын құрады. Олардың ерлік тұлғалары қазақтың батырлар жыры тәрізді түрлі теңеулерге бай болады. Иазат қанша құдіретті болғанмен, ол адамның сыйынуына мұқтаж екендігі көрінеді. Егер адамдар сыйынбаса, иазат бар мәнінен айырылып, ешкімге керексіз болып қалады. Сондықтан адам иазатқа сыйынып, иазат адамға көмектесіп, бір-бірініңмұқтажын өтейді.

Біз Авестаның дінтану, философия, тарих, әдет-ғұрып, тіл, әдебиетке қатысты жақтарымен таныстырдық. Авестаны түпнұсқадан аударып, терең зерттеп, ел игілігіне жарату болашақтың үлесінде деп білеміз.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1 Авеста: Иасна/ Ауд. Аюбай К. Қолжазба. – 2023, 250 б.

2 Авеста: Иашт/Ауд. Аюбай К. Аюбай М.–Алматы-Болашақ АҚ–2023, 320 б.

3 Алшанов Р. Жиырма мыңжылдықтың құпиясы: ізденістер мен ашылымдар. Толықтырылған төртінші басылым. – Алматы: Қазақстан Республикасы Жоғары оқу орындарының қауымдастығы, «Тұран» университеті, 2020. 466 –бет

4 Блаватская Е. Зороастр в «Истории» и Заратуштра в тайных анналах.// ru.teopedia.org›lib/Блаватская…истории…Заратуштра

5 Буркітбаев А. Ақбата. – Алматы: Айдана, 2002.

6 Ежелгі дәуір әдебиетінің антологиясы. 5 томдық. т.1 Исламға дейінгі әдеби жәдігерлер Құраст.: О.Д. Бекжан, Т.Е. Қыдыр. –Алматы: Evo Press – 2019.

7 Қазақ халқының философиялық мұрасы. XV кітап./ Құрастырушылар Ә.Н.Нысанбаев,А.Г.Косиченко. Аударғандар: Б.Жұматаев, Н.Әшіров, Қ.Жамалов, Б.Сатершинов, М.Кенжебай – Астана: Аударма, 2007.

8 Қазақтың тәлімдік ойлар антологиясы. Онтомдық. 3-том. Көне жазба мұралар тағылымы (б.з.б. 1-мыңж.–XV ғ. соңы). Құраст.: Қалиев С.Қ., Аюбай К.Қ. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2007.

9 Тарих – адамзат ақыл-ойының қазынасы. Онтомдық. 1-том. Ежелгі Шығыс. Құраст.: Мәжитов С.Ф., Каженова Г.Т., Оспанов С.И., Смақов Ж.Ж. – Астана: Фолиант, 2005.

10 Шәлекенов-Баласағұни У.Х. Орталық Азиядағы ариилердің өркениеті. – Алматы «Қазақ университеті» 2011. – 207 б.

11 Шервё.П. О. Заратуштра как основатель новой религии. Разбор аргументов П.О. Шервё.// https://bahmanjon.livejournal.com/70993.html

ХРИСТИАНДЫҚ ЖАҢА ДІНИ ҰЙЫМДАРДЫҢ ИДЕОЛОГИЯСЫМЕН ДІНИ ТӘЖІРИБЕЛЕРІНІҢ ЕРЕКШЕЛІГІ

Мустафина Ж.Д.
философия докторы (PhD), аға оқытушы, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті,
Ақтөбе қ., Қазақстан Республикасы
Мәден А.Т.
т.ғ.к., доцент,
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті,
Ақтөбе қ., Қазақстан Республикасы

Аннотация. *Мақалада қазіргі кезеңдегі христиандық жаңа діни ұйымдардың идеологиясы мен діни тәжірибелерінің ерекшелегі талданады. Жалпы діntанулық ғылымда жаңа діни ұйымдарды нақты сыныптау қалыптаспаған. Өйткені олар өздерінің мақсаты, құрылымы, идеологиясы*

және діни тәжірибелері тұрғысынан әр алуан. Мақалада авторлардыңАлматы қаласында жүргізген далалық зерттеу жұмыстарының нәтижелері келтірілген.

Жаңа діни ұйымдардың идеологиясы мен діни тәжірибелеріндегі ерекшеліктер олардың Иса Мәсіхке деген көзқарастарынан, құлшылық ету, құпиялықты ұстану, шоқыну, нан үзіп ауыз тию, салт-жораларды, мерекелерді атап өту және тағы басқа діни канондар мен жоралғылардыатқаруға байланысты болып отыр. Авторлар жаңа діни ұйымдардың діни сенімі мен тәжірибелеріндегі осы айырмашылықтар олардың дәстүрлі христиандық діндерден алшақтығын көрсетеді, тіпті оларға қауіп төндіреді деген қорытынды жасайды.

Түйін сөздер. *Дін, протестантизм, жаңа діни ұйым, идеология, діни тәжірибе.*

Қазіргі дінтану ғылымындағы өзекті мәселелердің бірі – жаңа діни ұйымдардың таралуы, олардың діндер жүйесіндегі алатын орны болып табылады. Олардың қызметімен танысып, діни идеологиясы мен тәжірибелерінің ерекшеліктерін айқындау өзекті. Қазіргі дінтанулық әдебиеттерде жаңа діни ұйымдарды «дәстүрлі емес діндер», «жаңа діни қозғалыстар», «жаңа діни ұйымдар» деп атау қалыптасқан. Бүгінгі күні жаңа діни ұйымдар әлем елдерінің діни дәстүрінің ажырамас бөлігіне айналды. Өйткені, жаңа ғасырда жаңа діни қозғалыстар белсенді дамыды, жаңа секталар пайда болды. Өткен ғасырдың 90-жылдарынан бастап біздің елімізде де христиандық бағыттағы жаңа діни ұйымдардың қызметі жандана түсті. Нәтижесінде қазіргі таңда елімізде протестанттық және басқа христиандық бағыттағы көптеген жаңа діни ұйымдар ресми тіркеліп, жұмыстарын жалғастырып жатыр.

Бүгінгі күні кең таралған жаңа христиандық ұйымдар Құдай Балалары, Елуіншілер, Методистер, Евангелшіл христиандар, Жетінші күн Адвентистері, Ехоба куәгерлері, Соңғы күн әулиелері Иса Мәсіхтің шіркеуі (мормондар), Жаңа апостолдық шіркеу, Соңғы Өсиет шіркеуі, Бірлестік шіркеуі (муниттер), Христиан ғылымы (Христиандық ғылым шіркеуі, Мәсіхтің ғылыми шіркеуі), Ақ Ағайындық болып табылады. Жоғарыда аталған барлық діни қозғалыстар католик шіркеуінен кейін тұрған ең үлкен христиандық конфессия – протестантизмнен бастау алады. Протестантизмнің даму тарихы ол әуел бастан ыдырап, үш басты тармаққа: лютерандық, кальвинизм (немесе реформаторлық) және англикандыққа бөлініп кеткендігін көрсетеді. Бұл бағыттар өз кезегінде ондаған жаңа христиандық конфессияларды құрды.

Сонымен, жаңа христиандық ұйымдардың идеологиясы мен діни тәжірибелерінің ерекшелігі неде? Біздің ойымызша, бұл бағыттағы орталықмәселелер – Иса Мәсіхтің Екінші келуі, Құдайға құлшылық ету, Құпиялық, Шоқыну, Нан үзіп ауыз тигізу (причастие), шарапаттылық, салт-жоралар, мерекелер және т.б. болып табылады. Жаңа христиандық діни ұйымдардың идеялық-тәжірибелік ерекшеліктері діни ғұрыптарға, салт-жоралар мен рәсімдерге деген көзқарастар айырмашылығынан туындайды.

Протестантизмнің негізін қалаушылар өз қызметтерін дәстүрлі шіркеулердің рәміздері: иконалар, киелілерін, құпиялықтарын, салтанатты құлшылық рәсімдері мен мейрамдарын жоққа шығарудан бастады. Осы жоққа шығару үдерістері протестантизмде орын алған сектанттық тенденциялардың дамуымен күшейе түсті. Уақыт өткен сайын діни қозғалыстар өздерінің діни ілімінде дәстүрлі христиандықтан соншалықты алыстап, тіпті олардың кейбірінде (Ехоба куәгерлері, мормондар, муниттер) Үштік ретіндегі Құдайтуралы жалпы христиандық түсініктер жоққа шығарылды. Сонымен жаңа христиандық қозғалыстардың Сенім рәмізінде қандай айырмашылықтар бар? Қазіргі таңда жаңа діни қозғалыстарда құпиялық бар ма, олар түрлі діни жоралғылар мен рәсімдерді қалай орындайды? Міне, осы сұрақтарға жауап беруге тырысамыз. Протестанттық діни ілімге Үштік ретіндегі Құдай туралы, олардың жандарының мәңгілігі туралы, тозақ пен жұмақтың өмір сүруі туралы, тұңғыш күнә туралы, Иса Мәсіхтің кешірім үшін құрбандығы жөніндегі, Інжілдің рухтандырушылдығы туралы жалпы христиандық түсініктер негіз болады. Сол сияқты протестантизмде Мартин Лютердің «тек бір сеніммен ақтап алу» жөніндегі тұжырымдамасы негізге алынады, сондықтан да адамды құтқару үшін Шіркеудің делдалдығы керек емес және протестанттардағы діни ілімнің жалғыз көзі Інжіл болып саналады [4, 209 б.].

Жаңа христиандық діни ағымдардың шіркеудің делдалдығын қажет етпеуіне біз далалық зерттеу барысында көз жеткіздік. Біріншіден, аталған діни бірлестіктердің ешқайсысы біздің дәстүрлі түсінігіміздегі әдемі әшекейленген шіркеу немесе храм сияқты ғимараттарда орналаспаған. Олардың көпшілігі қарапайым ғимараттарды жалға алған. Дегенмен бұл олардың шіркеуді жоққа шығаруын білдірмейді. Олар шіркеуді Иса Мәсіхтің денесі деп есептейді. Екіншіден, Құлшылық ету үйлерінің ішкі интерьері өте қарапайым, көздің жауын алатындай діни сипаттағы ешқандай бұйымдармен жабдықталмаған. Орталық бөлмеден қабырғаға бекітілген тек айқыш пен Інжілдің макетін көругеболады. Өйткені, оларға басқа діни атрибуттар мен бұйымдар қажет емес. Олар онсыз-ақ Құдаймен тікелей қарым-қатынас орнатамыз деп сенеді. Белсенді қызмет етіп жатқан жаңа діни ұйымдардың бірі - Ехоба куәгерлері ұйымы. Ехоба куәгерлері өздерін христианбыз деп атайды, бірақ Қасиетті Үштікті жоққа шығарады және Құдай ретінде тек Құдай-Әкені – Ехобаны мойындайды. Олар Иса Мәсіхті Ехоба жаратты деп есептейді, осылайша бүкіл христиан дінінің негізгі догматикалық ұстанымдарының бірі – Құдай Ұлының біртұтастығын жоққа шығарады. XIX ғасырдың бірінші жартысында құрылған Соңғы күн әулиелері Иса Мәсіхтің шіркеуі (мормондар), унитариандық ілімі сол сияқты Никейлік Сенім рәмізін, яғни Құдайдың Үштұғырлылық қағидасын мойындамайды. Жоғарыда аталған діни ұйымдардың шіркеулерінен сіз ешқандай айқыш, иконалар таппайсыз. Мысалы, Ехоба куәгерлері Иса Мәсіх айқышқа емес, бағанаға керіліп шегеленді деп есептеп, христиандықтың рәмізі – айқышты қабылдамайды [2, 161 б.]. Олар айқыш «жауыздық» [3, 103 б.] және пұтқа табынушылықтың рәмізі болып саналады деп есептейді, ал христиандардың өзін пұтқа табынушылар деп атайды. Осылайша, біз Үштікке

деген сенім мәселесінде дәстүрлі христиан дінінен айтарлықтай ауытқу болып табылатын түбегейлі айырмашылықты көреміз.

Жаңа діни ұйымдарда құдайға құлшылық ету және басқа да жоралғыларынан айтарлықтай айырмашылықтарды байқауға болады. Мәселен, протестанттарда құдайға құлшылық ету шіркеу әнұрандарын айтудан, бірлескен дұға жасау, Қасиетті Жазбалар мен уағыздарды оқудан тұрады. Сонымен ғибадат етуде қандай да бір дениоминациялық ерекшеліктер бар ма? Осы ретте, квакерлерде құдайға құлшылық ету өте қарапайым түрде орындалады. Оларда жоғарыда айтқан әнұрандар айтылмайды, уағыздар жасалмайды, бекітілген дұғалар болмайды. Кез-келген адам өзінің өмірлік тәжірибесіне сүйеніп, ойларын айта алады. Бұл оларда «ауызша сөйлеу рәсімі»,
«сөздік пастырлық» деп аталады.

Баптистердегі құдайға құлшылық етуді де ғибадат етуден гөрі мектеп деп айтсақ болады. Бұл тұрғыда, православие діни ғибадатында негізінен дұға жасалса (дұғаның өзі Псалмдарды айтушы Дәуіт пен Қасиетті Әкейлердің рухани тәжірибесінің жемісі саналады), баптистер көп жағдайда Інжілді оқиды, оның мәтіндерін зерттеумен және түсіндірумен айналысады, пастордың уағыздарын тыңдайды, кейде тіпті дін тақырыбында фильмдер қарайды. Олардың діни әндері – бұл негізінен «ауызбіршілігі мол, қуанышты отбасы ретінде Мәсіхтің жолымен жүреміз...» деген сияқты өздері шығарған әнұрандар, ал дұғалары – шынайы болғанымен, жүйесіз, қарапайым әрі үстірт болып келеді. Жалпы алғанда, протестанттардың көпшілігінің дұғалары формальді әрі қысқа болып келеді және де олардың рухани өмірінде басты орын алмайды [5]. Баптисттерде шіркеу керек-жарақтарына қатысты да көзқарас ерекше. Баптистер жаңа протестанттар сияқты сыртқы атрибуттарды қабылдамайды – сіз олардың үйлерінен иконаларды, шіркеу керек-жарақтарын таппайсыз [6]. Алматы қаласында орналасқан Евангелшіл христиан- баптистердің «Альфа және Омега» екінші Алматылық шіркеуінен де жоғарыда айтылған мәселелерді көрдік. Орталық үлкен залда сахна орнатылған. Сахна бейне көрсету мен дыбыс ұлғайтқыш заманауи техникалармен, музыкалық аспаптармен жабдықталған. Келушілерге арнап шіркеудің тарихын көрсететін музейді аралату, фильмдер көрсету, үгіт-насихат материалдарын тарату, дастархан басында өзара сенімді әңгіме жүргізу сынды кешенді шараларды жүзеге асыру жоспарланған. Адвентистер құдайға құлшылық ету барысында Біздің Әкей дұғасын оқымайды. Олар мүлдем қандай да бір жаттанды дұғаларды мойындамайды. Олардың дұғалары еркін импровизациялық сипатқа ие. Елуінші күндік ғибадат етуде кейде глоссолалия қолданылады. Харизматикалық бағыттағы бірқатар американдық және латынамерикандық қауымдастықтарда шіркеудегі құдайға құлшылық ету барысындағы Киелі Рухтың кенеттен біреулерге түсуі туралы ілімге байланысты экспрессивті көріністердің орын алуы қабылданған. Католиктік діни рәсім элементтері англикандар мен лютерандарда сақталған. Айталық, ғибадат ету кезінде сенушілер орындықтарда отырады, олар тек дұға немесе литургияның ең маңызды сәттерінде орындарынан тұрады (немесе кейде тізерлеп отырады). Шіркеу керек-жарақтарынан шам, ладан және алтарь сақталған.

Протестантизмде құлшылық ету жүйеленген бе? Лютерандар мен англикандар арнайы ғибадаттық ережелер бойынша рәсімдерді атқарады, ал Жаңаапостол шіркеуінде ғибадат ету тәртібін жоғарғы шіркеу басшылығы анықтайды. Қалған барлық басқа деноминацияларда ғибадат ету белгіленген тәртіп бойынша жүргізіледі, әндер мен уағыздардың мазмұнын қауымдастық басшылығы бекітеді. Квакерлерде құлшылық ету керісінше жүйесіз, үстірт жүргізіледі. Басқа христиан-протестанттар сияқты айқышты, иконаны құрмет тұтпайды, монахтық институтты мойындамайды, әулиелердің қасиетіне, киелі заттар мен орындарға табынбайды. Бірақ лютерандар және басқа да деноминациялардың шіркеулерінен інжілдік тақырыптағы суреттерді, фрескалар мен витраждарды кездестіруге болады. Сондай-ақ, протестанттар шіркеуге келушілерді қатардағы сенушілер және діни қызметкерлер деп бөлмейді. Олардың бұл тұрғыдағы ілімдері кезінде Лютермен әзірленген «жалпыға бірдей діни қызметкерліктен» шығады. Олардың дұға жиналыстары Інжілді оқудан, уағыздардан, дұғалардан және діни әнұрандарды орындаудан тұрады.

Протестанттық құлшылықта әуендер қолданыла ма, оның маңызы қандай? Лютерандар мен англикандарда ғибадат ету барысында орган қолданылады, ал амиштерде музыкаға мүлдем тыйым салынған. Барлық басқа шіркеулерде түрлі музыкалық аспаптарды қолдануға болады. Бірқатар евангелиялық және харизматикалық қауымдастықтарда құлшылық ету рок стилінде (кейде тіпті «рэп» және «метал» стилдерінде) жүргізіледі. Есте қаларлық әуендер, заманауи стиль және қарапайым сөздер келушілердің тек ғана бақылаушылар емес, ғибадат ету рәсіміне қатысушы болуға да мүмкіндік береді.

Дәстүрлі христиан дініндегідей протестанттарда да «құпиялықтар» түсінігі бар, бірақ ол жай ғана рәміздік әрекет ретінде қабылданады. Квакерлерде, Құтқару Армиясында, унитариандарда «құпиялылықтар» түсінігі жоқ, ал шоқыну және причастие рәсімдері міндетті емес. Православие шіркеуінде шоқыну, мир майын жағу, нан үзіп ауыз тию, тәубеге келу, қасиеттілік, неке қию, зәйтүн ағашымен аластау сынды жеті құпиялықтың мойындалатынын жоғарыда айтқанбыз. Жаңа деноминациялар осы құпиялықтар саны бойынша бір-бірінен ерекшеленеді. Англикандарда – жетеу, олар православие мен католиктердегі біз келтірген барлық құпиялықтарды мойындайды. Жаңаапостол шіркеуінде – үшеу (шоқыну, Киелі Рухпен қорғау, нан үзіп ауыз тию). Қалған барлық деноминациялар құпиялық ретінде шоқыну мен нан үзіп ауыз тиюді (кейбір жағдайларда – Мәсіхпен өсиет етілген жәй ғанарәміздік әрекеттер ретінде) мойындайды, ал басқа рәсімдер – тек ғана жоралғылар ретінде қабылданады [7, 138-163 бб.]. Адвентистерде шоқыну, нан үзіп ауыз тию, басына қолын қою, неке қию, жерлеу секілді құпиялықтар жоқ. Олар жоралғылар ретінде ғана өткізіледі. Шоқыну рәсімі (суға батыру) – бұл алғашқы және маңызды христиандық құпиялық болып саналады. Оны барлық христиандық конфессиялар бірдей мән-мағынада болмаса да мойындайды. Шоқыну арқылы адам Шіркеу мүшесіне айналады. Шоқынудан өткеннен кейінғана адам шіркеудің барлық басқа құпиялықтарына, оның ішінде, ең алдымен,

Евхаристия немесе нан үзіп ауыз тию рәсіміне қатысуға мүмкіндік алады. Шоқындыру рәсімі адамды суға батырудан (конфессияның ерекшелігіне орай – бір немесе үш рет) немесе шоқынуды қабылдап жатқан адамға діни қызметкердің белгіленген дұғаларды айтуымен бірге су құюдан тұрады.

Тарихи шіркеулерде, сондай-ақ лютеран мен англикандарда шоқыну құпиялыққа жатқызылады. Ал басқа протестанттық шіркеулерде шоқыну рәміздік жоралғы ретінде қабылданады. Протестантизмде Мәсіхке саналы түрде сенетін немесе діндар ата-аналардың балаларын (балалардышоқындыруды мойындайтын шіркеулерде ғана) шоқындыру рәсімінен өткізеді. Сол сияқты англикандар, лютерандар, пресвитериандар, конгрегационалистер, реформаторлар, гернгутерлер, методистер және Жаңаапостолдық шіркеу балаларды шоқындыру рәсімін орындайды. Гуттериттер, баптистер, данкерлер, адвентистер, Мәсіхтің Шәкірттері (Мәсіхтің Шіркеуі) және елуіншілер тек ересектерді шоқындыру рәсімін мойындайды (әдетте 12-18 жастағылар, гуттериттерде – 20-30 жас). Бұл шіркеулерде балаларға әдетте туылған кезінде Пастор батасын береді, олар құлшылық ету рәсіміне қатыстырылады, бірақшіркеу мүшелері болып саналмайды.

Мормон Шіркеуінде сегіз жасқа толмаған адамды ешқашан шоқындыру рәсімінен өткізбейді. Сегіз жас балалардың өздерінің күнәлары үшін жауап беретін жас ретінде белгіленді, өйткені, олар осы жаста дұрыс пен бұрыс нәрсені өз бетінше ажырата алады және өздерінің әрекеттері үшін жеке жауап береді деп саналады [8]. Лютерандар, англикандар, пресвитериандар, меннониттер, методистер сумен шоқындырудың түрлі формаларын мойындайды: рәсім барысында олар су құюды жиі пайдаланады, ал методистер шоқынуды қабылдаушыға су бүркиді. Евангелшіл христиан-баптистерде, адвентизмде, елуіншілерде, Жаңаапостолдық шіркеуде, Мәсіхтің Шәкірттерінде, мормондарда шоқындыру рәсімі тек толық суға батыру арқылы жасалады. Данкерлерде шоқынушы адам үш рет бетімен суға батырылады.

Мормондарда шоқындыру рәсіміне қатысты тағы бір ерекшелік бар, ол о дүниелік болған адамды шоқындыру. Бұл басқа ешбір ірі христиандық конфессияларда қолданылмайды. Рәсім барысында тірі адам қайтыс болған адам үшін жанама түрде шоқынудан өтуі мүмкін. Марқұмның есімі аталатын қысқаша дұғадан кейін делдал адам аз уақытқа суға батырылады. Осылайша, марқұм болған адамды шоқындыру – мормонизмде жеке құпиялық болып есептеледі.

Мормондар марқұмды делдал арқылы шоқындыру рәсімінен өткізгеннен кейін, олар тірі кезінде Иса Мәсіх немесе оның ілімдері туралы білмесе де, жұмаққа жете алады деп сенеді. Олар қайтыс болғаннан кейін шоқыну рәсімінен өткен адам оны қабылдауы немесе одан бас тартуы мүмкін деп санайды.

СКӘИХШ-нің (мормондар) 12 жас және одан асқан кез-келген мүшесін ғибадатхана қайтыс болған адам үшін шоқыну рәсімінен өте алатын орынбасары ретінде ұсына алады. Ғибадатханаға кіру үшін ер адамдар діни қызметкердің басына қолы қойылып таңдаудан өткен болуы тиіс. Шоқыну

рәсімінен қайтыс болған ер адамның орнына ер адам, ал әйелдің орнына – әйел адам өтуі керек [1, 158 б.].

Христиандық жаңа діни ағымдар арасында причастие немесе нан үзіп ауыз тию құпиялығына да түрлі ұстанымдар қалыптасқан. Дәстүрлі христиан діні үшін нан үзіп ауыз тию – ең басты Құпиялық. Оның мәні Мәсіхтің Тәні менҚаны деп есептелетін шарап пен нанды ауыз тию арқылы адам Құдайдың өзімен бірігеді дегенге саяды. Причащение рәсімі адамға тек эмоционалдық жағынан емес, сол сияқты тәндік, физикалық, яғни толықтай Құдаймен бірліктеболуға мүмкіндік береді.

Христиандық конфессиялардың ішінде лютерандар мен гернгутерлер аталған рәсімге, яғни Мәсіхтің Тәні мен Қанының нақты нан мен шарапта болатындығына сенеді. Ал қалған деноминациялар нан мен шарапты жай ғана рәміз деп санап, бұл ілімді сол контексте қабылдамайды. Нан үзіп жеу рәсіміне қауымның ересек мүшелері ғана қатыса алады. Англикандарда кейбір жағдайларда нан үзіп жеу рәсіміне конфирмациядан (дінді саналы түрде ұстану) өтпеген балалар да қатыстырылуы мүмкін. Құлшылық ету кезінде шіркеу қызметкерлері нан мен шарап (методистерде, адвентистерде, Мәсіхтің Шәкірттерінде, кейбір харизматикалық қауымдастықтарда шараптың орнына жүзім шырыны ұсынылады) таратады. Амиштер мен данкерлер, сондай-ақ бірқатар баптистік, адвентистік және елуіншілер қауымдастықтарында нан үзіп ауыз тию алдында Құпия кештің бір элементі ретінде аяқ жуу рәсімі жасалады [9].

Біріккен Шіркеу мүшелерінің нан үзіп жеу рәсімі үлкен қызығушылық тудырады. Қауымдастыққа кірген жаңа мүшелер Мун Сон Меннің «қаны мен тәніне» «ерекше шарапты» ауыз тию арқылы қосылады, оның құрамына басқа компоненттермен бірге қасиетті Мунның қаны кіреді. Бұл атететің тазарынуын білдіреді [10, 105 б.]. Діни салт-жоралар мен рәсімдер жаңа христиандық конфессиялардың идеялық және рәміздік ерекшеліктерін анықтауда маңызды элементтер болып саналады. Көптеген протестанттық діни ұйымдарда шоқындыру, нан үзіп ауыз тию, неке қию, тәубеге келу сияқты құпиялықтар рәсімдер ретінде орындалады. Олармен бірге басына қолын қою, жерлеу, конфирмация және тб. рәсімдер өткізіледі.

Конфирмация рәсімі – бұл көпшілік алдында дін жолына келу (лютерандықта, англикандықта және реформаторлықта шоқынудан кейін, албаптизмде, адвентизмде және елуіншілерде шоқындыру алдында жасалады). Конфирмация рәсімі катехизациядан (адамның шоқынуды қабылдау алдында христиан діні негіздерін танып, оқып білуі) кейін және де саналы жасқа жеткен соң орындалады. Мәселен, ол лютерандарда 13-14 жаста, ал англикандарда – 14-16 жаста жүргізіледі. Лютерандарда оны пастор, ал англикандарда епископ ұйымдастырады. Жаңаапостоль шіркеуінде мән-мағынасы бойынша мир майынжағу құпиялығына ұқсас «Киелі Рухпен қорғау» (дұға жасап, бата бере отырып басына қолын қою) рәсімі бар, оны тек апостол орындайды.

Тәубеге келу рәсімі белгілі бір түрінде кальвинистік дәстүрдегі шіркеулерден басқа көптеген деноминацияларда қалыптасқан. Мәселен гернгутерлер үшін ол міндетті рәсім (причастие алдында орындалады). Оның

барысында тәубеге келуші пасторге немесе жеке ұстазына өзінің күнәлары туралы айтады. Методистерде причастие алдында жалпы түрде тәубеге келу қолданылады. Амиштерде ауыр күнә жасалған жағдайда тек жұрт алдында тәубеге келу ғана мойындалады.

Адвентистер баптисттік салт-жораларды (шоқындыру, нан үзіп ауыз тию, неке қию, басына қолын қою) сақтай отырып, бесінші – нан үзіп ауыз тию алдында аяқтарын жуу рәсімін енгізген. Оның барысында ер адамдардың аяқтарын ерлер, әйелдердікін әйелдер жуады. Бұл рәсім қоғамның барлық мүшелерінің теңдігін, кішіпейілділік пен адамдардың бір-біріне қызмет етуге дайын болуын білдіруі керек. Шіркеудің барлық мүшелері үшін өз табыстарының оннан бір бөлігін қауымдастықтың кассасына төлеу міндеттіболып есептеледі [1, 218 б.]. Неке қию немесе күйеу жігіт пен қалыңдыққа бата беру рәсімі протестанттық деноминациялардың көпшілігінде қалыптасқан. Англикандар мен лютерандарда неке қию рәсімін ерекше жоралғылармен пастор жүргізеді. Қалған басқа деноминацияларда ант беру рәсімінің орны мен өткізілу формасы ерікті болып келеді.

Протестанттық деноминацияларда жерлеу рәсімі де дәстүрлі христиандықтан ерекше өтеді. Лютерандар мен англикандардың жаназа оқурәсімі көп жағдайда католиктерге ұқсас. Протестанттық деноминациялардың көпшілігінде марқұмға арнайы салттық киімдерді кигізу қарастырылмаған, жерлеудің нақты уақыты және жерлеу рәсімінің қалыптасқан ережесі де жоқ. Өлген адамды табытқа арқасымен жатқызады, қолдарын көкірек тұсына біріктіреді. Табытқа марқұммен бірге рәміздік немесе жеке заттары қойылмайды. Көптеген батыстық қауымдастықтарда кремацияға рұқсат етіледі және қолданылады. Жерлеу рәсімін әдетте шіркеу ғимаратында пастор жүргізеді. Бұл рәсім тірі адамдарға марқұмның міндетті түрде қайта тірілу үмітін жария ете отырып, оның жанын Құдайға тапсыруды білдіреді. Аруақтар рухы үшін дұға жасалмайды [9]. Сонымен, жаңа христиандық дін ағымдардың идеологиялық және рәміздік ерекшеліктерін талдау барысында біз жасаған тұжырымдар мен қорытындылар жаңа христиандық діни тенденциялардың дәстүрлі діндер негізінде емес, әртүрлі діни ұйымдар, культтар мен секталар негізінде пайда болғандығын көрсетеді. Жаңа діни ағымдардың ілімдері әртүрлідіни мәдениеттерден тұрады, осылайша синкретикалық қоспаны құрайды.

Жаңа діни ағымдар өмірге діни жетілудің жаңа ілімдері ментәжірибелерін алып келеді. Олардың маңызды белгісі – «дәстүрлі діндермен» салыстырғанда әлеуметтік ұтқырлығының жоғары деңгейлігі, яғни олардың діни ілімдері қарапайым халықтың әлеуметтік мәселелерін, моральдық және психологиялық қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған. Олар қоғамдық істермен белсенді айналысады: нашақорларды сауықтыруға қатысады, үйсіздерді тамақтандырады, балалар үйлеріне, қылмыстық-атқару жүйесі мекемелеріне қамқорлық жасайды. Елімізде үстіміздегі жылы орын алған коронавирустық пандемия кезінде де бірқатар жаңа діни бірлестіктер аз қамтылған отбасыларға көмек шараларын ұйымдастырды.

Алайда жаңа діни ағымдарға бір жағынан, діни ілімдері мен культтерінің тұрақсыздығы, құбылмалылығы (транзитивтілігі), екінші жағынан, топтық

қауымдастыққа тән мүшелердің өзара әрекеттесуі, олардың салыстырмалы түрде жоғары ұйымшылдығы және де топтың барлық мүшелеріне тән ортақ белгілердің болуы тән. Діни ілімдері мен культтерінің транзитивті сипатына байланысты жаңа діни ағымдар дәстүрлі діндерге қарағанда қоғамның әлеуметтік-саяси жағдайына, уақыт талабына және т.б. әлдеқайда жеңіл әріжылдам жауап қатады. Жаңа діни ағымдардың адепттермен жұмыс істеу әдістері өте қарапайым: олар өздерінің діни ілімдерін қарапайым әрі түсінікті тілде жеткізеді. Олар қарапайым және қолайлы уағыздарды айтады, олардың адамдармен күнделікті өмірде қолданылуы ескеріледі. Барлық діни рәсімдермен жоралғылар өте әсерлі және қызықты өткізіледі. Пасторлар мен пресвитерлер қарапайым киім киеді, сондықтан олар келушілерден ешқандай ерекшеленбейді [11, 31 б.]. Жаңа діни ағымдар өз ілімдерінде эмблемаларға, логотиптерге, көрнекі элементтерге ерекше назар аударады. Жаңа діни ағымдардың рәміздері олардың даму тарихымен тікелей байланысты. Біздің ойымызша, діни рәміздердің қалыптасуында протестантизм мен масондық үлкен рөл атқарған. Жаңа христиандық ағымдардың діни рәміздерінде айқыш (түрлі типтерінде), ашық кітап, дөңгелек (шеңбер), періштелер, от жалыны,сәулесін шашқан күн кеңінен қолданылады.

Жаңа діни ағымдардың өз арасындағы, сондай-ақ дәстүрлі христиандықтан басты айырмашылықтары – Сенім Рәмізінде, яғни Қасиетті Үштікті мойындауға; құпиялықтарға, олардың саны мен қолданылуына; құлшылық ету ерекшеліктеріне байланысты. Құлшылық етуге келсек, кейбір діни қауымдастықтарда (квакерлер) діни әндер айтылмайды, уағыздар оқылмайды, орныққан дұғалар жоқ, ал елуіншілерде құлшылық ету кейде глоссолалиямен бірге жүреді. Рәсімдер мен жоралғылардың орындалуы да түбегейлі ерекшеленеді, атап айтқанда, кейбір деноминациялар шоқындыру рәсімін адамды суға толығымен батыру арқылы жүргізсе, кейбіреулері жай ғана су бүркиді, ал мормондар тіпті марқұм болған адамды шоқындыру рәсімінен өткізеді. Көріп отырғанымыздай, христиандық жаңа діни ұйымдардың идеологиясы мен діни тәжірибелері католицизм және православие діндерінің дәстүрлерінен айтарлықтай өзгеше. Жаңа діни ұйымдар соңғыларына да үлкен қауіп төндіруде. Біздің елімізге келсек, жаңа діни ұйымдардың қызметі әсіресе жастарды адастыруда, ұлттық құндылықтарымыз бен руханиятымызға орасан зор нұқсан келтіріп отыр. Жалпы, жаңа діни ұйымдардың идеологиясы мен діни тәжірибелері дінді жеңілдетуімен, жаңашылдығымен, қарапайымдылығымен ерекшеленеді. Сол арқылы бұл ұйым жетекшілері өздерінің қатарын көбейтуді мақсат етеді.

Қаржыландыру. Мақала Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігінің (ҚР ҒЖБМ) гранты негізіндегі №AP19175872 ғылыми-зерттеу жобасын жүзеге асыру аясында жазылды.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1 Антоненко С.Г. Мормоны в России. Путь длиной в столетии. Опыт историко- культурного исследования. – Москва: Родина, 2007. – 304 с.

2 Дворкин А.Л. Сектоведение. – Нижний Новгород: Христианская библиотека, 2006. – 813 с.

3 Евдокимов А.Ю. «Новые» религиозные движения. – Москва: Рема, 2011. –242 с.

4 Кучер О.Н. Христианство. История и современность. – Ростов н/Д.: Феникс,Харьков: Торсинг. 2004. – 320 с.

5 Карпизенкова Т. В чем отличие христианской веры от баптистской? [Электронды ресурс]. – Кіру режимі: nizpen.cerkov.ru/. – 07.08.2023

6 Киян В.И. (пастор церкви «Благодать»). Правда о баптистах [Электронды ресурс]. – Кіру режимі: yandex.kz/video/preview/17179422671977479 97. – 07.08.2023

7 Курочкин А.В. Растительная символика календарной обрядности украинцев / Обряды и обрядовый фольклор. – Москва: Наука, 1982. – 280 с. – С. 138-163.

8 Как совершается крещение в церкви мормонов? [Электронды ресурс]. – Кіру режимі: myfaith.ru. - 08.08.2023.

9 Куропаткина О. Богослужение, таинства и праздники в протестантизме [Электронды ресурс]. – Кіру режимі: www.refnews.ru/read/article/1375513. - 08.08.2023.

10 Кузнецова Т. Н. Мунизм: вероучение, религиозная практика и образ жизни последователей Мун Сон Мёна – Москва: ИЭА РАН,1999.– 377 с.

11 Mustafina Zh.D., Borbassova K.M., Maden A.T. Ideological and symbolic features of the new Christian movements // Journal of Philosophy, Culture andPolitical Science. – 2019. №2 (68). – P. 22-33.

ЛАТЫН НЕГІЗДІ ӘЛІПБИ ҚАБЫЛДАУ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕ

Тастемирова Айболсын
Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университетінің 2 курс магистранты
Ғылыми жетекші: ф.ғ.д., профессор Сабыр М.Б.

Аннотация. *Мақалада бүгінгі қазақ әліпбиінің өзекті мәселелері көтерілген. Әсіресе латын жазулы қазақ әліпбиін қабылдаудың алғы шарттарын жан-жақты ғылыми негізде талдап, көрсетілген. ҚР -ның тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаев «Қазақстанның болашағы қазақ тілінде» деп белгілеген стратегиялық мақсаты күнделікті шындыққа айналды. Ең бастысы - ұлттық тіл ұлттық сананың, ұлттық намыстың жоғарылығына, оның қажеттілік деңгейіне байланысты екенін де ескеруіміз қажет. Латын жазулы әліпбиге көшу-рухани жаңғырудың негізі.*

Тірек сөздер. *Жазу, реформа, тіл тазалығы, емле, әдістеме, орфография.*

Мемлекеттік тіл үшін күрес – мәңгілік үшін күрес. Қазақстан

Республикасының мемлекеттік тілі - қазақ тілі. Мемлекеттік тіл туралы Заңның 4-бабында: “Мемлекеттік тіл - мемлекеттің бүкіл аумағында қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатын мемлекеттікбасқару, заң шығару, сот ісін жүргізу және іс қағаздарын жүргізу тілі.

Қазақстан халқын топтастырудың аса маңызды факторы болып табылатын мемлекеттік тілді меңгеру - Қазақстан Республикасының әрбір азаматының парызы. Үкімет, өзге де мемлекеттік, жергілікті өкілді және атқарушы органдар: Қазақстан Республикасында мемлекеттік тілді барынша дамытуға, оның халықаралық беделін нығайтуға; Қазақстан Республикасының барша азаматтарының мемлекеттік тілді еркін және тегін меңгеруіне қажетті барлық ұйымдастырушылық, материалдық- техникалық жағдайларды жасауға”- деп жазылған [1,89-б.]. Олай болса, Қазақстан Республикасының кез келген азаматы мемлекеттік тілді біліп қана қоймай, оны көздің қарашығындай қорғауға міндетті. Мемлекеттік тіл туралы заң қабылданып, халқымыз тәуелсіздіктің рухани қуатын толық сезінгенде ғана ҚР -ның тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаев «Қазақстанныңболашағы қазақ тілінде» деп қойып отырған қазіргі стратегиялық мақсаты күнделікті шындыққа айналары сөзсіз. Ең бастысы - ұлттық тіл ұлттық сананың, ұлттық намыстың жоғарылығына, оның қажеттілік деңгейіне байланысты екенін де ескермеуге болмайды. Түркі әлемінің асыл перзенттерінің бірі Мұстафа Шоқай: «Ұлттық рухсыз ұлт тәуелсіздігі болуы мүмкін бе? Тарих ондайды көрген жоқ та, білмейді де. Ұлт азаттығы – ұлттық рухтың нәтижесі. Ал ұлттық рухтың өзі ұлт азаттығы мен тәуелсіздігі аясында өсіп дамиды, жеміс береді»,- деп атап көрсеткен болатын. Осы тұрғыдан келгенде, мемлекеттік тілдің тағдыры қазақ халқының өз қолында болып отыр. [1,90-б.]. Әлеуметтік-мәдени әлеуеті артқан, халықаралық ынтымақтастықтың толыққанды субъектісіне айналып, әлемдік деңгейдегі халықаралық одақтар мен ұйымдардың мүшесі болған бүгінгі Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі болашақта дүние жүзіндегі алдыңғы қатарлы мемлекеттердің қатарынан көрінуі қажет. Бүгінгі қоғамда мемлекеттік тіліміздің беделі мен болашағын жоғарлатамыз десек, Елбасы ұсынған қазақ тілінің латын әліпбиіне көшу мәселесінінің маңызды болып табылатынын зерделеп түсіну керек. Қазақ елінің әлеуметтік-экономикалық дамуы жоғары білімді, бәсекеге қабілетті, рухани, мәдени өресі кемел, білікті, тілдік құзіреттілігі жоғары болсын десек, латын әліпбиіне көшу концепциясын қолдағанымыз жөн деп есептеймін. Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев 2017 жылы 12 сәуірде

«Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында: «Біріншіден, қазақ тілін біртіндеп латын әліпбиіне көшіру жұмыстарын бастауымыз керек. Біз бұл мәселеге неғұрлым дәйектілік қажеттігін терең түсініп, байыппен қарап келеміз және оған кірісуге Тәуелсіздік алғаннан бері мұқият дайындалдық» деп» - деп атап көрсетеді. [2,5-б.]. Бүгінгі күнгі бұқаралық ақпарат құралдары мен зиялы қауым өкілдері арасында кеңінен талқыланып, талданып жатқан күрделі мәселелердің бірі – қазақ тілін

латын әліпбиіне көшіру мәселесі. Өйткені, жазу – белгілі бір әріптердің жиынтығы ғана емес, кез кез келген ұлттың өзіндік болмысын танытатын таңбалар жүйесі, сол ұлттың тарихы, мәдениетінің таңбаланған жәдігері.Ол - әр халықтың рухани, мәдени өсуін, ғылымы мен білімінің, барлық саладағы даму деңгейін көрсететін маңызы зор әлеуметтік-мәдени құбылыс. Жазу арқылы ғана өткен мен бүгінгі және болашақ өміріміздің жалғастық табатыны сөзсіз. Ол – ұрпақтар сабақтастығын қамтамасыз ететін алтын көпір. Ал, жазудың өзгертілуі сол халықтың қоғамдық өмірінің барлық саласына, рухани әлемі мен мәдени деңгейіне, тіпті, әлеуметтік психологиясына әсер ететіні анық. Олай болса, латын әліпбиіне көшу – бүгінгі заманның талабы. Бұқаралық ақпарат деректеріне сүйенсек, бүгінде әлемнің 70% елдері латын жазуы арқылы білімді игеріп, ғылыми зерттеулермен танысқан болып табылады екен. Бұл дегеніміз – білім, ғылым, саясат пен техника, мәдениет пен өнер, спортқа қатысты жазбаша ақпараттың барлығы да тек латын графикасымен беріледі, қоғамдағы барлық жаңалықтардың басым бөлігі осы графиканың негізінде таралады дегенді білдіреді деп түсінуіміз қажет. Қазіргі уақытта латын әліпбиінің біздің Отанымыздың әлемдегі дамыған 30 елдің қатарына қосылу талабының орындалуы жолында маңызды роль атқаратыны сөзсіз болып табылады. Түркі тектес халықтар тілінде латын әліпбиі 1926 жылдан бастап қолданылғаны белгілі. Латын әліпбиін алғаш қолданысқа енгізгендердің бірі – Түркия мемлекеті. [3]. Қазақ зиялыларыныңбіздің елімізде XX ғасырдың 20-жылдары латын әліпбиіне көшу мәселесін көтергені тарихтан белгілі. Сол уақыттың өзінде қазақ тілінің табиғатына сай әліпби үлгісін жасап, қолданысқа енгізген болатын. Қазақ тіл білімінің,әліпбиінің негізін салған бірегей ғалым А.Байтұрсынұлы: «Біздің заманымыз – жазу заманы: жазумен сөйлесу ауызбен сөйлесуден артық дәрежеге жеткен заман. Сондықтан сөйлей білу қандай керек болса, жаза білу керектігі одан да артық», - деп айтқан сөзінің өзінде қандай үлкен мән жатыр десеңізші. Олай болса, бұл – XX ғасырдың басындағы қоғамдағы коммуникациялық үрдістерді зерделеуден туған ой. Қазір адамзат баласы XXI ғасырға аяқ басты. Қарапайым ғана жазудың маңызы бұрынғыданбірнеше есе өскен қоғамға айналды. Ендеше, әлемдегі елдердің көп бөлігі, соның ішіндетуыстас түркі халықтарықолданатын латын әліпбиіне көшу – жаһандану дәуіріндегі рухани жаңғырудың алғашқы да маңызды сатысы болмақ. [2], [3,23-б.].

Рухани жаңғыру дәуірінде латын әліпбиіне көшу қажеттілігі өз-өзінен түсінікті жайт екені белгілі. Қазірдің өзінде тілші ғалымдар латын әліпбиіне көшудің тиімді жақтарын жан- жақты дәлелдеп анықтап берді. Латын әліпбиіне көшу барысында мынандай нәтижелерге қол жеткіземіз деп айтсақ болады:

1. Алыстағы туыстас қазақтармен мәдени әрі рухани байланысты нығайту; Қазақ тілінің өзіне тән төл дыбыстарын таңбалап жазуда ұтымды мүмкіндіктерге қолжеткізу;

2. Кез келген тіл үйренушіге латын графикасымен жазу жеңілдігіне ие

болу;

3. Қазақ тілінің табиғи айтылу әуезділігі, орфоэпиялық ережесін қалпынакелтіру;

4. Ағылшын тілін оқып-үйрену, меңгеру оңайға түсу мүмкіндігіне қолжеткізу;

ҚР-ның Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев қазақ тілі әліпбиін кириллицадан латын графикасына көшіру туралы жарлыққа қол қойды. Бұл – мемлекеттік тіліміздің халықаралық дәрежеге көтеріліп, өсіп- өркендеуіне даңғыл жол ашады десек, қателеспейміз.

Қаулыда мынадай мәселелер көретілген: Қазақстан Республикасының үкіметі: Қазақ тілі әліпбиін латын графикасына көшіру жөніндегі ұлттық комиссия құрсын; қазақ тілі әліпбиінің 2025 жылға дейін латын графикасына кезең-кезеңімен көшуін қамтамасыз етсін; осы Жарлықты іске асыру жөнінде өзге де, соның ішінде ұйымдастырушылық және заңнамалық сипаттағы, шаралар қабылдасын.

Латын әліпбиіне көшу – қазақ тілінің халықаралық дәрежеге шығуынажол ашады. Ал латынның бізге берері дегенде толып жатқан тиімді тұстарын көрсетуге болады. Латынға көшкенімізде ұтатын тұстарымыз төмендегідей: ***Біріншіден,*** тіл тазалығы мәселесі. Тіліміздегі қазіргі жат дыбыстарды таңбалайтын әріптерді қысқартып, сол арқылы қазақ тілінің табиғи таза қалпын сақтауға мүмкіндік аламыз. ***Екіншіден,*** қазақ тілін оқытқан уақытта басы артық таңбаларға қатысты емле, ережелердің қысқаратыны белгілі. Ол мектептен бастап барлық оқу орындарында оқыту үрдісін жеңілдетеді. Уақыт та, қаржы да үнемделеді. ***Үшіншіден,*** латын әліпбиіне көшу – қазақ тілінің халықаралық дәрежеге шығуына жол ашады. Қазақ тіліне компьютерлік жаңа технологиялар арқылы халықаралық ақпарат кеңістігіне кірігуге тиімді жолдар ашылады. ***Төртіншіден,*** түбі бір түркі дүниесі, негізінен, латынды қолданады. Біздерге олармен рухани, мәдени, ғылыми, экономикалық қарым- қатынасты, тығыз байланысты күшейтуіміз керек. Ел мүддесі жаңа әліпбимен өзектес.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік тіл саясаты және қазақ әдебиетіндегі ұлттық идея» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. Жинақ, - Алматы, 2015. /Мақала: Төлекова Г.Қ. Мемлекеттік тілдің қоғамдағы бүгінгі орны мен дамуы/.

2. www.egemen.kz сайты.

3. www.vkgu.kz/ сайты (Мақала - Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университеті, Б.Б.Келгембаева, ББО директоры)

4.qazaquni.kz сайты (Шәкір Ыбыраев, «Латын әліпбиіне көшу – қазақ тілінің халықаралық дәрежеге шығуына жол ашады» атты мақаласы, Қазақ үні газеті, 2018 ж, наурыз).

5. nur.kz сайты.

ЭТИМОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕРДІҢ МАҢЫЗЫ

Гиниятова Дана Сапаргалиевна
Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық
Университетінің 2 курс магистранты
Ғылыми жетекші: ф.ғ.д., профессор Сабыр М.Б.

Аннотация. *Мақалда XX ғасырдың соңғы ширегіндегі этимологиялық зерттеулерге шолу жасалған. Этимологиялық зерттеулер жүргізуде академик Ә.Қайдаров ұсынған тұжырымдардың дұрыс екендігі жан-жақты дәлелденген. Осы бағыттағы ғылыми зерттеулерге шолу жасалған. Профессор Ж.Манкеева, Б.Сағындықұлының ғылыми еңбектеріндегі этимологиялық зерттеулердің маңызы жан-жақтв талданған.*
Тірек сөздер. *Этимология, көнерген сөздер, тұрақты тіркестер, архаизм сөздер*

Түркі тілдері этимологиясы қашанда өзекті мәселенің бірі. 1986 жылы 28-30 мамыр күндері Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының Ғылым Академиясының Тіл білімі институтында Түркі тілдерінің этимологиясы мәселелері бойынша үшінші кеңейтілген мәжілісі болып өтті. Бүкілодақтықмәжіліске Якутск, Черкесск, Чебоксар, Фрунзе (Бішкек), Уфа, Улан-Удэ, Ташкент, Нальчик, Мәскеу, Кызыл, Киев, Казан, Ленинград (Санкт-Петербург), Баку, Абакан, Таулы-Алтай және Қазақстанның қалаларынан 250 -ден астам ғалымдар қатысты. Мәжіліс соңынан, 1990 жылы «Проблемы этимологии тюркских языков» атты іргелі ғылыми жинақ жарық көрді. Академик Ә.Т.Қайдардың мақаласымен басталған жинаққа өте маңызды мақалалар үш топқа сараланып басылған. Бірінші топтағы мақаларда түркі түбірінің фоно- морфо-семантикалық табиғаты, лексиканың терминологиялық қабаты, теориялық мәселелер және типология, семасиология, этнолингвистика, тілдің фразео-паремиологиялық аспектілері зерттелген. Екінші топтағы мақалаларда «Фонетикалық реконструкция және грамматикалық этимология, диалектілік деректер, кірме сөздер мен лексикалық паралельдер, алтаистика» қарастырылған.Үшінші топтаға мақалаларда «Ономасиология: этнонимия, топономия, антропонимия, жеке этимология және жекелеген лекикалық қабаттардың этимологиясы» мәселелері жан-жақты қамтылған.

Тіл тарихында сөз төркінін айқындауға байланысты көптеген сауалдар бар. Мәселен, мағынасы айқын дербес сөздерге этимологиялық талдаудың қажеті бар ма, жоқ әлде ол тек мағынасы күңгірттенген, қолданыстан қалған, несирек қолданылатын, тек біріккен, кіріккен, қос сөздер мен тұрақты тіркестердің (фразеологизм, мақал–мәтел, теңеу, жұмбақ, т.б) құрамындакездесетін лексемаларға ғана зерттелу керек пе? Не грамматикалық тұлғалар мен көненің көзіндей реликтілік құбылыстарға ғана жасала ма? Бұл мәселеге айтар ғалымның өз пікірі бар. Ол сөздік қорымыздағы қолданылып жүрген лексикалық единицалардың (бірліктердің) барлығы бүгінгі таңның жемісі емес, олардың басым көпшілігі ғасырлар бойы қалыптасып, әртүрлі деңгейдегі

қолданыста болып келе жатқан элементтер. Олардың біразы тіл иелерінің жадынан шығып, мүлдем ұмыт болып, байырғы рудиментке айналады, енді бір тобы бастағы мағынасынан ажыраса да, басқа сөздермен селбесіп, қолданыстан қалмайды, т.т. Міне, сөз табиғатының осы ерекшеліктеріне қарай Ә.Қайдарэтимологиялық зерттеулерді тілдің сөздік қорын құраушы лексика- грамматикалық единицалар мен тұлғалардың барлығына да қолдануға болады, бірақ практикалық қажеттілікке және зерттеушілердің бұл іске дайындығына байланысты этимологияның да ұстанған өзіндік принциптері, әртүрлі деңгейі, жүйелі рет тәртібі, мақсат-міндеті болуға тиіс деп қарайды. Осылардың арасына этимологиялық сұранымы мол лексикалық категорияға ең алдымен мағынасы күңгірттенген сөздер жатады. Кез келген сөздің құлағынан тартып шығарып, оған қалаған қалпағын кигізу немесе өз тіліндегі сөздің төркінін екінші бір тілде кездесетін ұқсас кездейсоқ сөзге қарап анықтау, сөз қолданылған контекске қарап, тон пішу, не бұл осылай деп белінен бір-ақ басу, т.б. осы сияқты «тәсілдердің» бәрін ғалым ғылыми этимологияға жатпайтын машықтар деп қарайды.

Ә.Қайдардың этимологиялық зерттеулері мен сөз талдау тәсілдері тек ғылыми этимологияның үштік – фонетикалық, морфологиялық, семантикалық принципі мен экстралингвистикалық (тарихи, мәдени фоны және этнолингвистикалық) факторларына ғана сүйенеді деп айта аламыз дейді[1]. Көп жылдардан бері жарияланып келе жатқан ғылыми мақалалары мен этюдтерінде ғалым осы принциптерді ұстанып, оны әрбір сөздің төркінін моносиллаб (бір буынды синкретизм, омономия, еліктеуіш т.б.) деңгейінде таратуды уағыздаумен келеді, оның бұл салада қолданып жүрген талдау (тарихи-салыстырма, морфемалық жіктеу, түбірлестік, ұқсастық, сәйкестік заңдылықтарын анықтау т.б) тәсілдерді тиімді нәтиже беруде. Мәселен, автор өзінің бір этимологиялық этюдінде *шар* деген сөзді қарастырады. Бір *шар* сөзінің мағынасын анықтау үшін ол тіліміздегі «шар» тұлғасының 20-дан астамқолданысының – *шар салу, шар ұшыру, шар тарату, шарқат, шар ету, шарайна, шарбақ, бұқа шар, шаруа, шар* сәрсенбі, *шар шертер*, т.б. (*қар.: Қазақстан әйелдері.1982.№3.13-б*) қарастырады.

Ғалым этимологиясының бұл тәрізді жүйелі түрін де тиімді тәсіл деп санайды. Сонымен қатар ол сөзбен-сөз арасында бола беретін кез-келген дыбыстық ұқсастықты туыстық ұқсастыққа жору, сөздің тілдегі бүгінгі
«өмірімен» оның бұрынғы «өмірінің» арасындағы заңды түрде болатынмағыналық, тұлғалық парықты айыра білмеу, тіл фактісін әркімнің өз түсінігі (личное представление) тұрғысынан жобалау, т.б. сол сияқты мәселелерді ғылыми тұрғыда талдап, түсіндіріп те берді. «Проблемы этимологии тюркских языков» (Алма-Ата, «Наука» 1990) атты жинақта басылған Ә.Қайдардың
«Тюркская этимология: проблемы и задачи» атты мақаласы бүгінгі этимологияның принциптері мен мақсат-міндеттерін белгілеп беруімен аса құнды дүние. Ғалымның лексикология саласындағы еңбектерінде қалыптасқан өзіндік принциптері кейінгі зерттеулерге ғылыми негіз болып табылады.

Ж.А. Манкееваның «Қазақ тіліндегі байырғы түбірлерді жаңғырту» (Алматы, 2010) монографиясы да түбір этимологиясының көмескіленуі және оларды жаңғырту мәселесін қарастырды. Профессор Берікбай Сағындықұлының «Қазақ тілі лексикологиясы дамуының этимологиялық негіздері» атты зерттеу еңбегі де этимологиялық зерттеулерге теориялық негіз болатын құнды дүние. Кітапта қазақ тілінің лексикасының ішкі даму заңдылықтары (соның ішінде түбірлердің ғасырлар бойы өзгеру, бір қалыптан екінші қалыпқа көшу эволюциясы) өзге түркі тілдері мен көне түркі жазба ескерткіштерінің материалдары негізінде жан-жақты баяндалған[2]. Фонетикалық сәйкестіктердің этимологиясы ашылып, үнемдеу заңының тілдегі көріністері, флекция құбылысының қалдықтары анықталған. Байырғы фонемалар, морфемалар әр түрлі лингвистикалық әдістер көмегімен бұрынғы қалпына келтіріп, көне түбірлер мен қосымшалардың сабақтастығы дәлелденілген.

Қазақтың белгілі ақыны Олжас Сүлейменов соңғы кездері этимологиялық зерттеулерге қалам тарып жүр. Оның «Язык письма» атты еңбегі сөз тарихын тілдік сана тұрғысынан ашуға бой ұрған, этимологиялық зерттеулердің жаңаша әдістанымдық негіздерін ұсынған, жаңаша көзқарасқа толызерттеу еңбек. А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының тіл тарихы бөлімінің ғылыми қызметкері, филология ғылымдарының кандидаты Гүлжиһан Көбденова Ана тілі газетіне (16.08.2012) жарияланған «Сөздің шығу тегі немесе О.Сүлейменовтің «Язык письма» еңбегіндегі этимологиялық тұжырымдар» мақаласында ақыннының лигвистикалық еңбегіне талдаулар жүргізеді. Г.Көбенова «О.Сүлейменовтің «Язык письма» деген зерттеу кітабы
«1001 слово» атты этимологиялық сөздігіне дайындық, ізденіс еңбек ретіндежазылған. Бұнда автор тіл біліміндегі дәстүрлі әдістен тыс өзгеше жолмен,нақты айтқанда, сөздің шығу тегін, яғни графикалық таңбаны алғашқы иероглифтермен генетикалық байланыста қарастырады»-дей келе жан-жақтызерделейді[3].

«Тілдердегі айырмашылық қай кезде пайда болды?» дегенсауалға зерттеуші «Өте ертеде, бірінші иероглифтер жазу дәуірінде. Әртүрлімәдени-мемлекеттік одақ құрған тайпалар ортақ таңбаны бірдей оқыса да,әртүрлі түсіндірген» дей келе, «Поэзия создавала языки, поэзия их разводила» − деп жауап береді. Сондықтан зерттеуші: «Генетикалық жағынан туыс тайпаларғасырлар бойына көрші тұрып, бір жазуды меңгерсе де, ортақ таңбаны атайтынбірдей дыбыстардың тіркесімділігінен әртүрлі сөздерді туындатуы мүмкін. Әрсөз нақты автордың поэтикалық ойының жемісі» деп түйіндейді.

Автордың ойынша, ең әуелі айға табыну, содан соң күнге табыну немесе күн діні болған, содан кейін барып пайғамбарлар дәуірі келіп, қазіргі дәстүрлі діндердің негізі қаланған. Жазудың алғашқы түрі болып саналатын алғашқы иероглифтер күнмен байланысты болып келді. Ең алғашқы таңба Құдайдың таңбасы мен оның есімі болды деген қорытындыға келеді. Күнге табыну символдары күннің ежелгі таңбаларының, көптеген символдық және суретті иероглифтердің пайда болуына негіз болып, адамзаттың образды жазуының негізі болып қаланды. Б.д.д. III-I мыңжылдықтағы «күн» деген мағынаны білдіретін «ra» ежелгі египет иероглифі мен ге − күн (қытай), орыс тіліндегі

rano (рано) және king − күн (майа), kon − күн (инк), күн (қаз.) сөздерінің арасындағы ұқсастықтардың сырын іздейді. «Көне сөзді жазудың алғашқы түрімен байланыстырмай зерттейтін тіл білімі көп нәрсені жоғалтады және күн таңбасында сөз бен сөйлеудің графикалық коды бар» деп тұжырымдайды. Сөз тұлғасының дамуына фонетикалық өзгерістен басқа адам санасындағы саналық өзгерістің де әсер еткенін сөздің тарихын зерттеп отырып көз жеткізуге болатынына автор ерекше назар аударады: «Сөз өз даму тарихындатек лингвистикалық өзгерістерге түсіп отырмаған, ол сонымен қатар саналық өзгерістің, саналық дамудың да жемісі болып есептеледі. Сөз − саналық, тілдік, қоғамдық, әлеуметтік, экономикалық дамудың нәтижесі. Мәселен, ежелгі дәуірадамдары күн мен айдың шар тәрізді дөңгелек екенін түсінген кезде, соларғаұқсатып моншақ жасады. Бұл зат пен сөздің пайда болуына әкелді. Сөздіңпайда болу себептілігіне негіз болды. Кеңейтілген лексикалық ұяға сөздердіжинақтағанда: money − 1) монета, 2) ақша (ағылшын); monet (фр.), монисто(слав.), monile − моншақ (лат.), monole − моншақ (тунг.-манж.), мундзак, монжак − моншақ (қараим), моншақ (қаз.) сөздерінің өзара байланыстылығынакөз жеткіземіз. Ағылшын тілінде *moon – ай* дегенді білдіреді». Егер сөзді туысемес тілдермен салыстырса, ең алдымен, айырмашылықтар көзге түсетіндігібелгілі. Бұл тек бет жағы, ал тереңірек қараса, ортақ құбылыстардың бар екені анықталады. Айырмашылықтан емес, ұқсастықтан іздеуіміз керек. Сондықтанавтордың ойынша, кейде праформаны анықтап, реконструкциялау үшін біртілдік семья аздық етеді. Өз ана тілің мен тілдік семьяны тар аймақтақарастыру, әлемдік контекстен шектеу, одан тыс зерттеу оның алғашқыдәуірдегі ортақ болған тілмен байланысын үземіз, сол себепті генезисінқалыпқа түсіре алмай қиналамыз. Автор: «Кей жағдайда біз қоғамдық ғылымдардың белгілі бір қоғамды басқа қоғамдардан шектеп, тар шеңберде қарастыратынына куә боламыз. Қазір кейбір зерттеушілердің бір саламен шектеліп, зерттеп жүрген тілдік семьядан шыға алмауы кездеседі. Бұл олардың зерттеу нәтижелеріне кері әсерін тигізеді» деп санайды. Осымен байланыстыО.Сүлейменов: «дәстүрлі этимологияның әдісінде сөздің генезисін анықтаужұмыстары алдымен жақын туыс тілдер, туыс тілдер, содан кейін зерттеуді кеңейтіп алыс туыс тілдердің негізінде жасалған этимологиялық ізденістерменғана шектеледі. Бұндай әдіспен сөздің этимоны анықталмайды. Бұл тек жұмыстың бірінші бөлігі ғана. Сөздің себептілігі бұл кезеңде анықталмайды. Этимологтың ең басты міндеті бейнелі таңбаны анықтай алу керек» дептұжырымдайды. Осындай зерттеулер этимология ғылымының жаңа беттерін,
тарауларын ашуға өз септігін тигізді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қайдаров Ә.Т.Қазақ тілінің тарихи лексикологиясы: проблемалары мен міндеттері// Қазақ тілі тарихи лексикологиясының мәселелері. Алматы, «Ғылым», 1988, 7-39-б.

2. Профессор түркітанушы Б.Сағындықұлының ғылыми тұжырымдарының маңызы// М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің Хабаршысы. №3.-2019.-225-231б.
3. Г. Көбденова. «Сөздің шығу тегі немесе О.Сүлейменовтің «Язык письма» еңбегіндегі этимологиялық тұжырымдар// Ана тілі газеті (16.08.2012)

ЖАЗУШЫ М.ЕСЛАМҒАЛИЕВТЫҢ «ТҰМАН ІШІНДЕГІ КӨШ»РОМАНЫНЫҢ КӨРКЕМДІК СИПАТЫ

Хамбетова Ақжарқын
Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университетінің 2 курс магистранты
Ғылыми жетекші: ф.ғ.д., профессор Сабыр М.Б.

Аннотация. *Мақалада жерлес жазушы Мұқадес Есламғалиевтің шығармашылығы кең талданған. Жазушының алғашқы әңгімелеріне талдаужасалып, зерделенген. Қаламгердің белгілі кітабы «Тұман ішіндегі көш» арнайы талданған. Шығармадағы кейіпкерлер хараркмерлерін берудегі жазушы шеберлігі жан-жақта ашылған. Жазушының тәуелсіз Қазақстан тұсындағы шығармаларына зерттеуші өз бағасын берген.*

Тірек сөздер: *шығарма, әдебиет, бүгінгі проза, көш, қазақ қоғамы т.б.*

Қамшының сабындай қысқа ғұмырында әдебиет әлеміне айшықты із қалдырған талантты жазушы Мұқадес Есламғалиұлы 1946 жылы 18 ақпанда Батыс Қазақстан облысы, Сырым ауданының Жосалы ауылында дүниеге келген. Бұлдырты орта мектебін, кейіннен Орал педагогикалық институтының қазақ тілі мен әдебиеті факультетін бітірген ол облыстық радио және телевидение комитетінде қызмет атқарған. 1979 жылы жазушы Орал қаласынан Алматыға қоныс аударып, сол жердегі бірқатар шығармашылық ұжымдарда лауазымды жұмыстар істеген. «Мұқадеспен Орал институтында қатарлас оқыдық. Бір жатақханада, көрші бөлмелерде тұрдық. Уақытының көбін кітапханаларда өткізетін ол, бізден классиктерше жазуды талап етеді. Мұқадестің «Аққу сазы» деп аталған тұңғыш кітабы үшеуара пікірталас нәтижесінде дүниеге келіп, оқырмандарға сапар шеккен болатынды» [1, 8 б.] – деп өткен күндер естеліктерімен бөліседі ақын А.Нәріков.

Ең алғашқы әңгімесі қазіргі «Жас Алаш» газетінде 1966 жылы жарияланған жазушы тұңғыш әңгімелер жинағын «Аққу сазы» деген атпен 1977 жылы жарыққа шығарады. Жазушының шығармашылық мұрасына үңілсек, оның «Екінші тыныс» (1982) [70], «Қайырлы таң» (1984), «Екі басқа дүние» (1986), «Толқын мен ағын» (1992), «Өз жүрегіңе үңіл» (1996), «Тұман ішіндегі көш» (2000) атты көркем прозалық кітаптары жарық көрген. Сондай- ақ, тарихи зерттеулері топтастырылған «Сан қилы сауал» (1995), «Әбілхайыр

хан», «Ғұмырнамалар мен ғибратнамалар» (2000) атты кітаптары мен «Әйтеке би» тарихи-философиялық дилогиясы (2001) жарыққа шыққан.

Жалпы жазушының туындыларының көпшілігі тарихи тақырыптарға арналған, оған қоса өзі өмір сүрген дәуіріндегі орын алған оқиғаларды, қоғам келбетін арқау еткен. Тарихи тұлғалардың еліне жасаған елеулі еңбектерін жинақтап «Төле би», «Партизан Қасым Қайсенов», «Ақ бата», «Тамаша»,

«Жаһанша Досмұхамедов» атты жинақтарды құрастырды.

Мұқадес Есламғалиевтің «Тұңғиық түбіндегі сәуле» әңгімесінің негізгі кейіпкерлері – аудан басшыларының бірі Қазтуған, талантымен танылған суретші Қазыбек, ағайынды жігіттердің ауылдасы Төлеш. Жазушы Қазыбектің ойы арқылы Төлештің өткен өмірін елестетіп, болмыс-бітімін, мінез-құлқын танытады.

«Қазыбек ойға шомды. Бұл тағдыр дегенің бір теріс қараса, жаны ашып, қайтыпбетін бұрмай қоятын, соншама безбүйрек, соншама тасбауыр болар ма? Әйтпесекез келгеннің басына қонып жатқан бақ құстарының бірі болмаса бірі мұның басына неге қонбасқа? Үрке безетіндей, қонбайтындай бұл не жазды оған? Жан баласына қара тырнақтай қаралық жасап көрмеген Төлеште не құны кетіпті? Әкесі болса майданнан оралмады. Шешесінің соғыс жылдары колхоз шөбін тасып жүріп, боранға ұшып өлгенін Төлештің өзі де білмейтің болса керек» [2, 5 б.].

Жалғыз қорғаны әжесінен де айырылған Төлеш қатал тағдырдың сынағынабас көтере алмастай қажып, мәңгүрт адамдай аузы аңқиып, ештеңемен шаруасыжоқ, басы ауған жақта жүреді де қояды. Оның бұрынғы қалпын білетін Қазтуғанмен Қазыбек қана. Оны Төлештің сөзінен де аңғаруға болады. Үлкен де, кіші де өзінкез келген жұмысқа жұмсайтынын, сөйлесе бәрі күлетінін айтқан Төлеш сөзі менісіне тек осы екеуінің ғана дұрыс көзбен қарайтынын сезеді.

___Саналы да өнегелі ғұмыр кешіп, қай кезеңде де ұлтын қадір тұтып, халқының сөзін сөйлей білген дарынды жазушының өмір жолы мен шығармашылық мұрасын жете зерттеуде көптеген әдебиетші-ғалымдар мен сыншылардың мақалалары мен ой-пікірлері болары сөзсіз. Осы тұстаМ. Хамзақызының «Мұқадес Есламғалиев. Бұл есімді айбынды алаш жұрты жақсы біледі. Ақ Жайықта туып, оқып, өсіп-өніп, Алматы қаласына барып әдеби ортада өндіріп повестер мен романдар жазып, еліміздің өнері мен мәдениетіне сүбелі үлес қосқан азамат. Дарынды жазушы» [2, 8 б.] – деген тұщымды пікірі М. Есламғалиевтің жазушылық даралығына дәлел бола алады.

«Тұман ішіндегі көш» романын тағы бір қайталай оқығанда байқағанымыз тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы өлара кезеңдегі қоғамдағы сан қилы өзгеріс жазушының жүрек сүзгісінен өтіп, санасын сілкіп, тәнін тітіркендіргенін, жазбауға мүмкіндік болмағасын жазғанын байқаймыз. Жазушы «адам жанының инженері екен-ау» деп қол қоямыз.Романның бас кейіпкері –Береке жиынтық образ болғанымен автордың өзі болмаса да көзі. Берекенің ішкі монологы: «Ал жартусыз жалақысының, зейнетақысының өзін жыл бойы ала алмай, ең соңғы тай-тұяғынсаудагерге қақшытып, құдайдан бір ғана тыныштық тілеп, «Жоқ» деген сөздің өзін күліп тұрып айтатын мына далалықтардың жан дүниесін, қадір-қасиетін басқаның басын ауыртпағанда,қашан болмасын, өзіміз ұқтық па?... Өзі жылап отырып та өзгені жұбатуға келгенде өре тұратын бұл далалықтардың жаны неткен сірі!...келімсектерге

құдайдың кіндігінен жаралғандай елпектеп, ал бұларға күннің некесіз жаралған баласындай шекемізден қарайтынымыз қалай деп ең болмаса бір қайыра ойландық па? Сонда: «Бұларың не?» деп бір қыңқ етпейтін қандастарымызға өлшеусіз дархандық сыйлаған мына табиғат – Ана неткен құдіретті!...». Қазақтың да, биліктің де құлағына жетер ащы шындық.

Тұман ішіндегі көштің қатарында кім жоқ дейсің? Өзі туралы кітап жаздырғысы келетін Төремұрат, сөз жоқ бүгінгі Қазақстанның адамы. Ол үшін дүниеде сатылмайтын ештеңе жоқ. «... Мына кейуана тірлікте сат деген сөздің жалғыз сыңары –сатып ал! Оның құйтырқысына бұл сияқтылар кещще. Оған сұңғылалар –әлгі Төремұрат сықылдылар. Заманның құрсағында жаралып, кіндігін уақыттың өзі кескендер, әне, солар. Бүгінгі күннің мырзалары да солар. Олардың ұғымында, Алланың нұрпейілінен жаралған пендесінің ең асылы – жаны мен арыныңбағасы да солардың қалтасында, солардың құзырында...». Бұл да нарықтық қатынастармен кірген «арыңды сатсаң да ақша тап» дейтін сасық пиғыл, қорқау күнкөріс[3]. Бір редакцияда жұмыс істейтін адамдар әртүрлі. Ісі мен ойы қабыспайтын Далбай, баласы шет елге қашқан Қуангерей, тілінің тікені бар Есімхан бір-біріне қарама-қайшы кейіпкерлер. Шенеуніктер Төрежанов пен Күдербаев өмір бойы бақталас, тақталас, мақсатқа жету үшін еш нәрседен тайынбайтын жандар. Тәуелсіз газет шығарып, әртүрлі кедергілерге тап болып жүрген Игісін ішкі қырындысын ақтарады: «әуелден де ауқатты мен байдың көлеңкесін сағалайтын қазақты үш ғасырлық отарлаудың қоқанлоқысы еңсесін езіп жіберген бе деп қорқам. Рухы езілген халық –жалтақ. Жалтақ адам өзіне берілген еркіндікке де еркін қожалық ете алмайды. Ол әлі де күштініториды. Соның көлеңкесінен кеткісі келмейді....». Бұл да көкейкесті тұжырым. Саяси тәуелсіздікке жеттік, енді рухани тәуелсіздікке жетер ме екенбіз деген аңсар.

Шығармада бүгінгі күннің сипаты анық суреттелген. Үндесу» деп партия құрып, төріне Төрежанов қонжиды. «Жаңа ұран» деп партия құрып, жалы күдірейіп Күдербаев шыға келді. Қалыспай, қатарласа шапқандардың да қатар- қарасыны жетерлік. Не керек, аты басқа, заты инкубатордан шыққан шөжелерден аумайтын партиялар қаптады-ай дейсің! Еркіндікке жеткеннің жөні осы ғой деді ме, ешкім өгейсімеді де,-деген сөздерден ескішілдік жайбарақаттықты баса-көктей көрсеткен жаңа көріністі, жаңа ұғымдар мен көзқарасты көреміз. Шығарманың басынан-ақ сарказм анық байқалады. Еш қорықпастан, қаймықпай шенеуіктерді өзара салыстыра суреттеген жазушы, Төрежанов пен Күдербаевтың сырын ашарлық баяндаулар мен кейіпкерлердің ой-сезімдерін бейнелеп, іс-әрекет, сөздері, қозғалысты көзге елестетерлік эпикалық сурет кеңдігімен молынан көрсеткен. Негізінен бір оқиғаның жобасымен дамыған композиция шығарманың романға тән ерекшелігін анықтағанмен, суреттеу құралдарында эпикалық қарымның молдығы көрсетіледі.

Жазушы шығармада телефон арқылы сөйлескен диалогты тырнақша ішіне ерекшелеп, басқаша стильде жазған. Осы таңдалған стиль шығармаға ерекше әсер беріп тұр, тіпті тіл мен әдебиеттегі жаңашылдық десекте болады. «Екі жақтының да ендігі уақытта ары қараған беттері бері қарамастай боп кетіскен

тұстары осы еді...»,-деп ашу-ызалары долданып беттеріне шыққан қос жақтың мінездерін, ел билеу жүйесіндегі әділетсіздікті, адамдарды құшағына алып бұза бастаған пиғылдар айқын да жарқын суреттеледі. Оқырман алдында үлкен көркемдік әлемді жайып тастаған қаламгердің романынан ауқымды туындыға тән суреткерлік пен кең жан-жақты ойлау жүйесін көре аламыз. «Америкада адамдар бір-біріне әрдайым күле қарап, амандасып жүреді екен дегенді айдан адам табылғандай жарыса келіп жазатынымызды қайтерсің! Құдай-ау, екінің бірі бір айлық жалақысының жарымына машина алып, жарты жылғы үнеміне дүниенің қай қиырына қыдырып, демаламын десе де жетіп-артылып, ит үстіне іркіт төгіліп жатса, олар күлмегенде, жылауы керек пе?!»,-деп жазушыжартусыз жалақысы мен зейнетақысын жыл бойы ала алмай, ең соңғы тай- тұяғын саудагерге беріп, құдайдан бір ғана тыныштығын тілейтін бөрі мінез далалықтартың жан-дүниесі мен қадір-қасиетін әсерлі жеткізеді. «Өзі жылап отырып, өзгені жұбатуға келгенде өре тұратын далалықтардың жаны неткен сірі!»,-деп бірге таңданғандай жазушы. Қазақты төзімділік иесі, шексіз шыдамды, ала бөтен бауырмалдық, дархан жомарттық пен көл-көсір пейілді, ақ берен, атан қайрат, нар мінезді деп сипаттаған. Туған жерге деген сағыныш пен табиғатының салтанатына деген ілтипат, халқының қайталанбас болмысына ізет бәрі-бәрі ерекше суреттеледі. Осы жерде қазақ әдебиетінде ертеден қалыптасқан синтетикалық психологизм тәсілі көрініс табады, портрет, қозғалыс, мінез-құлықты анық көрсететін бұл тәсіл жазушы идеясының жүзеге асуына қызмет етеді.

Романда саясаттан сыр шертіп, шығарма ортасы үрейлі көріністе айналған. «Өз шекарасын тас құлыптап алған Ресейге есік, қақпаңды айқара ашып тастағандағы күнің қойыңды қасқырға бақтырғанмен бірдей шықпаса, күндердің күнінде менің сәлемімді алмаңдар. Әлде өзіңе уы мен газын қалдырып, игілігін Ресейге берген Байқоңырың ба-елдігіңнің белгісі. Әлдехалқыңнан жасырып келген Ресейге берген бес палигоның ба?!»,-деген Далбай сөзі өмір шындығының қатыгез қалпын бұзбай, жұмсартылмай суреттелген бейнесі. Ащы шындықтың қоюлығы сонша, оқып отырып ешбір елдің тарихында болмаған бейбастықты білімсіздік деудің орнына кемелдік дегенін біреу естіп қалмасын деп өзің қорқасың. Осы аралықтарда Далбай мен ұлы арасындағы диалогта, шындықты көркем бейнелеу үлгісінде емес, сақауланған ұлының еріксіз құлақ түргізетін жауабын, іс-әрекетін көрсетіп суреттеу әдісін пайдаланған.

Кеңес Үкіметі кезеңі мен Тәуелсіздік уақытындағы тілшілік, журналистік өмірді романына арқау еткен қаламгер, түрлі кейіпкерлерді тудырады. Жазушы адамдарды тануға, олардың өзара қарым-қатынасына, адамдық, азаматтық сапа-қасиеттеріне аса қатты көңіл бөлген. Журналистер - бір-біріне өте қатты ұқсайды, тілге шешен, қателікті бірінші байқайтын, басынан сөз асырмастан, кез-келген ортада суырылып алға шығып сөз сөйлейтін адамдар. Бұл ережені көзі ашық, көкірегі ояу кез-келген адам біледі. Десе де бұл заңдылық романда бұзылған, яғни адамдардың әртүрлі болатынын, дүниетанымдары мүлдем ұқсамайтындарын көрсетеді. «Міне, Егемен ел атанған уақытымызға да бар болғаны төрт жыл өтсе де..,-деп басталып мақаланың соңы:-Көк байрағымызды

бұдан да биікте желбірер күні алда!» деп аяқталыпты. Береке осы мақаланы оқып, «Дәкесі, баяғыда әр мақалаңыз Коммунистік партияның сара басшылығының арқасында деп басталып, КПСС-тің пәленінші съезінің шешімдерін қажырлылықпен жүзеге асырайықпен аяқталатын еді»,-деп «ақ шайтаны» түртіп Далбайға тиісіп әзілдейді. Осы екі ортада тышқан алып дәніккен мысықша тап беретін, тілі ұзын Есімхан: «Өзі кезінде коммунист болмағандай»,-деп екі ортаға от тастайды. Әзілі жараспай Береке Далбайдың алдында кешірілмес күнаға батқандай жүрген, аңдамай сөйлеп, ауырмай өлгеннің кебін киді. Бұл жерде Есімханның ащы тілінен таяқ жеп жүретінін,
«тіл тас жарады, тас жармаса бас жарады» деген мақалдың Есімханғаарналғанын байқауға болады. Есімхан-өзі сұрақ қойып, өзі жауап беріп отыратын қызық мінезді жан. Кезекшілік кезінде корректор қыздарға қайдағы- жайдағы сайқымазақ, кержамбай әңгімелерді айтып, көздерінен жас аққанша күлдіртіп, өзі корректураны сырғақсыта көз жүгіртіп өте шығатын әдеті бар. Алаңғасырлығы және бар, буындарды, жалғауларды ұмытып корректорлыққа дейін төмендеген, бірақ бес-алты ай өтпестен сарашының тілін тауып, қара орнына қайта келеді. Бірақ соған қарамастан сәтсіздіктерге қабырғасы онша сөгіле қоймайды, яғни өз көңіліне кірбің түсірмейтін жан. Есімхан мен Далбайарасындағы әңгіме өте шынайы бейнеленген, шыныменде көз алдында болып жатқан сияқты. Тілін тығып сөйлейтін Есімхан: «Вот, Қуекең екеуіңнің жөндеріңіз басқа. Бірің білдей бір журналды басқарып, бірің үкімет мүшесі боп қайтқан зиялы қауымнансыздар»,-деп Далбайды оң жамбасына оңтайлапәңгімеге тартады, бірақ Далбай оңай шағылатын жаңғақ емес, «нағыз жылансың-ау» деп кіжінеді, сенбейді. Мүләйімсіп сөйлегенмен, тілін аямай тығатын Есімханның сөздеріне алғашында әжептәуір ешкімөзденіп ежірейгенменен, тез ұмытып кетеді. Далбай-кек сақтамайтын, жамандықтан бойын аулақ салуға тырысып бағатын сабырлы жан. Ол шығармада ұлының
«бизнесмен» боламын деген сөзіне өте қатты ренжейді. Өмірдің әділетсіздігіне наразы еді. Өзі бар өмірін тілші болуға арнап, күндіз-түні тынбай еңбек етіп келеді, бірақ ешқашан материалдық тұрғыдан бай болмады. Енді міне ұлдары
«бизнесмен» болғысы келгені. «Неткен бір қайырсыз күн еді. Шетінен бизнесмен болғылары келеді. Ал тонаңдар! Мұраттарыңа жететін жалғыз жол сол болса, сыйрақ қып шығыңдар жұртты»,- деп ашу-ызасын баласына төгеді шығармада. «Ұлт деген сөз болмасын, жер сатылсын деп сандалған ана сегіздің,деркұлдардың қолшоқпарына айналдың»,-деп ұлына ұрысқан сөзінен Далбайдың бойынан намысты биік қойған, халық қамын жеген, әділ бейнені көруге болады. Жазушы шығарма сюжетін жеке адамдардың тағдырымен байланыстыру арқылы өз кезеңіндегі заманалық шындықты ашып көрсеткен. Бұл жердегі шындық-қазақ қоғамындағы билік, мансап және қарапайым халық үні екені айқын.

Романда нәзік сезім махабатқа да орын берілген. Береке мен Жаңылсын арасындағы әдемі жарасымдылық шебер баяндалады. Сырға бөккен тәтті тыныштықта әңгімелескен қос жанның бір-біріне сауалдары таусылар емес.
«Махаббаттың дайын формуласы жоқ қой. Болса ешкім де қателеспес еді. Қателеспесе, адаспаса, махаббат осыншама әулие сезімге айналар ма еді. Міне,

екеуіміздің арамыздағы сезімде бұрын еш жерде, еш кітапта жазылмаған»,-деп Жаңылсынның еркелей сөйлеген сөздерінен Берекеге деген қимастық сезім аңғарылады. Жаңылсын-романдағы әйел бейнелерден нақты көзге түсетіні, шығармадағы бір жүйе тартыстың өрістеп шиеленісуі де осы Жаңылсынға байланысты, яғни Береке мен Жаңылсынның кездесуі, Жаңылсынның өлімінаяқ астынан болуы, оқырманды рухани күйзеліске ұшыратады. Жазушы сағыныш, өкініш, күйініш сезімдерін және кейіпкерлердің адамшылығы мен опасыздықтарын қатарластыра махаббат мәселесінде тоғыстырып, толық аңғартқан.

Шығармада бала тәрбиесі туралы да сөз қозғалады. Тәрбие-білімнің бастауы, қайнар көзі емес пе? Кімді кінәлау керек екенін қайдам, дегенмен романда Қуангерейдің жалғыз баласының ағылшын тілін жетік біліп, білімді болғанымен тәрбиесі тым бөлектеу. Қуангерейдің: «Өйтіп оқығаннан, жалғыз ұлдың көзі неге қара танымай қалмады»,-деген сөзі әкесінің налыған қарғысы іспеттес. Өмір шындығының бір-біріне ұқсамайтын, тіпті қарама-қарсы күйге келген өзгерісін таныту үшін жазушы контрасты суреттер жасайды. Балаға білім беріп, азамат ету мен оған қарсы сол білімді бұрыс жолға пайдалану осыған дәлел.

Роман соңы өлім мен өмірдің арасында қалған Берекені суреттеумен аяқталады. «Іште, шынында, бұл кезде операция столында өмір мен өлім арпалысы итжығыс халде еді. Уақыт шіркін, қаншама «Тарихтың сарапшысы» атанғанмен, бұлар күткен жақсылы-жаманды хабарды жеткізуге тайсақтайтын секілді»,-деп аяқталған романның психологиялық иірімдерінің мол екенін байқауға болады.

«Тұман ішіндеіг көш» романы - тілі бай, образды, ойлы, суреттері жарқын, кейіпкерлері нақты, тілдік жүйесі қазақ ұғымына лайықты. Өмір шындығын мол қамтып жаңа өмірді, жаңа дәуірді кең суреттеген жазушы өзінің ойлау парасаты мен суреткерлік шеберлігін жоғары деңгейде ұстай отырып, оқырманға үлкен мұра ұсынды. Жазушының өзі өмір сүріп отырған заманның шынайы келбетін аша білген.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Нәріков А. Оралымды ой, қарымды қалам // Қазақ әдебиеті. – 2016. – 12ақпан. – Б. 12.
2. Хамзақызы М. Мұқадес – мәңгі өлмейтін жазушы // Жайық үні. – 2016. – 5 мамыр. – №18. – Б. 13.
3. Сабыр М.Б. Ақиқаттың аңсары, Егеменді Қазақстан, 2016.
4. Мүтиев З. Әдеби өлкетану.- Орал,2018

ПРОФЕССОР Н.Ф.КАТАНОВ ЖӘНЕ ТҮРКІ РУХАНИЯТЫ

Айтбаева Кулпан Айтбайқызы
Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті 2 курс магистранты
Ғылыми жетекшісі: ф.ғ.д., профессор Сабыр М.Б.

Аннотация. *Мақалада қазіргі түркология түркі тілдес этностардыңтілін, тарихын, әдебиетін, фольклорды, халықтардың мәдениетін қамти зерттейтін кешенді гуманитарлық сала екендігі айтылған. Түркітану саласына, сол арқылы жалпы руханиятқа зор еңбек сіңірген Императорлық Санкт-Петербург университетінің түлегі, Императорлық Қазан университетінің және Қазан рухани академиясының профессоры, Сібір халықтары (хакас) арасынан шыққан алғашқы профессор, салыстырмалы тіл білімінің докторы, филолог-түркітанушы, фольклорист, этнограф, қоғам қайраткері Н.Ф.Катановтың еңбектері жан-жақты талданған.*

Тірек сөздер: *түркі әлемі, түркітану, түркология, түркі руханияты*

Қазіргі түркология түркі тілдес этностардың тілін, тарихын, әдебиетін, фольклорды, халықтардың мәдениетін қамти зерттейтін кешенді гуманитарлық сала. Алайда кез-келген ғылым саласы сияқты түркология да күрделі ізденіс жолдарынан өтті, Жалпы алғанда кезінде Ресейде түркология айта қаларлықтай деңгейде дамығаны белгілі. Орыс ғалымдары сол аймақтың өз ұлтының өкілдерін қатыстыра отырып бұл салада орасан зор жетістіктерге жетті. Алайда Ресейдегі түркология XX ғасырдың ортасына қарай ғылыми ақиқатқа жетуден гөрі, коммунистік идеологияның қызметшісі болуға көбірек бой алдырғаны аңғарылады.

XX ғасырдың аяғына қарай түркі тілдес халықтардың саяси-әлеуметтік, мәдени-рухани тұтастығы жөніндегі идея қайтадан күн тәртібінде қойылып отыр. Бұны тек түркілік мақсат-мүддемен ұштастырмай, әлемдік дамудың заңдылықтары аясында танып-түсінгеніміз жөн. Түркі халықтарының тұтастығымен байланысты проблема түптен келгенде түркі халықтарының тілі, әдебиеті, мәдениеті, экономикасы, саясаты, бірлігі мәселесі. Сондай-ақ, ол түркі тектес халықтардың этногенетикалық, саяси-әлеуметтік және мәдени-рухани біртұтастығын мойындау деген сөз, түптеп келгенде, Еуразия құрлығында мыңдаған жылдық тарихы бар ұлы мәдениетті мойындау болар еді.

Жұртшылыққа белгілі, түркологияның дербес ғылым саласы ретінде таныла бастағанына да екі-үш ғасырдың жүзі болып қалды. Осы мерзім ішінде оған адал қызмет етіп, барша саналы ғұмырын арнап, өлмес мұра қалдырған небір айтулы ғалымдар болды. Олардың табанды ізденістері мен тегеурінді еңбектерінің арқасында түркология дербес ғылым саласы ретінде біржолата орнықты. Қазір дүние жүзінің көрнекті ғылыми орталықтары мен оқу орындарында ол дербес ғылым саласы ретінде зерттеліп, оқытылуда.

Түркітану саласына, сол арқылы жалпы руханиятқа зор еңбек сіңірген Императорлық Санкт-Петербург университетінің түлегі, әлемге аты әйгілі

түркітанушы В.В.Радловтың шәкірті, Императорлық Қазақ университетінің және Қазан рухани академиясының профессоры, Сібір халықтары *(хакас)* арасынан шыққан алғашқы профессор, салыстырмалы тіл білімінің докторы, филолог-түркітанушы, фольклорист, этнограф, қоғам қайраткері - НИКОЛАЙ ФЕДОРОВИЧ КАТАНОВ (1862-1922) болды[1].

Бұларға қоса профессор Н.Ф.Катанов Императорлық Орыс география қоғамының, Москвадағы жаратылыстану, антропология мен этнография жанашырларының Императорлық қоғамының, осы тектес қоғамныңТашкенттегі Түркістан үйірмесінің мүшесі және Қазан мен Семей қалаларындағы Статистикалық комитеттердің толық мүшесі болды. Н.Ф.Катанов белгілі түркітанушы ғана емес, өз кезегінде бүкіл Орыс Империясына танымал тұлға болды. Бүгінгі күн көзімен қарағанда өмірден ерте кеткен ғалым туралы, оның жақын досы, профессор И.М.Покровский:

«Николай Федоровичтің қайтыс болғандығы туралы хабар Қазан қаласына тез арада тарап кетті, оны білгендерді таң қалдырды, оны бүкілҚазан халқы білетін еді, қатты қайғырды. Өйткені, көпшілік ол арқылы ғылымның орны толмас ауыр қазаға ұшырағанын, оның қайраткерлік ісінің орны толмасын, ең бастысы бүкіл Ресейде өзінің даралығымен, теңдессіз таза дарындылығымен, ерекшелігімен көзге түскен адамның өмірден өткенін түсінді, сол үшін де қайғырды» - деп жазды[2].

6.Служение обществу. Пособие по развитию волонтерской деятельности учащихся организации образования. Составители Аргынов А.Х., Жумаканова Р.А. Алматы, Научно-информационный гражданского образования, 2009, 183 с
7.Социальная работа с молодежью: учеб. пособие / под ред. Н. Ф. Басова. – М.: Издательско-торговая корпорация «Дашков и К», 2007. – 382

ТҮРКІ ТІЛІНДЕГІ САН ЕСІМ КАТЕГОРИЯСЫ

Кәрімова Гүлсезім Қуандыққызы
Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті

Аннотация.*Мақалада түркі тіліндегі сан есім категориясы және оның ерекшеліктері, жасалуы, жіктелуі қарастырылады. Сандар негізінде пайда болған фразеологиялық тіркестердің қолданылуы, сандар туралы ой қозғап, оның құпия сырларын ашуға еңбек сіңірген ғалымдардың тұжырымдары айтылады.*

В статье рассматривается категория числительных в туркском языке, ее особенности, образование и классификация. Обсуждаются использование фразеологизмов, появившихся на основе чисел, выводы учёных, усердно трудившихся над раскрытием их тайн.

Тірек сөздер: *субстанция, фпазеологиялық тіркес, теориялық болжау, мифопоэтикалық семантика*

Тұрақты тіркестердің біршама бөлігі, мақал-мәтелдер сан есімдермен келетіні белгілі. Бұл сан есімдердің тұрақты тіркестерге тірек сөз болу себебі халықтың ежелгі дәуірдегі ұғым-түсінігімен, салт-санасымен ұштасып жатады. Тұрақты тіркестер ішінде кей сан есімдер тұрақты тіркестер құрамында нақты сан мағынасында қолданылғанымен, кей тұрақты тіркестер құрамында сан мағынасында қолдануы шарт емес. Мысалы, жеті ғылым тілін біледі, қырық ру дегендерде нақты саннан гөрі «көп» деген ұғымды білдірсе, жеті қазына, қырқынан шығару деген тұрақты тіркестерде сандар өз мағынасында.

Халқымыздың есте жоқ ескі заманнан бастап, күні бүгінге дейінгі өмір жолында белгілі бір жүйеге түскен көптеген қымбат қазыналары бар. Өзін қоршаған ортамен қатынас жасаудың негізінде туған қымбат қазыналар елмен қатар жасасып, халықтың өзіндік наным-сенімі мен таным-түсініктерін тудырған. Сан ғасырлық уақытқа созылған сол таным-түсініктер бірте-бірте дами келіп, ұзақ практикалық нәтижелі ізденістердің негізінде

халықтың салт-санасын, сол арқылы халықтық педагогиканы қалыптастырған. Ата-бабаларымыз халықтың салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпын, дүние тану сырларын ұрпақтан-ұрпаққа жемісін үзбей жеткізіп отыруына бірден-бір себепкер – сандар, сандар негізінде пайда болған фразеологиялық тіркестер. Мәселен, *үш қайнаса сорпасы қосылмайды; маңдайының соры бес елі; он ойланды, тоғыз толғанды; жеті жұртқа әйгілі; отқа келген әйелдің отыз ауыз сөзі бар; тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні; екі елі ауызға бір елі қақпақ; мың құбылды,* т.б. Математикалық ұғымды білдіретін сандар сөйлем ішінде не сөйлеу барысында сандық ұғымнан гөрі көбінесе ауыспалы мағынада жұмсалады.

Сан жөніндегі ұғым – адамзат мәдениетінің тууымен және оның дамуымен тығыз байланысты. Егер осы ұғым болмаса, біздің рухани өміріміз бен практикалық қызметімізді өз дәрежесінде көрсете алмас едік. Алғашқы қоғам адамдары дүние, сыртқы дүние жөніндегі өздерінің саналарын табиғаттың құбылыстарын байқау арқылы дамытты. Бұл кезде алғашқы қоғам адамы табиғатты сырттай мегзеуші есебінде болады. Ақиқатында адам өзінің өмірлік ісін теориялық болжаудан немесе табиғатты тікелей бақылаудан бастаған жоқ, ол оны еңбек етіп, өмір сүру және табиғатты түрлендіріп, өзіне бағындыру күресінде бастады [2, 7].

Дүние жүзіндегі халықтардың тілдері мен әдет-ғұрыптарында айырмашылық болып, алшақ жатқанымен, сандар туралы ұғым-түсінігі бір арнадан басталады. Осы сандар туралы ой қозғап, оның құпия сыры төңірегінде көп еңбек сіңірген академик Н.Я.Марр: «Халықтар қандай болса да, бәрі де бүкіл адамзат еңбек етіп, жасап шығарған сандарды пайдаланады»,- деген пікір айтады. Сондықтан барлық халықтардың күнделікті тұрмыста қолданылып жүрген сандар жүйесінде ұқсастық жиі ұшырап, кейбір сандар туралы түсінігі де бірдей болып келеді. Сан ұғымы, сондай-ақ жалпы мөлшер категориясы материалдық тәжірибе негізінде қалыптасты. Кейбір ғалымдардың пікірі бойынша, мәселен, неміс математигі М.Кантор хайуандардың да санай алатындығын ескертеді. Ал кей ғалымдардың пікірінше, «сан – адам санасының ойдан шығарған жемісі», не «әр сан құдай белгілеген белгілер». Бұл көзқарастардың қателігі мынады: хайуанаттар санай білгеннен гөрі әр затты түр-түсінен ажыратады дегеніміз дұрыс болар. Сандық категорияны математика тұрғысынан зерттеушілердің де, философия, тіл білімі тұрғысынан зерттеушілердің айтуында, санның түп атасы – санаға сәулесі түскен материал [3, 112]. Санның тегі зат екендігін орта ғасырдың ойшыл философы, математигі, астрономы Әбунасыр әл-Фараби дұрыс көрсете білді: «Сан, - дейді әл-Фараби өзінің «Ғылымдардың шығуы туралы» атты әйгілі еңбегінде, - бірліктерден құралған жиын болып табылады, ол субстанцияның алуан түрлі жолмен әр түрлі бөліктерге бөлінуінен шығады деп білемін. Субстанция өзінің жаратылысына тән қасиеттер бойынша шексіздікке шейін бөліне береді, сондықтан сандар да шексіз болады. Сан жөніндегі ғылым – субстанцияның бір бөлігін екінші бір бөлігіне көбейту туралы, бірін екіншісіне бөлу туралы, біріне бірін қосу, бірінен бірін алу, түбірі бар бөліктерінің түбірін табу, олардың пропорцияларын табу т.с.с. туралы ғылым. Бұдан санның дүниеге қалай келгендігі, қайдан шығып, неліктен көбейіп кеткендігі, мүмкіндіктен шындыққа, жоқтан барға көшіп, болмысқа айналудың себебі айқын көрініп тұр. Бұл ғылымды грек даналары арифметика деп атайды» [3, 112]. Алғашқы адамдардың санау қабілетінің қаншалықты болғандығы туралы нақты деректер жоқ, өйткені жазу-сызу санаудан көп кейін шыққандығы мәлім. Сондықтан біздер оны білу үшін жанама төмендегіше мәліметтерге сүйенеміз:

1. Мәдени дамудан артта қалған халықтар туралы этнологиялық, этнографияның көрсеткіші. Жер шарының кей жерінде – Африкада, Орталық Америка, Автралияда, сондай-ақ кей аралдарды дамудың өте төмен сатысын кешіріп жатқан тайпалар сақталғандығы мәлім. Олар бізге дейінгі бес немесе он мың жылдар бұрынғы адамдар секілді. Осындай тайпалардың тілін, өнерін зерттеу көне дәуірдегі өзімізге нақты емес мәселелердің ашылуына көмегін тигізеді.

2. Бізге дейінгі жазба ескерткіштер, сондай-ақ алғашқы адамдар паналаған үңгірлерден табылған археологияның мәліметтері.

3. Санаудың алғашқы үлгілері халық ауыз әдебиетінде, атап айтқанда, ертегі, мақал-мәтелдерде сақталуы мүмкін.

4. Жас балалардың сөйлеу мен санауды алғаш үйрене бастаған кезін зерттеген педагогика-психологиялық мәліметтер. Кез-келген жас сәби адамзат дамуын қайталайды. Әрине, «қайталаудың» мерзімі өте қысқа, дегенмен, адамның санауды алғаш қалай меңгергені туралы түсінуге көмектеседі. Жас бала санауды жаңа үйрене бастағанда, сандарды саналушы заттарға ажыратпайды, оларды бір-бірімен біріктіріп қарайды, мәселен, бес саусақ, бес асық, бес қарындаш, т.б. Міне, осы сияқты «алғашқы» адамдар да саналушы объектілермен біріктіріп қарады [2, 9]. Жас баладан ойыншықтарының санын сұрай қалсақ, санын айтпай, ойыншықтарын түр-түсі арқылы түгелдеп шығады. Қай халықтың баласы болмасын санауды саусақтары арқылы үйренеді. Кіші санды табиғи рет бойынша, үлкен саннан бұрын үйренеді. Сан және мөлшер категориясы барлық тілдерде грамматикалық және лексикалық жолдармен беріледі. Лексикалық берілу барлық тілдерде сандардың сөзі арқылы көрінеді. Сан ұғымдары және негізгі қасиеттері сыртқы әлемнің (дүниенің) реалды заттарының қасиеттері мен сол қасиеттерінің суретін береді.

Грек математикасының іргесін қалаушылардың бірі - Пифагор: «Сан - дүниенің заңы және оның байланысы барлығын анықтайтын және танып білетін құрал: заттар дегеніміз сандарға еліктеу, заттардың түпкі мәнісі және олардың жаратылысы сан, әртүрлілікті бірлікке келтіруші және гармонияны туғызушы – сан» [4, 5],- деп заттық ұғымның негізі – сан деп түсіндіреді. Сан ұғымы мейлінше баяу дамыды, таза сан болып қалыптасуға дейін белгілі бір кезеңдерді өткерген. Алғашқы кезеңі - сандық, мөлшер категориясының тікелей сезімдік қабылдау арқылы көрінуі. Алғашқы қоғам адамы сыртқы ортаны танып- білу барысында топтан элементтерді тез айыра білді. Осы көзқарас этнограф Л. Леви-Брюль пікірімен дамытылды. «Уже у некоторых животных в отношении очень простых случаев отличие на способность подобного рода... Если мы вспомним, что, по словам большинства наблюдателей, память первобытных людей «феноменальна» (выражение Спенсера и Гиллена), «граничит с чудом» (Шарльвуа), то тем больше оснований думать, что они легко могут обходиться без имен числительных. Благодаря привычке каждая совокупность предметов, которая их интересует, сохраняется в их памяти с той же точностью, которая позволяет им безошибочно распознавать след того или иного лица. Стоит появиться в данной совокупности какому-нибудь недочету, как он тотчас будет ими обнаружен. В этом столь верно сохраненном в памяти представлении число предметов или существ еще не дифференцировано: ... Ничто не позволят выразить его отдельно. Тем не менее, качественно воспринимается или, если угодно, ощущается. Когда они собираются на охоту, они, сидя уже в седле, осматриваются вокруг, и если не хватает хотя бы одной из многочисленных собак, которых они содержат, то они принимаются звать ее...» [5, 121]. Л.Леви-Брюль көрсетілген еңбегінде алғашқы ойлау таза мағынада сандарды бермей, заттардың жинақ-саны (совокупности-числа) ретінде, зат немесе құбылыстың жиынтығы ретінде ұғынылғанын айтады. Дегенмен, сол жиыннан (жалпыдан) жекені айыру қабілеттері сезіну арқылы жүзеге асады; осы көзқарас математиктер арасынан да қолдау тапты. И.Г.Башмакова мен А.П.Юшкевич Л.Леви-Брюль пікірін негізге ала отырып, сан категориясының қалыптасуының бірінші стадиясында сандық ұғым зат жиынтығының, өзіне тән белгілері: түрі, түсі, мөлшер т.б. негізінде белгілі болды. [6,18]

Ағылшын саяхатшысы У. Паридің (1790-1855) келтірілген мәліметтері бойынша XIX ғасырда Гренландияның эскимостары балаларының санын білмеген, оларды тек түрлерінен айыратын болған. Жегетін иттерін де түс-түрі бойынша түгендеген. Сан категориясының алғашқы сатысы – тікелей сезімдік қабылдау арқылы жүзеге асуы бұл әлі сапаның санға ауыспағандығын көрсетеді. Сан мағынасының берілу тәсілдері. (Этап установления равночисленности множества) [7, 239.] Сан, мөлшер категориясы бұл кезеңінде зат немесе құбылысқа байланысты, яғни мағына байланысы арқылы берілген; мәселен, өмірде әрқашан жеке күйінде кездесетін зат, құбылыс бір санының ұғымын білдіреді. Ай, күн алғашқы қоғам адамының өзі. Сонымен бірге, «бір» мағыналы «бір қол», әдетте «сол қол». «Екі» санының алғашқы мағынасы – «екі қол», «екі көз», «құстың екі қанаты», «ешкінің екі мүйізі». Осы сияқты мыңдаған жылдар бойы сан ұғымы саналатын заттардан айырылмай немесе санның орнында зат есімнің қолданылып келген. XVI ғасырда Африканың кейбір тайпаларында 3

санының дербес атауы болмаған, 3 адам, 3 ағаш, 3 жолбарыс деген сияқты әртүрлі сөздер арқылы айтылған. Бертін шаруашылық күрделеніп, халықтардың ой-өрісі өскен кезде сан атауларының әуелгі мағыналары сирек қолданылып, ақыры ұмтылып, сан есім ретінде дерексіз тұлғалары ғана қалған.[3, 111]. Жоғарыдағы пікірді дәлелдейтін фактілер Л.Леви-Брюльдің «Первобытное мышление» еңбегінде келтірілген. Соның бірі: «Гэддор,- деп жазады Л.Леви-Брюль, - отлично видел, что... здесь нет ни числительних, не чисел в собственном смысле. Здесь речь идет о своего рода памятной книжке, об особом методе, позволяющем в случае падобности получить данную сумму. «Существовал,- говорить он,- другой способ счета: нчинали с мизинца левой руки, от него переходили к безымянному пальцу, затем к среднему, к указательному, к большому, потом к кисти, к сочленениям плеча, к плечу, к левой стороне груди, к грудной кисти, к правой стороне груди и кончали мизинцем правой руки (всего получалось 19). Названия для чисел являются просто названиями частей тела, а отнюдь не числительными. На мой взгляд эта система могла употребляться лишь в качестве вспомогательного средства для счета, подобно тому, как пользуются веревочкой с узелками, но отнюдь не в качестве ряда действительных чисел. Локтовое сочленение (худу) может означать «семь» или «тринадцать...» [5, 124.] Бастапқы кезде сан, мөлшер мағыналарының заттың нақты мазмұнымен тікелей байланысты болғандығын әртүрлі халықтардың тілдерінде сақталып келе жатқан ескілікті сөздерден де, кей тілдердегі қазіргі сан есімдерден де аңғаруға болады. Әрине, ол кезде толық, таза мағынасындағы сан есім емес, Мәселен, қытай тілінде «екі» ұғымын беретін «пу» сөзі «екі құлақ» мағынасында да қолданылады. Тибетте «патша» деген сөз - әрі «екі», әрі «құстың екі қанаты». Готентоттар (Африка) екі санын да, екі қолды да «тукам» дейді. Сол сияқты орыс тіліндегі пять сөзі мен түркі сөзіндегі «бес» сөздерінің де этимологиялық талдауы, «қол» зат есіміне алып келеді. Сан есімдердің көпшілігі түбірлер өзінің қалыптасу негізі жағынан басқа сөз таптарымен (есімдер, етістіктер) тығыз байланысты болып келеді. Бір кезде зат (елу – қол, бес – қол) және қимыл әрекетті білдірген (алты, жеті, алтымыш) сөздердің кейбірі адам баласының айналадағы дүние жайлы ұғымының дифференсациялануына, адам ойының анализдік қасиетінің артуына қарай сан, зат пен құбылыстың сандық мөлшерін, шамасын білдіре бастауы әсте жат құбылыс емес [8, 71].

Сан есім дамуының бұл сатысы санның есімдер, етістіктерге байланысты айтылуы, кейін сан есім болып қалыптасуы – мағыналық, яғни, зат немесе құбылыстың сапалық, сандық мағыналарына байланысты. Математик ғалым М.Ысқақов сандардың меңгерілу дәуірін екіге бөледі, дәлірек айтқанда үшке дейінгі сандарды меңгеріу – бірінші дәуірде, үштен жиырмаға дейінгі сандарды меңгеру – екінші. «Осы екінші дәуірде адамның саусақтары тарихи роль атқарды. Онға дейінгі сандар қолдың саусақтары, оннан жиырмаға дейінгі сандар аяқтың башайлары арқылы саналады. Екінші дәуірді дүние жүзіндегі мәдениетті халықтардың бәрі бастарынан кешірді» [3, 112]. Белгілі бір санды, жинақты білдірудің эталоны, эквиваленті ретінде адам саусақтары, аяқ башайлары, сондай-ақ т.б. адам дене мүшелері қолданылды. «Касеирер отличает, что исходным пунктом для установления различит числовых, равно как и пространсвенных отношений, является человеческое тело и отсюда они переносятся на весь чувственно-наглядный мир» [7, 240]. Эталон, эквивалент арқылы санның берілуі нақты санның, сан есімнің қалыптасуына негіз болады. Осы ойымызды дәлелдей түсу үшін американ этнографы Э.Тэйлордың пікірін пайдалануымызға болады. Сөйлей алмайтын мылқау адамға дейін санай білетінін, санауды тек саусақтары арқылы игеретінін айта келіп: «Егер зулусқа алты санының қалай екенін сұрасаң, «татизитупа» дейді, яғни, «келесі қолдың үлкен саусағын алу» деген сөз... Ол (зулус) жетіге дейін санап келсе, мәселен, қожасы жеті өгіз сатып алды деу керек болса, «у комбиле» деп сұқ саусағы арқылы түсіндіреді [9, 184].

Зерттеушілердің пікірімен санассақ, түркі тілдерінің сан есімдерінің саусақтарға байланысты берілетіні белгілі: алты – келесі қолдан бір саусақ алу, осы етістіктің барысында алты қалыптасты; жеті – сұқ саусақ икемділігіне қарай, тамақ жеу икемділігінен жеді – жеті; тоғыз – тоғызыншы саналатын саусақтың икемсіздігінен, дөкірлігінен дөкір – тоғыз қалыптасты. Дегенмен, адам ойлауы бірте-бірте санды заттан (саусаққа байланысты) дерексіздендіреді. Сандық ұғымды білдіретін сөздер о бастағы заттың мағынасынан ажырап,

таза сан есімге айналды. Сан есімді тұрақты тіркестердің мағыналық, грамматикалық белгілерін ашу міндетті түрде кейбір сан есімдердің этимологиясына тоқталуды қажет етеді.

Сан есімдердің этимологиясы сан есімдердің көне түркі жазба ескерткіштерінде қолданылу ерекшеліктерімен байланысты. Көне түркі жазба ескерткіштерінің тіліндегі сан есімдер қазіргі түркі тілдеріндегі сан есімдермен бәрі дерлік ұқсас. Тек дыбыстық өзгерістермен ерекшеленеді.

Бір (бір), екі (екі), үч (үш), торт (төрт), бес, бис (бес), алты (алты), йеті (жеті), секіз (сегіз), тоқуз (тоғуз), он (он), йегірмі (жиырма), отуз (отыз), қырқ (қырық), еліг (елу), алтымыш, йетіміш, секіз он, тоқуз он, йуз (жүз), бың (мың), түмен (он мың). Көне түркі ескерткіштерінің тілінде оннан әрі санау тәртібі қазіргі кездегі түркі тілдеріндегіден өзгеше: 27 дейтін болса, йеті отуз, яғни алдымен бірлікті, сонан соң айтылатын ондықты емес, келесі ондық айтылады. С.Е.Малов мұндай санауды есептеудің екі системасы деп қарайды, жаңа системасы XI ғасырдағы «Құтадғу білігтен» басталады, екінші ығыстыру Баласағұн мен Қашқари арқылы белгілі. Санаудың екі системасы түркі тілдерінде тек сары ұйғыр тілдерінде сақталса, моңғол тілі о бастан осы системада. Ескі түркі жазба ескерткіштері тіліндегі сан есім қазіргі сан есімдер дедік, енді осы сандардың шығуының алғы шарты, шығу тегін, яғни этималогиясын сөз етеміз. Сан есімдердің этимологиясы - әлі дәлелді, бір негізге түспеген мәселе.

Түркі тілдеріндегі есептік сан есімдердің саны, бүкіл халықтық тілдерге ортақ атаулар миллион, миллиардты қосқанда, 22 сөз. Басқа сандардың бәрі осы 22 санның негізінде жасалады. Сан есімнің этимологиясы туралы айтқанда, санның түпкі тамыры – зат немесе саусақтар, адамның дене мүшелері дегенді жетекшілікке алуымыз керек.

Түркі тілдеріндегі сан есім сөздер о баста ескі үнді, қытай тілдерінен ауысқан деген жорамал ескі дәуірлердегі мәдениет үндестігіне, немесе сол ежелгі дәуірлердегі саяси және әскери байланыстар тарихын ескеруден туындаған. Көне түркі жазба ескерткіштеріне үңілсек, қазіргі сан есімдерімізбен салыстырсақ, олардың үнді, қытай тілдерінен емес, төл тіліміздің жемісі екеніне көзімізді жеткіземіз. Сан есімдердің жасалуына қарай: жай және күрделі сан есімдер етіп жіктейміз. Жай сан есімдерге бірден тоғызға дейін, яғни бірліктер, ондықтардан: он, отыз, қырық, елу, жүздіктен – жүз, мыңдықтардан – мың, сондай-ақ, халықаралық сан есімдер – миллион, миллиард жатады. Дөңгелек ондықтар атауы – жиырма (20), алпыс – алтымыш (60), жетпіс – жетіміш, сексен (80), тоқсан (90) этимологиялық жағынан күрделі сан есімнен, яғни екі санның бірігуінен жасалып тұр: екі, алты, жеті, сегіз, тоғыз бірліктерінен -мыс, -пыс, -піс (-мыш, -миш), -ен, -ан (он сөзінің варианттары) морфологиялық элементтер. Сан есімдердің тағы бір ерекшелігі – тіл-тілде киелілік мәнге ие болуы. Ертедегі мифопоэтикалық дәстүрлерде сан ұғымдарына киелі мән беріп, өн бойына космоникалық мағыналар жинақтағандығына ерекше назар аударған ғалым Р.Авакова адамзат қоғамында сандар діни, тәңірлік және әлемдік символдар ретінде қарастырылатынын, адам санасы жете қоймайтын құдіретті құпиялар мен сырлар жатқандығын баса көрсетеді. Сан есімдер бойындағы мифопоэтикалық семантика мен символикалық қолданыстар олардың магиялық қасиеттерімен тікелей байланысты деп есептейді [10, 72].

ӘДЕБИЕТТЕР:

1 Жұбанов Қ. Қазақ тіліндегі зерттеулер. –Алматы: «Ғылым», 1999

2 Жәутіков О. Жай санаудан машиналық математикаға жету. Алматы, 1959

3 Ысқақов М. Түркі тілдес халықтардың ежелгі арифметикасы. Кітапта: Ежелгі мәдениет куәлары. Алматы, 1966

4 Жәутіков О.А. Ақиқатты танып-білудегі математиканың ролі. Алматы, 1975

5 Леви-Брюль Л. Первобытное мышление. М., 1930

6 Башмакова И.Г. и А.П.Юшкевич. Происхождение систем счисления. В книге: Энциклопедия

элементарной математики, М., 1951
7 Панфилов В.З. Гносеологические аспекты философских проблем языкознания, М., 1982
8 Томанов М. Сан есімдер тарихынан. Жинақта: Қазақ тілі мен әдебиеті, Алматы,1973, 3-шығуы
9 Тэйлор Э. Первобытная культура. М., 1939
10 Авакова Р. Фразеологиялық семантика. Алматы: «Қазақ университеті», 2002

ҚАЗАҚ-ТАТАР ТІЛДЕРІНЕ ОРТАҚ МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕР

Қоңқабаева Алия-2 курс магистранты
Ғылыми жетекші: ф.ғд., профессор Сабыр М.Б.
Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті

***Аннотация**. Мақалада қазақ-татар тіліне ортақ мақал-мәтелдер зерттелген. Мақал-мәтелдер халықтың ауызша энциклопедиясы ғана саналмай, ол ұстаздық, тәлімгерлік рөл де атқарады, адам бойындағы барлық жақсылықты асқақтатып, жамандықты жерлеп, бала тәрбиесінде ерекше орын алатын халық даналығы.*

***Тірек сөздер**. Татар, қазақ, мақал-мәтелдер, халық даналығы, ортақтықтар*

Мақал-мәтелдер – әрбір ұлттың ой-санасының қорытынды түйіні, өмірде түйген-білгендерінің, түрлі тәжірибелерден жинақталған философиялық ойларының көркем көрінісі, фразеологиялық оралымдардың өңделіп, бір қалыпқа реттелген күйде, тұрақталып, қалыптасқан түрлері. Мақал-мәтелдер ертеден қалыптасқан ауыз әдебиетінің бір түрі, ой дәлдігімен, терең мазмұнымен ерекшеленетін, тоқсан ауыз сөзді тобықтай түйінмен жеткізе білетін қасиеттерге ие. Өмір туралы, тіршілік туралы білімнің сұрыпталған жиынтығы. Мақал-мәтелдер халықтың ауызша энциклопедиясы ғана саналмай, ол ұстаздық, тәлімгерлік рөл де атқарады, адам бойындағы барлық жақсылықты асқақтатып, жамандықты жерлеп, бала тәрбиесінде ерекше орын алатын халық даналығы. Мұндағы ақыл-кеңестер қысқа да нұсқа әрі тұжырымды болды. Халық даналығы ата-анаға ұрпақ тәрбиесі жөнінде өзінен бұрынғылардың моральдық-психологиялық, медициналық-гигиеналық, өнер-сайыскерлік ой-пікірлерін де шоғырландырып, бүкіл халықтың тәлімдік тәжірибесін мирасқа қалдырып отырды. Көшпелілердің сонау ерте дәуірден-ақ көп біліп әрі оны ақылмен байыптай алатын адамды ерекше қастерлеуі тегін емес. Ондай адам ата-баба даналығының көзіндей саналатын. Мақал-мәтелдер белгілі бір шешіммен істің дұрыстығын анықтайтын логикалық қызметтің эталоны тәрізді адамның ой-әрекеттерінде маңызды рөл атқарып отырды. Мақал-мәтелдер – ғасырлар бірі-бірінің жалғасын тапса да, сол күйі өзгеріссіз қалған, ата-бабаларымыздың біздерге қалдырған өсиеті. Ауыз әдебиетінің көркем әрі парасатқа толы баға жетпес мұрасы. Мақал-мәтелдердің көрініс табатын сахнасының бірі – көркем шығармалар. Әрбір туынды автордың тілінің ерекшелігіне, көркемдігіне, ойын ұтқырлы жеткізе білгендігіне, мақал-мәтелдерді қаншалықты қолдана білгендігіне байланысты. Мақал-мәтелдерді іздеу барысында, әдеби шығармаларды ақтардық, нәтижесінде көптеген мақал-мәтелдермен таныс болдық. Алайда қазақ және татар тілдерінде қатар кездесетін мақалдарды сирек кездестірдік. Мағынасы жағынан ұқсас бұл мақалдар, туыстас екі тілдің, яғни қазақ және түрік тілінің ойлау жүйесі мен мәдени көзқарастарының да бір-біріне жақын екенінің дәлелдейді. Ұлы Абай Құнанбаевтың немере інісі Шәкәрім Құдайбердіұлының «Шәкәрім шығармалары» кітабында, Әділ-Мария атты шығармасында мынадай мақал берілген: “Отыз тістен шыққан сөзді, отыз ру ел біледі ” [6, 506]. Осы мақалға ұқсас татар тілінде де: «Тістен әйтү берсе, рулы ил белә» (Тістен шыққан сөз елге тарайды) деген мақал бар. Алайда берілген мақалдардағы ерекшеліктер, қазақ тілінде “отыз тіс” деп берілсе, түрік тілінде “тіс” деп берілген. Аталған

екі мақалдағы мағына бір, яғни ауыздан шыққан сөз немесе айтылған әңгіме, адам қаласа да, қаламаса да, барлығына естілетінін, әңгіме болатыны жөнінде. Сонымен қазақ және татар тілдеріндегі мақал-мәтелдерді тақырыптық топтастыру бойынша «еңбек және кәсіп», «өнер және білім», «әулет және қоғам», «тұрмыс және салт», «адамгершілік және кішіпейілділік» деген топтарға бөліп қарастыруға болады. Екі тілдегі мақал-мәтел-дерді тақырыптық топтарға бөле отырып, оларды тура және ауыспалы мағынада қоланылатын мақал-мәтелдер деп екіге бөлініп қарастырылды. Негізінен, түркі халықтарына тән кәсіп – ауылшаруашылығы болғандықтан қазақ және татар халықтарына ортақ еңбек байланысты мақал-мәтелдер екі тілде көп кездеседі. Мысалы: татар тіліндегі «Хезмәт төбе — хәзинә» (Еңбек түбі құндылық), «Хәрәкәттә бәрәкәт» (Әрекетте берекет), «Хезмәте барның хөрмәте бар» (Қызметі бардың құрметі бар) және т.б.сияқты мақалдардың қазақ тілінде де «Еңбек түбі - береке», «Бейнет түбі – зейнет», «Еңбек етсең емерсің» сияқты нұсқалары бар. Сонымен қатар қазақ және татар тілдерінде мағыналары бірдей, бірақ мақалдардың құрамындағы кейбір сөздердің ауысып келуімен жасалған мақалдар да кездеседі. Мысалы: татарша: «Дуссыз кеше тамырсыз агач кебек» (Дауысы жоқ адам, тамырсыз ағаш) – қазақша: «Жалғыздың үні шықпас, жаяудың шаңы шықпас», татарша: «Малсыз егет – сансыз егет» (Малсыз жігіт – жаман жігіт), қазақша: «Қырсыққан қыз бай таппас, қырсыз жігіт мал таппас», татарша: «Ватансыз кеше – бакчасыз сандугач» (Отансыз адам – бақшасыз сандуғаш) – қазақша: «Отансыз адам – ормансыз құспен тең», татарша: «Дулкынсыз диңгез булмас, гыйшыксыз кыз булмас» (Толқынсыз теңіз болмас, махаббатсыз қыз болмас) – Абайша айтқанда: «Махаббатсыз дүние бос», татарша: «Хыялсыз кеше - канатсыз кеше» (Қиялсыз адам – қанатсыз адам) – қазақша: «Армансыз адам – қанатсыз құспен тең», татарша: «Сабырсыз кеше кайгыдан аглар, эчке белән үзен алдар» (Сабырсыз адам қайғы алар, қайғы өзін алар) [Э.Н Федорова «Татар халык мәкальләрендә гарәп һәм фарсы алынмалары» Казан, Казан дәүләт университеты, 2004 ж.] – қазақша: «сабырсыздық туралы мақал керек» және т.б. Қоғам және отбасы – бір-бірінен ажырамас ұғым, өйткені қоғам отбасынан, отбасы да қоғамның ажырамас бір бөлігі болып саналады. Қазақ және татар тілдеріндегі осы екі маңызды тақырыптағы мақалдарды топтап бірге қарастырғанды жөн санадық. Қазақ халқының «Ерте тұрған әйелдің бір ісі артық, ерте тұрған еркектің бір ырысы артық», «Дұшпан күлдіріп ай- тады, дос жылатып айтады», «Анасына қарап қызын ал, аяғына қарап асын іш», «Бірлік түбі – тірлік», «Таспен ұрғанды аспен ұр», «Ақылсыз достан, ақылды дұшпан артық», «Алдыңғы арба қайда жүрсе, соңғы арба сонда жүрер», «Қонақ келсе, құт келер», «Шақырмаған жерге барма, шақырған жерден қалма», «Балық басынан шіриді», «Бес саусақ бірдей емес» және т.б.сияқты мақал-мәтелдерінің түрік тілінде де мынадай баламалары бар: «Ала бу иртә, иртә терлек алыр иде өйләнгән» (Ерте шыққан жол алады, ерте үйленген төл алар), «Берди аяныч, ләкин дөрес сөйли» (Дос ащы айтады, бірақ дұрыс айтады), «Ә кызы, әнисенә карап, әнисе, ә әнисенә карап бөзін» (Анасына қарап қызын ал, жиегіне қарап бөзін ал), «Кунак, һәм сезнең аяклар» (Қонақтың аяғы құт), «Дә әйтелгән микән бу җирне, аннан әйткән» (Шақырылған жерге ерінбе, шақырылмаған жерге көрінбе), «Балык башыннан сасиды» (Балық басынан сасиды), «Биш бер биш бармак түгел, ә» (Бес саусақтың бесеуі де бір емес) және т.б. Қазақ және татар тілдеріндегі қоғам және әулет тақырыптарына байланысты мақал-мәтелдердің құрамындағы сөздердің ауысып келуі туыстас екі халықтан ғасырлар бойы бірбірінен жырақта қалуының себебінен деп білеміз. Алайда, екі тілдегі бұл мақал-мәтелдер өз мағыналарын сақтап қалған. Мысалы: татар тілінде: «Әтисенә өмет артпа, хатын сенбе» (Әкеге сүйенбе, әйелге сенбе) – қазақ тілінде: «Астыңдағы атыңа, қойныңдағы қатыныңа сенбе»; түрік тілінде: «Тебісер ит, ишәк үлә мохиттә» (Ат тебісер, ортада есек өледі) – қазақ тілінде: «Екі түйе соғысса, ортасында шыбын өледі»; «Эт бүйриптә мәчегезгә, , эт курагинә» (Ит итке бұйырыпты, ит құйрығына) – қазақ тілінде: «Ит итті жұмсайды, ит құйрығын жұмсайды»; «Тістен утыз ике, утыз ике авызына тарала» (Отыз екі тістен шыққан, отыз екі ауызға тарайды) – қазақ тілінде: «Отыз тістен шыққан сөз, отыз руға тарайды»; «Кеше дәвамында арамы, арамы терлек читтә» (Адам арамы ішінде, мал арамы сыртында) – қазақ тілінде: «Адам аласы ішінде, мал аласы сыртында»; «Мин сиңа әйтәм, син кайда төс» (Қызым саған айтамын, келінім сен түсін) – қазақ тілінде: «Қызым саған айтам, келінім сен тыңда»;

«Ике капитан бер судно батырар» (Екі капитан бір кемені батырар) – қазақ тілінде: «Екі кеменің басын ұстаған суға кетер»; «Эт астында кар да, шау-гөр килеп, караван бара» (Ит үреді, керуен жүреді) – қазақ тілінде: «Ит үреді, керуен көшеді» және т.б. Әр ұлттың өзіне тән тұрмыс-тіршілігі мен салт-дәстүрінің болуымен қатар, өзгелерге ұқсамайтын қасиеттері, өмір сүру ережелері, күн кешуі, тіпті тамақтану ерекшеліктері де бар. Тұрмыс пен салтты ажыратпай ортақ бір атау (тұрмыс-салттық мақал-мәтелдер) беріп, қазақ және түрік халықтарына ортақ тұрмыс-салтқа байланысты мақал-мәтелдердің ерекшеліктерін бірге қарастырғанды жөн көрдік. Мысалы, «Агач матурлык, матур чапырак» және «Ире ит – озаграк» деген түрік тіліндегі мақалдардың қазақ тілінде «Адам көркі – шүберек, ағаш көркі жапырақ», «Ат – ер қанаты» деген мақалдармен тура мағынада екеніне көз жеткізуге болады. Тұрмыс-салтқа байланысты айтылған мақалдардың құрамындағы кейбір сөздердің ауысып келетінін көруге болады. Мысалы: «Шактый күрәсең, тоташтыра ит-кула» – «Ат айналып қазығын табар, ер айналып елін табар»; «Бер казандә ике кайнамас» (Екі бас бір қазанда қайнамайды), «Бер клетке ике арыстан, сыймас» (Екі арыстан бір торға сыймас) – «Екі қошқардың басы бір қазанға сыймас» және т.б. Адам бойынан табылатын жақсы және жаман қасиеттер де мақал-мәтелдерде көрініс тауып жатады. Сол қасиеттер арқылы бір елдің ой-санасын, психологиясын анықтауға болады. Түбі бір туыстас екі халықтың, ұзақ уақыт бойы араласа алмаса да, әлі күнге дейінгі олардың ойлау жүйесі мен мінез-құлық ұқсастығы түбі бір туыстас түркі халықтарының ұрпақтары екендігін дәлелдейді. Қазақ және татар тілдеріндегі адамгершілік пен кішіпейілділікке қатысты айтылған мақал-мәтелдерге зер салайық. Татар тілінде: «Кутырган моннан ничек начар» (Үйреніскен құтырғаннан бетер) – қазақ тілінде: «Дәніккеннен құныққан жаман»; татар тілінде: «Ум нәпсиң дип» (Ақыл нәпсінің дұшпаны) – қазақ тілінде: «Ашу – ақылдың дұшпаны, нәпсі – иманның дұшпаны»; татар тілінде: «Йокы жилан куйрыгына басма» (Ұйықтаған жыланның құйрығына баспа) – қазақ тілінде: «Ұйықтап жатқан жыланның құйрығын баспа»; «Жолдасың булса янәшәдә, юк, түгел-озын-озын» (Жаныңда жолдасың болса, ешқандай жол ұзын емес) – «Жолдасың жақсы болса жолым ұзын деме, Жолдасың жаман болса қолым ұзын деме» және т.б. Қорыта келе айтсақ, қазақ және татар тілдеріндегі мақал-мәтелдерді бірнеше тақырыптарға топтастыра отырып, салыстыра қарастырылды. Салыстыра зерттеу барысында екі тілде жарық көрген мақал-мәтелдер сөздіктері пайдаланылды. Қазақ және татар халықтарына ортақ мақал-мәтелдердің көптігіне жоғарыда берілген мысалдар айғақ бола алады. Екі тілдегі кейбір мақал-мәтелдердің дәл баламаларының болуымен қатар, кейбір мақал-мәтелдердің құрамындағы сөздердің ауысып келетіндігі де байқалды. Мұндай ерекшеліктердің болуы табиғи құбылыс деп қабылдау керек. Мұндай ерекшеліктер мен ұқсастықтар туыстас түркі халықтарының ғасырлар бойы бір-бірінен жырақта қалып, қоян-қолтық араласпауының салдарынан болады. Алайда екі халыққа ортақ мақал-мәтелдерге қарап, қазақ және татар халықтарының түбі бір екеніне көз жеткізуге болады.

ТҮРКІ ӘЛЕМІНІҢ ДАРА ТҰЛҒАСЫ

Ерболат Еркін-2 курс магистранты
Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университі

Аннотация. *Мақалада түркітанушы Иштван Қоңыр Мандокидің ғыоым әлемінде орны, оның ғылыми еңбектері сараланған. отаны Мажарстан ғана емес, күллі түркі дүниесі қастерлейтін ұлық есімдер қатарындағы көрнекті тұлға. Шыңғыс жорығы тұсында*

Карпат қойнауындағы мадиярлар арасынан пана тапқан құман-қыпшақ жұртының тумасы Мандоки Қоңыр оннан аса тілді еркін меңгерген, бұған қоса зерттеушілік қарымы ерен, Тұран халықтарының фольклорлық-дүниетанымдық санасын бойына дарытқан ғалым.

***Тірек сөздер**. Қыпшақтану, түркітану, мажарлар, венгер, ұлттық ұстаным.*

Мандоки Қоңыр Иштван Мажарстанда өз арғы тегін құман-қыпшақтармен байланыстыратын Құмания өлкесінде 1944 жылы ақпанда туған. Аузында тіспен туған сәби Қоңырға таңданған деседі әдебиетші Көрменди Лайош марқұм. Социализм жолына түскен елдегі кер кезең Қоңырдың балалық шағы ойрандалып, әкесі қайтыс болды, қиналды, намысты таптауды көріп өсті. Әкесінің әңгімесінен ауызша тарих пен фольклорлық санамен сусындауы бала Қоңырға рух берген. Оны жерлес зиялылар қолдап, сирек әдебиеттерді, тіл оқулығын беріп тұрды. Кәмелеттік аттестатты өзінің туған қаласы Карцаг ауылшаруашылық техникумында алған ол, біраз уақыт атбегі болып істеді. Бала кезден жақын маңдағы совет әскерлері қосынына барып, ондағы түркітілді жігіттерден бірлі-жарымды сөз үйренгенін сұқбаттарында айтатын (олар көп, әр ұлттан болған сыңайлы).

Кейін заман өзгерген тұста жерлесі академик Немет Дьюланың партиялық кепілдемесі арқасында 1963 жылы Будапешт университетіне түркітанушы мамандығына оқуды бастайды. 1965 жылдан бастап студент Қоңыр Еуропадағы түркі этникалық топтарының ортасында ғылыми экспедицияға шығуды әдетке айналдырған. Ондағы мақсаты – Қоңырға дейін мажар зиялылары жасап кеткен істі жаңа белеске көтеру, «қыпшақ тілін тірілту» болды дейтін. Қыпшақтанушы құман-қыпшақ Қоңыр. Ғылыми миссиясындағы бірнеше басым бағыттың төртінші бағыты – қыпшақтану саласы туралы жазу машинкасымен өзі терген анықтамада (Мандоки Қоңыр, 1985 жыл, 25 наурыз, Будапешт деп қолын қойған) аталған мәселе төңірегінде былай дейді: « …4.1. Қыпшақ текті халықтардың жаңа заманғы тілі мәселесі тақырыбында 1965 жылдан бері өз тарапымнан жылына 2-3 мәртеден (қазірге дейін 42 мәрте) тілдік-этнографиялық-фольклорлық экспедициялық зерттеуді Румыния мен Бұлғария аумағындағы Добружа, Делиорман өңірінде, өткен ғасырдың екінші жартысында қоныс аударылған татар шоғыры ортасында жүргізіп келемін. Аса көлемді лингвистикалық белгілеулерім мен деректерімнің сыртында 40 мыңдай сөзден тұратын татар диалектологиялық сөздігін дайын еттім (ерекшелеген – автор). Оны жуық арада Мажарстанда, бәлкім Түркияда баспаға ұсынбақ ойдамын» (Ұлы даланың біртуар ұланы. Мандоки Қоңыр мұрасы. Алматы: Орталық Ғылыми кітапхана, 2009. 124-б)

Қоңырдың Добружа өңіріне ықыласы ерекше ауған. Себебі кездейсоқ емес. Тарихтың әр кезеңінде де көптеген жұрттан құралған Добружа аймағының этникалық келбеті салтатты көшпелі халықтармен тікелей байланысты өрбіген. Ежелгі уақытта бұл аймақ Скития Минор – Кіші Скифия аталған. Батыс Ғұн империясы ыдырағаннан кейін Дунай Бұлғарларының хандығы бұл жерде біртұтас мемлекет құрған. Бұл өңір ғасырлар бойы Оногур – бұлғар түрік мемлекетінің ықпалында болған. Мадиярдың Карпат қойнауына қоныстанғаннан кейін печенегтер осы аймаққа ойысқан. Кейін құман-қыпшақ, түркі-татар халықтары осында қоныс тапқан. XIV ғасырдан бастап тұтас Бұлғария және Дунайдың төменгі сағасы Осман түрік билігіне өтті. Кейін Қырым түбегі орыстардың иелігіне көшкеннен ондағы түркілердің бір бөлігі Добружаға қарай ысырылды. 1829 жылғы орыс-түрік, 1854 жылғы Қырым соғысының салдарынан көптеп босып келді. Мандоки Қоңыр зерттеуінде аталған тарихи жайттарды қарастыруды қалыс қалдырмаған. Алайда, румын диктаторлық режімі зерттеу жұмысына кедергі келтіргендіктен Бұлғария қарамағындағы (Делиорман өңірін) түрік-татарларды зерттеуге ауады. Қоңыр ерекше ден қойған зерттеу нысаны вербальдық мәдениет үлгілері, әсіресе фольклорлық деректер болды. Себебі «онда сақталып қалған көне архаикалық пласттардағы жасырынған тілдік деректерді және мәдени кодты ашу арқылы лингвистикалық реконструкцияға жан бітіруге болады» деген ұстанымда болды.

1970 жылдардың басынан қыпшақтануға тереңдей бойлаған Мандоки Қоңыр «қыпшақтардың тілі мен мәдениетінің отаны, тірегі, ареалы – Қазақ жері» деген байламға келгенін, осы бағытта ізденуге кіріскенін оның зерттеулеріне сарап жасаған ғалымдар

(мысалы, Башки Имре) айтады. Қоңыр алыс Азияға алғаш рет 1974 жылы сапарға шыққан. Онда Орхон ескерткіштері мен Моңғолиядағы қазақ, тува жұртының арасына зерттеу экспедициясында болған. Анадолыға жиі сапарлап тұрды. Осы тұста заманындағы СЭВ аталған экономикалық блоктың келісімдері аясында Мажарстанға оқуға келген моңғолиялық қазақ жастарынан Қоңырдың қазақ тілін жете игеруге үлкен ықпал жасағанын айтып отыратын. Әлімхан Сақайұлы, Едіге Төлетайұлы, Уатқан Марат сынды жігіттермен араластығын ілтипатпен еске алатын. 1976 жылдың жазында жігіттердің ауылына барып, Моңғол Алтайдың тау мен тасын апталап аралап, жаңбырына малтығып, желіне тотыға жүріп, көне түркі балбалдарымен жылап қауышқанын, көшпелі мәдениеттің төлтума элементтері жайында қанықты мәлімет жинап қайтады (ол туралы БАҚ пен ғылыми есептерінде жариялап тұрған). 1977 жылдың 31 шілдесіндегі күнделік белгілеуінде Қоңыр қазақша былай толғайды: «Адам өмірінде қуанышты жағдай көп болғанмен, ерекше қуаныштар болады ғой! Арада 700 жыл (7 ғасыр) өткеннен кейін ата-бабамыздың туған топырағы асқақты Алтай тауының арасындағы салтанатты байырғы дәстүрмен өмір сүретін шымбайлы туыстар» деп бастайды. Осы жолғы сапарында Қоңыр Мұзтауға шығып, ежелгі қыпшақтардың «көкілташ» жосынымен рәсім атқарып, жан досы Едігенің ата-анасы Төлетай Қыдыралыұлы мен Риза Кәменқызының «тонды баласы» атанады. Әулеттің үлкені Бұлғарияда әскери академияда оқыған, түрікшені де еркін меңгерген Пірәудие Қоңырды інісі ретінде қабылдап, арасында түрікше «конычып», «иіліп жастық, жазылып төсек болады». Фольклорлық мол мұра жинап олжалы оралады (Ол туралы Қазақстандағы алғашқы мажар елшісі, түрколог Торма Йожефтің «Кровное братство Мандоки Конгура» мақаласында баяндалады. Горизонт. 1996. №1). Кейін Қоңыр дүние салғанда осы шаңырақта Құран оқылып, артын күту рәсімі атқарылған. Ауыз әдебиеті нұсқаларын жинақтауды Қоңыр бір сәт те естен шығарған емес. Маған жазғы каникул кезінде ескі көздерден ән мен ертегі, аңыз мәтіндерін баяндалу қалыбы бойынша хатқа түсіріп әкелуді тапсырғанын орындап жүрдім. Мен Қоңыр ағамен танысқан тұста ол қазақ, қырғыз, ноғай, құмық, қарашайлар арасында фольклор үлгілерін жинақтаумен белсене айналысып жүрген кез еді. Кейін аталған халықтардың халық әндерін жеке кітап етіп шығарды. Бұл туралы атақты құмық ақыны (ақтық демі үзілгенде жанында болған) Бадрудтин Магомедов өз еңбегінде баяндаған (Магомедов Б. Уьзюлген озьенги. Очерклер, шиърулар, ел язывлар. Махачкъала, 2008. – 432 с.)

Мандоки Қоңыр Иштван – отаны Мажарстан ғана емес, күллі түркі дүниесі қастерлейтін ұлық есімдер қатарындағы көрнекті тұлға. Шыңғыс жорығы тұсында Карпат қойнауындағы мадиярлар арасынан пана тапқан құман-қыпшақ жұртының тумасы Мандоки Қоңыр оннан аса тілді еркін меңгерген, бұған қоса зерттеушілік қарымы ерен, Тұран халықтарының фольклорлық-дүниетанымдық санасын бойына дарытқан ғалым. Ол түркология ғылымымен дендеп айналысып қана қоймай, ХХ ғасырдың төртінші ширегінде Шығыс пен Батыстың арасында алтын көпірге айналды, миллиондардың ықылас алқауына бөленді. Яки ол халықтар арасын жақындастырған мәмілегер, озықтарға ой салған көреген еді.

Замана алға жылжыған сайын мерейтой иелері туралы айтылатын жайттар естелік пен өткен шақ еншісіне көшеді. Көзі тірі болса сексеннің сеңгіріне аяқ басып, ортаны толтырып отыратын мажар мен түркіге ортақ тұлға, түркітанушы Мандоки Қоңыр Иштван Алматы іргесіндегі Кеңсай зиратында қазақтың марқасқаларымен мәңгілік ұйқыда. Небәрі төрт мүшелінде көз жұмған арысқа қатысты «түркі халықтарының арасында аңызға айналған тұлға еді, өлімінен кейін мифтік заңғарға көтерілді» деген байлам әсте кеміген емес. Мандоки Қоңыр 1970–80 жылдары Тұран жұрттарының ынтымағы жолында қайрат қылып, зиялы әрекет жасаған тұлға еді. Өкініштісі, заман күрт өзгеріп, қайта өрлеп, көгерген-көркейген тұсына куә болып, қуанышқа куә бола алмады. Дегенмен, ұлы өзгерістердің шет жағасына куә болды. Алматыдағы Желтоқсан оқиғасы кезінде ақпараттың Батыс баспасөзіне жетуіне барын салған Қоңыр Иштван «бұл қызыл жүйе кешікпей ақыры болады ғасырлар тоғысында» деп айналасындағыларға үмітін ұялатып, намысын қайрайтын. Алайда, жүйенің өте қысқа уақытта омалып, «темір шымылдық» оқыс түрілгеніне таң қалды, көппен бірге «өңім бе еді, түсім бе еді» деп таң-тамаша болды. Сөйтті де, өзінің ғылыми мұратын алаңсыз жалғастыра

берді, дипломат Елші болудан бас тартты. Ол туралы Мажарстан дипломатиясындағы көрнекті тұлға Др Келемен Андраш «Мандоки өзінің тарихи миссиясы өзгеше екенін, мемлекеттік қызмет өзінің қолы емес екенін айтқан-тұғын» дейді. Сөйткен Қоңыр аға Түркияға Кайсері университетіне барып, ұлы мұрат жолындағы істерін еңсеруге кіріспек еді. Сөйтіп, байырғы жолымен бір айналып, келісіп келуге сапарға аттанған-тұғын: Солтүстік Кавказдан бастап, онан Еділ бойын адақтап, Алатауға соғып, онан Сарыарқа мен Үш қиянда сайрандап, тұңғыш қазақ Құрылтайына қатысып, қыркүйек соңында Анадолыға табан тіреу жоспарын құрды.

Алайда сапар Макачқалада кілт үзілді: Хазар теңізі жағасында сүржекей жаналғыш Қоңырға қол салған екен. Ақтық демі үзілерде қасында дағыстандық ақын Бадрутдин Магомедов болған. Дәл сол күні қарт Алатау да ыңырана теңселіп, тітіреніп өткен еді. Бұл 1992 жылдың 22 тамызы еді. Қоңырдың өсиеті бойынша Алматы іргесіндегі Кеңсай зиратында жерленді. Заманында, айдарынан жел ескен Еуразия қосқұрлығын, солтүстік Африкамен қоса уысында тұтып, әмірін жүргізген айбынды қыпшақ-құмандардың Еуропадағы ұрпағы, мажар мен түріктің белбаласы, үмітті іске жалғайтын тұлға Мандоки Қоңырдың бақилық болуы түрікшіл-тұраншыл достарына, оның дидарын көріп, сөзін естіген мыңдаған жастарға, ойлы, аңсарлы жандарға соққы, өкініш, мұң болды.

АРСЕН ИБАТОВ ХАН ЖАРЛЫҚТАРЫ ХАҚЫНДА

Ерғалиева Д.Т.-2 курс магистранты
Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті

***Аннотация**. Мақалада профессор Арсен Ибатовтың Хан жырлқтарын оқудағы іс-тәжірибесі ғылыми талданған. А.Ибатов Тоқтамыс ханның бірінші жарлығының поляк князі Иегейлаға хиджраның 795 жылы (жаңаша 1393 жылы) раджап айының сегізінде, Орданың Дон бойында тұрған кезінде түркі тілінде (орыс әдебиеттерінде «татар тілі» деп аталады) түгелдей ұйғыр әрпімен жазылғанын тұжырымдаған.*

***Тірек сөз**. Татар тілі, түркі тілі, хан жарлықтары, қыпшақтар*

Алтын Орда дәуірі жазба ескерткіштерін зерттеуші, орта түркі тілі, көне ұйғыр жазуының білгірі, Ұлттық ғылым академиясының көне ұйғыр тілі бөлімін ұзақ жыл басқарған филология ғылымдарының докторы Арсен Ибатов тәржімелеген жарлықтың толық мәтіні мынадай:

«Тоқтамыстың бірінші Жарлығы
(қазіргі қазақ тілімен айтқанда)
Менің (Тоқтамыс) сөзім
Иегейлаға (А.Ибатов осылай аударған – С.Б.)
Ұлы орынға отырған жөнін білдіріп, Құтлубұға, Асан бастаған елшілер жіберген едік. Сен де елшілер жіберген едің. Бұрнағы жылы Бекболат, Қожамедін бастаған бірнеше ұландар, Бекіш, Тұрдышақ-берді, Дәуіт бастаған бектер Едіге деген кісіні Темірге астыртын жіберген екен, ол тіл (хабар) алып келген еді. Олардың арам ниетпен хабар жіберіп, ілгері жасырын жетіп келгенін сезіп, жиылып соғыспақшы болып тұрғанда, ол арам ниетті кісілер бұрын қозғау салып, әрекет жасағандықтан ел қарсы көтеріліп, бұл істің жөні осылай болған еді. Тәңірі бізді жарылқап, дұшпандық қылған Бекболат, Қожамедін, Бекіш, Тұрдышақ-берді, Дәуіт бастаған ұландар мен бектерді мұқалтты. Енді осының жөнін білдіріп, Асан, Тұлы-Қожа бастаған елшілер жібердік. Енді тағы болса, бізге қарасты елдердің шығындарын (салық) жинап, барған елшілерге беріңіздер, қазынаға жеткізсін. Және бұрынғы жөн-жосық бойынша базаршы серіктестерің (саудагерлер бірлестігін басқарушы адамдар) тағы жүрсін. Ұлы ұлыстың қалпында сақталып қалуына тағы жақсы сай болсын деп, алтын нышанды жарлық ұсындық (яғни таңбасы алтын). Тауық жылы, тарихтың жеті жүз тоқсан бесінде, ережеп айының сегіз жаңасында, орта Донда тұрғанда жазылған».

А.Ибатов Тоқтамыс ханның бірінші жарлығының поляк князі Иегейлаға хиджраның 795 жылы (жаңаша 1393 жылы) раджап айының сегізінде, Орданың Дон бойында тұрған кезінде түркі тілінде (орыс әдебиеттерінде «татар тілі» деп аталады) түгелдей ұйғыр әрпімен жазылғанын айтады. жарлықты алғаш рет 1834 жылы Т.А.Обаленский Мәскеудің орталық архивінен тауып, түпнұсқасы ұйғыр әрпімен жазылған себепті, араб әрпімен транскрипцияға түсіртеді. Жарлықтың мазмұнында Темірдің (Әмір Темірдің) Тоқтамыс ордасына шабуыл жасамақ ниеті бар екендігін, Орданың кейбір бектері мен оғландарының сатқыншылық жасап отырғанын мәлімдеп, Иегейламен бұдан былай да жақсы қарым-қатынас құру ниетін білдіреді. Сонымен қатар салық туралы Жарлығын жеткізеді.

Тарихи құндылығына орай, Тоқтамыстың А.Ибатов көне ұйғыр тілінен тәржімелеген екінші Жарлығын да ұсынып отырмын.

«Тоқтамыстың екінші Жарлығы
(Қазіргі қазақ тілімен айтқанда)
Аллаға беріліп, оның игі ісі мен қайырым-рақымына үміт артамын. Менің (Тоқтамыс) сөзім Қырым өлкесінің Құтлу-бұға басшылық ететін ел билеуші бектеріне, қазы, муфтиларына, әміршi машайықтарына, мекеме хатшыларына, баж алымын жинаушы, таразышыларына, әскери төре, алым-салық жинаушыларына, неше алуан тамаша құрметті адамдарына, баршаға! Бұл жарлықты ұстаушы Бек-қажыға қарасты елінің бәрі біздің сый көрсетіп, жарылқаған адамдарымыз болып, Сутқул елінен жыл сайын неше түрлі шығар шығасысын (салығын) үстеме өсімімен бәрін алмауға берілді. Бүгіннен бастап Сутқулға жан салығын салмасын, ылау, ас-су тілемесін, қамба ақы, егін ақы, ақшалай қаржы тілемесін, өлкеден еркін болып (бағынышты болмай), Қырымның ішінде, сыртында қонымдарда Сутқулға бағынышты кісілерін кім болса да (ешкім) тимесін. Баршасы бір жерге бірлесіп, шығар шығындарын (алым-салықтарын) ұқыпсыздық қылмай, қамқорлық көрсетіп, жәрдем ету үшін пайдалы тархан Жарлығы жазылды. Бек-қажыға шын ынта (ықылас) білдіріп, баршаларыңыз мүлтіксіз күш көмек көрсетіңіздер деп Темір-Болат бұлай дегеннен кейін өлке салығын, жеке салықты салғанда, қысым көрсетіп зәбір шектіргендер қорқатын болар әрине. Бірақ Бек-қажы сый көрсетіп жарылқаған адаммын деп аяныштi (бишара) жарлыларға күш көрсететін болсақ, саған да игі іс (жақсылық) болмайды деп, ұстай тұру үшін алқызыл таңбалы жарлық берілді. Орда Дон Ортатөбеде қырда тұрған-ды. Тоқсан төртінші жылы, мешін жылы, зульхаад айының жиырма төртінде жазылды».

Ол алғаш Қырымда табылып, Жаңасібір мен Бессарабияның генерал-губернаторы князь Ш.Е.Воронцовтың меншігіндегі құжаттар қатарына өткізіледі, кейіннен А.Воронцовтың түсірме литографиясы бойынша жасалған Тромониниің көшірмесін Одессаның тарих және ежелгі дүние қоғамы басып шығарады. Осы жарлықты араб әрпімен транскрипциясын түсіріп, орысшаға аударған Я.О.Ярцев. И.Березин осы аудармада көптеген қателік барын көріп, қайтадан аударады. Сөйтіп, 1851 жылы жаңа транскрипциясымен және түсініктемесімен бастырады.

Тоқтамыстың бірінші Жарлығында «алтын нышанды жарлық ұсындық (яғни таңбасы алтын)», ал екінші Жарлығында «ұстай тұру үшін алқызыл таңбалы жарлық берілді» делінеді … «алқызыл таңбалы» … «алтын нышанды» ... «Алқызыл таңбалы, алтын нышанды жарлық» дегеніміз не? А.Ибатов оған былай деп жауап береді: «Мөрі алтын, алқызыл таңбалы жарлықты тек хан, Шыңғыс хан тұқымы бере алған. Бұл таңбаларды (мөрді) басқалардың қолдануға құқы болмаған. Алтын нышанды, алқызыл таңбалы жарлық мүлтіксіз орындалған.

Алтын Орда хандарының атынан рұқсат қағаз мандат ретінде берілетін алтын не күміс, мыс немесе ағаш белгілер болған. Ол жөнінде И.Березин: «Жоғары дәрежелі шендер екі жолбарыстың мүсіні бар алтын найза алған, төменгілері – жолбарыссыз найза. Әрі қарай алтындалған күміс, жай найза, ең соңында ағаш найза берілген», дейді.

Бұл найзалардың ішінде алтын не алтындалған түрлері тұран (өлке) басқарушысына және мыңбасыларына берілетін болған, ал жүзбасылар күміс найза, одан төменгілерге ағаш найза берілетін болған.

Алтын Орда дәуірі қазақ тарихындағы ең сүбелі кезең екені белгілі. А.Ибатовтың айтуына

қарағанда, хандардың жазбаша жарлық беру дәстүрі сол Алтын Орда дәуірінде басталған сияқты. «XIV ғасырдағы түркі тілді жарлықтар, негізінде Алтын Орда дәуірінде жазылған, – дейді ол. – Бұл жарлықтардың тілі орта түркі жазба әдеби тіліне жатады. Орта түркі жазба әдеби тілі қазіргі халықтар мен ұлттардың әдеби тілі сияқты жалпы халықтық тіл болмаған, ол тіл сол замандағы хат танитын сауатты адамдар үшін жазылған жазба әдебиеттердің тілі, сауатты адамдар ғана оқып, қолдана алатын жазба әдеби тіл болған. Сондықтан оны кез келген қарапайым адам, күнделікті сөйлеу тілі сияқты емін-еркін пайдалана алмаған. Онда қыпшақ тілінің элементтері көбірек сақталған».

Ал А.Ибатов: «Хандар жазған мемлекеттік актілер – жарлықтар және Бітіктер болып екіге бөлінеді. Бітікке – хандардың басқа тәуелсіз монархтарға, сондай-ақ бек, мырзалардың басқа мемлекет басшыларына жазған хаттары жатады. Еуропаның кейбір ғалымдары хан жарлықтарын, Бітіктерін жинақтай келіп, «грамоталар» деп атаған» дейді.

А.Ибатовтың айтуынша, XIV ғасырда жазылған хан жарлықтарының бүгінгі күнге жеткені бас-аяғы оншақты. Орыс тілінде жеті жарлық бар. Олар: Менгу-Темір (1342), Өзбек, Бердібек (1357), Атулақтың (1379) жарлықтары және Тайдулы ханшаның (1357) үш жарлығы ғана. Сондай-ақ XIV ғасырдың аяқ шенінде жазылған Тоқтамыстың екі жарлығы мен Темір-Құтлұғтың жарлығы. XV ғасырдың ішінде жазылған Шахрух пен Бабырдың атасы Абусағид ғате Бабырдың әкесі Смех-Шейхтың жарлықтары. XVI ғасырдың алғашқы жартысындағы Мұхаммед Герей мен Сағадат Герейдің және Сақып Герейдің жарлықтары, XVI ғасырдың екінші жартысындағы Дулат Герей мен Ғозы Герейдің жарлықтары» («Әділет министрлігінің хабаршысы», 1996, №2).

Аталған хан жарлықтарының тарихи маңызы зор. Оларды табанды түрде іздестіріп, тауып, ғылыми сараптама жасау арқылы құқықтық тарихымыздың өрісі мен өресін кеңейте түсер едік.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Сабыр М.Б.Алтын Орда дәуірі: Құтыптың «Хұсрау мен Шырын» поэмасы (XIVғ.).- Алматы: «Liber» баспасы,2023.-
2.Ибатов А. Сөздің морфологиялық құрылымы. –Алматы: Ғылым, 1983.

ӘМІР НӘЖІПТІҢ ШӘКІРТІ

Қаршығақызы Таңшолпан
Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық унтверситетінің 2-курс магистранты. Орал қ.

***Анотация**. Мақалада профессор Әмір Нәжіптің шәкірті Әжібай Керімовтың ғылыми шығармашылық жолы талданған. Ғалымның тіл тарихы мәселесімен, оның ішінде, XI-XIV ғасырларда жазылған ескерткіштердің қазақ тіліне қатысы туралы мәселемен айналысқандығы жан-жақты көрсетілген. «Мухаббат-наме» ескерткішіндегі қазақ тіліне қатысты кей элементтер жайында жазған тұжырымдарының құндылығы сарапталған.*

***Тірек сөздер.** Түркі тілдері, жазба ескерткіштер, көнерген сөздер, этимология*

Тіл, тілдің сөздік құрамында бұл күнде мағынасы ұмыт болған немесе күңгірт тартқан

сөздер болады. Ондай сөздер, көбінесе, тұрақты тіркестердің, мақал-мәтелдердің құрамында, сондай-ақ қос сөздердің сыңарында жиі кездеседі. Қазақ мемлекеттік университетінің түлегі Ә.Керімов Тіл білімі институтына аға-лаборант болып орналасқаннан кейін тілміздгі мағынасы көмескі сөздердің сырына үңіліп, әртүрлі мақала жаза бастайды. *Қансоқта, мір, мәр, шер, машайық, оразы, ұша* сияқты оннан астам сөздердің этимологиясын ашты. «Жығасы жығылды» тіркесіндегі «жыға» сөзінің төркіні туралы жазылған мақаласы «Жұлдыз» журналының 1972 жылғы №8-санында басылды. Қалғандары «Қазақстан мектебі» (1972, №2), «Қазақстан әйелдері» (1983, №10) журналдарында және «Ана тілі» газетінде жарияланды. Бұл мақалалар сол кезде Тіл білімі институты директорының орынбасары Әбдуәли Қайдардың көзіне шалынады да: «Тіл тарихын зерттеуге бейімің бар екен» деп оған «М.Қашқари сөздігіндегі мақал-мәтелдер және оның қазіргі түркі тілдеріндегі көрінісі» деген тақырыпты ұсынып, жоспарын да жасап береді. 1973 жылы сәуір айының ортасында Алматыға ғылыми іссапармен аты әлемге әйгілі түркітанушы әрі жерлесіміз Әмір Нәжіп келді. Тіл білімі институты қызметкерлеріне XI-XIV ғасырларда араб әрпімен жазылған әдеби мұралар туралы дәріс оқыды. Сол жолы институт басшыларына өзі көптен бері айналысып жүрген осы сала бойынша Қазақстаннан да шәкірттер дайындағысы келгенін айтқан екен. Әбдуәли аға: «Біз қайда кетеді дейсің, үлкен ғалымның үлгісін ал, шеберханасымен таныс» деп оған Ә.Керімұлын Әмір Нәжіпке шәкірт етіп, Мәскеуге жібереді. Ә.Нәжіп шәкіртіне «Ескі түркі ескерткіштері тіліндегі сөз жасайтын жұрнақтар (XIV ғасыр)» деген тақырып беріп, ойдағыдай қорғатады. Жұмыс жетекшісінің көңілінен шығады.

Әжібай Керімов 1980 жылғы 15-ақпанда кандидаттық диссертациясын қорғады. Сол жылы өзі бітірген Қазақ мемлекеттік университетіндегі (қазіргі әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университет) Жалпы тіл білімі кафедрасына доценттік қызметке шақырылды. 1980 жылдан 1993 жылға дейін осы аталған ұлағатты ұстаздарының біразымен қызметтес болды, үлгі-өнегесін алды, іс-тәжірибелерінен үйренді. 1993 жылдан 2000 жылға дейін Қазақ ауылшаруашылық институтындағы қазақ тілі кафедрасының меңгерушісі, ал 2000 жылдан 2002 жылға дейін Қазақ мемлекеттік аграрлық университетіндегі қазақ және орыс тілдері кафедрасында доценттік қызмет атқарды. 2002 жылдан күні бүгінге дейін Қ.А.Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университеті жанындағы Түркология ғылыми-зерттеу институтында жетекші ғылыми қызметкер болып істеді. Филология ғылымдарының кандидаты, доцент, Қ.А.Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университетінің - профессоры Ә.Керімұлы шығармашылық жолын мақала, очерк жазудан бастаған екен.

Ә.Керімұлының еңбегі Әмір Нәжіптің редакторлығымен қазақ (2005 ж.) және орыс (2009 ж.) тілдерінде жеке-жеке кітап болып, жарық көрді. Диссертация қорғағаннан кейінгі жерде ғалым тіл тарихы мәселесімен, оның ішінде, XI-XIV ғасырларда жазылған ескерткіштердің қазақ тіліне қатысы туралы мәселемен айналысып келеді. І.Кеңесбаевпен бірге жазған «Мухаббат-наме» ескерткішіндегі қазақ тіліне қатысты кей элементтер жайында» деп аталатын мақаласы «Қазақ әдеби тілінің қалыптасу тарихы мен даму жолдары» жинағында жарияланды. Әр жылдары әртүрлі ғылыми басылымдарда жарық көрген «Алтын Орда аймағында жазылған ескерткіштер»,«Қ.А.Ясауи хикметтерінің зерттелу тарихынан», «Сүлеймен Бақырғани мұрасының зерттелуі», «Нәһжул-фәрадис» жәдігерінің зерттелуі мен тілі туралы қысқаша мағлұматтар», «Құтадғу білік» жәдігерінің зерттелуі мен тілі туралы қысқаша мағлұматтар» деп аталатын мақалалары өз алдына бір шоғыр. Ә.Нәжіп, І.Кеңесбаев, Н.Катанов сынды әйгілі түркітанушылардың өмірі мен еңбегі туралы да мақалалар жазды. Ә.Нәжіп, А.Байтұрсынов, Н.Катанов туралы жазған мақалалары ағылшын тіліне аударылып, «Түркі әлемінің тарихи тұлғалары» (Түркістан, 2009) деген жинақта жарияланды. Тіл тарихына байланысты жазылған бірнеше еңбектерге рецензия жазып, оннан астам кандидаттық диссертацияларға оппонент болғанын да атап өткеніміз жөн. «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы аясында «Әдеби жәдігерлер» атты серия бойынша 20 томдық басылым жарық көргені белгілі. Осы құнды басылымға Сәйф Сарайидің «Гүлстан би-т-түрки» («түркіше Гүлстан») шығармасы мен Құтбтың «Хұсрау мен Шырын» дастаны да енген болатын. «Гүлстан би-т-түрки» шығармасы – парсы-тәжік әдебиетінің классигі Сағдидің

«Гүлстан» дастанының еркін аудармасы. Шығарманы парсы тілінен ескі түркі тіліне, яғни қыпшақ-оғыз әдеби тіліне алғаш аударған Алтын орданың астанасы – Сарай қаласында тұрған талантты ақын Сәйф Сарайи. Аударма 1391 жылы Мысырда жасалған. Көлемі 372 бет. Әр бетте 13 жолдан жазу бар. Қолжазба Лейден университетінің кітапханасында сақтаулы. Бұл ескерткішті Әжібай Керімұлы қазақ тіліне толық аударып шықты. Аударма «Әдеби жәдігерлер» сериясының 9-томына енді. Онда осы құнды әдеби ескерткіштің мейлінше түпнұсқаға жақындатылған қазақша аудармасымен қатар ғылыми түсініктемесі, сөздігі, әдеби жәдігер мәтінінің факсимилесі де берілген. Жалпы, көне (ескі) түркі тілдерінде араб әрпімен жазылған ескерткіштерді қазіргі қазақ тіліне аудару оңай шаруа емес. Өйткені ол мұралардың тілінде араб-парсы сөздері молынан қолданылған. Көнерген сөздер мен көнерген грамматикалық формалар да аз емес. Бұл мәселеге байланысты осы саланың ірі мамандарының бірі Әбжан Құрысжанұлы: «Аудармашы аударылуға тиісті шығарманы түпнұсқа күйінде оқи алатын болуы шарт. Ол шығарманы қай уақытта, қай жерде, қандай тілде жазылғанын анықтап алған артық болмайды. Сол анықталып отырған тілдер бойынша тәржімашының арнаулы мамандығы болса, ол тілдер туралы жазып, жарияланып жүрген еңбектері жарық көріп жүрсе, әрине, ол нұр үстіне нұр болар еді» дейді (Ескі түркі жазба ескерткіштері, 2001 ж. 6-бет). Ә.Керімұлы Қазақ мемлекеттік университетінде араб тілін шет тілі ретінде 4 жыл оқып, соңында мемлекеттік емтихан тапсырды. Жоғарыда аталған екі ескерткішті де жетекшісі Әмір Нәжіптің басшылығымен аспирант кезінде түпнұсқаларынан оқып, машықтанды. Осы ескерткіштер тілінен кандидаттық диссертация қорғады. «Гүлстан», «Хұсрау мен Шырын» және «Мұхаббат-наме» ескерткіштерінен бірнеше үзінділер аударылып, 2005 жылы Түркістан қаласында жарияланған «Ескі түркі ескерткіштері тіліндегі сөз жасайтын жұрнақтар (XIV ғасыр)» деп аталатын монографиясының соңында қосымша ретінде берді. Ол қосымшада аталған ескерткіштерден аударылған мәтіндердің факсимилесі мен транскрипциясы қоса берілген болатын. «Гүлстаннан» теріп алынған дидактикалық материалдар негізінде жазылған «Ғасырлардан жеткен сөз», «Ғибраты мол сөздер» деп аталатын мақалалары «Ұлағат» журналында жарияланды.

Түркітану ғылымына мол мұра қалдырған Әжібай Керімов ұлы ғалым Ә.Нәжіптің адал шәкірті, ізбасары бола білді.

ҚАЗАҚТАНУ ҒЫЛЫМИ КУРСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ӨЗЕКТІЛІГІ

Каримова Бақытханым
Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық унтверситетінің 2-курс магис-ты. Орал қ.
Ғылыми жетекшісі: ф.ғ.д., профессор Сабыр М.Б.

Аннотация. *«Қазақтану» – қазақ халқының ұлттық болмысын, дүниетанымын және ұлттық құндылықтары мен ерекшеліктерін қарастыратын пән екендігі дәлелденген. Сонымен қатар, рухани құндылықтардың гуманистік және адамгершілік ұстанымдарын насихаттайды. Еліміздің Мәңгілік ел болуын көздейтін әрбір азамат біртұтас Қазақстан, бірегей Қазақстан қалыптастыру үшін күресуі қажеттігі тұжырымдалған.*

Тірек сөз*. Қазақтану, ұлттық болмыс, ұлттық дүниетаным, зияткер жас.*

2018 жылы Қазақстан халқы Ассамблеясының XXVI сессиясында «Қазақтану» мәдени-ағарту жобасы қабылданған болатын. Сондықтан жалпы орта мектептерде, арнайы орта оқу орындарында, жоғары оқу орындарында оқып жатқан өзге ұлт өкілдеріне, шетелдік азаматарға, тіпті қазақ бөлімінде оқып жүрген болашақ жас мамандарға да қазақ жұртының қалыптасуынан,

олардың дүниетанымынан, ұлттық құндылықтарынан ақпарат беру, оқыту қажеттілігі туындады.

Тәуелсіз Қазақстанның зияткер жас өкілін тәрбиелеуде халықтық дәстүрлерді, ұлттық тәрбиені, ұлттық құндылықтар мен дүниетанымды теориялық және практикалық тұрғыдан түсіндіретін «Қазақтану» курсын қалыптастыру міндеті тұр.

Ұлттың ерекшелігімен мәдениетін нығайтуға қатысты мәселе ұлтты тану, ұлттың өзін-өзі тану идеясы. Қазақтың ұлттану ілімі бұл қашан да қазақтану идеясымен тығыз байланысты. Себебі тарихи уақыттағы тәжірибелер ұлттың тұлғалану болмысын зерделеуде оның атауы мен өмір сүру идеясын қарастыруды талап етіп отыр [1]. Қазіргі уақытта қазақтану мәселесі қоғамнан, оны насихаттайтын ортадан бірізділікті талап етуде. Қазақ ұлты түркі дүниесінің бір бөлшегі. Ұлы жазушы Әбіш Кекілбаев «қазақтың төрт мың жылдық тарихы бар, Дәйекті, деректемелі тарихы екі мың жылдың көлемінде» деген еді. Қазақ ұлты түркі атты алып бәйтеректің өзіндік ерекшелегі бар бір арнасы. Қазақ ұлты тарихың ұзын жолында жалпы түркілік арналармен жүріп өтіп, өзіндік ешкімге ұқсамайтын ұлттық келбетін қалыптастырды. Бүгінгі XXI ғасырдағы Тәуелсіз Қазақстанның ұланы өзінің шыққан тегін, қандай ұлттың өкілі екенін, өз ұлтының жақсы қасиеттері мен дәстүрлерін бойына сіңіргенде ғана нағыз қазақ боалып қалыптасады. Сол нағзы қазақты қалыптастыру үшін осындай Қазақтану ғылыми курсы қажет екені аян. «Алашты Алаш десе аттанамын, Қазақты қазақ десе мақтанамын, Болғанда әкем қазақ, шешем қазақ, Мен неге қазақтықтан сақтанамын»,- Міржақып Дулатовтың ұран сөзі бүгінгі жатардың кредосына айналу керек[2,86].

«Қазақтану» – қазақ халқының ұлттық болмысын, дүниетанымын және ұлттық құндылықтары мен ерекшеліктерін қарастыратын пән. Сонымен қатар, рухани құндылықтардың гуманистік және адамгершілік ұстанымдарын насихаттайды. Еліміздің Мәңгілік ел болуын көздейтін әрбір азамат біртұтас Қазақстан, бірегей Қазақстан қалыптастыру үшін күресуі керек. Біртұтас Қазақстан мемлекет құраушы титулды этнос қазақ жұртымен басқа да барлық этностар тату-тәтті, бірлікте өмір сүріп, қазақ елінің жалпы ұлттық құндылықтарын, тарихын, мәдениетін, тілін біліп, сыйластықта, гармонияда өмір сүру керек.

Еліміздің саяси-әлеуметтік өмірінің тұрақтылығы сақтап, бейбітшілікті насихаттау, ұлтаралық мәдени қарым-қатынастарды дамыту да қазақтану курсының өзекті қырлары болып табылады.

Кезінде ұлы Мұхтар Әуезов айтқан еді: «Болашақта қазақ жастары мейлі ғарышкер болсын, мейлі инженер, геолог, дәрігер болсын, бірінші кезекте ана тілін, өз ұлтының тарихын, әдебиетін жақсы білетін азамат болуы керек»[3,43]. Йә, Жаңа Қазақстан азаматы әлемдік ғылыми ақпараттармен қаруланған, заманауи ғылым-білімді игерген, цифрлық дамудың көш басында тұрған, бірнеше шет тілін игерген маман бола тұрып, өз рухани бастауларын білмесе ұлтқа қызмет ете алмайды. Ұлтқа қызмет ету білімнен емес, мінезден (Ә.Бөкейхан). Мінезді қалыптастыратын ана тілі, ұлттық тарих, әдебиет пен мәдениет, ұлттық музыка.

Сондықтан «Қазақтану» ғылыми курсының негізгі *мақсаты* – ұлттық рухани құндылықтар негізінде Жаңа Қазақстанның төл азаматын, жас қазақты тәрбиелеу. Жалыпадамзаттық мәдениетке тән қазақ халқының ұлттық құндылықтары негізінде елдегі халық бірлігін нығайту.

Қазақ халқының ұлттық құндылықтарына айналған қонақжайлылық, сенім мен толеранттылық, достық сияқты қасиеттерді меңгерту арқылы жастардың бойына туған елге, туған жерге деген патриоттық сезімін біртіндеп қалыптастыру. Өзге ұлттарға қазақ елінің тарихын, ұлттық мінез табиғатын, тілін танытатын, мәдениет құбылыстарының жүйеленуі мен типтенуі туралы ақпараттармен қамтамасыз ету табылады.

Ғылыми курс өз алдына нақты міндеттер белгілейді*:*

– Қазақтану түсінігінің саяси-әлеуметтік, рухани-мәдени маңызын саралау.

– Ұлттық дүниетанымның қалыптасуы және олардың ұлтты ұйыстырушылық қызметі.

– Қазақ ойшылдарының, ақын-жырау, би-шешендерінің шығармаларының идеялық-теориялық негіздерін, олардың танымдық және тәрбиелік маңызын ашып беру.

– Қазақтың ұлттық болмысын бейнелейтін құбылыстарды, дәстүрлерді, мінездерді айқындау және жүйелеу.

– Тарихи деректердегі қазақ мәдениеті туралы деректерді анықтау, саралау, жүйелеу .

– Қазақ халқының рухани- мәдени мінез құлықтарының, басқа құбылыстарының көркем әдебиетте берілуін сараптау.

– Қазақ халқының аспан асты, жер үстіндегі өмір сүру философиясының ұлттық ерекшелігін анықтау;

- Қазақтанудағы дәстүр мен дін сабақтастығын саралау

– Қазақтану мәселелеріне арналған арнайы ғылыми ізденістермен таныстыру арқылы тыңдаушылардың ойлану және азаматтық мәдениетін қалыптастыратын тәсілдер мен тәлім-тәрбиеге мән беру;

– Қазақтанудың саяси-әлеуметтік факторларын анықтау;

– *Ұлттық* сана-сезім, діл, қонақжайлық, кеңпейілдік, киім кию, қолөнер, ұлттық шаруашылық, салтымыз бен дәстүрімізді, ұлттық ерекшелігімізді таныту.

Қазақтанудың өзектілігі неде деген сұраққа жауап іздесек, бірінші кезекте Еуразия кеңістігін алты мың жылдан аса мекендеп келе жатқан байырғы түркі тайпаларының заңды мұрагер қазақ ұлтының тарихи терең тамырларын түсіндіру болып табылады.

Қазақ халқының ұлттық ерекшелігі ғасырлар бойы қалыптасқан дүниетанымдық үлгілерінен бастап қазіргі кезеңге дейінгі аралықты қамтиды. Басты мақсат қазақ ұлттық құндылықтары жан-жақты қарастыру. Ғылыми курста тарихи құндылықтармен дараланған ұлттық дүниетанымдағы ерекшеліктер, ұлттық мінез табиғаты ашып көрсетіледі, қазақ халқының тіліне, тарихына, ғасырлар бойғы қалыптасқан салт-дәстүріне, әдебиетіне, саяси ұстанымына, экономикасына қатысты дүниелер кеңінен сөз болады. Ғылыми курс қазіргі заманның талаптарына сай жаңа әдіснамалық ұстанымдарға сүйенеді және жалпы оқырман қауымға қолданбалы тұрғыдан көмегін тигізетін мақсаттарға негізделген. Сонымен қатар XXI ғасырдағы сын-қатерлерге байланысты туындаған тың деректер ұсынылады.

Қазақ халқының көп ғасырлық тарихында даналықтың озық үлгісі боларлық әлемді танып білудің, зерделеудің өзіндік сипаттамалары, ұлттық ерекшеліктерді танытатын ойлар мен тұжырымдар жеткілікті. Тіпті әлемдік аренада әбден орныққан, лайықты орын алған жалпы адамзатқа үлгі боларлық қасиеттеріміз нақты деректермен дәлелдеуге болады. Сол рухани құндылықтарымыздың қадірін біліп, барымызды сақтап жаһандану заманында жүйелі түрде жинақтай алуда және оны әрбір жас ұрпаққа рухани сабақтастықпен бере білуде болып отыр. Аталған мәселелерді жүзеге асырған жағдайда еліміздің Еуразиялық кеңістіктегі ерекше халық ретіндегі ұлттық сипатымыздың, басқа халықтар алдындағы құрметіміздің асқақтай түсері анық. Өйткені, өзінің рухани құндылықтарын аялаған, өрбіткен ел ғана, оған жаңа заманда өзіндік жаңғырту сипатын берген халық қана адамзаттың күрделі тарихының ауқымында шынайы бағалануға лайық екені белгілі. Осы мақсатты ғылыми курс жұмыстың негізгі бағдары, әдіснамалық ұстанымы ретінде алға қоя отырып, өз ұлтын тереңірек білгісі келетін жастарға, өзге ұлт өкілдеріне, шетелдік студенттерге мол ақпарат береді.

Қазақтану саласына байланысты көзқарас біржақты болмауы тиіс, яғни өзіміздің кемшін жатқан тұстарымызға сын көзбен қарауды да ұмытпағанымыз жөн. Ұлы Абай «Қалың елім қазағым, қайран жұртым, ұстарасыз аузыңа түсті мұртың, жақсы менен жаманды айрымадың, бірі май, бірі қан боп екі ұртың» деп тегін айтпаса керек-ті[4,26]. Бүгінгі жаһандану заманында жақсы мен жаманды айыра білу де қиындап бара жатыр. Жастар бойында түрлі еліктеушілік басым.

Ғылыми курс өзге ұлт өкілдерінің, жас ұрпақтың қазақ халқының тілін үйренуге, тарихын білуге, құрметтеуге деген талпынысын күшейе түседі. Негізгі мақсат – халқымыздың сан ғасырлық орын алған дүниетанымдық рухани құндылықтарды игеруге ғылыми түсініктердің көкжиегін кеңейту, өзге ұлт өкілдеріне, жаңа буынға қазақтың ұлттық рухани құндылықтарын адамзаттық өркениеттің бір бөлшегі ретінде игерту болып табылады.

Ұлттың ерекшелігімен мәдениетін нығайтуға қатысты мәселе ұлтты тану, ұлттың өзін-өзі тану идеясы. Қазақтың ұлттану ілімі бұл қашан да қазақтану идеясымен тығыз байланысты. Себебі тарихи уақыттағы тәжірибелер ұлттың тұлғалану болмысын зерделеуде оның атауы мен өмір сүру идеясын қарастыруды талап етіп отыр. Қазіргі уақытта қазақтану мәселесі қоғамнан, оны насихаттайтын ортадан бірізділікті талап етуде. Ғылыми курстың басты ерекшелігі ұлттық құндылықтарды бағалай отырып, оны ел ішінде ғана емес, мемлекетаралық деңгейде, жалпы

адамзат қоғамында кеңінен насихаттау болып табылады. Адамзат мәдениеті жаңа өзгерістерге кезігіп отырғанда, ұлттық құндылықтарға деген сұраныс та арта түседі әрі жаһандану дәуіріндегі орны мен қызметі айқындала түседі. Бұл жердегі мақсаттың екі қыры бар. Біріншіден, жаһанданудың жақсы қырларын қажетіне қарай үйрену; ал, екіншіден, тигізер залалынан сақтану, негізгі дербес өзекті берік ұстау. Осы себептен бүгінгі уақыт жағдайында қазақтың болмысын зерделеп, бағдарын пайымдап отыру үшін Қазақтану ғылыми курсының атқарар қызметі зор.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1.Тайжанов А.Т.Тағылымды танымдар (Этномәдени білім мен тәрбие және руханият мәселелері туралы ой-толғам); - Орал, «Ағартушы»,2007. -256б.
2.Дулатов М. Таңдамалы (өлеңдер жинағы). 1 томдық. -Алматы «Жазушы», 1991 .-203 б.
3.Мұхтар Әуезовтің педагогикалық мұраларының мектеп өміріндегі орны. - Ақтөбе, 1993.-256б.
4.Абай Құнанбайұлы. Өлеңдер, аудармалар, қара сөздер/ Құрастырушы Г. Бельгер. Алматы: «Мектеп», 2003. -248б.

ТАРИХИ ЛЕКСИКОЛОГИЯ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Искарина Аксана -2 курс магистранты
Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті

***Аннотация**. Мақалада тарихи лексикологияның өзекті мәселері талқыланған. Тілдің лексикасындағы әрбір сөзде белгілі бір мағына бар. Сөздердің мағыналық жақтары семасиологияда қарастырылады. Семасиология сөздердің мағыналарын және ол мағыналардың өзгерілу жолдарын семантикалық заңдарды зерттейтін арнаулы бір сала болып саналатындығы толық ашылған.*

***Тірек сөздер.** Лексика, семасиология, этимология, сөздік қор, тарихи.*

Қазақ тіліндегі жалпы түркі тілдеріне тән ортақ лексикалық қабат бар. Бұлар лексикология теориясының жалпы проблемалары ретінде жалпы лексикологияда (общая лексикология) қарастырылады. Ал нақты бір тілдің лексикасы және оның ерекшеліктері жеке лексикологияда (частная лексикология) қарастырылады. Жалпы лексикология мен жалқы (жеке) лексикология бір-бірімен байланыста болады. Бұлай болатындығы мынадан: қоғамдық құбылыс ретіндегі жалпы адам баласының тілін сипаттайтын жалпы заңдылықтар жеке, нақтылы тілге де тән болады. Мысалы, қоғам дамуының барысында жаңа сөздердің жасалып, тілдің сөздік құрамының толығуы, дамуы, кейбір ескірген сөздердің одан шығып қалуы немесе өте сирек қолданылатын сөздерге айналуы – тіл атаулыға тән жалпы заңдылық. Сондай-ақ, тілдің даму барысында сөз мағынасының өзгеруі, көп мағыналы сөздердің жасалуы және синонимдік қатарлардың пайда болуы - осылардың бәрі тілдердің барлығында да бар. қатынас құралы, қоғамдық құбылыс ретіндегі тіл атаулыға тән жалпы құбылыстар мен заңдылықтар дүние жүзіндегі тілдердің әрқайсысында (нақты, жеке тілдерде) түрліше (өзіндік ерекшелігімен) көрінуі мүмкін. Мысалы, дүние жүзіндегі тілдердің бәрінде де туынды сөздер сөз тудырудың бір тәсілі – сөздерді біріктіру тәсілі. Сөз тудырудың біріктіру тәсілі әртүрлі тілдерде түрліше дәрежеде көрінуі және әрекет етуі мүмкін. Бұл тәсіл, мысалы, басқа тілдерге қарағанда, көбінесе неміс тіліне тән және неміс тілі үшін ең өнімді тәсіл болып саналады. Осыған орай, неміс тілінде біріккен сөздер өте жиі ұшырасады. Сөздердің

қосарлану тәсілі түрлі тілдерде бар, әсіресе ол түркі тілдеріне өте – мөте тән. Осыған орай, басқа тілдерге қарағанда, қос сөздер түркі тілдерінің лексикасында анағұрлым мол. Омонимдер және олардың фонетикалық өзгерістердің нәтижесінде, түбірге омонимдес аффикстердің жалғануы немесе сөздің семантикалық дамуы нәтижесінде жасалуы түрлі тілдерде кездесе береді. Аталған тәсілдердің ішінде аффикстердің жалғануы арқылы туынды омонимдердің жасалуы әсіресе орыс тіліне өте – мөте тән болып саналады. Орыс тілінде, осыған орай, түбір омонимдерге қарағанда, туынды омонимдер анағұрлым жиі ұшырасады. Бұл айтылғандар тілдің лексикасын сипаттайтын құбылыстар мен жалпы заңдылықтар нақтылы, жеке тілдерде олардың (тілдердің) өзіндік ерекшеліктеріне орайласып, түрліше көрініс табатындығын аңғартады.

Жалпы қатынас құралы ретіндегі тіл атаулының лексикалық жағына тән құбылыстар мен жалпылама заңдылықтар мен ұғымдар жалпы лексикологияда қарастырылса, лексикалық құбылыстар мен жалпы заңдылықтардың жеке, нақтылы тілдердің лексикасына икемделіп көрініс табуы және әрбір тілдің сөздік құрамы мен оның дамуы, өзіндік ерекшеліктері жалпы лексикологияда (жеке, нақтылы тілдің лексикологиясында) қарастырылады, әрбір тілдің лексикологиясы (жеке лексикология) жалпы лексикологияның жалпы теориялық қағидаларына негізделеді де, нақты бір тіл лексикасын зерттейді.

Жеке лексикология белгілі бір тілдің сөздік құрамын шығуы мен тарих бойында дамуы тұрғысынан немесе тілдің сөздік құрамын сол тілдің белгілі бір дәуірдегі, мысалы, қазіргі дәуірдегі қалпы тұрғысынан қарауы мүмкін. Осыған орай, лексикология тарихи (диахроникалық) лексикология және сипаттама (синхрониялық) лексикология болып бөлінеді. Тарихи лексикологияда тілдің сөздік құрамы шығуы, замандар бойында қалыптасуы және дамуы, лексиканы құрастырушы арналар және олардың тарихы тұрғысынан зерттелінеді. Ал сипаттама немесе синхрониялық лексикологияда, (мысалы "қазіргі орыс тілі, ағылшын тілі", "қазіргі қазақ тілі") атты пәндердің лексикология бөлімдерінде, аталған тілдердің (орыс, аөылшын, қазақ тілдерінің), лексикасының осы заманғы қалпы, сөздің, мағыналық құрылымы, лексиканы құрастырушы арналар мен қат-қатар, сөздердің активті және пассивті топтары, сөздік құрамның даму жолдары, лексиканың стилистикалық жақтан дифференциалануы, сөздердің қолданылу аясы, мағыналардың, қарым қатынасына қарай сөздердің топтасуы (синонимдер, омонимдер, антонимдер) және т.б. мәселелер қарастырылады. Қазіргі тілдің сөздік құрамы бір – бірімен байланысты өз ара байланысты элементтердің жүйесі ретінде өмір сүреді және уақыт бойында толығу, даму күйінде болады. Демек, синхрониялық лексикологияда тілдің сөздік құрамы өз ара байланысты элементтердің лексикалық жүйесі тұрғысынан ғана емес, сонымен бірге дамуы тұрғысынан да қалуы керек. Осыған орай, сипаттама (синхрониялық) лексикологияда, қажет болған жағдайда, тарихи мәліметтер мен түсініктер де беріледі. Мұндай тарихи мәліметтер мен түсініктер қазіргі тілдегі лексикалық құбылыстардың табиғатын жете түсінуге көмектеседі. Историзм принципі диахрониялық лингвистика үшін ғана емес (бұл өзінен - өзі түсінікті аксиома), синхрониялық лингвистика және оның барлық салалары, соның ішінде сипаттама (синхрониялық) лексикология үшін де өте – мөте қажет. Сипаттама лексикология тарихи лексикологияны, әрине, ауыстыра алмайды және бұлай болуға тиісті де емес. Бұл жерде әңгіме сипаттама лексикологияда тілдің сөздік құрамының қазіргі қалпын және даму сипатын ғылыми тұрғыдан ашып айқындауда қажетінше тарихи деректерге сүйенудің маңызы жайында болып отыр.

Тілдің лексикасындағы әрбір сөзде белгілі бір мағына бар. Сөздердің мағыналық жақтары семасиологияда қарастырылады. Семасиология сөздердің мағыналарын және ол мағыналардың өзгерілу жолдарын семантикалық заңдарды зерттейтін арнаулы бір сала болып саналады. Семасиология – лексикологияның ең басты және маңызды саласы, өйткені оның (семасиологияның) зерттейтін мәселесі – мағынаны әрбір сөздің "жаны" десе болады. Семасиологияның лексикографиялық жұмыста да (сөздіктер жасау жұмысы) маңызы айрықша. Сөздіктерде, әдетте, сөздің мағыналық жақтары талданады. Семасиологиялық зерттеулердің, топшылаулары мен қорытындылары сөздік жасау жұмысын ғылыми және

практикалық тұрғыдан дұрыс жолға қоюға көмектесіп, бағыт – бағдар сілтейді.

Лексикология сөздерді тілдің сөздік құрамын құрастыратын единицалар, яғни лексикалық единицалар ретінде қарастырады. Шындық болмыстағы заттар мен құбылыстар жеке сөздер мен ғана емес, тұрақты сөз тіркестерімен де аталады. Тіл – тілдің лексикасында жеке сөздердің айрықша синонимі ретінде қолданылатын тұрақты сөз тіркестері жиі ұшырасады. Олар сөздердің тіркесі болғанмен, мағынасы жағынан жеке сөздер мен барабар келіп, бір бүтін лексикалық единица (сөз) тәрізді қызмет атқарады. Осымен байланысты лексикологияда мағынасы жағынан дара сөздермен сәйкес келетін фразеологиялық сөз тіркестері де қарастырылады, мысалы, жүрегі тас төбесіне шығу (қорқу), қас пен көздің арасында, қас қаққанша, ауызды ашып жұмғанша (лезде), қаны қайнау (ашулану), мойны жар бермеу (еріну), тайға таңба басқандай (ашық-айқын), он саусағынан өнері тамған немесе түйін түйген (өте шебер), ит арқасы қиянда (алыста), үріп ауызға салғандай (сүй-кімді), қой аузынан шөп алмас (момын), сақалын сипап қалу немесе санын соғып қалу (өкіну), жүрегі жарылу, төбесі көкке жету (қуану) деген фразеологиялық сөз тіркестері әбден лексикаланған да (лексикализованные), мағынасы жағынан бір сөз тәрізді болып кеткен.

Осылар тәріздес сан алуан фразиологиялық сөз тіркестерін зерттейтін лексикологияның арнаулы бір саласы фразеология деп аталады. Фразеология тұрақты сөз тіркестерінің түрлерін, олардың құрамы мен құрылысын және жасалу жолдарын қарастырады.

Тілдің әртүрлі жақтары (фонетикалық, лексикалық және грамматикалық), бір-бірімен өз ара қарым-қатынаста, байланыста болатыны сияқты, оларды зерттейтін тіл білімінің де әр түрлі салалары бір-бірімен өз ара әрдайым байланыста болады. Мысалы, лексикологияның тіл білімінің арнаулы бір саласы ретінде фонетика және грамматикамен мынадай байланысы бар: тілдегі әрбір сөз дыбыстардың белгілі бір тіркесімен айтылады (жалғыз дыбыспен айтылатын сөз, әдетте, тіл-тілде сирек ұшырайды). Дыбыс тіркестері сөздің сыртқы жамылғышы да, сөздің мағынасы оның мазмұны, болып саналады. Қандай бір сөз болсын, дыбыс тіркестерімен айтылып, белгілі бір мағынаны білдіреді. Сөздің дыбыстық жағын зерттейтін фонетиканың лексикологиямен байланысы да осыдан келіп туады. Тіл-тілде сөздің дыбыстық құрамының өзгеруі немесе екпінінің ауысып түсуі сөз мағынасына әсер етіп, оны өзгертеді. Туыстас тілдердің лексикасын өз ара салыстыра зерттеу немесе белгілі бір тілдің лексикасын тарихи тұрғыдан зерттеу, сондай-ақ этимологиялық зерттеулер салыстырмалы – тарихи фонетиканың деректеріне негізделеді. Әрбір тілдегі сөздердің өзінің фонетикалық ерекшеліктері болады. Сөздің басы немесе аяғы фонетикалық белгілермен, мысалы, дыбыстардың кейбіреулерінің жиі немесе сирек қолданылу немесе мүлдем қолданылмау ерекшеліктерімен сипатталады. Мысалы, қазақ тілінің төл сөздері **ө** дыбысынан басталмайды және бұл дыбысқа ешбір сөз аяқталмайды. Сондай-ақ, қазақ тілінде г,б,д дыбыстарына бітетін төл сөздер кездеспейді. Төл сөздердің құрамындағы дауысты дыбыстар не бірыңғай жуан дауыстылар, не бірыңғай жіңішке дауыстылар болып келеді. Қазіргі қазақ тілі лексикасында құрамындағы дауыстылар жуан да, жіңішке де болып келетін сөздер кездесе береді, бірақ олардың басым көпшілігі-шет тілдік сөздер. Лексикологиялық зерттеулерде сөздің осындай фонетикалық ерекшеліктері еске алынады.

Тарихи дамудың, өзгерудің барысында дербес (атауыш) сөздердің (знаменательные слова) көмекші сөздерге айналу құбылысы, соның нәтижесінде олардың грамматикалық қызметінің күшеюі тіл-тілдің бәрінде де кездеседі. Сондай-ақ, көмекшілік қызмет атқаратын сөздердің көмекші морфемаларға, (аффикстерге) айналуы да-тілдердің тарихи даму барысында кездесе беретін құбылыс. Тілдің даму тарихында, бір жағынан, лексикалық единицалардың (сөздердің) грамматикалану (грамматикализация) процесі жүріп жатса, екінші жағынан, сөздердің тіркестерінің бір бүтін лексикалық единицаға (сөзге) айналып, лексикалану (лексикализация) процесі жүріп жатады да, лексикалық құбылыстар мен грамматикалық құбылыстар астарласып, өзара қарым-қатынаста болып отырады. Мұндай екі жақты байланысты қарастырудың лексикологияға да, грамматикаға да бірдей қатысы бар.

Тіл - тілде біраз сөздердің бір емес, бірнеше мағынада қолданылатыны белгілі. Бұл түркі тілдеріне де тән құбылыс. Мысалы: «от» деген сөздің «өсімдік», өсімдіктерден жасалған

«дәрі-дәрмек және «опа» деген мағыналары бар. Бірінші мағына «от» деген сөзінің, әрине, тура мағынасы да, қалған (дәрі, опа) сол бірінші мағынаның негізінде дамыған қосымша мағыналар. Сол сияқты «құрғақ, құрғаған» деген ұғым беретін құру сөзінің «құрылық» (материал) деген үстем мағынасы бар. «Авлақ» сөзінің «аң аулау» және аң аулайтын жер, аймақ» деген екі мағынасы бар. Осылайша түркі тілдерінде кейбір сөздер бір мағыналы да, көп мағыналы да болып қолданыла береді. Көп мағыналы сөздердің мағыналы өзара тығыз байланыста болып келеді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1.КеңесбаевІ, Мұсабаев Ғ.Қазіргі қазақ тілі. Лексика,фонетика. А., 1988
2.Құрысжанов Ә. Ескі түркі жазба ескерткіштері. А.,2001
3.Тіл тарихы және сөз табиғаты. А.,1997
4.Қазақ тілі лексикологиясының мәселелері А.,1988

КӨНЕ ҚЫПШАҚ ТІЛІ СӨЗДІГІН ҚҰРАСТЫРУДЫҢ ЖӨН - ЖОСЫҒЫ

Адайбекова Айгерім-2 курс магистранты
Ғылыми жетекші: ф.ғд., профессор Сабыр М.Б.
Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті

Аннотация. *Мақалада көне қыпшақ тілі сөздігін құрастырудың жон-жосығы ғылыми талданған. Сөздік жай ғана лексиканы сипаттап қана қоймайды, сонымен бірге міндетті түрде дәуір философиясын, этномәдениетін, этнографиясын, халықтың ұғым-түсініктерінің жиынтығын көрсетеді. Тарихи бағыттағы этимологиялық, тарихи және диалектологиялық сөздіктер жеке сөз бен тілдегі барлық сөздік құрамның тарихын лексикографиялық құралдармен беру міндеттерін шешеді.*

Тірек сөздер*. Сөздік, лексикография, этимологиялық сөздіктер, бірлік.*

Лексикография өзге ғылым салаларымен тығыз байланысты. XXI ғасырда оның басқа ғылым салаларымен байланысы дамып, жаңа деңгейге көтерілуде. Сөздік ғылыми еңбек ретінде қоғамның мәдени өмірінде айрықша орын алады. *Сөздік* – ұжымдық сананы көрсететін ғылыми туынды болса, *сөз* – ондағы орталық негізгі тілдік бірлік. Сөздіктегі әрбір күрделі сөз, шындап келгенде, ғылыми монографияның пәніне айналады. Бұл білімдер сөздіктің түріне, сөзтізбенің көлеміне, лексикографиялық материалдарды беру тәсілдеріне, сөздік мақаланың құрылымына байланысты жүйелі түрде беріледі. Сөздік жай ғана лексиканы сипаттап қана қоймайды, сонымен бірге міндетті түрде дәуір философиясын, этномәдениетін, этнографиясын, халықтың ұғым-түсініктерінің жиынтығын көрсетеді. Тарихи бағыттағы этимологиялық, тарихи және диалектологиялық сөздіктер жеке сөз бен тілдегі барлық сөздік құрамның тарихын лексикографиялық құралдармен беру міндеттерін шешеді. Сөздің ауызша және жазбаша түрлеріндегі сөз тарихы туралы толық ақпарат алу үшін тарихи бағыттағы этимологиялық сөздіктер жүйесі қажет. Сөз үнемі үздіксіз өзгерісте болатындықтан, оның бүгінгі сөйлеушілердің қабылдауындағы мағынасы өткен жүз жылдықтардағы мағынасымен сәйкеспеуі мүмкін. Тарихи лексикографияда тілдік дамуды көрсететін екі тәсіл қалыптасты: *диахрондық сипаттау* (үлкен хронологиялық сөздіктерде), бір *синхрондық кезең бойынша сипаттау*. Тілдің жүріп өткен тарихын диахрондық сипаттау мақсатында Көне қыпшақ тілінің тарихи-этимологиялық сөздігін жасақтау заман талабы. Бұл тұста біз көне қыпшақ

жазба ескерткіштері тіліне сүйенеміз. Негізгі дерек көз «Кодекс Куманикус», «Ортаазиялық тәпсір», Құтыптың «Хұсрау мен Шырын», Сейф Сарайидің «Гүлистан би-түрки», Хорезмидің «Мұхаббат- наме», Махмуд бин – Алидің «Нахдж әл – Фарадис» атты шығармаларынының лексикасында кездесетін, бір буынды, екі буынды, үш буынды сөздер, тұрақты атаулар, фразеологиялық бірліктер мен мақал-мәтелдерді, афоризмдер, бүгінгі күн тұрғысынан мағынасы көмескі сөздер. Осы бірліктердің этномәдени сипатын анықтай отырып, тарихи-этимологиялық тұрғыда талдап, түсіндіру аса өзекті мәселе.

Қазақ ұлтының рухани мәдениетінде көне қыпшақ жазба ескерткіштері үлкен орын алады. Зерттеу жұмысының негізгі мақсаты – шетелдік, отандық түркітанудың филология ғылымында қалыптасқан лексикография саласының негізгі ғылыми үрдісіне сүйеніп, қыпшақ жазба ескерткіштерінің тілін тұтас лексикалық жүйе ретінде қазақ тілі және басқа да түркі лексикасымен салыстыра отырып, тарихи-этимологиялық талдаулар жасау, сөздік түзу.

Жұмыстың мақсаты – тіліміздің тарихи сөздігін жасай отырып, тарихи жазба мұраларымыздың тілін зерттеу, түрлі тарихи себептермен тілдік қолданыстан түсіп қалған сөздерді қайта жаңғырту, қазіргі қазақ тілінің тілдік қорын байыту, жаһандану аясында қазіргі қоғамда белең алған кірме сөздердің орнына төл сөздерімізді пайдалану үдерісін қалыптастыру.

Зерттеудің басты міндеттері:

1) XIII-XIV ғасырлардағы көне қыпшақ жазба ескерткіштерінің тілдік деректерін этномәдени тұрғыдан қазақ тілімен салыстыра отырып, тарихи-этимологиялық талдаулар арқылы ғасырдан ғасырға ұласып келе жатқан тіл сабақтастығын, дүниетаным ортақтығын ашу; Ескерткіштер лексикасын саралап, оның қыпшақтық тілдік бейнесін көрсету. Зерттеу нәтижесінде көне қыпшақ тілі мен қазақ тілінің лексика-семантикалық қатынасын, өзара байланыстылығын анықтай отырып, кешенді зерттеу жұмысы жазылады. Осы арқылы «Ұлы даланың жеті қырында» айтылған Түркі өркениетінің, оның ішінде қыпшақ өркениетінің тілдік бейнесі сарапталады.

2) Жазба мұрағаттар лексикасының “Адам”, “Қоғам”, “Табиғат” жүйесін анықтап, іштей бірнеше микрожүйелерге саралау; Ескерткіш тіліндегі әрбір сөздің мағыналарының қазіргі түркі тілдеріндегі, негізінен қазақ тіліндегі өзгеру, даму жолдарына шолу жасау. Сөз мағынасының өзгеру, кеңею, тарылу үдерістерін саралау;

3) Дүниенің тілдік бейнесі тілдік бірліктер сақталған білімдер мен мәдени ақпараттар жиынтығы деген қисынға сүйене отырып, жазба ескерткіштері тілінің сөздік қорын, яғни байырғы сөздер мен қазіргі сөздердің лексика-семантикалық топтарын жіктеп, саралап, семантикалық өрісін, тарихи байланысын, мағыналық өзгерістері мен қолданылу аясын айқындау іргелі нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді;

4) Ескерткіш тіліндегі фразеологизмдер мен мақал-мәтелдерді анықтап, қазақ тіліндегі баламаларымен салыстыру, лингвомәдени ортақтықтарды айқындау; Бұлардың қыпшақтық мәдениеттің ұлттық мәдениетке ұласқан парасаттылығының тілдегі жиынтық көрінісі екендігін таразылау, этнотанымдық бірліктер бойындағы ғасырлар қойнауынан жалғасып келе жатқан ұшқыр ой, ақыл таразысының сабақтастығын, кумулятивті қызметін көрсету;

5) Сөздік құрастыру мақсатында әр сөздің аталуындағы ұлттық ерекшелік, тарихи-мәдени құбылыстың мәнін айқындауда номинация шегін анықтау. Тіл мен дүниетанымның тоғысқан тұсында ұлттық мәдени құндылықтың қалыптасатынын тарихи-этимологиялық деңгейде дәлелдеу.

6) Ғасырлар бойы қалыптасқан тілдің лексикалық жүйесіне тарихи-этимологиялық барлау жасалып, бір буынды,екі буынды түбір сөздер мен қатар мағынасы көмескі атаулардың сырын ашу. Қазақтың дүниетанымы мен мәдениетінің ұлттық сипаты мен жалпы түркілік іздерін саралау, тарихи ұлттық жадыны жаңғырту;

Зерттеу нәтижелерінде көне қыпшақ жазба ескерткіштері лексикасының сөздік қоры мен қазақ және басқа да түркі тілдеріндегі ортақ этномәдени ақпараттар сабақтасып, жалғасып жатқандығы айқындалады. Ғылыми жоба қазақ ұлтына тікелей қатысты көне қыпшақ жазба мұраларының цифрлық өркениет жағдайында сұранысқа ие болуын қамтамасыз ете отырып,

түркі өркениетінің түп тамырдан қазіргі заманға дейінгі үдерістерін анықтауға өз үлесін қосады.

Ел тәуелсіздігін алғалы Қазақстандық қоғам мен мемлекеттің рухани құндылықтарын сақтап, мәдени жәдігерлерімізді қайта жаңғырту мақсатында 1995 жылы «Қазақстан Республикасында тарихи сананы қалыптастыру тұжырымдамасы», 2004 жылы «Мәдени мұра**», 2013 жылы «Халық тарих толқынында» сияқты** мемлекеттік бағдарламалар қабылданды. Аталған бағдарламалар аясында шетелдік мұрағаттар мен кітапханалардан қазақ халқының мәдени мұрасында тарихи маңызы бар араб, парсы, түркі, шағатай, қыпшақ, қытай және т.б. тілдердегі қолжазбалар, жәдігерлер, кітаптар мен мұрағаттық құжаттар Қазақстанға әкелінді. Көне қыпшақ жазба ескерткіштері XX ғасырдың екінші жартысында ғылыми айналымға түсе бастағанымен, олардың көбі әлі күнге дейін кешенді түрде зерттеле қоймады. Сондықтан қазіргі отандық ғылымда қазақ тарихының жарқын белесі XIII-XIV ғасырларда бабалардан қалған жазба жәдігерліктерді кеңінен зерттеп, халық арасында насихаттау мәселесі тұр. Жобаны әзірлеудің алғышарттары ретінде Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласына назар аударамыз. Президент қазіргі таңда ұлттық сананы жаңғырту мәселелеріне назар аудара келе: «Ұлттық салт-дәстүрлеріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуға тиіс. Ғасырлар қойнауынан жеткен бабалар үні – бұлар біздің рухани мәдениетіміздің бір парасы ғана» [1] деп атап көрсеткен болатын. XIII-XIV ғасырларда көне қыпшақ тілінде жазылған ескерткіштер сөзсіз біздің рухани мұрамыз. Ал Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Абай және XXI ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласында «Жаңғыру – өткеннен қол үзіп, тек жаңа құндылықтарға жол ашу деген сөз емес. Шын мәнінде, бұл – ұлттық мұраларымызды бүгінгі оң үрдістермен үйлестіре дамытуды көздейтін құбылыс» [2],-деген ойына арқа сүйей отырып, көне қыпшақ жазба ескерткіштерінің лексикасын лингвомәдени, этномәдени және тарихи-этимологиялық деңгейде зерттеу, сөздік құрастыру - қазақ тілі лексикасының қалыптасу жолын, ұлттық танымның қалыптасу үрдістерін айқындай түседі. Қазақ тілі лексикасы бай, грамматикалық құрылысы жетілген, орамды әдеби тілге бірден айналған жоқ. Тіліміздің қазіргі күйі, оның бойындағы рухани, этномәдени құндылықтар- ұзақ замандар бойғы өсудің, шыңдалудың жемісі. Ескерткіш тілінің лексика-семантикалық және семасиологиялық аспектіде қаралуы, тақырыптың зәрулігін айқындай түседі. Орта ғасырлардағы байырғы қыпшақтардың рухани, мәдени мұраларын зерттеу жұмыстары XVII-XVIII ғасырларда қолға алына бастаған. Бұл салада алғаш зерттеу жұмыстарын жүргізген Ж.Дегинь, Г. Уейл, Дж. Саувагет, С. Лэн-Пуэль, М.Уильям, М. Гаудефре, А. Поляк, Е. Комбе, М. Канард, Е. Катреме, Е. Блоше, Д. Айалон және т.б. авторлардың еңбектерінде мәмлүктер билігі тұсындағы Мысырдың тарихы, мемлекеттік құрылымы, сыртқы саясаты, Батыс христиан елдерімен дипломатиялық қарым-қатынастары туралы ғана сөз болады. Сонымен қатар М.Т. Хоустма [3], А. Зайончковский [4], Ш. Телегди, А.К.Боровков, А.М.Щербак сияқты ғалымдар орта ғасырлық, оның ішінде Алтын Орда жазба ескерткіштерін зерттесе, Нидерланды ғалымы, түркітанушы Р. Ермерс [5] «әл-Идрак» қолжазбасын ағылшын тіліне аударып, өз тұжырымдарын ортаға салды. Сонымен қатар Э. Наджиптің [6] еңбектерінде Алтын Орда тұсында дүниеге келген әдеби шығармалардың тілі қарастырылып, оғыз-қыпшақ, қыпшақ-оғыз тіліндегі грамматикалық еңбектер мен арабша-қыпшақша сөздіктер туралы жалпылама мәліметтер келтірілген. Жазба ескерткіштердің тілі Э.И. Фазылов, И. Зияева, А. Құрышжанов, Б.Сағындықұлы, Ә.Керімов, А.Ибатов, М.Н. Маженова, Т. Арынов, С. Дүйсенов сияқты ғалымдардың еңбектерінде қарастырылған. Қыпшақтар тарихына қатысты деректер Б.Е. Көмековтің еңбегінде айтылса, А. Әлібекұлының зерттеу жұмысында түркі-қыпшақ әдебиеті қарастырылған. XIII-XV ғасырлардағы Мысыр Мәмлүк мемлекеті мен Дешті Қыпшақ арасындағы байланыстар Б. Батыршаұлының еңбегінде зерттелген. Қыпшақтардың тарихы, мәдениеті мен тіліне қатысты бірқатар зерттеулер болғанымен, «тіл мен этнос бір тұтас» қағидасымен көне қыпшақтың мәдениет пен бүгінгі қазақ дүниетанымының ортақтығы тілдік деректерге сүйеніле зерттеліп, ғасырлар бойы тіні үзілмей келе жатқан рухани, мәдени,

тарихи-этимологиялық құндылықтар лексикографиялық деңгейде қарастырылған емес.
Зерттеудің ғылыми жаңалық ретінде ұсынымдар: Орта ғасырлардағы көне қыпшақ жазба ескерткіштері лексикасы тарихи-этимологиялық дерек ретінде алғаш рет қазақ мәдениетімен сабақтастырылып, кешенді түрде зерттеледі:

- ортағасырлық жазба мұралар тіліне тарихи-этимологиялық талдау жасау арқылы Ұлы Дала мәдениетінің ғасырлар бойы үнемі сабақтастықта қалыптасқаны тілдік деректермен сипатталады, рухани, этномәдени құндылықтар ашылады;
- Этнос пен тілдің тарихи дамуы нәтижесінде қалыптасып, әрі қарай өзіндік жолмен өрістейтінің ескере отырып, әр сөздің аталуындағы ұлттық ерекшелік, рухани, мәдени номинация шегі анықталады;
- Тіл мен дүниетанымның тоғысқан тұсында ұлттық рухани, мәдени кодтың қалыптасатыны көрсетіледі;
- Рухани, этномәдени құндылықтардың тілдік дерегі келесі ұрпаққа сөздік құрал деңгейінде беріледі. Сол арқылы көне қыпшақ жазба ескерткіштерінде сақталған этномәден ақпарат тарихи-этимологиялық тұрғыда дәлелденеді;
- Ғасырлар бойы қалыптасқан тілдің лексикалық жүйесі арқылы рухани, этномәдени құндылықтардың көне қыпшақтық сипаты мен ұлттық (қазақтық) сипатының сабақтастығы, жалғастығы ашылады;
- Зерттеу нәтижесінде «Рухани жаңғыру» идеясы мазмұндық тұрғыдан ашыла түседі, рухани құндылықтарымыз насихатталады. Қазақтың дүниетанымы мен мәдениетінің ұлттық сипаты туралы жаңа ұғым қалыптасады, тарихи ұлттық жады жаңғырады

«Рухани жаңғыру» идеясы мазмұндық тұрғыдан ашыла түседі, «Ұлы даланың жеті қырындағы» міндеттер орындалып, ұлттық рухани мұрамыз халық арасында насихатталады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру// Егемен Қазақстан. 17 сәуір, 2017ж.

2. Тоқаев Қ.К. Абай және XXI ғасырдағы Қазақстан// Егемен Қазақстан. 9 қаңтар, 2020ж.

3. Houtsma M. Th. Ein türkisch-arabisches Glossar. – Leiden: Brill, 1894. – 114 p.

4. Зайончковский А. К изучению средневековых памятников тюркской письменности (XI-XVI ғ.) // Вопросы языкознания. – М., 1967. – № 6. – С. 80-89.

5. Ermers R. Turkic Forms in Arabic Structures: the description of Turkic by Arabic Grammarians. – Nijmegen, 1995. – 260 p.

6. Наджип Э.Н. Культура и тюркоязычная литература мамлюкского Египта XV века. Монография исследование, транскрипция, текстологические примечания. – Туркестан: Туран, 2004. – 291 с.

КОГНИТИВТІК ЛИНГВИСТИКА ҒЫЛЫМЫНЫҢ СИПАТЫ

Арыстанбаева Ғазиза -2 курс магистранты
Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті

***Аннотация**.Тіл өз халқының мәдениетін, өркениетін, әлеуметтік құрылысын, дүниетанымын бейнелеп қоймай, келер ұрпақты қалыптастыруда маңызды және шешуші рөл атқарады. Адам баласының таным түсінігі толысқан сайын санада қалыптасқан ұғымды таныту деңгейі де кеңейе түсетіні белгілі.*

***Тірек сөздер.**Тіл, мәдениет, ұлт, өркениет,ғылым*

Қазіргі таңда антропоцентрлік бағыт аясында тілді «өз ішінде және өзі үшін» қарастыратын зерттеулер жеткіліксіз болып, оны тіл мен танымның, тіл мен адамның, тіл мен ойдың, тіл мен сананың, тіл мен мәдениеттің, тіл мен қоғамның бірлігінде зерттеу қажеттігі

туып деп отыр. Тіл – ойлаудың құралы, ал ойлау, яғни таным – шындық дүниенің бейнесі. Бұл ғалам бейнесінің тілден көрініс табуы. Тіл өз халқының мәдениетін, өркениетін, әлеуметтік құрылысын, дүниетанымын бейнелеп қоймай, келер ұрпақты қалыптастыруда маңызды және шешуші рөл атқарады. Адам баласының таным түсінігі толысқан сайын санада қалыптасқан ұғымды таныту деңгейі де кеңейе түсетіні белгілі. Ақиқат дүниенің кез – келген үзігінің денотаты мен жағдаяттары тіл арқылы санада таңбаланып сақталады және жұмсалады.

Когнитивтік ғылым – адам санасы мен оның технологиялық ойлауы. Бұл ғылым адам санасының белгілі бір жақтарын, ең алдымен оның жүйелі түрде ойлауымен және дүниені тану үдерістерімен байланысын зерттеуге арналған. Когнитивтік лингвистика – тілдің танымдық теориясы мен танымдық қызметін зерттеп, адамзат білімінің түзілуі мен оның қызмет болмысын қарастырады [1, 58]. Когнитивті лингвистиканың зерттеу нысанына сондай-ақ концептілер жатады. Олар концептілік жүйе құрап, өзіндік белгілермен ерекшеленетін концептуальды кеңістікті құрайды.

Когнитивті лингвистика тіл арқылы қоршаған ортаны, адамзат қасиеттерін, қоғамдық құбылыстар мен жаратылысты танып-білудің ғылыми-теориялық негіздерін қарастырады. Сондықтан когнитивті лингвистика тіл білімінің танымдық бағыттары мен аспектілерін әр түрлі қырынан ғылыми негіздейді және адамның таным процесіне қатысты білімін тереңдетіп, тәжірибесін молайтады. Тіл білімінің когнитивті саласы ақиқат дүниенің санадағы таңбасын зерттеуді қолға алғаннан бастап-ақ қазақ тіл білімінде де ұлттық мәдени таным өрістері мен дүниенің тілдік бейнесі және көркем мәтін тіліне концептуалдық талдаулар жасала бастады.

Тіл мен таным процестерінің ара қатынасын көрсету тіл қолданысының когнитивтік жүйесіне сүйенеді. Когнитивтік деген сөз «білім» деген ағылшын сөзінен алынған. Психикалық процестердің өтуін басқаратын білімдер жүйесінің құрылымы когнитивтік құрылым делінеді. Тіл мен ойлаудың, тіл мен танымның арақатысы адам баласының өмірінде құндылықтар қаншалықты роль атқаратынын белгілеп береді.

Когнитивті лингвистика саласындағы негізгі бағыт тіл мен адам санасын, тіл мен танымды біртұтас жүйеде қарастыру. Айнала қоршаған ортаның адам санасында бейнеленіп, тілде көрініс табуы, тілдің танымдық сипаты когнитивті лингвистикада тереңнен қарастырылады.

А. Исламның пайымдауынша: «Біздің ойымызша қоршаған ортаны танып білудегі ұлттық мәдениеттің ерекшеліктерінен ескермеу сананы таза структуризациялауға әкеліп соғары сөзсіз. Таным өзінің күрделілігімен сипатталатыны хақ» деген ой айтады [2,72].

Танымдық ғылымның күрделі инфрақұрылымындағы тіл білімінің алар орнына тоқтала кетсек. Танымдық үлгі жүйесінде тіл білімі тілдік категориялар мен бірліктердің қоршаған дүниені қабылдаумен арақатынасып, оны танып білуді қалай көрсететіндігін зерттейді. Г.Харманның пікірінше, «Тіл танымдық ғылымдардың ішіндегі ең маңыздысы. Бұл тілдің ойды жеткізудегі басты құрал болып табылуымен байланысты. ... Тіл танымға өзінің әсерін беруі де мүмкін» [3,43].

Ақпараттың ішкі өңдеуге түсуі басқаша айтқанда адамның менталды табиғаты, оның ішкі ойлау механизімдері қазіргі заманғы когнитивтік ғылымның нысаны болып табылады. Ал осыдан өрбитін қоршаған ортаның ойлауда, оның тілде қалай көрініс табатыны сияқты мәселелер белгілі ғалымдар В.Гумбольдт, А.А.Потебня, Н.Хомский, Н.Я.Марр, Г.Гадамер т.б. қарастырған. Олардың концепциялары философия, психология, мәдениет пен тілді тоғыстыра зерттеуде негізделгендігі белгілі.

Бүгінгі таңдағы танымдық (когнитивтік) ғылым өзінің бастауын ежелгі дәуірден алатындығы белгілі, себебі танымдық ғылымның нысаны болып саналатын таным мен ақыл, олардың өзара қатынасы сонау ерте заманалардан пікірталас тудырып келген түсініктер. Бұл дегеніміз танымдық ғылымның ең маңызды да, басты мәселесі классикалық мәселе - тіл мен ойлау екендігін анықтай түседі.

Когнитивизм – адам ақыл ойын, олармен байланысты ментальды процестерді зерттеу объектісі етіп алған ғалымдарға бағытталады. Қазіргі кезде ғылым салаларында «когнитивті төңкеріс» туралы сөз болуда. Американдық белгілі ғалым Н.Хомский: «Когнитивтік төңкеріс

ақыл – ой мен мыйдың жағдайын, олардың адамның когнитивтік болмысына: біліміне, ұғымына, түсінігі мен сеніміне қалай ықпал ете алатынын зерттейді» деп жазды [4, 56]. Адамның білімі мен түрлі ақпараттарды қабылдауына қатысты процесс когнитивтік немесе когницизм деп аталады. Оларға «интеллектуалды», «менталды», «талдамалы» терминдері синоним бола алады.

Адам интелектісімен, ойлау заңдылығымен ерте заманнан бері логика, филасофия, физиология,психология айналысып келеді. Филасофияда таным теориясымен айналысатын гносеология бөлімі бар. Алайда когнивистика аясында байырғы мәселелер жағңаша түсіндіріле тібасталды.

Когнивистикада адами когницияға басты мән беріледі, ол тек бақылауға алынған іс – әрекет деңгейінде зерттеліп қоймай, оның менталды репрезентациясы (ішкі қабылдау, модель), символы, даму стратегиясы (білім негізінде жүзеге асатын іс – әрекет) , адамның когнитивтік әлемі, тілдің белсенділік әрекетімен ілгерілеп отыратын мінез – құлқы мен іс – әрекеті бойынша зерттеліп, мотивтері мен қалыптасу нәтижесі қатар қаралады.

1960 жылы американдық профессорлар Дж. Миллер мен Дж. Бруннер Гарвард университетінде когнитивтік зерттеудің алғашқы орталығын құрды.

20 ғасырдың аяғында тілді зерттеу адамның танымдық қызметі тұрғысынан қарала басталды. Сөйтіп, когнитивтік лингвистика антропоцентристік парадигма аясында когнитивизм аясында пайда болды. Когниция – когнитивтік лингвистиканың негізгі ұғымы. Ол білім мен ойлаудың тіл арқылы танылуын қарастырады. Сондықтан да когнитивизм тіл білімімен тығыз байланысты. Тіл – мәдениет пен қоғамнан да жоғары дәрежеде адам танымы мен мінез – құлқына жол ашады.

Адам санасы мен ойлау процесіндегі құбылыстар тіл арқылы ғана белгілі болады. Когнитивтік лингвистика сияқты психолингвистика, этнолингвистика, соцлингвистика ғылымдарының пайда болуы тіл білімінде үлкен өзгеріс тудырды. Лингвистика тілдің жалпы құрылымын зерттейтін ғылымнан тілді адам ойлауы мен танымына байланысты қарастыратын гуманизацияланған ғылымға айналды. Когнитивтік лингвистиканың негізгі құралдары: есте сақтау бірліктері – фреймдер, концептілер, гештельт жіне т.б когнитивтік лингвистика дүние бейнесін модельдеуге (тұрпаттауға), тілдік сананы модельдеуге бағытталады. Дүние туралы белгілі бір дүниетанымның қалыптасуы психикалық сәулеленудің үш деңгейінің өзара қатысымдылығына байланысты: сезімдік қабылдау деңгейі, қабылдауды қалыптастыру деңгейі (жалпыландыру, дереқсідену), сөйлеу – ойлау (речемыслительный)процесс деңгейі.

Аннотация. *Мақалада дискурс туралы түсінік беріледі. Дискурс теориясы лингвокоммуникация, лингвопрагматика ілімінің дамуымен байланысты пайда болып, қазіргі таңда өзіне тән құрылымдық жүйесі, темасы мен ремасы, көптеген түрлері және объектілік, субъектілік мазмұны бар жаңа бағыттағы лингвистикалық сала ретінде орныгуда. Дискурс теориясын тек лингвист ғалымдардың ғана емес, жалпы әлеуметтік ортаның назарын аударатын лингвистикалық ілімдер жүйесіне жатқызуға болады.*

Тірек сөздер. *Дискурс, мәтін, қарым-қатынас, коммуникант, адресант, адресат, сөйлеу.*

Дискурс – пәнаралық зерттеу нысаны. Тіл білімінен басқа, психология, компьютерлік тіл білімі, жасанды интеллект, философия мен логика, әлеуметтану, антропология және этнология, әдебиеттану және семиотика, тарихнама, теология, құқықтану, педагогика, аударма теориясы мен практикасы, коммуникативтік зерттеулер, саясаттану сияқты ғылымдар дискурсты зерттеумен байланысты. Бұл пәндердің әрқайсысы дискурстық зерттеуде өзіндік әсер етеді.

Тіл білімінде дискурсты – айтылым, сөйлеу, мәтін, коммуникативтік жағдаят, монолог, диалог сияқты ұғымдармен байланыстырып жатады.

Дискурсты сөйлеу және мәтінмен қатар алып қарастыру, біріншіден дискурс ұғымын анықтауға және оған жақын ұғымдармен байланысын анықтауға мүмкіндік береді, екіншіден дискурс – сөйлеу, дискурс – мәтін түсінігін талдауға көмектеседі. Дискурсты жоғарыда келтірілген екі жағдайда қарастыру, дискурстың өзіне ғана тән ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік береді.

Қазақ тіл білімінде дискурс тақырыбы өзекті мәселелердің біріне айналып отырғаны баршамызға белгілі. Осыған орай, біршама лингвист ғалымдарымыздың дискурс және оның түрлеріне байланысты қарастырған жұмыстарын кездестіруімізге болады.

Ғалым, профессор Байынқол Қалиұлы, *дискурсты* – ауқымы кең, күрделі құрылым ретінде қарастыра келе, оған прагматикалық, когнитивтік, этнолингвистикалық, мәдениеттанымдық, әлеуметтік, менталдық, психологиялық, семантикалық сипаттар тән екендігін, айтады.

Зерттеуші К.Қ. Садированың пікірінше, мәтін болмаса, дискурс жүзеге асырылмайды. Яғни, тілсіз дискурстың орындалуы мүмкін емес. Сонымен бірге тіл болу үшін сол коммуникацияға қатысушы коммуниканттар болуы керек. Ал коммуниканттардың болуы, олардың белгілі бір шынайы уақыт осіндегі, нақты айтқанда, шынайы өмір өзегіндегі белгілі бір сұранысқа қатысты болады. Осы кезде ғана дискурс орындалады. Дискурс дегеніміз – сөз. Дискурс дегеніміз – экстралингвистикалық факторлардағы мәтін. Ал, экстралингвистикалық факторларымызға коммуникативтік ортаның бір компоненті ретінде сөйлеуші мен қабылдаушының өзі де кіреді, яғни бүкіл психологиясымен, дүниетанымымен, мәдениетімен, тәрбиесімен, білімімен т.б. Дискурс тек қана жалаң сөздің өзі емес, оның саналылар әрекеттесуіндегі қозғалысы, әсері екенін айтады.

Біздің ойымызша, *дискурс* – адресанттың (ақпаратты беруші жақ) адресатқа (ақпаратты алушы жақ) мақсатты түрде бағыттаған ойының адресат санасында интерпретациялануы (талдануы, түсінілуі) нәтижесінде туындаған сөйлеу актісі. Дискурс коммуниканттар арасындағы, яғни адресант пен адресат арасындағы мазмұнды, мағыналы қарым-қатынас түрі.

Бұл жерде мазмұнды, мағыналы қарым-қатынас дегеніміздің өзі дискурстың күнделікті тілдік жағдаяттан ауқымының кеңдігімен ерекшеленетінін көрсетеді.

Сонымен қатар, екі адамның әңгімелесуі барысында тек бір адам ғана өз ойын айтып қойған жағдайда дискурс болмайды, яғни екі коммуникант бірдей өз ойларын айтып, сөйлескен жағдайда және адресанттың сөзін адресат түсініп, оған жауап қайтарғанда ғана дискурс орындалады. Бұл ретте, дискурстың диалогтан айырмашылығы сөйлеуші өз ойын білдірген жағдайда, тыңдап тұрған адамның диалог барысындағыдай жауап қайтаруы міндетті емес, тек оны түсінгенін құптаған жағдайда да дискурс орындалатынын айтуымызға болады.

Дискурс тек сөздерді қолданып ойды білдірумен шектелмейді, сондай-ақ ым-ишара, түрлі белгілерді, бейвербалды амалдарды қолдануда дискурс орындалуының бірден-бір белгісі. Адресант пен адресаттың пікір алмасып, белгілі бір ақпаратпен бөлісіп, өз ойларын жеткізген жағдайда ғана дискурс сәтті шықты деуімізге болады.

Дискурстың орнауы үшін екі коммуниканттың аялық білімінің (әлеуметтік жағдайы, білім деңгейі, мамандығы, беріліп отырған ақпараттан хабары бар-жоғы) тең дәрежеде болуы сияқты мәселелердің маңызды факторларға жататынын естен шығармауымыз керек.

Дискурсты осылайша түсіндіру «сөйлеу» ұғымының барлық мағыналарына негізделген: тілдің жазбаша түріне қарама-қарсы ауызша табиғи сөйлеу түрі немесе үдерістің өзі немесе сөйлеу әрекеті және оның нәтижесі ретінде, тілдің қарым-қатынас процесінде жұмыс істеуі.

Дискурс белгілі бір жағдайларға сәйкес тілді қолдану процесі немесе сөйлеу қатынасының түрі ретінде кең ауқымда қарастырылады. Сөйлеу қатынасының бірлігі – айтылым, оның басты ерекшелігі коммуникацияға қатысушылардың назарын аудару болып табылады.

Дискурстың өзіндік мағынасы жоқ. Дискурс туындайтын және қолданысқа түсетін контекстік жағдаят дискурстық мағына қалыптастыра алады. Ол әлеуметтік, мәдени және тарихи жағдайлар дискурстық мағына қалыптасуына септігін тигізетінін айтады. Осылайша, мәтінді интерпретациялауға үлкен әсерін тигізетін белгілі элементтер болады. Бұл элементтер дискурстың тарихи және контекстік ортасы мен оның мәні арасындағы сәйкестікті қалыптастыруда бір-бірімен интеграцияланады.

Дискурсқа қатысты мәселелер мен құбылыстар, оның типологиясы, коммуникациямен байланысына деген назардың артуы тіл білімінің дамуына сәйкес маңыздылыққа ие болып отыр және осыған орай мәтін типологиясы мәселесі де өзекті болып отыр. Дискурсты теориялық тұрғыдан өзектілендіріп отыратын бағыт – ең алдымен мәтін мен коммуникация арасындағы сәйкестілік болып отыр. Дискурс пен коммуникация арасында күрделі көп бағытты байланыс бар.

Дискурс – бұл тек қана қарым-қатынасқа түсу емес, онда нақты әлеуметтік мақсаттар мен өзіндік әлеуметтік, психологиялық, ұлттық және мәдени мәртебелік ерекшеліктері бар қатысушылар болады. Бірақ коммуникацияның мақсаты қандай екені және оның қатысушылары кім болатыны дискурстың нақты бір түріне байланысты.

ЭТНОМӘДЕНИ БІРЛІКТЕР ТУРАЛЫ

Имашева Динара – 2 курс магистранты
Ғылыми жетекші: ф.ғ.к., қауым.проф. Раманова А.А.
Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті

Аннотация. *Мақалада этнолингвистика, этномәдени бірлік туралы айтылады. Аталған ұғымдарға түсініктеме беріледі. Этномәдени бірліктер – этнолингвистика ғылымының негізгі зерттеу нысаны болып табылады. Этномәдени бірліктер – өзге мәдениетте эквиваленті жоқ, бір этносқа ғана тән мәдени, рухани құндылықтардың тілдік (вербалды), бейвербалды (ым-ишара), менталды (наным-сенім), символдық көрінісіндегі қолданыстар.*

Тірек сөздер. *Этнолингвистика, этномәдени бірлік, этнос, этнолексика, этномәдени құрылым.*

Этнолингвистика – тіл ғылымы мен этнологияның шегінде пайда болған ғылым саласы. Этнолингвистика – халықтың ақыл-ой, сана-сезімінің жемісі – рухани және материалдық мәдениетін, әдет-ғұрып, салт-дәстүр сияқты этносқа тән белгілерін тіл деректері арқылы сөйлететін тіл ғылымының саласы, тіл ғылымындағы ерекше бағыт. Этнолингвистика –

синкретті ғылым, дегенмен оның синкреттілігі бірден айқындала қойған жоқ, уақыт өте оның зерттеу шеңбері кеңейіп әрі анықталып келеді.

Этнолингвистика белгілі бір халықтың тілін сол халықтың мәдени деректерімен, ділімен байланыста қарастырады. Халық тарихы мен оның материалдық, рухани және көркем мәдениетінің элементтері оның тілінде, лексиконында көрініс табуы тиіс. Этнолингвистика – лингвомәдениеттанулық қарым-қатынастың ең биік деңгейі. ... Сондықтан олар жеке және салыстырмалы болып бөлінеді. Ал лингвомәдениеттанудың басты мақсаты – этнолингвистикада шоғырланған барлық ақпаратты қорытып, талдап, тіл мен мәдениеттің өзара әсерін көрсету» дей отырып, этнолингвистика белгілі ұлтқа тән болуы мүмкін, ал лингвомәдениеттану ұлттық бола алмайды.

Этнолексика – қазақ этносы тұрмыс-тіршілігінің, мәдениетінің баға жетпес байлығы. Қазақ халқының ұлт болып қалыптасу жолындағы әр алуан кезеңдері мен оқиғаларының, өзін қоршаған әлеммен қарым-қатынасының тіл иесі жадында жазылып қалған тарихы, сондықтан этнолексика ұлттық мәдениеттің ерекше болмысын сипаттайтын терең мазмұнға ие. Осыған орай, Ж.Манкеева: «...ұлттың болмыс мазмұнын тұтас мәдени жүйе ретінде өз бойында сақтаған құнды этномәдени дерек ретіндегі тілдік бірліктерді «ұлт пен тіл біртұтас» деген қағидаға сәйкес жинақтап, жүйелеу, талдау игілікті де өзекті іс болмақ», - дейді.

Этнолингвистикалық қағида бойынша мәдениет лексикасының этномәдени құрылымын анықтайды. Ж.Манкееваның пайымдауынша, этнолингвистикалық қағиданың тінін құрайтын «ұлт пен тіл» біртұтас» немесе «тіл мен мәдениет сабақтас» деген ұстанымдар».

Этномәдени құрылымды жинақтайтын – этнос тұрмысының сан салалы қырлары. Оны Ж.Манкеева төмендегіше саралайды:

- этнолингвистикалық зерттеу нысаны тек этнографизмдер (иткөйлек, бойтұмар т.б.) емес, оны этномәдени лексикадағы халықтың күнделікті тұрмыс-тіршілігі, айналысатын кәсібі мен еңбегіне т.б. қатысты сан ғасырлық тәжірибесінің тұжырымы іспетті сан салалы мәдени жүйе атаулары деректер дәлелдейді. Сөйтіп, этнолексиканың өзегін құрайтын қазақ этносы тұрмыстіршілігінің, экономикасының көзі мал шаруашылығы екені айқындалады. Оны осы салаға қатысты мақал-мәтел, жұмбақ, фразеологиялық тіркестер т.б. көрсетеді. Мысалы, *қой мың, жылқы жүз болу* – көңілі тоқ, уайым-қайғысы жоқ болу, тоқмейілсу (ҚХР) мағынасын білдіреді, ал Түрікменстандағы қазақтар тілінде *қойы тауға жайылып жату* – шаруасы сай, тұрмысы жақсы мағынасында қолданылады. Халық тұрмыстың жайлы, уайым-қайғысыз болуын момын жануар қойдың мінезімен салыстырып бейнелейді. Ендеше этнолексиканың үлкен бөлігі шаруашылық-экономикалық факторына байланысты құралады деп топшыланады;
- «Ас – адамның арқауы» демекші, қай этностың да өзіндік ерекшелігін танытатын, ұлт мәдениетінің айнасы тәрізді қабаттарының бірі – тағам және азық-түлік атаулары. Әрине, азық-түлік түрлері тіл иесі этностың тұрмыстіршілігіне, өмір сүру ортасының географиялық, климаттық жағдайына байланысты қалыптасады. Мәселен, *қазанжаппа, кісе нан* т.б. этнобірліктерінің семантикасынан көруге болады. Тамақтану мәдениеті – ұлт мәдениетінің басты белгісі. Сол себепті де, этнолингвистикалық зерттеулердің нысанына алдымен ұлттық тамақтану дәстүрі алынады. Осыған орай, этнолексиканы құрайтын келесі фактор – ұлттық тамақтану дәстүрі деуге болады;
- көшпелі мал шаруашылығымен күн көрген халықтың жер бедері мен аспан әлемі туралы түсінігі мол болғандығы халықтық географиялық терминдер мен космонимдік атаулардан да, ауа райы, оны болжауға байланысты атаулардан да көрінеді. Мысалы, ай көрген күн (айдың әр жаңасы), ай қорғалау (айдың кешігіп тууы, әр айдың жиырмасы кезінде айдың кешігіп тууы), ақбайтал (үскүрік боран, кесе қар, қалың бораннан кейінгі күртік қар), ақбас (ұйытқып соғатын жаяу боран) т.б. Этнолексика құрамының толығуына себеп болатын ендігі бір фактор – халықтық географиялық, астрономиялық, метеорологиялық жағдайлар;
- этнолексиканың маңызды саласы – кісі аттары мен туыстық атаулар. Ұлттық бояу мен ұлттық мінез-құлықты танытатын атаулар жүйесі антропологиялық фактор болып табылады;
- жан-жануарлар дүниесі мен өсімдіктер әлемі, оны пайдалануға қатысты халықтық

дүниетаным өз алдына зерттеліп жүрген мәселе қатарына жатады. Этнолексиканың қалың қабатын құрауға негіз болатын ендігі бір фактор – жан-жануар және өсімдіктер әлемі.

Ж.Манкееваның тұжырымдарына қарағанда, мәдениет лексикасының идеосемантикасын экстралингвистикалық факторлар арқылы анықтауға фольклордың тілдік деректері көп септігін тигізумен қатар, фольклорлық тілдік ақпараттардың этномәдени ерекшеліктерін зерттеу – бұл қазынаның мәдени мұрагерлік қызметінің теориялық мәнін ашуға ықпал етеді.

Этномәдени лексиканың өзегін құрайтын этнолингвистикалық қағида болса, оның негізгі тармақтары – осы көрсетілгендер, яғни макрожүйе, ал микрожүйе тақырыптық топтарда анықталады. Оны Ж.Манкеева былайша түйіндейді: «Этнолексика түрінде сақталған ұшан-теңіз байлық кез келген жеке тілдік фактіге байланысты емес, белгілі жүйе бойынша, мағыналық тақырыптық топтарға бөлініп, өзара жіктеліп, сараланып зерттелуге тиіс, өйткені кез келген тілдің лексикасы белгілі бір қарым-қатынастар мен байланыстардағы тақырыптық семантикалық топтардың негізіндегі тілдің құрылымдық жүйесінен құралады».

Этномәдени лексиканың енді бір бөлігі – төл сөздер. Төл сөздер қабатының негізіне түркі тілдеріне ортақ, жалпытүркілік қабатқа тән сөздердің біразы енеді. «Байырғы төл сөздер дегеніміз – қазақ халқының өмір-тіршілігі мен шаруашылығына, тұрмысы мен мәдениетіне, дүниетанымы мен түсінігіне байланысты жалпыхалықтық сипатта қалыптасқан, оның өзіне тән сөздері».

Ұлттық мәдениеттің өзегін – ұлттық дүниетаным құрайды. Ұлттық дүниетаным көрінісі осы халық тарихын бейнелейтін этнолексиканың терең қабаттарында тұнып жатыр.

ТІЛ САЯСАТЫ

Искакова Айгерим – 2 курс магистранты
Ғылыми жетекші: ф.ғ.к., қауым.проф. Раманова А.А.
Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті

Аннотация. *Мақалада тіл саясаты туралы түсінік беріледі. қазақстандағы тіл саясатын жүргізудегі басты мәселелер туралы айтылады. Тіл саясаты тілдік ортада, яғни, қандай да бір тілді таратушы ортада жүргізіледі. Тіл саясатын таратушылар, тіл саясатының түрлері туралы да қысқаша сипаттама беріледі.*

Тірек сөздер. *Тіл саясаты, қоғам, мемлекеттік тіл, тілдік орта, ресми тіл.*

Қоғамның басты сипаттамаларының бірі болып табылатын тіл коммуникативті қызмет атқарады. Қоғамды тілдің жиі қолданылуына, қандай тіл заңды түрде қандай да бір ресми мәртебеге ие бола отырып, іс жүзінде заңды құқығының болмауына қарай да сипаттауға болады.

«Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Заңда қазақ тілі Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі ретінде белгіленген. Сонымен қатар мемлекеттік басқару саласында орыс тілі ресми тіл ретінде қазақ тілімен тең қолданылады.

Қазақстандағы тіл саясатын одан әрі жүргізудегі басты қиыншылық мемлекеттік тіл өзіне лайық орын алатын тілдердің қажетті фукционалдық арақатынасына қол жеткізуін айқындауды талап ететін мемлекеттің оңтайлы тілдік кеңістігін құру болып табылады. Мәселе мынада: қазақ және орыс тілдерінің іс жүзіндегі қолданылу ара қатынасы осы талапқа сәйкес келмейді. Тәжірибеде орыс тілінің қолданылуының нақты көрсеткіші мемлекеттік тілдің қолданылу деңгейіне, ал қазақ тілінің көрсеткіші - орыс тіліне сәйкес келеді. Осы қалыптасқан тілдік жағдайды өзгерту үшін, қазақ тілі мемлекеттік мәртебеге нақты ие болуы үшін кең көлемде мемлекеттік саясат жүргізу талап етіледі.

Тіл саясаты деп осы мемлекеттің аумағында тұратын халықтардың тілін дамыту бойынша мемлекеттік саясатты атайды. Тіл саясаты тілдік ортада, яғни, қандай да бір тілді

таратушы ортада жүргізіледі. Ол тілді таратушылардың тілдік мінез-құлқының өзгеруіне бағытталған, яғни, тіл саясаты тілдік топтардың өкілдеріне қатысты жүзеге асырылады.

Тіл саясатының тиімділігі мен нәтижелілігі тіл саясатының субъектілері мен объектілерінің тілдік мінез-құлықтарын реттеуге байланысты. Тіл саясатының субъектісі әдетте мемлекеттің өзі, басқа да ресми мемлекеттік органдар болады. Тілді таратушылар, тілдік топтардың өкілдері тіл саясатының объектісі бола алады.

Қазақстан Республикасының Президенті, Үкіметі, ресми мемлекеттік органдар тіл саясатының субъектісі бола алады.

Сонымен қатар, тіл саясатын мақсатты және біртіндеп жүргізу қиындығы тіл саясаты объектілерін сипаттау қажеттілігінен туындап отыр. Осы рөлді республикада «тіл саясатын таратушылар» деп аталатын тұрғындардың бірнеше тобы атқарады.

Біздің ойымызша, бірінші тілдік топқа 1995 жылға дейін дүниеге келген қазақстандықтар кіреді.

Бұл топты КСРО-да жүргізілген тіл саясатын таратушылар құрайды. Осы тілдік топ жаңа тілдік ортаға бейімделуге дайын еместігімен сипатталады, бұл топтың өкілдері тілдік ортаның ауысуын ауыр қабылдайды. Екінші тілдік топқа 1995 жылдан кейін дүниеге келген қазақстандықтардың қалған бөлігін жатқызуға болады. Осы тілдік топқа жаңа қалыптасып келе жатқан тілдік ортаға бейімделуге дайын, сонымен қатар осы тілдік ортаны жасауға қатысатын қазақстандықтардың жас өскелең ұрпағын атауға болады.

Тіл саясаты мемлекеттің қандай да бір туындайтын тілдік жағдай немесе тілдік проблемаға реакция ретінде қалыптасады. Сондықтан қарастырылып отырған тілдік жағдай немесе проблеманы тіл саясатының кезі деп атауға болады.

Тіл саясаты - бұл қоғамның этникалық, мемлекеттік тілдерін дамытуға арналған мемлекеттің заңнамалық актілерінің жиынтығы. Бұған ұлттық саясаттың тілдік аспектілері, тілдерді дамыту, нормалау және стандарттаумен байланысты мәселелер жатады. Қандай да бір түрде жүргізілетін тіл саясаты белгілі бір жағдайда этникааралық қатынастарды реттеуге немесе, керісінше, олардың осы аймақта шиеленісуіне әкелуі мүмкін. Тіл саясатының қағидалы мақсаты деп жалпы ұлттық шоғырлануға мүмкіндік беретін мәдени фактор ретіндегі тілдің қолданылу жағдайын қамтамасыз етуді айтуға болады.

Тіл саясатының негізінде жатқан мүдделердің ішінде тілдік топтар өкілдерінің мүдделерін, сондай-ақ ұлттық дамудың осы кезеңіндегі тіл саласындағы мемлекеттік мүдделерді белгілеуге болады. Тіл саясаты, мемлекеттік саясаттың кез келген түрі сияқты ресми жүргізілетін ресімдер барысында белгілі бір құралдармен жүзеге асырылады. Мысалы, Қазақстанда тіл саясатының құралдары болып заңнамалық актілер, ҚР Президентінің Жарлықтары, ҚР Үкіметінің қаулылары, облыс, қала, аудан әкімдерінің шешімдері, тіл саласындағы қатынастарды реттейтін білім беру, мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлерінің бұйрықтары табылады.

Тіл саясатының сан алуан түрі мен тұрпаты болады. Жүзеге асырылатын құралдар мен шараларына қарай тіл саясаты радикалды-этатистік немесе либералды (қалыпты) болып бөлінеді. Тіл саясатының түрлеріне ассимиляция, мәдени плюрализм және автономизм жатады.

Радикалды-этатистік әдіспен жүргізілетін тілдік ассимиляция көпшілік тілдік топ өкілдерінің аз тілдік топтың тілін басуы дегенді білдіреді. Ресей империясы кезінде орыс тілінің мәртебесін көтеруге, этникалық азшылықтың тілдерін, тіпті олардың өз аумақтарында, әрдайым басып отыруға бағытталған империялық тіл саясаты жүргізілді.

Қазақстандағы тіл саясаты курсының өзгеруі қазіргі уақытта көпұлтты мемлекетте қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде тек өзінің басымдылық танытуымен байланысты болды. Сондықтан да республикада барлық тілдерді қолдану арақатынасын жасаудың мемлекеттік механизмін қалыптастырудың жаңа саясатын құптауға лайық болды. Тілдік кеңістікте басымдылық орынды Қазақстан Республикасының мемлекеттік тіл ретіндегі қазақ тілінің лингвистикалық базасын одан әрі дамыту мәселелері алып отыр.

Мемлекеттік тіл саясатының негізгі міндеті - Қазақстандағы қолданыстағы тілдік

жағдайды өзгерту қажеттілігі болып отыр. Қабылданып жатқан шараларға қарамастан, қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесін толық түрде жүзеге асыру мүмкін болмай отыр. Бұған басты себеп - мәртебенің жеткілікті дәрежеде оның жаппай зерттелуі мен пайдалануын қамтамасыз ететін тетікпен бекітілмей, тек ресми мәлімделуінде. Мемлекеттік тілдегі іс жүргізу мен қызметтік қатынас екінші сипатқа ие.

Біздің ойымызша, қазақ тілі заң жүзінде мемлекеттік мәртебеге ие, бірақ іс жүзінде бұндай мәртебеге қолы жеткен емес. Әлі күнге дейін білім беру саласында қазақ тілін үйретудің жоғары сапалы оқу-әдістемелік базасы, сондай-ақ қазақ тіліне негізделген жоғары, орта білім берудің жаңа жүйесі қалыптаспаған.

Қазақстан Республикасындағы тіл саясатының жағдайы көбінесе жалғыз мемлекеттік ресми тіл ретінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілін пайдалануға негізделген жаңа тілдік ортаны нақты қалыптастыруға деген жоғары ресми органдардың әзірлік деңгейіне байланысты. Бұл мәселенің екінші жағы Қазақстан тұрғындарының жаңа тілдік ортаға бейімделуге әзірлігін анықтауда болып отыр. Мемлекеттік құрылымдар тарапынан тілдік ортаны қалыптастыру білім беру, мәдениет, ғылым, мемлекеттік басқару салаларында жаңа реформаларды талап етеді.

Қарастырылып отырған реформалау үрдісі көрсетілген салаларға мемлекеттік қазынадан қаржылық аударымдар қажеттігіне ғана емес, сонымен қатар мемлекеттік тілдің дұрыс қолданылуына, дамуына таратылуына негіз салу бойынша үлкен қызметке немесе қызметінің негізгі мақсаты мемлекеттік тілді институционалдау бойынша шаралар өткізу болып табылатын мемлекеттік органдарды құруға да әкелері анық.

ОҚУ САУАТТЫЛЫҒЫН АРТТЫРУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Мусагалиева Райля – 2 курс магистранты
Ғылыми жетекші: ф.ғ.к., қауым.проф. Раманова А.А.
Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті

Аннотация. *Мақалада «Оқу сауаттылығы» ұғымының мазмұны нақтыланып, айқындалады; мектеп оқушыларының оқу сауаттылығының даму деңгейін анықтау көрсеткіштері мен диагностикалық әдістері теориялық тұрғыдан негізделеді; деңгейлері анықталып, мектеп оқушыларының оқу сауаттылығы дамуының нақты деңгейінің сапалық сипаттамасы беріледі. Оқу сауаттылығы – мәтін материалын түсіну, меңгеру және пайдалану қабілеті. Атап айтқанда: бұл жылдам және өнімді оқу дағдылары, мәтіндік материалдан қажетті ақпаратты алу және оқу және практикалық мәселелерді шешуде өнімді пайдалану қабілеті.*

Тірек сөздер. *Мәтін, мектеп оқушысы, мұғалім, сауаттылық, оқу сауаттылығы.*

«Оқу сауаттылығы» ұғымының көптеген анықтамалары бар. Соның бірі: «Оқу сауаттылығы – адамның жазбаша мәтіндерді түсіну және пайдалану, олар туралы ойлану және оқумен өз мақсатына жету, білімі мен мүмкіндіктерін кеңейту, қоғамдық өмірге қатысу қабілеті». Отандық педагогикада «оқу сауаттылығы» термині 2000 жылдары пайда болды. Қазіргі уақытта оқу сауаттылығы мәтінмен жұмыс істеудің практикалық дағдыларын білдіреді - оқуды түсіну, талдау және белгілі бір мәселелерді шешу үшін ақпаратты пайдалану. Басқаша айтқанда, адамның мәтіннен алған ақпаратын оқырман шығармашылықпен қабылдап, ой-өрісін кеңейтуі керек. Оқырман оқығанын шығармашылық түрлендіруге әлеуетті түрде дайын болуы керек.

Оқу сауаттылығының деңгейіне оқу жылдамдығы мен техникасы, эрудиция деңгейі әсер етпейді. Дамыған оқырман екі негізгі дағдылар тобын дамытады: мәтіннен ақпарат алу және оның негізінде өз пікірін құрастыру; жеке білімге негізделген логикалық қорытындылар мен бағалаулар жасай білу. Бұл дағдылар ойлау мен қиялдың тәуелсіздігін талап етеді.

Оқу сауаттылығы төмендегіше бір-бірін толықтыратын аспектілер жүйесінен тұрады:

– мәтінді мәтінде берілген нақты ақпарат деңгейінде түсіну;

– тілін, стилін, жанрын бағалау;

– мәтіндегі бағыттылық; мәліметтерді нақты құбылыстардан жалпыламаға түрлендіру;

– негізгі идеялар мен қорытындыларды тұжырымдау;

- мәтін туралы жалпы түсінік; мазмұны туралы ой-пікірлер мен бағалау, мәтіннен тыс ақпаратпен корреляция.

Бұл дағдылар өзара байланысты. Оқу сауаттылығын дамыту жұмысы мәтіннің өзіне ғана емес, сонымен қатар қосымша ақпарат алу, қорытынды жасау, автордың позициясын, негізгі идеясын анықтау, басқаша айтқанда, оқылған мәтінді түсіндіре білуге негізделген.

Жас ерекшеліктерін ескере отырып, оқу сауаттылығының келесі дағдылары анықталады:

1-4 сыныптар – мәтіннен нақты берілген ақпаратты табу және шығару, мәтін негізінде қарапайым және тура пайымдаулар құру, мәтінді қайта айту, мәтіннің негізгі идеясын анықтау.

5-6-сыныптар – мәтін бойынша тікелей немесе жанама түрде қойылған сұрақтарға жауап беру, мәтін негізінде қарапайым және күрделі пайымдаулар жасау, автордың тікелей айтпаған байланыстарын орнату және оларды жалпы мәтінмен салыстыра отырып түсіндіре білу.

7–8 сыныптар – оқылған мәтіннің контурын құрастыру және оның негізінде мәтінді жаңғырту, ақпаратты түсіндіру, бағалау және оны өзінің оқу тәжірибесімен байланыстыру;

9–11-сыныптар – конспектілеу және мәтіннен ақпаратты рефераттарда баяндау, мәтінде берілген ақпарат пен мәтіннің формальды элементтері негізінде автор ниетін қайта құру, жаңа теориялық ақпаратты басқа оқу жағдаяттарында қолдана білу.

Оқытудың орта кезеңінен бастап мәтінмен жұмысты күрделендіріп, мәтінді өз бетінше оқу, түсіну дағдыларын қалыптастыру қажет. Оқу сауаттылығын дамыту бойынша жұмысты неғұрлым ерте бастасаңыз, егде жаста оны дамыту оңайырақ болады.

Оқу - адамның қарама-қайшылықты қабілеті және оны меңгеру нәтижелері мыналарға негізделген бірнеше сипаттамалармен ұсынылуы керек:

1) мазмұны (мәтін түрлері);

2) тексерілетін қызмет түрлері;

3) жазбаша мәтіндер мектептен тыс оқылатын жағдайлар.

Мәтін табиғи тілде ұсынылған, басып шығарылған немесе көрсетілген ақпаратты білдіреді. Мәтінде көрнекі бейнелер – карталар, графиктер, кестелер, иллюстрациялар, диаграммалар болуы мүмкін. Мәтінде фильмдер, теледидарлық бейнелер, анимациялар сияқты қабылдаудың басқа стратегиясын қажет ететін көрнекі бейнелерді пайдалану жоққа шығарылады.

Көрнекі бейнелерді тәуелсіз ақпарат көзі ретінде талдау үшін бөлек ұсынуға болады.

Үздіксіз мәтіндердің мысалдары:

1) сипаттамасы (көркемдік-техникалық);

2) баяндау (әңгіме, баяндау);

3) түсіндіру (түсіндірме эссе, ұғымды анықтау, сөзді түсіндіру, түйіндеу/қорытынды, түсіндіру);

4) дәлелдеу (түсініктеме, негіздеу);

5) нұсқаулар (жұмысты орындау жөніндегі нұсқаулық; ережелер, заңдар).

Үздіксіз мәтіндер - адам шындықта жиі кездесетін бірнеше ақпарат көздерін біріктіретін мәтіндер. Мұндай мәтіндерге олардың формасын түсінуді қажет ететін кестелер, графиктер, диаграммалар, әртүрлі жарнамалар, жоспарлар, мәзірлер, жарнамалық плакаттар, географиялық карталар және т.б.

Мәтін түрлерін жіктеудің бірыңғай жүйесі жоқ. Бір мәтінде әртүрлі типтегі белгілер болуы мүмкін. Мәтіндердің мынадай жалпы белгілері ең маңызды деп танылады: олардың бірізділігі мен жүйелілігі; олардың шынайылығы, деректілігі (ғылыми, публицистикалық, іскерлік және басқа мәтіндер) және көркемдігі, көркемдігі (көркем әдебиет және басқа мәтіндер); олардың үздіксіз және үздіксіз сипаты.

Қазіргі уақытта оқу сауаттылығын бағалауға арналған тапсырмаларды құрастырудың ерекшелігі бір-бірімен байланысы жоқ бірнеше толық мәтіндерді пайдалану болып табылады. Бірін-бірі жоққа шығаратын немесе авторларының ұстанымдарын толықтыратын мәтіндерге рұқсат етіледі. Құрама мәтіннің әртүрлі бөліктері пішімі бойынша ұқсас болуы мүмкін (мысалы, екі үздіксіз мәтін болуы мүмкін) немесе олар біріктірілуі мүмкін (үздіксіз және үздіксіз мәтін).

Ақпаратты іздеу – осы ақпаратты қамтитын мәтін бөлігін табу процесі. Кейбір сұрақтар тек қажетті ақпаратты қайдан табуға болатынын көрсетуді талап етеді. Бұл бөліктерін тікелей көруге болатын баспа түріндегі мәтінге қатысты. Басылған мәтінмен жұмыс істеу кезінде оқырман тақырыпшаларға назар аударып, мәтіннің қай бөлігінде қажетті ақпарат бар екенін анықтай алады. Электрондық мәтіннен ақпаратты іздеу үшін оқырман гиперсілтемелерді пайдаланады.

Оқу сауаттылығы мен оқу құзіреттілігінің айырмашылығы мынада: оқу сауаттылығы адамның жазбаша мәтіндерді түсіну және пайдалану, олар туралы ойлау және өз мақсатына жету, білімі мен мүмкіндіктерін кеңейту, қоғамдық өмірге қатысу үшін оқумен айналысу қабілеті.

«Оқу құзыреттілігінің негіздерін қалыптастырудың педагогикалық моделі» атты еңбегінде Н.Е. Колганова оқу құзіреттілігіне мынадай анықтама береді: «Оқу құзіреттілігі – бұл тұлғаның интегративті қасиеті, ол: оқуға және мазмұны мен формасы жағынан қолжетімді әдебиеттерді оқу арқылы алынған білімге құндылық қатынасы (неге оқылады?); оқырманның дүниетанымы мен әдеби ойының болуы; жанрлық және тақырыптық әртүрлілік бойынша оқу ауқымын білу (не оқу керек? не туралы оқу керек?); кітаппен жұмыс және оқу қажеттілігін қалыптастыру және дамыту мақсатында жұмыс істеу кезінде қажетті оқу әрекеттерін орындай білу; оқудың өнімді тәсілдерінің болуы, жоғары сапалы оқу дағдылары (қалай оқу керек?)».

Яғни, оқу сауаттылығы кез келген мәтінмен жұмыс істеуге бағытталған, ал оқу құзыреттілігі көркем мәтінмен жұмыс істеуге бағытталған (осы құзіреттілікті қалыптастырып, дамыту үшін әдеби база қажет).

«Сауаттылық» және «оқу» анықтамалары бөлек «оқу сауаттылығы» ұғымының мәнін толық көрсетпейді, өйткені оқу сауаттылығы ақпаратпен жұмыс істей білумен байланысты.

Оқу мен сауат ашу психологиясының мәселелері туралы Л.С. Выготский «Жоғары психикалық функциялардың даму тарихы» кітабында қарастырады. «Жазбаша сөйлеудің даму негіздері» тарауында ол жазбаша сөйлеуді меңгеру баланың бүкіл мәдени дамуындағы маңызды, бетбұрыс кезеңі екенін көрсетеді. Ол баланың «оқу, демек, адам данышпанының жазба сөз саласында жасаған барлық нәрселерімен байыту» қабілетінің арқасында ғана мүмкін болатындығын айтады. Жазбаша сөйлеудің жоғары түрлерін дамытуда Л.С. Выготский «үнсіз және қатты оқудың» маңыздылығын атап көрсетті.

«Сауаттылық» ұғымының да кеңірек түсіндірмесі бар. Ол белгілі бір саладағы білімнің белгілі бір дәрежесін және оны қолдана білуді қамтиды. Сондай-ақ оқу сауаттылығы мен оқу терминінің арасындағы негізгі айырмашылықты да түсіну маңызды.

Оқу сауаттылығына метатанымдық құзыреттіліктер де кіреді: өз түсініспеушілігін ұғыну, өз түсінігін тиісті деңгейде қалпына келтіру және сақтау қабілеті.

Ғалымдардың пікірінше, оқу сауаттылығын қалыптастыруға әсер ететін бірнеше факторлар бар. Оларға келесі деңгейдегі факторлар кіреді:

– мектеп деңгейіндегі факторлар;

– мұғалім деңгейінің факторлары;

– оқушы деңгейінің факторлары.

Әрқайсысына жеке-жеке тоқталайық.

Мектеп деңгейіндегі факторлар оқу сауаттылығын қалыптастыру мен дамытуды қамтамасыз ету мақсатында оқу орындарының оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруын көздейді.

Мектеп міндетті түрде:

– әр түрлі мәтін түрлерімен ұсынылған ақпаратпен жұмыс істеуге мүмкіндік беретін оқу бағдарламалары бойынша оқытуды құру;

– оқу сауаттылығы негіздерін меңгеру процесінде оқу үдерісіне қатысушылардың қанағаттануын тудыратын мазмұнды білім беру мақсаттарын қою;

– ата-аналардың оқуға үйрету және оқу сауаттылығын қалыптастыру мен дамытудың оқу-тәрбие процесіне қатысуын қамтамасыз ету;

– оқу сауаттылығын дамытуға оң әсер ететін оқу үдерісі үшін қауіпсіз ортаны қамтамасыз ету;

– оқу-тәрбие процесіне қатысушылардың табысқа ұмтылуын, педагогтардың, оқушылардың және ата-аналардың өзара түсіністігі мен әрекеттерін үйлестіруді қамтамасыз ету;

– мәтінмен және ақпаратпен жұмыс жасау жағдайында білім беру кеңістігін жобалауды қамтамасыз ету.

Сыныпта белсенді оқу атмосферасын тудыратын маңызды элементтерді пайдалану керек: балалар жұмыстарының көрмелері, диаграммалар, сынып кітапханалары, оқу ақпараттары.

Мұғалім деңгейіндегі факторлар мұғалімнің оқу сауаттылығын дамытуға көмектесетін іс-әрекеттерді жоспарлауы керектігін көрсетеді. Мұғалім:

– өз жұмысында оқу сауаттылығын дамытудың негізгі стратегияларын қолдануға;

– ақпаратпен жұмысты қамтамасыз ететін бағдарламалар мен оқу құралдарын пайдалануға;

– оқу сауаттылығын дамыту үшін жұмыс істейтін әдістер мен ұйымдастыру технологияларын қолдануға;

– оқу сауаттылығын дамытуға бағытталған сабақтарды жоспарлауға;

– оқу дағдыларының бар топтары үшін оқу тапсырмаларын әзірлеуге;

– оқушылардың оқу сауаттылығын дамытуға оң әсерін тигізетін, оқығаны туралы жүйелі, байыпты талқылауды құруға;

– сыныпта қолайлы жұмыс атмосферасын құруға міндетті.

20 ғасырдың аяғында оқушылардың оқу сауаттылығын бағалаудың негізгі тәсілі жеке мәтіндерді түсіну, түсіндіру және түсіну қабілетін бағалау болды. Бұл дағдылар әлі де маңызды болғанымен, бүгінгі бағалаулар ақпараттық технологияларды оқушылардың оқу және әлеуметтік өміріне енгізуді ескереді, бұл «оқу сауаттылығы» түсінігін басқаша түрде нақтылауды талап етті.

Бүгінгі таңда бұл концепция 21 ғасырда талап етілетін жаңа дағдыларды – жазба мәтіндерді түсіну, оларды өз білімі мен мүмкіндіктерін кеңейту үшін пайдалану, қоғамдық өмірге қатысу, өзін-өзі тәрбиелеуді көрсетуі тиіс [22].

Функционалдық сауаттылықтың бір құрамдас бөлігі ретінде оқу сауаттылығын бағалау енді мектеп бағдарламасынан тыс жағдайларға қатысты мәтіндердің толық ауқымынан ақпаратты іздеуді, таңдауды, интерпретациялауды, біріктіруді және бағалауды қамтитын оқу дағдыларына бағытталған.

Оқу сауаттылығын қалыптастырудың шарттарын мұғалімнің сабақтағы іс-әрекеті тұрғысынан қарастырған жөн. Бұл дағдыларға мыналар жатады:

– сабақты жоспарлау және дайындау құзыреттілігі;

– сыныпты басқару құзыреттілігі;

– барынша белсенділік пен тәуелсіздікті қамтамасыз ететін жағдайлар жасау және әдістерді қолдану;

– оқушылардың қажеттіліктерін барынша қанағаттандыру үшін өз іс-әрекеттеріңізді жоспарлау;

– әртүрлі бағалау әдістерін қолдану.

Сабақты жоспарлау және дайындау құзыреті:

- жұмыстың жоғары қарқыны;

– оқушылардың зейінін шоғырландыру және ауыстыру;

– материалды ұсынудың әртүрлі формалары: фото, видео, аудио, компьютер.

Сыныпты басқару құзыреті:

– барлық оқушыларды барынша қамту;

– жұмыс формалары мен тапсырмаларының әртүрлілігі;

– мұғалім мен бала арасындағы ынтымақтастық.

- максималды белсенділік пен тәуелсіздікті қамтамасыз ететін жағдайлар жасау және әдістерді қолдану:

– топтық және жұптық жұмыстарды орындау;

– оқушылардың эмоционалды түрде қатысуы;

– оқушылар арасындағы қарым-қатынасты қалыптастыру.

Олай болса, оқу сауаттылығы мен оқу құзіреттілігінің басты айырмашылығы мынада: оқу сауаттылығы адамның жазбаша мәтіндерді түсініп, қолдану қабілетін ғана емес, сонымен бірге өз мақсатына жету үшін олар туралы ойлау және оқумен айналысу қабілетін білдіреді, ал оқу сауаттылығы – бұл адамға мәтінде берілген ақпаратты таңдауға, түсінуге және жүйелеуге мүмкіндік беретін білім, білік және дағдылар жиынтығы.

Оқу сауаттылығы ұғымының мазмұнына мыналар кіреді: түсініп оқу, рефлексия (мәтіннің мазмұны немесе құрылымы туралы ойлау, оларды өзіне, тұлғалық сана саласына көшіру) және оқылған ақпаратты пайдалану.

Оқу құзіреттілігі оқуға құндылық қатынасымен, оқырманның дүниетанымы мен әдеби ойының болуымен, шығармамен жұмыс істеу кезінде қажетті оқу әрекеттерін орындай алуымен сипатталады.

Толық мәнді оқу әрекеті үшін оқушы мәтіннен ақпаратты тауып алу және шығару сияқты оқу дағдыларын толық меңгеруі керек; ақпаратты түсіндіру, біріктіру және түсіндіру қабілеті; мәтін мазмұнын түсініп, бағалай білу; әртүрлі ақпарат көздерін шарлау мүмкіндігі.

Оқу - жазба мәтінді қабылдау мен түсінуге арналған сөйлеу әрекетінің рецептивті түрі. Оқудың мақсаты – жазбаша түрде берілген сөйлеу шығармасының мағыналық байланыстарын (түсінігін) ашу.

Оқу сауаттылығы – адамның жазбаша мәтіндерді түсіну және пайдалану, өз мақсатына жету үшін олар туралы ой елегінен өткізу, білімі мен мүмкіндіктерін кеңейту, қоғамдық өмірге қатысу қабілеті.

Негізгі жалпы білім беретін мектеп оқушысының оқу сауаттылығы оның оқу мәтіндерін оқу және түсіну қабілетімен, мәтіннен ақпаратты алу, түсіндіру және оқу және оқу-тәжірибелік, сондай-ақ күнделікті өмірде күрделі мәселелерді шешуде өз білімін пайдалана білу қабілетімен байланысты.

Мектептегі білім беру жағдайында оқу сауаттылығы метапәндік сипатқа ие бола отырып, барлық оқу пәндерін оқыту процесінде қалыптасатын пәндік құзыреттіліктердің дамуына ықпал етеді. Бұл оқушылардың оқу сауаттылығын дамытуға және жақсартуға бағытталған мета-пәндік дағдылар кешенін дамыту үшін барлық пән мұғалімдерінің жұмысын үйлестіру қажеттілігін тудырады.

Оқушылардың оқу сауаттылығын арттыруға айтарлықтай әсер ететін факторлар – ана тілін меңгеру деңгейі, үй кітапханасында оқуға арналған кітаптардың болуы, отбасының барлық мүшелерін ортақ кітап оқуға баулу.

Оқу сауаттылығын кез келген сабақта дамытуға болады. Бірақ оқу сауаттылығын дамытудың негізгі пәні – қазақ тілі мен әдебиеті сабақтары.

СӨЙЛЕУ МӘНЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗІ

Өмірзақ Назерке – 2 курс магистранты
Ғылыми жетекші: ф.ғ.к., қауым.проф. Раманова А.А.
Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті

Аннотация. *Мақалада сөйлеу мәнерін қалыптастыру мәселесіне қысқаша тоқталады. Сөйлеу мәнері - бұл қарым-қатынастың кез-келген саласында қолданылатын сөйлеу*

әдістерінің жүйесі. Сонымен қатар, стиль адамдар арасындағы қарым-қатынас функциясын орындайтын әдеби тілдің түрі бола алады.

Тірек сөздер. *Сөйлеу мәнері, сөз әдебі, сөйлеу мәдениеті, қазақ тілі, сөз этикеті.*

Сөйлеу мәнеріне, сөз шеберлігіне баулу негізінде жүзеге асырылатын ана тілін сүюге, құрметтеуге үйрету парадигмасының маңыздылығы теориялық білім беруден ғана емес, жүйелі түрде ұйымдастырылатын дара тұлғаға бағдарланған оқыту үдерісіндегі білім мен біліктің бірлігінен туындайды. Теориялық білімнің мәні адамның өмір қажетін өтеуге қызмет ете алуында. Сондықтан бүгінгі жастарға танымдық-ақпараттық білімнен гөрі, шешендік қасиеттің, сөз шеберлігі мен сөйлеу мәнеріне үйренудің сыры неде, оның жолын қалай меңгеруге болады, тұлғаға қойылар талап қандай деген сауалдар төңірегінде нақты бағдар беріліп, сөйлеу актілеріне сай сынақ-тапсырмаларды орындап, практикалық жағынан жаттығу әлдеқайда пайдалы. Себебі ғалымдардың пайымдауынша, «білім берудің мәдени және рухани бағыттарын жүзеге асыру арқылы тұлғаның бойындағы интеллектуалдық, шығармашылық, эмоционалдық, коммуникативтік қабілеттері бірге дамытылады. Өйткені мәдениет білім алушының өткенмен, бүгінмен, ертеңмен арасындағы байланысты көрсетеді».

Тілге деген сүйіспеншілік парадигмасын жүзеге асыру жағдайында оқушының пәнге оқу мотивациясын қалыптастырудың басты шартының бірі – тілдің табиғи әрі ең басты қызметі – қарым-қатынас құралы екендігіне мән бере оқыту. Бұл сөйлеу әрекетін дамыту арқылы жүргізіледі. Психологияда сөйлеудің әрекет деп танылуы тілді оқыту әдістемесінде де іргелі жетістіктердің тууына негіз болды. Сондықтан бұл тұжырым әдіснамалық тұғыр ретінде пайдаланылды. Сөйлеу практикалық әрекет ретінде тілдік білімнің түпкі нәтижесі, адам қажетін өтеудің басты тетігі деп белгіленді. Сондықтан оқушыны өз ойын сөз мәдениеті мен сөз әдебі талаптарына сай айта алуға үйретуге басымдылық берілуі тиіс. Ұлттық және жалпыадамзаттық деңгейдегі әдепті сөйлеу амалдары мен тәсілдерін үйрену – тілдік білімнің оқушы қажеттігімен үйлесуі. Сол себепті таңдау пәнінің оқу бағдарламаларындағы материалдар логикалық-семантикалық ұстаным негізінде сөйлеу мәнерімен сабақтастықта ұсынылады. Оқушының сөйлеу мәнерін жетілдіру тақырыптан-тақырыпқа қарай күрделендіріліп жүргізілетін жаттығулар мен тапсырмалар кешенін орындау арқылы жүзеге асады. Олар оқушының сөйлеу әрекетін дамытуды көздейді, өйткені сөйлеу арқылы олардың танымы да, ойлауы да, сөз шеберлігін өздігінен игере алу қабілеттері дебірге кешенді түрде жетіледі.

Келесі кезекте білімді интеграциялау, білім нәтижелерін құзіреттіктер түрінде айқындау және оқытуды дүниетанымнан сауаттылыққа қарай бағыттау парадигмалары мектеп оқушысының оқу және әлеуметтік мотивтерін қалыптастыруға әрі алғышарт қалыптастырады, әрі білімнің нәтижелілігін күшейте түседі. Өйткені білім беру үдерісінде бүгінгі мектеп оқушысы болашақта елінің беделін танытатын дара тұлға, маман болғандықтан, әртүрлі ғылымдар тоғысында өмірлік, дүниетанымдық білім беру қандай маңызды болса, оқушылардың лингвомәдени құзіреттіліктерін дамыту да басты мәселе болып табылады.

Ғылым мен білімді тоғыстыра оқыту парадигмасы – заман сұранымынан туындап отырған іргелі парадигма. Жаңаруларды қажет етіп отырған жаһандану жағдайында бейіндік мектептің білім беру жүйесіндегі қазақ тілі пәнінің әлеуетін (потенциялын) көтерудің өзегі болып табылатын бұл міндеттің мәнін дұрыс ажырата білу шарт. Қандай да болсын жаңашылдық осы уақытқа дейін жасалған ғылым қорындағы барды барлап, соларға нық сүйену, ондағы жаңа заманмен үндестікті саралау арқылы өз шешімін табады. Осы тұрғыдан қарағанда сөйлеу мәнерін қалыптастыру үдерісінде білім мен ғылымды тоғыстыра оқытудың мәні де оқушының тұлғалық қабілеттерін дамытуға келіп саяды. Тұлғаның іскерлігі оның интеллектуалдық деңгейімен тығыз байланыста қаралады.

Оқушының интеллектуалдық әлеуетін арттыру мәселелерін жалаң тілдік біліммен жүзеге асыру мүмкін емес. Өйткені тілдің грамматикалық құрылысын танытып, күнделікті өмір жағдаяттарында оқушының қажетті сөздік қорды меңгеріп, талапқа сай сөйлеу мәнері дағдыларын ғана жетілдіруді көздейтін тіл сабақтары оқушының интеллектуалдық деңгейін

көтеруге толық ықпал ете алмасы хақ. Интеграция пәндердің өзара байланысын жоғары деңгейде нақтылы түрде іске асыру болғандықтан, ол тұтастықты қалыптастырып, білімді жүйелеу мен жинақтауда әртүрлі ғылымдарды біріктіруді қажет етеді. Интеграцияны жүзеге асырудың жолы сабақтарда бірнеше ғылым салаларын жинақтау мен сол білімдерді синтездеуге келіп саяды.

Сабақ барысында тілдік орта құру мен сөз әдебі нормаларына сай сөйлеу мәдениетін дамытуда оқушылардың ұлттық сана-сезімін қалыптастыруға баса назар аударылады. Оған қазақ тілінің халық тарихымен, оның өмір салтымен, әдет-ғұрыптарымен, ұлттық құндылықтарымен байланысты мәнін таныта отырып қол жеткізіледі. Осы арқылы қазақ тілінің, тіл арқылы рухани мәдениетінің көне дәуірлерден басталатын тарихына шолу жасалады; қазақ тілінің адамзат тілі аясындағы орны туралы ақпараттар беріледі; тіл мен ұлттың, халық тарихының бірлігін көрсететін материалдар ұсынылады; этнолингвистикалық ұғымдар арқылы халықтың қатысымдық, дүниетанымдық деңгейі таныстырылады; салт-дәстүрлер негізінде ұлттың рухани болмысы ашылады, соның нәтижесінде қазақ тілі мен мәдениетінің жалпыадамзаттың дамуындағы орны көрсетіледі. Келесі кезекте сол жүйе бойынша жалпыадамзаттық озық үлгілер, өзге жұрттардың сөз әдебі, сөз этикеті туралы кешенді мағлұматтар ұсынылады. Жаһандану жағдайында өзге елдердің сөз әдебі нормаларын игертудің қажеттігі мен талаптары оқу мотивациясын одан әрі тереңдетуге қызмет етеді.

Қазақ және өзге де нысанаға алынған әлем тілдерінің қолданыс аясының кеңдігі мен тілдік-қатысымдық мүмкіндіктерін тануы үшін этикеттік орамдар, тілдің алуан түрлі көріктеуіш құралдары, тұрақты тіркестер, мақал-мәтелдер ұсынылып, олардың оқушының сөздік қорынан орын алуына ықпал ететін тапсырмалар орындатылады. Бұның барлығы сөйлеу мәнерін қалыптастырып, өзінің адами және болашақ кәсіби қатынастарда тілді еркін қолдануына мүдделілікті арттырады. Бір жағынан, осындай интеграциялық сипаттағы білім мазмұны қазақ жастарының санасына өз ұлттық құндылықтарын құрметтеу сезімін оятып, ұлттық рухын шыңдаса, екінші жағынан, қазақ тілінің ішкі тілдік әлеуетін тану оны болашақ кәсіби қызметінде орынды және міндетті қолдануға ұмтылдырып, кәсіби мансап жолында оның қажеттігін мойындатады. Ең бастысы, өз халқының ғасырлар бойы қол жеткізген мұрасын қастерлей білетін шынайы интеллигент болуына керекті интеллектуалдық әлеуетін дамытады.

Болашақ қоғам иесі болатын саналы ұрпақ өз елінің мәдениеті мен тарихын жете білумен қатар, сол ортамен араластыратын тілді де рухани құндылықтардың бірі ретінде бағалап, еркін меңгеруге тиіс. Оқушының белгілі бір дәрежеде болашақ кәсіби саласына сәйкес біліктері мен деңгейінің болуы, мәдениетаралық коммуникацияға түсе білуі, даралық қабілетін таныта алуы болашақ жолында жоғары нәтижеге жетуінің кепілі болып табылады. Олар өздері сақтаған, игерген мәдени-тарихи және ерекше ұлттық сипаттағы білім мен ақпараттарды мәдениетаралық тілдік қарым-қатынаста пайдалана білуі қажет. Сонда оқушы әлеуметтік тұлға ретінде қоғамдық ортада еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын иемденетін болады.

ЖАҺАНДАНУ ЖАҒДАЙЫНДА МҰҒАЛІМДЕРДІҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Тасимова Алима – 2 курс магистранты
Ғылыми жетекші: ф.ғ.к., қауым.проф. Раманова А.А.
Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті

Аннотация. *Мақалада жаһандану жағдайында мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру жайы сөз болады.*

Тірек сөздер. *Жаһандану, жаһандық білім беру, құзыреттілік, қоғам, білім беру жүйесі.*

Жаһанданудың «педагогикалық» моделі педагогикалық көзқарастары бойынша, дүние бірегей біртұтас құбылыс және білім беру болмыс туралы біртұтас танымның қалыптасуына мүмкіндік туғызуы керек. Біртұтас әлемнің дамуы заманауи білім күрделі әрі мамандандырылған болып келе жатыр, ал екінші жағынан, аймақтар, елдер мен жеке тұлғалар арасындағы өсіп келе жатқан өзара тәуелділік үдерістерін байқауға болады. Мұндай жағдай білім беру үдерісінің дәстүрлі парадигмасын өзгертіп, холистикалық көзқарас пен оған сәйкес жаһандық білім берудің жаңа идеологиясына көшуді талап етеді.

Жалпы алғанда, үш бағыттың да жақтастары «Жаһандық білім беру» - деп бір мемлекет шеңберінен шығып кететін мәселелер мен құбылыстарды зерттеп білуді, сонымен қатар, экономикалық, саяси, экологиялық, мәдени, және технология жүйелерінің өзара тәуелділгі мен байланысын оқып-үйрену қажеттігі туралы айтады. Жаһандық білім беру - дегеніміз әлемді тұтастай қабылдау - басқа адамның көзімен, санасымен қабылдау, бұл – адамдардың дүниеге көзқарасы әртүрлі болғанымен, олардың мұқтаждары мен тілегі ортақ дегенді білдіреді.

Қазіргі кезде, білім беру сапасының мәселесі жаһандану жағдайындағы өзгерістер адамдардың көптүрлілігінің бірігуін дамыту қажеттілігі мен болашақ ұрпақтың өсуінде болып жатқан әлеуметтік жағдайдың қолға алынуы, күрделенуі көрінуде.

Әлемдік (дүниежүзілік) білім беру кеңістігі әр түрлі және әр деңгейдегі білім беру жүйесін біріктіреді, оның өзінің сапалық жағдайы, мақсаты мен мәселелер деңгейі, философиялық, мәдени салт-дәстүрлері бойынша бір-бірінен айырмашылығы бар. Сол себепті қазіргі замандағы дүниежүзілік білім беру кеңістігі жөнінде жаһандық үдерістер әрбір білім беру жүйесінде бар және әр түрлілікті сақтайтын, ұлттық ерекшелікті сақтайтын енді құрылып жатқан бірегей жүйе. Сонымен қатар жаһандық білім беру жаһандық және жергілікті деңгейдегі оқиғалардың бір-бірімен әрекеттесуі, өзара тәуекелділіктерін баса көрсетуге бағытталған болуы керек.

Жаһанданудың әсерін оң пайдалана отырып, қазақ халқының ұлттық құндылықтарының қазіргі заманға трансформациялануы қажет. Барлық ұлттардың мәдени ерекшеліктеріне түсіністікпен қарап, өзіміздің ұлттық бірегейлігімізді сақтап қалуды аса маңызды міндет ретінде қабылдауымыз қажет.

Білім жүйесін әлемдік дамыған инновациялық технологиялармен жабдықтау, білім мен ғылымның халықаралық стандартын меңгеру, сапалы білім беруге қол жеткізу, қоғам сұранысына жауап беретін білікті маман даярлаудың негізгі шарттары ретінде қарастырар болсақ, жаһандану жағдайында өмір сүретін болашақтың адамы ерекше құзыреттілікке ие болуы керек екедігі дау туғызбайды. Оларға тоқталар болсақ: өзара ынтымақтастық, көпмәдениеттілікті мойындай, қабылдай алатын, барлық жағдайларда да шыдамды, ең алдымен өзінің ана тілін жақсы біліп, сол тілде ойлайтын және басқа тілдерді меңгерген, азаматтық борышын сезінетін тұлға болып қалыптасуы тиіс.

Сондықтан жаһандану жағдайында ұлттық білім беру жүйелерінің дамуы және интеграциялануы төмендегідей мақсаттарды көздегені дұрыс:

1. Әлемдік жаһандану жағдайында ұлттық білім беру жүйелерінің дамуы және интеграциялануының кезеңінде жастарға берілер білімнің мазмұнын ұлттық құндылықтармен, мәдениетаралық түсінік-пайыммен, ақпараттық жетістіктермен, тілдік (ана тілі мен шетел тілдері) байлықпен толықтыру.

2. Жастардың бойында қоғамның экономикалық және әлеуметтік саласына деген практикалық таным негізін қалыптастырып, өзінің, отбасының, достары-ның, айналасының, жалпы қоғамның әл-ауқатын ойлайтын жауапкершілігін сезіндіру.

3. Шыққан әлеуметтік тегіне қарамай, талантты да белсенді, білімді де ойлы жастарды толық қолдау арқылы қоғамның әлеуметтік икемділігін қамтамасыз ету қажет. Осы арқылы жас буынның ақылды адам денсаулығы зор, рухани дүниесі бай, адамгершілікті, тәуелсіз жеке тұлғаны қалыптастыру.

4. Білім мәдениеті мен қоғам алдындағы жауапкершілікке бағытталған кешенді іс-шараны жағымсыз нәрселерді (наркомания, бейәдептілік, т.б.) аластатуға бағыттап құру.

5. Білім – еркіндік пен таңдаудың көзі әрі дем берушісі. Білімге әлеуметтік тапсырыс беруші – жалғыз мемлекет емес, мүдделі мекемелер, ойлы да іскер адамдар болуы тиіс.

Қорыта айтқанда, адамзаттың бірігуін жаһандық ауқымда мойындау үшін жағдай жасауға бағытталған шаралар жүйесі үлкен нәтижелерге жету мүмкіндігін береді. Тығыз желі, қоян-қолтық аралас және жаһандану дәуірінде әріптестік болған кезде білім беру жұмысы жанданып, дами түседі.

Жаһандық білім беру - бұл тек қана ұлттық білім беру кеңістігінің көптеген жиынтығы ғана емес, онда ұлттық және әлемдік білім беру саясатының мақсаты жүзеге асырылады, жеке тұлғаның даму мүмкіндіктерін кеңейтуге бағытталған мемлекеттер мен білім беру жүйелері арасындағы арнайы қарым-қатынастық қызмет атқаратын ерекше мегажүйе деп айтуға болады. Адамзаттың бірігуін жаһандық ауқымда мойындау үшін жағдай жасауға бағытталған шаралар жүйесі үлкен нәтижелерге жету мүмкіндігін береді. Тығыз желі, қоян-қолтық аралас және жаһандану дәуірінде әріптестік болған кезде білім беру жұмысы жанданып, дами түседі.

Жаһандық білім беру идеал емес, оны жақсы білім беруге қосымша көмек деп қана қарауға тиіспіз. Себебі ол тек қазіргі заманда адамды өмірге дайындаудың бір жолы, амалы.

Қоғамдық дамудың қазіргі үдерісі өзінің іс-әрекетін тиімді жоспарлай алатын, танымдық қызметінде алынған білімді орынды пайдалана білетін, түпкі нәтижеге жету үшін әр түрлі топтардағы адамдармен тиімді қарым-қатынас диалогіне түсе алатын білімді тұлғаны тәрбелеу мәселесін қойып отыр. Сапалы білім алған, танымдылығы жоғары, құзыретті, бәсекелестіктің қайсыбір мықты тегеурініне төтеп бере алатын оқушылар ғана болашақтың кілтін аша алады. Еліміздің жаһандық дүниеде дараланууы білімді, жігерлі, ұлттық санасы рухани бай жас ұрпақ арқылы іске асады.

Білім мен ақпарат үстемдік құрған қоғамда білім беру жүйесі инновациялық экономиканың негізгі бөлігі болып табылады. Қатаң талаптары қалыптасып келе жатқан инновациялық экономика қай салада болса да, бүгінгі маманның құзыреттілігін, яғни өз саласы бойынша ой-пікірінің қалыптасуын, кәсібилігін, өмірдің өзгермелі жағдайына бейімділігін, оған сай өз білімін пайдалану ғана емес, оны қажеттікке қарай толықтырып отыруды талап етеді.

Қоғамда әлеуметтік, мәдени үдеріспен қамтамасыз ететін жоғары құндылық – білім. Осы жоғары құндылық сапасын көтерудің басты шарты – педагогтардың кәсіби құзыреттілігін дамыту болып табылады. Олай болса, білімге негізделген қоғам құрылысының негізгі басымдықтарын есепке ала отырып, педагог мамандардан аса жоғары кәсіби құзыреттілік талап етіледі.

Құзіреттілік тәсіл идеясы – «қоғамға қандай, жеке тұлғаға қандай білім қажет және ол қоғамның қандай қажетін өтей алады» деген сұраққа жауап береді. Оқытушының құзыреттілігін қалыптастыру – бүгінгі білім беру саласының өзекті мәселелерінің бірі. Құзырлылық тәсіл, білім сапасын арттыруды дәстүрлі тәсіл мен білім мазмұнын ұлғайту арқылы шешудің арасындағы қарама-қайшылықтан туындаған дағдарыстан шығудың бір жолы деп қарастыруға болады. Бұл тәсіл білім берудің нәтижесіне басты орын береді. Оның сапасы алған білімнің көптігінен емес, сол білімді қолдана білумен маңызды.

Осыған орай, дамыған елдердің оқу жүйесінде кеңінен қолданыла бастаған «құзырет», «құзыреттілік», «кәсіби құзыреттілік» терминдері жаңа білім стандарты ұстанған басты бағыт ретінде біздің еліміздің білім беру жүйесіне енгізілген. Біздің мақсатымыз жаһандану жағдайында құзыреттіліктің әрекет категориясына қатысты мәнін, кәсіби құзыреттілік деңгейінде жүргізілген зерттеулерді зерделеу арқылы ашуға ұмтылыс жасау.

ЖОҒАРЫ ШЕТ ТІЛДІ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ ШЕТЕЛ ТІЛІН ОҚЫТУДАҒЫ ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ РӨЛІ МЕН ОРНЫ

Сисенова Кунсая Габдуллиевна – 2-курс магистранты
Ғылыми жетекші: ф.ғ.д., профессор, Ислам А.И.
Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті

Аңдатпа. Мақалада университеттерде шет тілдерін оқытуда цифрлық технологияларды қолдану аспектілері қарастырылады. Оқытудың тиімді болуы үшін заманауи компьютерлік техниканы, Интернетке қосылуды, мультимедиялық білім беру жүйелерін, электронды оқу материалдарын және тиісті бағдарламалық қамтамасыз етуді қолдану қажет екендігі атап өтілген. Қазіргі заманғы цифрлық технологиялар әртүрлі салаларға, соның ішінде білім беруге белсенді түрде енгізілуде және шет тілдерін оқытуда маңызды рөл атқарады. Цифрлық құралдарды пайдалану интерактивті және бірегей әдістер арқылы студенттердің ынтасын арттырады, сонымен қатар мұғалімдерге оқушылардың жеке қажеттіліктерін қанағаттандыратын материалдарды таңдауға мүмкіндік береді. Цифрлық технологиялар тілдік құзыреттіліктің барлық аспектілерін дамытуға ықпал етеді: фонетика, лексика, грамматика, тыңдалым, айтылым, оқылым және жазылым. Қазіргі заманғы компьютерлік технологиялар мен интернет-ресурстарды енгізу білім беру бағдарламалары мен әдістерін жаңартуға жағдай жасайды. Мақалада Microsoft Teams, British Council және т.б. сияқты шет тілдерін үйрену мүмкіндіктерін кеңейтетін және оқу процесін күшейтетін платформалар мен қауымдастықтар қарастырылады. Мақалада, сонымен қатар, Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті студенттерінің оқу үдерісіне жаңа әдістемелік жүйені енгізу барысы мен нәтижелері қарастырылған. Қорытындылай келе, авторлар білім беруде, оның ішінде шет тілдерін оқытуда цифрлық технологияларды интеграциялау болашақ мамандарды дайындау сапасын арттыруға бағытталғанын атап көрсетеді.

Тірек сөздер. Цифрлық технологиялар, оқыту, шет тілдері, цифрлық платформалар, онлайн контент.

Қазіргі уақытта заманауи цифрлық технологиялар адам қызметінің барлық саласына енуде. Оларды білім беру саласында, атап айтқанда, шет тілдерін оқытуда белсенді түрде пайдалануға ұмтылу болашақ мамандарды дайындау деңгейі мен сапасын арттыруға бағытталған.

Көптеген авторлардың пікірінше, цифрлық технологияларды қолданудағы барлық жетістіктер бір мақсатқа қызмет етуі тиіс, ол мақсат – оқушылардың оқу және өзін-өзі тәрбиелеу процесінде оларды пайдалану негіздерін әзірлеу.

Тіл – дыбыстардың, сөздердің және грамматикалық құралдардың тарихи қалыптасқан жүйесі екенін есте ұстаған жөн. Сондықтан шет тілін оқыту тілдік материалды жинақтауды, т.б. тілдің барлық аспектілерін: фонетика, лексика, грамматиканы меңгеруді көздейді. Тілдің бұл аспектілері сөйлеу әрекетінің әртүрлі түрлерінде қолданылуы керек: тыңдау, сөйлеу, оқу және жазу[1]. Цифрлық технологиялар тілдік дайындықты жақсартуға және сөздік қорды меңгеруде, айтылымға жаттықтыруда, диалогтік сөйлеуді, жазуды үйретуде және алынған білім мен дағдыларды тексеруде сөйлеу дағдыларын дамытуға айтарлықтай көмек көрсете алады [2].

Білім беру үдерісіне цифрлық технологиялардың енуі (қазіргі заманғы компьютерлік және перифериялық жабдықты пайдалану, жергілікті және ғаламдық Интернеттің мүмкіндіктері, мультимедиялық желілік оқу кешендері, электрондық оқыту құралдары және ақпараттық бағдарламалық жүйелердің сәйкес сыныптары) оқытудың мазмұндық-мақсатты да, технологиялық аспектілерін де түбегейлі жаңартуға алғышарттар жасайды [3].

Оқыту мен тұлғаны дамытудың әлеуметтік сипаты Ю.А.Бубнов, К.М.Гайдар, В.А.Федоров, И.Ф.Бережной, О.В.Галустянның пікірінше, оқу-тәрбие процесінің маңызды бөлігі болуы керек [4]. Бұл тәсіл технологияны тек жеке ғана емес, топтық оқыту түрлерінде де қолдануға мүмкіндік береді, сонымен қатар студенттердің өзара әрекетін әртараптандырады. Сондықтан білім беру технологияларының жетекші қызметі адамның өзін-өзі жүзеге асыруы мен өзін-өзі дамытуына, оның қазіргі қоғамда бейімделуіне жағдай жасауды көздейтін гуманистік болып саналады. Оқытуда қолданылатын технологиялардың интегративті принциптері: тұтастық принципі (барлық элементтердің үйлесімді үйлесімін қамтамасыз етеді); оқытуды вариативті-тұлғалық ұйымдастыру принципі (технологияның жеке ерекшеліктеріне бейімделуін қамтамасыз етеді) [5].

Шет тілі мұғалімдері, ең алдымен, оқу іс-әрекетінде белгілі бір цифрлық құралдар мен оқу материалдарын пайдалануға қатысты шешім қабылдауға мүмкіндік беретін цифрлық технологияларды қолданудың педагогикалық маңыздылығын бағалауы керек. Мүмкіндіктерді кеңейтетін және шет тілдерін үйрену үдерісін күшейтетін осындай цифрлық платформалар мен бар кәсіби қауымдастықтарға назар аудару маңызды: Englishforums; Newspaperclub ARTHR; Busuu.com; Livemochas; Myngle; VEO; Chatterpix; Globalschoolnet.org; Foreign-languages. com.

Цифрлық технологиялар, әсіресе оқытудың алғашқы кезеңдерінде мұғалімнің оқу үдерісін сүйемелдеуінсіз күтілетін нәтиже бере алмайтынын атап өтеміз, өйткені мұндай технологиялар тек оқыту құралы болып табылады. Оқу үрдісіндегі компьютерлік және цифрлық технологиялар мүлде электронды мұғалім емес, мұғалімнің орнын басатын немесе аналогы емес, оқыту мүмкіндіктерін арттыратын және кеңейтетін құрал [6].

Шетел тілін үйрену үшін цифрлық технологияларды пайдалану белгілі бір жас тобымен шектелмейді. Сондықтан мұғалімдер бұл технологияларды өз іс-әрекетінде көбірек қолдана бастады. Компьютерлік технологиямен жұмыс істеу тәжірибесі бар мұғалімдер оқу үдерісінде компьютерлік ойындарды немесе ойын негізіндегі цифрлық оқытуды (digital games-based learning) пайдалану арқылы шет тілін үйренуге қолайлы мүмкіндіктер жасай отырып, студенттерді «цифрлық ойындарға» қызықтыруға тырысады [7].

Ауызша сөйлеу тәжірибесін, оқу мен жазу дағдыларын дамыту сияқты тілдік оқу іс-әрекеттерін ұйымдастыруда оқу үдерісінде цифрлық технологияларды қолданған жөн. Бұл технологиялар әсіресе тілді оқытудың жобалық технологиясымен біріктірілгенде тиімді, өйткені бұл жағдайда тілді оқу іс-әрекетінің тақырыптық түрлерін және әртүрлі оқу пәндерін пайдалану арқылы табиғи жолмен үйренуге болады.

Әрі қарай біз жоғары оқу орындарында шет тілдерін оқыту үшін қолдануға болатын цифрлық платформаларды қарастырамыз. Студенттердің оқу-тәрбие жұмыстарының және оқудан тыс жұмыстарының әр түрін өткізу кезінде олардың күшті және әлсіз жақтарын ескеру қажет. Біз Microsoft Teams және British Council сияқты цифрлық платформаларды студенттерге шет тілдерін үйретуде ең тиімді деп санаймыз.

Microsoft Teams — жұмыс кеңістігіне бейнеконференцияларды, чатты, жиналыстарды, жазбаларды және тіркемелерді біріктіретін корпоративтік платформа. Бұл платформа студенттерге дайындалған мультимедиялық материалды ұсынуға, компьютерде жүйелік бейне/аудио материалдармен бөлісуге мүмкіндік береді. Мұғалімдер үшін ақпаратты виртуалды сыныпта оқыту құрылғысының экранының ағымдағы көрінісімен немесе интерактивті тақта ретінде ұсынуға болатыны маңызды. Бұл ресурс иммерсивті оқуды қолдайды және әртүрлі қабілеттері бар студенттердің оқуын жақсартады. Microsoft Teams платформасы конференциялар мен екі жақты сөйлесулер үшін виртуалды сыныпты қолдау, файлдарды ортақ пайдалану, жеке тапсырмаларды орнату және кез келген құрылғыдағы бір шолғыш терезесінде студент тапсырмаларын қабылдау және қарау сияқты сабақ идеяларын ұсынады. Платформаның артықшылықтарына барлық жобалар мен құжаттарды автоматты түрде сақтауға болатын бұлттық жүйе (облачное хранилище) кіреді. Сонымен қатар, күнтізбеде тапсырмаларды тексеру және орындау мерзімдерін тағайындау функциялары бар, бұл кестелер түрінде бағаларды оңай экспорттауға мүмкіндік береді. Бірақ бұл ресурстың

кемшіліктері де бар: танысу үшін көп уақытты қажет ететін ауқымды функционалдылықтың болуы және барлық файлдар мен кестелерді сақтау мүмкін емес.

British Council – шет тілін үйренушілерге арналған материалдардың үлкен көлемі бар платформа. Бұл ресурс қажетті ақпаратты жылдам табуға мүмкіндік беретін анық құрылымды қызмет болып табылады. Бөлімдер деңгейлер бойынша тілді үйренуге, сондай-ақ өздігінен жұмыс істеуге арналған бейнематериалдар мен подкасттар ұсынады. Ресурста сонымен қатар мұғалімдерге сабақтың ауқымын кеңейтуге және материалды студенттерге қызықты форматта ұсынуға мүмкіндік беретін ойын-сауық бөлімдері бар. Қызмет жас санаттары мен қызығушылықтары бойынша бөлінген бірнеше білім беру ресурстарын ұсынады. Платформаның артықшылықтарына тілдік дағдыларды жетілдіру, сондай-ақ тест тапсырмаларын тапсыру арқылы жинақталған білімді тексеру мүмкіндігі кіреді. Сервис ашық курстар арқылы мұғалімдердің кәсіби біліктілігін арттыруға мүмкіндік береді. Бұл ресурстың кемшіліктері мыналарды қамтиды: жұмыс жоспарын таңдау аздап түсініксіз болуы мүмкін, материалды сегменттерге өз бетінше бөліп, уақытты есептеу керек.

Ұсынылған әдістемелік жүйенің Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университетінде студенттердің оқу үрдісіне енгізілу барысы мен нәтижелерін баяндаймыз. Әдістемелік эксперимент бір семестр бойы ұйымдастырылды, қатысушылар 1 курстың 23 студенті болды.

Экспериментке дейінгі кезеңде (2024 жылдың ақпаны) әдістемелік экспериментке қатысушы студенттердің шет тілінің лингвистикалық құзыреттілігінің даму деңгейлерінің бастапқы диагностикасы «Шетел тілі» пәні бойынша сауалнама, әңгімелесу және тест арқылы жүргізілді.



1-сурет. Студенттердің шет тілі лингвистикалық құзіреттілігінің экспериментке дейінгі деңгейлері

Студенттердің шет тілі лингвистикалық құзіреттілігінің базалық (36%), адаптивті (43%) және тереңдетілген (21%) деңгейлері анықталды. Зерттелетін құзіреттілік дамуының жоғары деңгейі бар студенттер санының аз болуы студенттерде осы құзыретті дамытуға бағытталған жүйелі аудиториялық және өзіндік жұмыстардың қажеттігін көрсетеді.

Эксперименттік кезең әзірленген жүйені енгізу барысында студенттермен екі айлық жұмыс (2024 жылдың наурыз-сәуір айлары) жүргізілді. Цифрлық құралдар «Шетел тілі» пәні бойынша жұмысты ұйымдастырудың барлық кезеңдеріне енгізілген.

Шет тілінің лингвистикалық құзыреттілігінің көп өлшемділігін ескере отырып, аудиториялық сабақтың құрылысы сөйлеу әрекетінің барлық түрлерін дамыту және оқушылардың тілдік білімдерін кеңейту қажеттілігін ескере отырып жүргізілді. Таңдалған сандық құралдың ерекшеліктерімен сабақтың технологиясы мен формасы анықталды.

Студенттердің коммуникативті дағдыларын дамыту процесінде цифрлық құралдарды енгізу оларды келесідей пайдаланумен байланысты болды:

• жеке мәлімдемеңізді кеңейту үшін қосымша іздеу материалы; Мысал ретінде вебквесттермен жұмыс істеуді қарастырайық;

• демонстрациялық материал (YouTube видеохостингін пайдалану);

• сөйлеудің көрнекі негізі, әңгімелесушіге сұрақтар құрастыру конструкторы (диалогтік жұмысты ұйымдастыру кезінде QR кодтарын пайдалану);

• ауызша жауапты бейнелеу құралдары (Microsoft Teams);

• шынайы қарым-қатынас жағдайына жақын ортада шет тілінде сөйлеуді құрастыруға арналған тренажер.

Студенттермен әдістемелік эксперимент жүргізілгеннен кейін өткізілген қорытынды бақылау жұмысы ұйымдастырылды.



2-сурет. Студенттердің шет тілі лингвистикалық құзіреттілігінің эксперименттен кейінгі деңгейлері

Эксперимент нәтижелерін талдау шет тілінің лингвистикалық құзыреттілігін дамытудың жоғары деңгейі бар студенттер саны артып, 33% (21% болды) құрады деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Базалық деңгейі бар оқушылардың үлесі төмендеп, 21%-ды құрады (36% болды), бейімделу (адаптивті) деңгейі бар оқушылардың саны 46%-ды (43% болды) құрады.

Қолданылған диагностикалық әдістер студенттердің үш айлық эксперименттік жұмыс барысындағы жұмысын талдау, бақылау және Яндекс-те «Шетел тілі» пәнінің материалы бойынша қорытынды тестілеу болды.

Шетел тілін оқыту процесінде цифрлық технологияларды пайдалану кезінде дұрыс стратегияны таңдауға көптеген факторлар әсер етеді: студенттердің жасы, мұғалімнің құзыреттілігі, ресурстардың болуы, білім беру кеңістігі және т.б. Өз кезегінде Интернет шынайы материалдардың бай көзіне айналуы мүмкін: әндер, электронды кітаптар, подкасттар және студенттерге олардың айтылуын жақсартуға, жаңа сөздік қорын меңгеруге және есте сақтауға көмектесетін бейнеклиптер. Мұндай оқыту құралдары да мұғалімдерге білімдерін жаңартуға көмектеседі.

Сонымен, қорытынды жасайық: шет тілдерін оқытуда цифрлық технологияларды пайдалану білім беруді жаңғыртуға және оқыту сапасын арттыруға ықпал етеді. Ақпараттық технологияларды қолдану тек арнайы кіріктірілген кезде ғана емес, сонымен қатар студенттерді оқытудың әртүрлі деңгейлеріндегі тұрақты шетел тілі сабақтарында да мүмкін болады. Дәстүрлі сабақ контекстіне цифрлық технологияларды енгізу оқу үдерісін қызықты, жан-жақты және қарқынды етеді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Дмитренко Т. А. Инновационные тренды в системе языкового образования в XXI веке // Дискурс профессиональной коммуникации. 2021. Т. 3 (4). С. 73–83. DOI: 10.24833/2687-0126-2021-3-4-73-83

2 Комарова Е.П. Использование информационных ресурсов в процессе развития иноязычной коммуникативной компетенции специалистов по связям с общественностью / Е.П. Комарова, Н.Н. Туркина // Вестник Воронежского государственного технического университета. - 2013. - Вып. 9, № 5-2. – страницы 109–112

3 Aguilar-Idañez M.-J. E-social work: an empirical analysis of the professional blogosphere in Spain, Portugal, France and Italy [E-trabajo social: un estudio empírico de las blogosferas

profesionales en España, Portugal, Francia e Italia] / M.-J. Aguilar-Idañez, N. Caparrós-Civera, S. Anaut-Bravo // European Journal of Social Work. – 2018. – № 23(1). – P. 1–13.

4 Бубнов Ю.А. Жоғары оқу орнында модульдік-рейтингтік технология негізінде оқыту процесін ұйымдастыру / Ю.А.Бубнов, К.М.Гайдар, В.А.Федоров, И.Ф.Бережная, О.В.Галустян //Эспациос. – 2018. – № 39(25). – 37–41 б.

5 Галустян О.В. Мұғалімдердің кәсіби және мансаптық дамуы / О.В. Галустян, И.Ф.Бережная, А.В.Белошицкий // Содобна Педагогика. Қазіргі білім беру зерттеулері журналы. – 2017. – № 68(4). – 158–172 б.

6 Moser K. M. Remote teaching during COVID-19: Implications from a national survey of language educators / K. M. Moser, T. Wei, D. Brenner // System. – 2021. – № 97(4).

7 Петелин А.С. Применение образовательных игр для формирования и развития ИКТ-компетентности учителей / А.С. Петелин, О.В. Галустян, Т.С. Просветова, Е.А. Петелина, А.Ю. – 2019. – № 14(15). - с. 193-201.

БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ-КОММУНИКАТИВТІК ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Райысқызы Нұрханым – II курс магистранты
Ғылыми жетекші: ф.ғ.д., профессор, Ислам А.И.
Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті

Аңдатпа. *Мақалада интерактивтік әдістер түсінігі анықталған. Сонымен бірге қазақ тілі сабағында интерактивті әдістерді пайдалану ерекшеліктері көрсетілген. Автор өз тәжірибесінен мысалдар келтірген.*

Тірек сөздер. Құзыретілік, тілдік құзыреттілігі, оқушы, іздендіру, интерактивті әдіс

Бүгінгі білім берудің басты нысаны әлемдік білім кеңістігіне кіру. Алғы шарт бүгінгі қоғамға лайықты білікті де білгір азамат тәрбиелеу. Мұндай тұлға өз ұлтының және өзге ұлт өкілдерінің мәдени құндылықтарын қастерлейтін, саналы деңгейде пікірлесе алатын дәрежеде болуы керек.

Оқушы біліктілігін арттыру қазіргі оқыту үрдісі мазмұнының басты нысанасы. Түрлі пәндер бойынша берілетін білім мазмұнының меңгерілуі, сол білімді пайдалану арқылы оқушының өмірлік дағдысы мен іскерлігі өлшенеді, ендігі жерде білімнің сапасы нәтижеге бағытталады.Іскерлік қатынасты көтеру мақсат етіледі [1]. Осыдан қазіргі білім беру жүйесіндегі құзыреттілік (біліктілік) ұғымы туындайды.

Коммуникативтік құзыретілік – әртүрлі әлеуметтік топтардағы адамдармен қарым-қатынас жасау үшін өзінің ана тілі мен өзге тілдерді меңгеруге, өмірлік жағдаяттарды шешу мақсатында әртүрлі коммуникация нышандарын қолдана білуге, мемлекеттік тіл – қазақ тілінде ұлтаралық, шет ел тілдерін меңгеруге үйретеді [2].

Нәтижеге бағытталған білімді пәндік құзыреттілік тұрғысынан зерделесек, біз адамға тыңдау, түсіну, ойлау,пайымдау, тұжырымдау, пікірлесу сияқты тілдік коммуникативтік біліктіліктерді оқушының өмірлік қажеттілігіне айналдыруы үшін әдебиеттің маңызы зор екеніне көз жеткіземіз. Әдеби білім алған оқушы әдебиетті пән ретінде ғана біліп қоймайды, сол пәндік білім негізінде болмысты

танып біледі, одан ақпараттық мағлұматтар алады, эмоциялық құндылық болып табылатын адами қасиеттерді бойына сіңіре отырып, мәдениетті, салауатты қарым-қатынасқа түседі, әдебиеттің жетекші қызметінің жүзеге асырылуына жол ашады [2]. Бұл ретте көркем шығарманы дүниетанымдық, әлеуметтік, тәрбиелік бірлікте қарастырудың мәні артады, әдебиетті ұлттық құндылық ретінде оқыту қажеттілігі туындайды.

Сөз өнерінің негізінде оқушының дербес шығармалық қабілетін, ұшқыр, шешен сөйлеу шеберлігін дамыту үшін әдеби білім мазмұны көркемдік сипатқа құрылып, оқушы біліктілігін арттыруға негіз болады, сол себепті нәтижеге бағытталған білім моделі бойынша әр пәннен берілетін білім мазмұны мектептің барлық сатыларында нақты көрініс тауып, оқушылардың білімдік құзыреттілікті меңгеруін қадағалайды. Құзыреттілік ұғымы – оқушының белгілі бір кешенді іс-әрекетті орындай алу қабілетін жетілдіруге бағыттала отырып, оқыту жүйесіне қызмет етеді [2].

Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында бала бойында жалпы білім дағдысы мен білігін қалыптастыру мәселесі қаралады. Жалпы оқудың білігі мен дағдысын жан-жақты қалыптастырудың маңызы зор екені белгілі. Оқушы бойында білім негіздерін қалыптастыру үшін оның біліктілігін, дағдысын тұрақтандырып, белгілі арнаға түсірмейінше, нәтижеге қол жеткізу мүмкін емес.

Оқушы белгілі мәліметті қабылдаушы ғана емес, сонымен бірге терең ой иесі. Ол дербес ойланып, дәлелдер келтіруіне сабақ барысында түрлі әдістер арқылы қолайлы жағдай жасауға тырысамын. Айталық, «Атаулар көмегімен болжау жасау», «Елеспен жетелеу», стратегиялары оқушының шығармашылық қабілетін ұштауға өте тиімді. «Ой қозғау», «Болжау» әдістерін оқушының ой ұшқырлығын бақылауда, стандартты емес шешім жасауда тиімді пайдалану жөн. Оқу орыс тілінде жүретін мектептердегі қазіргі оқушыларды кең ауқымды көркем әдебиетті қазақ тілінде оқытуға баулу оңай іс емес. Бұл жолдағы қиындықты шешуге «ЖИГСО» әдісі көп көмегін тигізеді. Оқушы өзіне жүктелген міндеттерге жауапкершілікпен қарап, басқа топ мүшелеріне түсіндіру үшін сурет те салады, сахналық көрініс те қояды, сабақтың осы кезеңі оқушыларды бей-жай қалдырмайды.

Оқушылардың ойлау деңгейіне сай әр сабақта сұрақ қою үшін Б.Блумның сұрақ қою өлшемін пайдаланамын. Сұрақтар қарапайымнан терең ойлауға дейін жалғасады [3]. Мұндағы мақсат – оқушы ойын ең төменгі деңгейден терең ойлауға дейін жеткізу.Топтық тапсырмалар сыныпта ынтымақтастықты қарым-қатынас орнатуға, шығармашылықпен жұмыс жасауға, тақырыпты өмірмен байланыстыруға мүмкіндік туғызады.

Сабақта интерактивті әдіс-тәсілдерді қолдану арқылы жеткен нәтижелерім мынадай: оқушының білім деңгейі түсінуден басталады да алған білімін қолданып, қорытындылауға дейін жоғарылайды. Қабылдаған жаңа ақпаратты саралап, мәселені өзі шеше алуға мүмкіндік болады [3].

Әдебиет сабағында оқушының тілдік құзыреттілігін қалыптастыру мақсатында жиі қолданылып жүрген «Оқырман семинары» тәсілі бойынша сызба түрінде талдау жасадым. Сабақта меңгерілетін көркем шығарма мынадай топтардың көмегімен жүзеге асады:

1. Сұрақ қоюшылар.Б.Блумның сұрақ қою өлшемі бойынша қарапайым сұрақтан шығармашылық сұрақтарға дейін қамтылады. Сұрақтар қою арқылы оқушы өз бетімен шығармашылық қабілетін дамытады.
2. Сөз тапқыштар. Қойылған сұрақтарға нақты, дәлелді жауап беру үшін өз бетінше ізденеді, дағыдыланады.
3. Аудармашылар. Мәтін бойынша түсініксіз сөздер тізбегін жасайды, тұрақты тіркестерді анықтап жазады.

4. Жазушылар. Поэзиялық шығарма болған жағдайда прозаға айналдырып жазады, мәтін бойынша жоспар құрады.

5. Суретшілер. Мәтін кейіпкерлерінен, белгілі бір эпизодтарынан сурет салады.

6. Кейіпкерлерді сөзбен суреттеушілер. Кейіпкердің, оқиғаның, мәселенің суретін сөзбен салады.

Қазақ әдебиеті сабағында оқушының құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталған тапсырмаларды 4 бағытқа бөлуге болады:

—Ақпараттық құзыреттілік

—Қатысымдық құзыреттілік

—Мәдени-танымдық құзыреттілік

—Мәселенің шешімін табу құзыреттілігі

Қатысымдық құзыреттілік бойынша тапсырмалар:

Отбасы тақырыбында жазылған шығарма беріледі. Берілген шығармадан қазақ халқына тән туыстық қарым-қатынастағы ерекшеліктерді сипаттаңы Жақын арада сіз оқыған шығармаңыздан өзіңізге қатарлас баланың сол шығарманың басты кейіпкері болғанын білдіңіз. Оның сізден немесе сыныптас достарыңыздан қандай айырмашылығы бар немесе қандай ұқсас жақтары бар. Соны сараптап айтып беріңіШығармада кездесетін әндерді қазіргі кездегі әндермен салыстыра отырып, өз ойыңызды айтыңыз;

2. Мәселенің шешімін табу құзыреттілігі бойынша тапсырмалар:

— «Менің атым Қожа» шығармасын немесе басқа да көркем шығармаларды оқу барысында кейіпкерлерінің іс-әрекеттеріне өз бағаңызды беріңіз;

— Экология тақырыбында берілген шығармалар бойынша оқушының өз ойын тыңдай отырып, « Қазіргі экологиялық мәселелерді қалай шешуге болады?» деген тақырыпта сұхбат жүргізіңіз;

— Топтық жұмыс. Әр топ өзіне ұнаған кейіпкерінің отбасына, Отанына әкелетін жақсылықтары мен зияндықтарын атап, оларға сипаттама береді. Зияндықтарды болдырмаудың себептерін анықтаңыз және т.б;

3. Ақпараттық құзыреттілік бойынша тапсырмалар:

— Шығарманы оқып шығып, жалпы идеясын анықтаңыз;

— Берілген шығарма бойынша жоспар (жай, күрделі) құрыңыз;

— Баспасөз беттерінен осы автор туралы мәлімет жинаңыз.

— Сол автордың шығармашылығы бойынша тезис дайындаңыз;

— Көркем шығармада берілген аймақты сипаттаңыз;

4. Мәдени-танымдық құзыреттілік бойынша тапсырмалар:

— Шығармадан қазақ халқына тән туыстық атауларға байланысты этнолингвистикалық сөздерді теріп, жазып, сөздік құрастырыңыз;

— Белгілі бір тақырып бойынша аңыз, ертегілерді жинақтап, жобалар жасаңыз;

— Шығармада кездесетін ұлттық тағамдар атауларын атаңыз және олардың адам денсаулығына пайдасын дәлелдеңіз;

— Шығарманы оқу барысында қазақ халқының салт-дәстүрлері туралы өз ойыңызды айтыңыз.Басқа сынып оқушыларымен қазіргі салт-дәстүрлер туралы сұхбат жүргізіп, диктафонға жазыңыз және сараптама жасаңыз;

Оқушыны іздендіру үшін сұрақ қоя білуге үйрету арқылы оның саналы ойлауы, жан-жақтылығы, білімі мен біліктілігі қалыптасады. Сонымен қатар, жоспарлы түрде жұмыс істеуге машықтану үшін мәтін бойынша жоспар құру әдетін қолдануға болады. Нәтижесінде оқушы мәтін бөлімдеріне қысқаша тұжырымдама жасап, әрбір оқиғаға ат қойып, өзіндік іздену мен білім дағдысын берік қалыптастырады.Мәтін бойынша түсініксіз сөздер тізбегін жасау, поэзиялық шығармаларды прозаға айналдыру тәсілдері де оқушының жан-жақты дамуына

үлкен ықпал етеді.

Қорыта айтқанда, қазақ әдебиетін құзыреттілік тұрғысынан оқыту мәселесін қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерінің әдістемелік бірлестігіне талқылап, оқу-тәрбие процессі барысында басшылыққа алып, қазақ әдебиеті сабақтарында оқушыларды шығармашылықпен жұмыс жасатып, алған ақпараттарын өмірде қолдана алуына жағдай жасау үшін құзыреттілік тұрғысынан оқыту тәсілдерін қолданудың оқушы біліктілігін арттыру үшін маңызды зор.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. Алматы-2008
2. Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы.
3. Б.А. Тұрғанбекова «Мұғалімнің шығармашылық әлеуетін біліктілікті арттыру жағдайында дамыту: теория және тәжірибе» Алматы-2005
4. К.Құдайбергенова «Құзырлылық – тұлға дамуының сапалық критерийі»

(ғылыми-практикалық конференция материалдары) Алматы-2008
5. «Қазақстан мектебі» журналдары, 2010 жыл

АҒЫЛШЫН ТІЛІНДЕГІ КОММУНИКАТИВТІ БІЛІКТІЛІГІН ДАМЫТУ

Мерғалиева Назерке Арыстанбекқызы - II курс магистранты
Ғылыми жетекші: PhD, қауым.профессор Кушкимбаева А.С.
Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті

Аңдатпа. *Ағылшын тілі пәні мұғалімдері қазіргі кезде ағылшын тілін оқыту сапасын жақсарту мақсатында тіл үйрету саласында әлемдік озық тәжірибелерді жаңа технологиялар мен әдістерді барынша қолдануда. Ағылшын тілін саналы меңгерту, оны өз деңгейінде қажеттілікке айналдыру, бір жылғы мәселе емес, сондықтан ағылшын тілін оқыту ісімен шұғылданатын мамандар арасында туындайтын, ағылшын тілінде өз ойын ауызша жеткізе алатын, оқушылардың ауызша сөйлеу дағдысын қалай қалыптастыруға болады? деген сұрақ туындайды. Ғалымдардың зерттеуінше, бала жас кезінде тілді қиналмаи,әрі еркін меңгереді екен.*

Тірек сөздер. *Әлеуметтік ақпараттар, жүйелі құбылыстар ,монолог,диалог, климат.*

Қазақстан – бүгінгі таңда өз алдына дербес мемлекет. Егемен ел ретінде шетелдермен қарым қатынасы нығайып , беделі артып келеді. Бұл шетел тілін оқытуды , жақсартуды талап етеді.XXI ғасыр табалдырығын білім мен ғылымды инновациялық технология бағытымен дамыту мақсатымен атауымыз үлкен үміттің басты нышаны болып табылады.Ұрпағы білімді халықтың болашағы бұлынғыр болмайды дегендей, жас ұрпаққа саналы, мән мағыналы өнегелі тәлім тәрбие мен білім беру бүгінгі күннің талабы.

Шетел тілі біздің мемлекетіміздің халықаралық байланыстарын дамыту-ға мүмкіндік беретін тұлғааралық пен мәдениетаралық қарым қатынастардың аса маңызды құралы болып табылады. Мемлекеттің халықаралық байланыс-тарының сапалық өзгерістері адамның практикалық және зияткерлік іс әреке-тінде шетел тілдерінің сұранысқа ие болу қажеттілігін туғызып отыр.

Еліміздің президенті Н.Ә.Назарбаев Қазақстан халықтары Ассамблеясының 12

сессиясында сөйлеген сөзінде «Біз алдағы уақытта осы алған бағытымыздан таимай әлемдік биіктерді бағындыра беретін боламыз. Сондай биік белестердің бірі – Қазақстанның дүние жүзіндегі бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына кіруі. Ол мақсатқа жету үшін ең алдымен , әрбір қазақстандық бәсекеге қабілетті болу керек» деген болатын. Сонымен қатар, осы мақсатқа жету жолдарымен таныстырып өтті. Тіл мәселесін сөзге тиек ете отырып ,Н.Ә.Назарбаев қазақстандықтардың жаңа ұрпағы кем дегенде үш тілді біліп қазақ, орыс және ағылшын тілдерін еркін білуі тиіс екендігін айтты.

АУЫЗША КОММУНИКАТИВТІ БІЛІКТІЛІГІН ДАМЫТУ. Ағылшын тілін кеңінен білмейінше, ұлттың бәсекеге щы-найы қабілеттілігі туралы айту қиын болатындығын ескерте отырып, барлық ата-аналарды баларын үш тілде оқытуға шақырады. Шәкірттер қазақ тілін толық әдеби нормада меңгеріп орыс тілін мен ағылышн тілін еркін білу қажет. Ғалымдардың зерттеуінше, бала жас кезінде тілді қиналмай,әрі еркін меңгереді екен.

Ағылшын тілін саналы меңгерту, оны өз деңгейінде қажеттілікке айналдыру, бір жылғы мәселе емес, сондықтан ағылшын тілін оқыту ісімен шұғылданатын мамандар арасында туындайтын, ағылшын тілінде өз ойын ауызша жеткізе алатын, оқушылардың ауызша сөйлеу дағдысын қалай қалыптастыруға болады деген сұрақ туындайды. Оқушылардың сөйлеу дағдысы алғаш сабақ басталғаннан бастап қалыптаса бастайды.

Сөйлесім әрекеті тек сөйлеу мүшелеріне ғана емес,ойлау мен пайымдаудың, сана мидың ерекшелігіне қатысты. Сөйлеу тілі арқылы ұғынысу, түсінісу дегенді нақтылай келіп, жай ғана қарым-қатынас дегннен гөрі тамыры тереңге кеткен, өмірде өзіндік орны бар қоғамның дамуы үшін ең қажетті қоғамдық – әлеуметтік ақпараттардың жиынтығы арқылы адамдардың бір-бірімен пікір алмасуы, адамдар қатынасының түп қазығы дегенді білдіреді. [1, 3 б.].

Ауызша сөйлеу дағдыларын толық меңгеру үшін сөйлеудің түрлері оқушыларға толықтай меңгеру қажет. Мысалы :

1. Жаттығулар құру.
2. Сөйлемнің орнына сөзді табу немесе синоним, антоним, сөздерді табу жаттығулары.
3. Сөйлемиді аяқтау.

Міне осындай жаттығуларды көбірек жүргізгенде ғана, оқушылардың сөздік қоры молайып , ойлау, ауызша сөйлеу мәдениеті дамиды. Ойлау тілдік қарым-қатынастың тірегі ғана емес, ол бүкіл сөйлеу әрекеті мен өмір сүретін адамзаттың болмысы . Ойлау мен сана, тіл мен сөйлеу –бір –бірімен ажырамас жүйелі құбылыстар.

Сөйлеуге төселдіретін жаттығулардың құрамына шығарма жаздыру да жатады. Шығарма жазу оқушының ой-өрісін кеңітіп,тілін шыңдауға , шығарма-шылық ізденуге , ой белсенділігін арттыруға қажетті жұмыстардың бірі .Шығарма жазудың әр түрлі мақсатта болады және оған қойылатын талаптар да сан алуан.

Шығарма жазу барысында мынадай дағдылар қалыптасады: белгілі тақырып бойынша ойын жүйелі, дұрыс жеткізуге жаттығады, тақырыпқа байланысты өз ойын өз сөздерімен еркін жазады , өзойын өз сөздерімен еркін жазады , өз көзқарасын білдіреді . Ол оқушының түрлі тақырыпта сөйлеу дағдысы қа-лыптыстырады , оны белгілі жүйеге келтіруге үйренеді , жазғандарын түзету тексеру дағдылары қалыптасады.

Жазбаша сөйлеуге дағдыландырудың нәтижесінде оқушы сөз байлығын дамытып, әдеби тілде сөйлеуге үйреніп шығармашылқ іске дағдыланады. Дүниеге көз қарасы қалыптастырылып , соған қызығу мен сүйіспеншілігі күшейтіледі . [2, 17 б.].

Сөйлеуге үйретуде мұғалімге оқушының жеке баксына тән өзіндік қасиет-терін мінез құлқы мен қабілеті үнемі ескеріп отыруға тура келеді.Мұның өзі әр оқушымен жеке дара жұмыс істеуге , әрқайсысымен қарым-қатынаста болуға мәжбүр етеді, сонда ғана тіл үйренудің санасы артады.

Сөйлеуге үйрету- айтылар ойдың түпкі мақсатын анықтап алумен тығыз байланысты,өйткені сөйлеу сөйлеу кезінде сөйлемдер калай болса солай ,бет алды айтыла берсе,ой жүйесіз,түсінксіз болады. Түсініксіз жүйесіз айтылған қа-рым қатынас

тудырмайды.Сондықтан екінші біреуге айтылған ауызша сөйлеу оған түсінікті болу үшін , сөйлеуге үйрету кезінде қойылатын шарттар:

1. Бір -бірімен пікірлесушілер қатынасы дәрежесіне жетуі тиіс. Әрқайсысының сөйлеу мәнеріндегі артықшылығы мен кемшілігі көрініп тұрғаны жөн.Әсіресе тіл үйренушінің сөйлеудегі ұсақ түйек кемшіліктеріне бірден на-зар аударып,көп ескертпе айтудың қажеті жоқ.Тіл үйретуші мұндай кез-дерді сөйлеу мәнерінен гөрі өз ойын дұрыс жеткізе білуді , ұғынықты етіп айтуды мақсат тұтады.Мұндай қарым қатынас адамдарды сөйлеу кезінде артық жасқанудан сақтандырады.

2. Сөйлеуге үйрету кезінде қоршаған орта жайлы психологиялық климат орнықтырудың ерекше маңызы бар. Мұндай психологиялық климат тіл үйренушінің сабақта еркін сезінуінен, ойын тура айта білуінен және өзіне қандай материал , сөйлеу мәнеріне ұнайтынын өзіне ұсына білуіне байла-нысты.

3. Сабақта пікірлесудің сөйлесудің барлық түрлері, амалдары қатарынан қолданыла береді. Мысалы хабарламалық : әрбір оқушы өзінің идеясын, ойын , көңіл күйін көз қарасын ұсыныс –пікірлерін айтды. Ақпараттық сөйлеушілер газеттен баспадан, оқыған материалдарын, білетін жаңалық-тарын ортаға салады. Сөйлеуші топта кейбір оқушылар пікірлесуден үс-темдік алып басқа оқушыларды өз айналасына топтастырады.

4. Күнделікті өтетін сабақта және жалпы оқыту процесінде бір тұтас жүйелілік , ұйымдастырушылық,тұрақталған арнайы әдістемелік бағыт байла-ныстылық болу керек .Сөйлеу реекшеліктерін меңгерген оқушы өз ойын ауызша және жазбаша түрде іске асырады.Бұл тілдік қолданудың тәжір-биелі көрінісі . Сол себепті оқушы тілді адамдармен қарым-қатынас құралы ретінде үйренгені дұрыс.Тілді іс жүзінде , күнделікті өмірде қолдана білуге үйретудің жолы деп әдістемелер де көбінесе арнайы тақырып тар алынып, лексикалық материалдарға ерекше көңіл бөлініп жүр. Мұндай тақырыптар оқулықтарда жиі қайталаып келеді.Мысалы : отбасы , асхана, демалыс, дүкенде,т.б

Сөйлеудің екі түрі бар : монолог және диалог.

Монологты оқыту үш кезеңнен тұрады:

1)хабарлау

2)айту

3)талдау

Ағылшын тілінде дұрыс сөйлем құруды үйренбей тұрып, сөйлеуді үйрену мүмкін емес.

Мынадай жаттығуларды жасауға болады:

Оқушыларға жағдайға байланысты үлгі беріледі. Үлгі сөйлем әр түрлі сөздермен толықтырылады.

Мысалы: :

1) I can see a.....

2) I can see a .....

3) I am fond of .....

4) I am fond of ....

Мынадай жаттығуларды орындауға болады.

1) Ауыстыру- I have a pen
2) Толықтыру-I have interesting book
3) Өзгерту-He has a book. He has no book
4) Толықтыру дамыту- I have interesting book at house
5) Аяқтау-If I have time Ill

Әр үлгіні әбден дағдыланша үйрету қажет.

Мұғалім тапсырмасы мен оқиғалық жұмыс.

1) Give it a name.

T: We write with it.

P: It is a pen.

T: Мысықтың суретін үнсіз көрсетеді.

Make a negative statement.

T: I live in Gorky street.

P: I do not live in Gorky street.

Ағылышын тілінде хабарлама жасап, сөйлеп үйренгеннен кейін оқушы-лар сөйлеуге және шыңдауға үйренеді. Сөйлеу мен дағдыландыру процесі және грамматиканы оқыту әдістері.

Бастапқы кезеңде сананың қатысуымен орындауды қажет етіп, бірте-бірте қайталап жаттығудың нәтижесінде автоматтанып кететін іс-әрекеттерді дағды деп атайды. Мысалы жазуға алғаш үйрене бастағанда балада әріптерді жазу дағдысы болмайды. [3, 5 б.].

Әңгіме әдісі немесе сұрақ –жауап әдісі, ол кейде эвристикалық әдісі деп те аталады. Мұғалім сұрақ қояды, оқушылар оқулықтан оқып немесе өз білген-дері бойынша жауап қайтарады.Бұл әдіс балаларды ойландырады, өзіндік пікір айтуға итермелейді, олардың белсенділіктерін күшейтеді, зейіндерін сабаққа аударады.

Қорытындылай келе, жаттығулар,ойындар оқушылардың таным белсендігін жандан дыратын, өздігінен ойлауын дамытатын тәсілдердің бірі. Олар кез-келген оқу материалын қызықты да тартымды қылып, оқушылардың көңіл күйін көтеруге, өздерінің жұмыстарына қанағаттануға және білім үрдісін жеңіл меңгеруге көмектеседі. Дамытуға арналған тапсырма лар жүйелі бағытталып, ұйымдастырылып отырса сонда ғана мұғалімнің сабақ мақсатына жетуіне мүмкіндік береді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Егизбаева Ж.Ж. «Ағылшын тілі оқыту әдістемелігі мектеп, колледж, ЖОО-да» Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің баспасы, 2010// Вестник № 3 (76) - Астана, 2010

2. Г.Амандыкова.,Ш.Мұхтарова, Б.Баймуканова, А.Бисенгалиева «Шет тілін оқыту әдістемесі» Оқу құралы. «Фолионт» баспасы.- Астана- 2007.

3. Ш.Мажитаева, С.Ажигенова // «Филология». № 1(81)/-2016

МАЗМҰНЫ:

БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ ӘКІМІНІҢ ОРЫНБАСАРЫ Б.Х.НАРЫМБЕТОВТЫҢ ҚҰТТЫҚТАУ СӨЗІ *3*

БҰҰ ЖАҺАНДЫҚ КОММУНИКАЦИЯЛАР ДЕПАРТАМЕНТІНІҢ ӨКІЛІ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ БҰҰ АҚПАРАТТЫҚ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ БАСШЫСЫ ВЛАСТИМИЛ САМЕКТІҢ ҚҰТТЫҚТАУ СӨЗІ 4

ПЛЕНАРЛЫҚ МӘЖІЛІС
ПЛЕНАРНОЕ ЗАСЕДАНИЕ
PLENARY SESSIONS

Алшанов Р.А.
КАЗАХСТАН-РОДИНА ЗОРОАСТРИЗМА 5

Сейдуманов С.Т.
ГЕНЕЗИС ЗОРОАСТРИЗМА И ЕГО СВЯЗЬ С ДРЕВНЕЙ ИСТОРИЕЙ И КУЛЬТУРОЙ ТЮРКСКИХ НАРОДОВ 31

Тайжанов А.Т.
ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ РУХАНИ ТАРИХЫНДАҒЫ ЗОРОАСТРИЗМНІҢ МАҢЫЗЫ 38

Нұрмұратов С.Е., Қасабекова Е.Қ.
ЗАРАТУШТРА ІЛІМІНІҢ РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАР ЖҮЙЕСІ: ТАРИХИ САБАҚТАСТЫҚ..... 47

Барлыбаева Г.Г.
ТЕНГРИАНСТВО КАК ФЕНОМЕН ДРЕВНЕТЮРКСКОЙ КУЛЬТУРЫ 54

Коянбаева Г.Р.
КОНЦЕПТ ТЕНГРИАНСТВО В ДОИСЛАМСКОЙ ТЮРКСКОЙ КУЛЬТУРЕ 59

Омарова Г.С.
АҢЫЗБЕН ЖЕТКЕН ӘДІЛЕТТІЛІК 64

Сабыр М.Б., Ержігітова Г.Қ.
КӨНЕ ТҮРКІ МӘДЕНИЕТІ МЕН ҚАЗАҚ МӘДЕНИЕТІНІҢ ТІЛДІК, РУХАНИ, ДІНИ САБАҚТАСТЫҒЫ 70

Калменов М.Д.
ЭЛЕМЕНТЫ ЗОРОАСТРИЗМА В ЗАПАДНОМ КАЗАХСТАНЕ
(по материалам археологии) 74

Ерназаров Ж.Т.
ҚАЗАҚТАРДЫҢ ОТБАСЫЛЫҚ САЛТ-ДӘСТҮРІНДЕГІ ИСЛАМҒА ДЕЙІНГІ ДІНИ НАНЫМ-СЕНІМДЕР 81

СЕКЦИЯ МӘЖІЛІСТЕРІ
СЕКЦИОННЫЕ ЗАСЕДАНИЯ
SECTION SESSIONS

Сералы Н.О.
ОТЫРАР ӨҢІРІНДЕГІ ОТҚА ТАБЫНУШЫЛЫҚТЫҢ БЕЛГІЛЕРІ.....84

Кулбаев А.Б., Карлыбаев М.С
КӨКТҮРІКТЕР ҰСТАНЫМЫ ҰЛТТЫҚ РУХАНИЯТЫ МӘДЕНИЕТІ 90

Халиков М.М.
«ЦИФРОВИЗАЦИЯ» ЯЗЫКА: СЕМАНТИКО-СИНТАГМАТИЧЕСКАЯ ЭВОЛЮЦИЯ БАЗОВОЙ ЛЕКСЕМЫ 94

Гөксәл ӨЗТҮРІК, Мерве БАЙКАЛ
ТҮРКІЛЕРДІҢ КӨНЕ ДӘУІРДЕН БАСТАП БҮГІНГІ КҮНІМІЗГЕ ДЕЙІНГІ ҚОЛДАНҒАН АЛФАВИТТЕР..... 103

Баязитова Р.Р.
ФОРМИРОВАНИЕ ОСНОВ ЭТНОЭТИКЕТА У ДЕТЕЙ (НА ПРИМЕРЕ БАШКИР)..... 119

Құрманалин С.Б.
ЗОРОАСТРИЗМ ІЛІМІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....126

Иманбаев А.А.
ФИЛОСОФСКО-МИРОВОВОЗЗРЕЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ ЗОРОАСТРИЗМА..... 131

Жалмурзина А.Ж.
ХІХ ҒАСЫРДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫНДАҒЫ ФОЛЬКЛОРДАҒЫ ҚАЗАҚ ҚАЙРАТКЕРЛЕРІНІҢ ТАРИХИ, САЯСИ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ОЙ-ПІКІРЛЕРІ 134

Әбжет Б.С.
ЗОРОАСТРИЗМНІҢ ДҮНИЕГЕ КЕЛУІ ЖӘНЕ ТҰРАН МЕН ИРАННЫҢ МӘДЕНИЕТІНДЕ ІЗ ҚАЛДЫРҒАН НАНЫМ-СЕНІМДЕР 141

Бижанова А.Е.
ОТРАЖЕНИЕ ПРИЗНАКОВ ЗОРОАСТРИЗМА В ДУХОВНОЙ КУЛЬТУРЕ КАЗАХОВ..... 148

Бегалинова К.К., Ашилова М.С., Бегалинов А.С.
ФИЛОСОФСКО-РЕЛИГИОВЕДЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ УЧЕНИЯ ЗАРАТУСТРЫ 152

Тукешева Н.М.
МИРОВОЗЗРЕНЧЕСКИЕ ПОСТУЛАТЫ ТЕНГРИАНСТВА В КОНЦЕПЦИИ ВЕРХОВНОЙ ВЛАСТИ ДРЕВНЕТЮРКСКОГО ОБЩЕСТВА..... 156

Джумашева Ж.
АҒЫЛШЫН ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ТІЛІ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРІНДЕГІ ЭТНОМӘДЕНИ ҰҚСАСТЫҚТАР..... 164

Нұғманова А.
АҒЫЛШЫН ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ТІЛІ ПАРЕМИОЛОГИЯЛЫҚ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ОРТАҚТЫҚТАР 168

Жулкашева С.Т., Байтурсина А.С.
АВЕСТА - ЗАРАТУШТРА ІЛІМІНІҢ ҚАСИЕТТІ КІТАБЫ 173

Искакова К.
АВЕСТА ЖӘНЕ ЗАРАТУШТРА ІЛІМІ: ҒЫЛЫМИ-ТАНЫМДЫҚ ОЙЛАР 177

Адамова А.А.
СӨЙЛЕУДІҢ ТАРИХИ БАСТАУЫ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМИ ӘРЖАҚТЫЛЫҚ 183

Ибрашова Г.П.
ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ИСЛАМНЫҢ ТАРАЛУЫ.....188

Жарасова А.К.
ҚАЗАҚ ЖЕРІНЕ ИСЛАМНЫҢ ТАРАЛУЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ТИГІЗГЕН ӘСЕРІ 194

Байбулсинова А.С., Жалекенова Г.Т.
ОРЫНБОР ӨЛКЕСІ - XYIII-XIX ҒАСЫРЛАРДАҒЫ САЯСИ-ӘЛЕУМЕТТІК ОТАРЛАУ САЯСАТЫНЫҢ ОРТАЛЫҒЫ РЕТІНДЕ.....200

Абдрахманова Р.Л.
ТҮРКІЛЕРДІҢ ӘДЕБИ МҰРАСЫ – ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ РУХАНИ ҚАЗЫНАСЫ.....212

Сисекешова А.С.
ҚАЗАҚСТАН ЖЕРІН МЕКЕНДЕГЕН ЕЖЕЛГІ ХАЛЫҚТАРДЫҢ ӨРКЕНИЕТІНІҢ РУХАНИ-МӘДЕНИ НЕГІЗДЕРІ МЕН ҚҰНДЫЛЫҚТАР ЖҮЙЕСІ.....219

Бұйрашева А.С.
ҚАЗАҚ ТАРИХЫ – ТҮРКІЛЕРДІҢ ДАЛАЛЫҚ ӨРКЕНИЕТІНІҢ ҚҰРАМДАС БӨЛІГІ 228

Климова Л.А.
ҚАЗАҚ-ТҮРКІЛЕРДІҢ МАТЕРИАЛДЫҚ МӘДЕНИЕТІНІҢ САБАҚТАСТЫҒЫ.....235

Кашапова А.Н.
ОРХОН-ЕНИСЕЙ ЖАЗБА ЕСКЕРТКІШТЕРІНІҢ СИПАТТАМАСЫ.....241

Аюбай К.Қ.
АВЕСТАНЫ АУДАРУ ЖӘНЕ ЗАРАТУШТРА ІЛІМІ.....247

Мустафина Ж.Д., Мәден А.Т.
ХРИСТИАНДЫҚ ЖАҢА ДІНИ ҰЙЫМДАРДЫҢ ИДЕОЛОГИЯСЫ МЕН ДІНИ ТӘЖІРИБЕЛЕРІНІҢ ЕРЕКШЕЛІГІ.....258

Тастемирова А.
ЛАТЫН НЕГІЗДІ ӘЛІПБИ ҚАБЫЛДАУ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕ.....268

Гиниятова Д.С.
ЭТИМОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕРДІҢ МАҢЫЗЫ.....272

Хамбетова А.Қ.
ЖАЗУШЫ М.ЕСЛАМҒАЛИЕВТЫҢ «ТҰМАН ІШІНДЕГІ КӨШ» РОМАНЫНЫҢ КӨРКЕМДІК СИПАТЫ 276

Айтбаева К. А.
ПРОФЕССОР Н.Ф.КАТАНОВ ЖӘНЕ ТҮРКІ РУХАНИЯТЫ..... 282

Мырзабекова А. М.
ҚАЗАҚ ЖЕРІНДЕГІ ЖАЗУДЫҢ ПАЙДА БОЛУЫНЫҢ МӘСЕЛЕСІ ЖӘНЕ КӨНЕ ТҮРКІЛЕРДІҢ ӘЛІПБИІ 286

Жолдасова А. А.
ҚЫПШАҚ ТІЛДЕРІН ЖҮЙЕЛЕП, ТОПТАСТЫРУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....290

Бөкенбай Н.М.
ИЗУЧЕНИЕ ПОСЛОВИЦ И ПОГОВОРОК В КАЗАХСКОМ, БАШКИРСКОМ, ТУРЕЦКОМ ЯЗЫКАХ.....293

Шналиева М. У.
РАЗВИТИЕ СОЦИАЛЬНОЙ АКТИВНОСТИ СТУДЕНТОВ В ПРОЦЕССЕ ВОЛОНТЕРСКОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ.....297

Кәрімова Г. Қ.
ТҮРКІ ТІЛІНДЕГІ САН ЕСІМ КАТЕГОРИЯСЫ.....300

Қоңқабаева А. К.
ҚАЗАҚ-ТАТАР ТІЛДЕРІНЕ ОРТАҚ МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕР.....305

Ерболат Е. Ж.
ТҮРКІ ӘЛЕМІНІҢ ДАРА ТҰЛҒАСЫ.....308

Ерғалиева Д. Т.
АРСЕН ИБАТОВ ХАН ЖАРЛЫҚТАРЫ ХАҚЫНДА.....310

Қаршығақызы Т.
ӘМІР НӘЖІПТІҢ ШӘКІРТІ.....313

Каримова Б. М.
ҚАЗАҚТАНУ ҒЫЛЫМИ КУРСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ӨЗЕКТІЛІГІ.....315

Искарина А. А.
ТАРИХИ ЛЕКСИКОЛОГИЯ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....317

Адайбекова А.
КӨНЕ ҚЫПШАҚ ТІЛІ СӨЗДІГІН ҚҰРАСТЫРУДЫҢ ЖӨН – ЖОСЫҒЫ.....320

Арыстанбаева Ғ.С.

КОГНИТИВТІК ЛИНГВИСТИКА ҒЫЛЫМЫНЫҢ СИПАТЫ.....324

Бокенбай Е. М.
СЕМАНТИЧЕСКОЕ СХОДСТВО И СПЕЦИФИКА КАЗАХСКИХ И ТУРЕЦКИХ ПОСЛОВИЦ И ПОГОВОРОК.....327

Нуфтоллина Г.С.
ДИАЛЕКТІЛІК ТҰРАҚТЫ ТІРКЕСТЕРДІ ЗЕРТТЕУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ-НЕГІЗІ.....330

Амертаева И.
ТЕСТТІК ТАПСЫРМАЛАР СИПАТТАМАСЫ.....333
.....
Даужанова З.
ТІЛДІК ТҰЛҒА МӘСЕЛЕСІ.....335

Ержанова Г.
ОНОМАСТИКАЛЫҚ КЕҢІСТІК ХАҚЫНДА.....338

Ертай А.
ДИСКУРС ТУРАЛЫ ТҮСІНІК.....339

Имашева Д.
ЭТНОМӘДЕНИ БІРЛІКТЕР ТУРАЛЫ.....341

Искакова А.
ТІЛ САЯСАТЫ.....343

Мусагалиева Р.
ОҚУ САУАТТЫЛЫҒЫН АРТТЫРУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ.....345

Өмірзақ Н.
СӨЙЛЕУ МӘНЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗІ.....349

Тасимова А.
ЖАҺАНДАНУ ЖАҒДАЙЫНДА МҰҒАЛІМДЕРДІҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ.....351

Сисенова К.Г.
ЖОҒАРЫ ШЕТ ТІЛДІ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ ШЕТЕЛ ТІЛІН ОҚЫТУДАҒЫ ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ РӨЛІ МЕН ОРНЫ.....354

Райысқызы Н.
БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ-КОММУНИКАТИВТІК ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ.....357

Мерғалиева Н.
АҒЫЛШЫН ТІЛІНДЕГІ КОММУНИКАТИВТІ БІЛІКТІЛІГІН ДАМЫТУ……..360

Республика күні және Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялықуниверситетінің 25 жылдығына арналған
«ЗАРАТУШТРА ІЛІМІ ЖӘНЕ ОРТАЛЫҚ АЗИЯ: РУХАНИ-МӘДЕНИЖӘНЕ ТАРИХИ САБАҚТАСТЫҚ» атты
халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның
МАТЕРИАЛДАРЫ
29 қыркүйек 2023 жыл

МАТЕРИАЛЫ
международной научно-практической конференции "УЧЕНИЕ ЗАРАТУШТРЫ И ЦЕНТРАЛЬНАЯ АЗИЯ: ДУХОВНО-КУЛЬТУРНАЯ И ИСТОРИЧЕСКАЯ ПРЕЕМСТВЕННОСТЬ», посвященной дню Республики Казахстан и 25-летию Западно-Казахстанского инновационно-технологического университета29 сентября 2023 год

Materials
of the international scientific and practical conference
"THE DOCTRINE OF ZOROASTRIANIZM AND CENTRAL ASIA:SPIRITUAL, CULTURAL AND HISTORICAL CONTINUITY"
dedicated to the Republic Day and 25th anniversary West Kazakhstan Universityof Innovation and Technology
September 29, 2023

Авторлардың түпнұсқасынан басылып шыққан.
Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті
090000, Орал қаласы, Н.Назарбаев даңғылы, 194